


Л 2007
503к


Султанмагомед
ТОРАЙФЫРОВ





Қ А З А Қ Т Ы Н
М Е М Л Е К Е Т Т І К
К Ө Р К Е М Ә Д Е Б И Е Т
Б А С П А С Ы

Алматы



КАЗАХСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ИЗДАТЕЛЬСТВО
ХУДОЖЕСТВЕННОЙ
ЛИТЕРАТУРЫ

Алма-Ата



Л 8007/503к

Султанмахмұт
ТОРАЙҒЫРОВ

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР



Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет Баспасы

БАСПАДАН

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының бұл жинағы негізінен ақынның 1950 жылы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы басып шығарған жинағы бойынша әзірленді. Сол басылуындағы өзалдына бөлім болып кірген жаңа табылған өлеңдері мұнда «өлеңдер» деген бөлімге енгізіліп, жыл ретімен берілді.

Кітапты баспаға филология ғылымдарының кандидаты *Бейсембай Кенжабаев* әзірледі.



ӨЛЕҢДЕР



95111040

І СЕКІЛДІ ӨМІР ҚЫСҚА ЖАРТЫ ТҰТАМ

Секілді өмір қысқа, жарты тұтам,
Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.
Аз өмірді ақындық жолға бердім,
Лепес қып түкірген соң молда Мұқан.
Қаламды шын беріліп, алдым берік,
Әлде қандай бір күшке көңіл сеніп,
Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын серік.
Бірдей ме сабақ берген барлық молла,
Ант берем, алуан түрлі деймін олла.
Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па,
Саусақтың алалығы біткен қолға.
Әкемнен «Әліп — биді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ жат тоқыдым,
Әлі молда алдында дәл екі жыл
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампия тоймас қарын.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйқтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықласпен берді маған.
Сондықтан, бір мақсатым өлең жазу,
Оқу менен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу.

2. ҚАЙҚЫ ҚҮЙРЫҚ, ШҮБАР ҚЫЗ, ІСТІК МҰРЫН

Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырын.
Әдегіз, молда алдында тасырайд,
Біле алмай отыруды әнтек қырын.
Бай қызы бұлғақтаған, ерке-шолжын,
Күнге лайық кескін мен сыртқы формын,
«Бак та қатын» деген бар, «сор да қатын»
Тосып жүрген сені де бар бір сорлын.
Сабақты бірге оқып, болдық таныс,
Отырған орын жақын, көңіл алыс.
Жібек, торғын жапқанмен көрініп тұр,
Жүндеген түйедей боп, қара қайыс.
Паңсырған, бай қызы боп мінез қандай,
Көрік, сымбат, білімі түгел жандай
Кейде «ерке боламын» деп әуреленед,
Қара талыс қапшығын есіне алмай.
Сені де дүние үшін біреу алар,
Кім болса да екінші, сорға қалар.
Есі дұрыс жан болса сенен гөрі,
Деп айтпас «сеніменен бағым жанар».
Естісе, әкең азбан қырына алар,
Басыма арылмастай пәле салар.
Тамақтың құлы болған қызыл ауыз,
Аласысыз өшігер, иттей талар.
Естісе әркім мұны жаттап алар,
Алты бақан тепкенде әнге салар.
Әкесінің көз құны бардай іздеп,
Кім жазғанын боз азбан тінтіп табар.

3. ТАҢКЫ МҮРЫН, БЫРТИҒАН, ҚАРА БҰЖЫР

Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр,
Ірісінген мінезі қандай қыжыр.
Мұрны сасық, сиырлар судан жеріп,
Сен де сондай, басқаға мұрның тыжыр.
Көзі көк, шолақ нек, қадау сақал,
Қарны шертік, жауырын тоқ, бойы тапал.
Қотандағы шет-пұшпақ..... теред,
Апырмай, пайдакүнем неткен мақар?
Айттырған қалыңдығы байдың қызы.
Жақсы ғой жарасса, егер, еңбек тұзы.
Махаббат, жар дегенді ұға білсе,
Жібімес өмірінде жүрек мұзы.
Амал не, малдың сөзі ем болды ғой,
Малсыз басың, кім болсын, кем болды ғой.
Аққуы айдың көлдің сұңқар ілер,
Қарғаға..... шоқыған жем болды ғой.
Ойлайды-ау, «теңімін» деп соқыр надаң,
Есте жоқ, ұрып жығып, малмен алған.
Қара көңіл, топас ой, өзін таныр,
Ой өрісі болған соң малдан жаман.
Молда-екең неке қиса еркін сұрап,
Төгер еді мөлдір жасын көзден жылап.
Егіліп жүректегі сырын төксе,
Тұра алмас қандай қатты адам шыдап.
Шіркін-ай іргесінде тыңдап жатсам,
Махаббат ұнаспаған ойды тапсам,
Арам дене қосылған, жүрек бөлек,
Малдай теліп жатқанын молдаға айтсам.

4. ОРНЫМЫЗ МЕДІРЕСЕ ОҚЫП ЖАТҚАН

Орнымыз медіресе оқып жатқан,
Талайлар оқу оқып өнер тапқан.
«Аз-көп» деп, бергеніңді молда сөз ғып,
Әуелден ресім жоқ ғылым сатқан.
Өнер ғой оқу деген таңдай атқан,
Оқу білсең орынды болар мақтан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,
Бас иер талай мырза кеуде қаққан.
Таусылмас ғылым теңіз шалқып жатқан,
Соңынан қалмас оның дәмін татқан.
Өмір бойы оқысаң бір таусылмай,
Қиындығы қинайды жанға батқан.
Шынында ғылым артық мал мен бақтан,
Ғылым болса қара су тасып аққан.
«Оқу оқып не керек, мал таппай» деп
Қазақтың айтқан сөзі надандықтан.
Молда көп, молда деген атын сатқан,
Басалмай, өтірік соққан шарифаттан.
Өзі хат білмесе де «оқуы» көп,
Бас айналған, мылжыңнан діңкең қатқан.

1908

5. КҮНШІЛ АҚ КІРПІК

Алты жастан оқып ең, ақ кірпігім,
Не айтар ең, сұраса егер, «не бітірдің?»
«Пәленшелер молдадан оқып жүр» деп,
«Жел ауыз» боп, мақтаған сөзге жүрдің.
Бақасқа жаның құмар білмесең де,
Мың сөздің бірін дұрыс үрмесең де.
Оқу малды таңдамас, зейін таңдар,
Оздым ғой, қуып жетіп, күндесең де.
Көзің көк, кірпігің ақ, шашың сары,
Сар шөлмек, азайыпты беттің қаны.
Күндіз білсе, ұмытып түнде онысын,
Мұнша кеңе болғаны не қылғаны?
Шұбарлы жылқың бар ғой семіртетін,
Ішпей-жемей мас қылып еліртетін.
Айдаса жау, ысқырса желдікі ол,
Сүйегін аң мен құсқа кеміртетін.
Сені де жұрт сыртыңнан «молда» дейді,
«Кеудеде иман, дәулеті қолда» дейді.
Қажы барған әкесі Харамайын,
Аталы би, тұқымы орда дейді.
Молда атанған жақсы ғой оқу болса,
Баста зейін, кеудеде тоқу болса.
«Молда» деп «оқыды» деп кім айтады,
Былырғыны қайталап, шоқу болса.
Меніңше сендей кеңе молда болмас,
Тар кеуде, шымшық басқа оқу қонбас.
Берген перне бұзады, сол үшін ғой,
Дәл сені шын мақтаса, молда оңбас.

6. Қ... ҒА СӘЛЕМ

От бар-ау қара көзде жанып тұрған,
Сымбаты сұлу-ақ-ау барып тұрған.
Тік иық, жазық жаурын, орта бойлы,
Жіңішке бел қыналып, талып тұрған.
Көргеннің көз құмары ауып тұрған,
Ойы тілеп, көңілі шауып тұрған:
Өзіне деп жұлқынған жүрек күшін,
Сыртқа шашпай, ақылмен тауып тұрған.
Қарақаттай көзі бар, мөлдір біткен,
Жалтаңдап қарағанда жанар төккен.
Жан азығы болады жас жігітке,
Күлімдеп, қарағанда нұры сепкен.
Дөңгелек, қараторы, сұлу беті,
Кім білсін қоңыр ма, ақ па қандай еті.
Тұр-сымбатқа сай біткен ойы болса,
Не ойлап жүр,

қайда екен арғы шеті.

Кірсіз тіс, жұқа ерін, сөзге епті,
Ақылмен біліп сөйлер әрбір текті.
Жасы менен денесі таласа өсіп,
Хұрмадай кәміл піскен көзі жетті.
Қара сүрме тігілген қасы қандай,
Жайдары,
ашық мінез, сөзі балдай,
Әдепті әзіл сөзден алдырмайтын,
Ақылға сай, сайраған сұрша таңдай.
Тік түскен көз арасы, пісте мұрын,
Сәніне келтіріп тұр беттің түрін.
Сырты сұлу, басында ақылы бар,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырын.

Қең маңдай, ми тұрарлық жұмыр басы,
Қара жібек секілді ұзын шашы.
Аналыққа жарасқан төстек кеуде
Қатарласа тік біткен қос алмасы.
Жасынан оқу оқып, көпті білген,
Неснелі сөзі жоқ, әдеп көрген.
Сенен асып басқаны таңдамас ем,
Жүрегің мендік болып, қолға тисен!

1909

7. ЖАН ҚАЙДА ӘДІЛЕТТІ ІЗДЕЙТҰҒЫН

Жан қайда әділетті іздейтұғын,
Адамшылық атақты көздейтұғын.
Тірлікпен өлген күнді бірдей ойлап,
Екі жайдан күдерді үзбейтұғын.
Арамға азғырғанды сезбейтұғын,
Арам ойдың қыялын кезбейтұғын.
Көріне шайтан келіп азғырса да,
Адамдық, ар иманнан безбейтұғын.
Нашарды, момындарды еzbейтұғын,
Арамдық теңізінде жүзбейтұғын.
Айтылған уағаданы берік ұстап,
Айныма, мылжың сөзді еzbейтұғын.
Бағалап «алтын», «күміс», «жез» дейтұғын,
Байлаулы соның сөзі—сөз дейтұғын,
Айтқаны, істегені ақтық жолы,
Құрулы елде әділ тез дейтұғын.
Ондай жан ойлаушы едік молда болар,
Тең басқан төрт аяғын жорға болар,
Кедей, бай, хажы, төре — бәрі бір бәс,
Теңіздей әлем қанған орда болар.
Бұл күнде молда атаулы сорға болар,
Кедей, момын түсетін тор да болар.
Нашар болсаң шығармай жаназаңды,
Малың болса, бүркіттей қолда болар.
Айнуды, азғындықты молда бастар,
Сөзі оңды, ісі жауыз, арам настар.
Басқаға «пәлен ет!» деп бұйырғанын,
Өз басы өмірінде қылмай тастар.
Молданы ол секілді көрді көзім,
Бұзатын өзі айтқан бата сөзін.

Басқаға шарығатты суша ағызып,
Өзі оны істемейтін соқыр сезім.
Қыз да көп сырты сұлу, беті жақсы,
Бір көргенде дегендей «мінім тапшы».
Албырт көңіл арман ғып, ұмтылатын:
«Қолың жетсе аянбай, ұстап бақшы».
Қыз жайын кім біледі жақындаспай,
Ой түкпірін ақтарып, сырын ашпай.
Ішінде ит өлігі жатқан қыз көп,
Көрге бірге түсетін бетін ашпай.
Соның бірі Халима молда қызы.
Бетке шықпай көмілген жүрек сызы.
Бай таңдамай, мал таңдап, неке бұзған,
Бұйырмай баталығы дәмі-тұзы.
Азғырған әлде әкесі құлқын үшін,
Әлде өзі, кім тінтіпті оның ішін.
Халиолладан Жақыпты артық көріп,
Сүйгені, таң қаламын, қандай пішін?
Қара сұр адам еді, тапал бойлы,
Малжанды, баққа құмар, арам ойлы.
Не көрік, не сымбат жоқ, қара көжек,
Не сүйді, қыздың көзі неге тойды?
Әлде оны жастық па екен қуалаған,
Қолға түскен пұшпақты уқалаған?
Немесе, сайқал Жақып ебін тауып,
Қаңғыртып қыздың басын дуалаған.
Қыз ғой деп ойлаушы едік көріп сырттан,
Шықты ғой қатын болып елді құртқан!
Мысықша көп көзінше көзін жұмып,
Түн болса, тышқан аулап, түнде жортқан.
Қайғырма ондай қызға кетсе дағы,
Қатынсыз күнің солай өтсе дағы.
«Менсінбеді» деген сөз еттен өтіп,
Намыс қозғап, сүйекке жетсе дағы.
Табылар тағы сондай қара қатып,
Сүйіскен махаббаты одан жақын.
Сырты сенде, ішінде басқа жатса,
Сол емес пе нағыз сор кесепатың!

8. БІР АДАМ КӨП ЖАСАДЫ ЖЕР БЕТІНДЕ

Бір адам көп жасады жер бетінде,
Мекендеп жақсы жайды ел шетінде.
Зорлықшыл, арам ойлы, ұры болды,
Құралған арамдықтан дәулеті де.

Нашарды зар жылатқан жалғызын жеп,
Тірлікте ойламаған «өлемін» деп.
Жалғанды жалпағынан басып өтті,
«Жазғанын көрге бара көремін» деп.

Сол сорлы ауырып жатыр өлейін деп,
Қимайтын аманатын берейін деп.
Тауысып ап желдей ескен аз өмірді,
Қойнына суық көрдің енейін деп.

Өлді ол мезгілінде ажал жетті,
Өлшеулі дүниеден демі бітті.
Оранып үш қары бөз, басқа түк жоқ,
Сақтанбай тірлігінде көрге кепті.

Жатты ол қараңғыда зәресі ұшып,
Тірлікте молда айтқаны еске түсіп.
Дейтұғын: «имансызға періштелер
Көрсетер көр азабын тәнді қысып».

Қозғалып, шамасы жоқ тұратындай,
Созылды қараңғылық таң атырмай.
«Қайда жүр періштесі сұрайтұғын,
Кешікті-ау, бұлар қайда деп, жапырмай?»

Сонымен әлденеше жылдар өтті,
Тән шіріп, топырақ боп, тозып бітті.
Шыбын жан айналсоқтап, сасық көрде
«Періште келеді» деп босқа күтті.

Ал енді молда қайда, сөзі қайда,
Беретін ұрмақ, дозақ анау жайда?
Білмеймін анығын да, танығын да,
Бас қатты шешемін деп, жоқты ойда.

1909

9. БАЛАЛЫК КҮН

Балалык сенен артык күнім бар ма?
Бала күнде бойымда мінім бар ма?
Бәріне жетем деймін, алам деймін,
Жас кыялда тоқталып, тыным бар ма?
Балаға тең көрінер бай мен кедей,
Сүйеді жақсы, жаман, надан демей.
Күнә, сұмдық дегенді ол білмейді,
Айырмасыз ер, әйел бәрі бірдей.
Жакын-алыс деп білмес алалауды,
Аққа жауып жаланы каралауды.
Өмір, өлім не нәрсе ұжмақ, дозақ,
Білмейді бақ, күндеу мен табалауды.
Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес,
Байлық, бақыт дегенді көзіне ілмес.
Жақсы жаман сөздердің паркын айрып,
Не десек де танданып, құлақ түрмес.
Шіркін-ай, балалық күн өтесін-ау,
Артыңа қайырылмай-ақ кетесін-ау!
Жігіттікті карілік қуып жетіп,
Ажал дағы кешікпей жетесін-ау!
Қызыкты, татті өмір бітесін-ау,
Алдыңа ажал тосып, күтесін-ау!
Туганда қызықтаған жаңа жанды,
Тумағандай бір күні кетесін-ау!

100

10. БАЙЛЫҚ

Байлық-ай, сенің ызаң өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік жаным саған?
Мені көрсең жирендің, теріс қарап,
Әкеңнің менде құны бардан жаман.
Әлі жаспын не қылдым өшігетін?
Ойың жоқ, мені есіркеп, өсіретін.
Кедейлікті жіберіп, аяқ-қолды
Байлаттың ерік бермей, көсілетін.
Сен келсең бар қиыным шешілетін,
Сен жоқта аяқ-қолым кесілетін.
Сенің досың байлардай болып, менде
Күн бар ма көңіл өсіп, есіретін.
Келмесең зарлайтұғын менде хал жоқ,
Баяғы бір қу кедей, қолда мал жоқ.
Өмір бойы бейнеттен арылмаған,
Тұрмыстың көк шолағы, жалда—жал жоқ.
Бәрібір сонда дағы өмір сүрем,
Қалқақтап көп ішінде мен де жүрем.
Артықтығы: тамақ мол, киімі бар,
Бай көрген дүниені мен де көрем.
Ол маған ұстауға емес, көруге бар,
Байлар үшін жаралған қазна, мал.
Адам ұлын алалап, бірдей қылмай,
Нағыз жауыз — байлық сен, пейілі тар.

1910

II. КЕДЕЙЛІК

Кедейлік, сен жексұрын, түсің суық,
Іздемес сені адам керек қылып.
Амал жоқ, ықтыярсыз күл қыласың,
Маған салса қасыма келме жуық.
Жанды жеп сен ғой мені арытатын,
Күнің жоқ ат пен асқа жарытатын.
Жыртықтан жылтылдаған жас денемді,
Күнге қақтап, аязға қарытатын.
Жарытпай киер киім, ішер асқа,
Сөктіріп малы барлау надан, насқа.
Жас көңілді қайғымен уландырып,
Сенсің ғой толтыратын көзді жасқа.
Қинайтын жан алғыштай жанды сенсің,
Түсі суық жыланмен бірдей теңсің.
Маған салса, кедейлік аты өшкірді,
Дер едім, тұрмастай ғып жерге көмсін.
Бірақ сен өлмейсің ғой, жаның берік,
Күтқарсаң бар әлемді шыны өтіп.
Өлмесең де өлтірем өсе келе,
Жүрмеспін жолдас болып саған еріп.
Талайды осы күні-ақ жүрмін көріп,
Жалқауды қақпалайсың аттай мініп.
Талаптының маңына жоламайсың,
Талаптаншып қууға өзімде ерік.

12. ЖЫЛЫ КЕШ

Жазғы кеш, жарық айлы, қоңыр самал,
Рақат таза ауасын жұтқанда бал.
Сұлу жұлдыз жымыңдап, шақырғандай,
Көрікті нұр сәулеме көзіңді сал.
Алтын ай толықсыған сар дөңгелек,
Нұр сепкен жер жүзіне аспанды өрлеп,
Жұлдыздар да тұрған жоқ босқа қарап,
Ай сәулесін күшейтеді көтермелеп.
Көк ауа, мөлдір аспан бейне жібек,
Көргеннің көңілі өсер, ойы түлеп.
Ай бауыры, көк орайдың қойнынында,
Сырласар сыбыр менен сүйген жүрек.
Оранып гүл-шешекке жұпар иіс,
Жайқалған жапырағы жасыл бүліш.
Құшақтап қалқатайды орман кезсең,
Бақыт табар, жаныңда болар тыйыш.
Ол жердің су жағасы болса мүйіс,
Тоқталса демалыс боп ұзақ жүріс.
Аспаннан ай сәулесі тіктеп түскен,
Басталса ақ тамақтан тәтті сүйіс,
Сол түннің кетпес еді суреті естен,
Ондай сүйген махаббат болмас өшкен.
Қартайып көр аузында тұрсаң дағы,
«Ау, дариға!» дегізіп, ойға түскен.

1910

13. ЖАРҚЫНБАЙ

Жарқынбай дәулетімен «кадірлі» адам,
Болса да көрдей соқыр, нағыз надан.
Мал мақтатпай қоя ма өтірік-ақ
Ақыл, ойсыз болса да малдан жаман.
Мал бітті, мал секілді сасық жанға,
Өр көкірек, өзімшіл топас паңға.
Кедей болса күн көрер адам емес,
Жамандығын мал жапты амал бар ма?
«Тегінді малдан сұра?» дегені рас,
Бұл күнде малы жокқа бақыт қонбас.
Бай болсаң әркім сыйлап «жақсы» дейді,
Болсаң да қандай надан, қандай топас.
Соның бірі Жарқынбай мынау жүрген,
Не ақыл, не білім жоқ оқып көрген.
Бұл күнде адамды емес, малды сыйлап,
Әркім-ақ орын береді оған төрден.
Былыр ол «би болсам» деп, арман етті,
Сойыс қып, елге шауып, ақша төкті.
Берудің арқасында беделді боп,
Би болды, жез знакке қолы жетті.
Сары жез сатып алды малын шашып,
Сол үшін мақтанады мықын басып.
Төбетке тағып қойған қарғыдай қып,
Ол «шенін» тастамайды мойнына асып.
Ол қарғы білім бермес таққанменен,
Надан білгіш бола ма мақтанменен!
Мәстек шауып, тұлпардан бәйге ала ма,
Қадірлеп асыл жабу жапқанменен!
Байда бар оқып жүрген бір ер бала,
Жасы келіп қалса да ақылы шала?
Бай баласын «жаман» деп кім айтады,

Деген ғой «Басы иігінің бәрі қара».
Баланың киімі оңды, тамағы тоқ,
Мегежін елі сүйек, бір былжыр...
Он жыл үзбей қысы, жазы оқыса да,
Әлі күнге ол кеше хат білген жоқ,
Он жылдай оқығаны қара кітап,
Беріпті әкесіне молда сыйлап.
«Көрің қадір», «Кесік бас», «Бақырғанын»
Көшірмесі миын жеп, жанын қинап.
Он жылда осы кітап бір бітпеді,
«Қасиетті» деді бай, құрметтеді.
Талған адам тұрыпты бір сыйпаса,
Лепесі қара молда құр кетпеді.
Бұл кітапсыз босанбас қатындар да,
«Мыңда бір дауа, дейді мартуларға»
Бір жапырақ тұмары бойды сақтар.
Ауырсаң ішірткі ал, қапыл қалма.
Бісмілда айтпай, дәретсіз жақын бар ма,
Молдадан артық білер ақыл бар ма!
Соғып кетсе киесі оңдырмайды,
Біле тұра жаныңа қасың бар ма?
Бұл кітаптан жын-шайтан қашып кетер,
Жаны шошып, зәресі ұшып, сасып кетер.
Артына қайрылғуға шама келмей,
Қап тауының басынан асып кетер.
Осындай кітабы бар байды көрдім,
Түс секілді өңімде жайды көрдім.
Дәулеті, қасиеті, шені де бар,
Түп-түгел төрт құбласы сайды көрдім.
Орысша оқығанды «қапір» дейді,
Иманы жоқ, сауаптан тақыр дейді.
Ғылым туын қолға алып шықса біреу,
Бұзық келді, болды-ау «заман ақыр» дейді.
Кім мақтаса соны дос, жақын дейді,
Надандар надан сөзін ақыл дейді.
Молданың өтірік айтқан шарифатын,
Құдай сөзі айтқанын мақұл дейді.
Білімді, оқығанды күндеп бағар,
Өтірік-өсекпенен жала жабар.
Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,
Біреудің түймедейін тінтіп табар.

Мен білемін деп ойлап адасады,
Білімдіге өштесіп таласады.
Мал болса арманым жоқ, жетілдім деп,
Қит етсе малдың басын санасады.
Жарқынбайдың жайы осы ел мақтаған,
Әрі бай, әрі би деп жұрт жақтаған.
Ішіп кетер, жеп кетер сұмдар жиылып,
Мәз болып, байды мақтап ыржақтаған.
Бай сонда көтермес пе мұрнын көкке,
Етер ме көтердің деп оларға өкпе,
Аурусыз «ақ-түпә» деп құр жөтеліп,
Паидықты байқатпас па төңірекке.
Бар еді Жарқынбайда үш-төрт бала,
Оларға байлық тұрса шіркеу қайда.
Күләйме ұлдан үлкен жалғыз қызы,
Ұқсайды көркемдігі туған айға.
Он сегіз Күләйменің келген жасы,
Жібектей үлбіреген маңдай шашы.
Мүлтіксіз тұла бойы бір міні жоқ,
Алланың шын жаратқан тамашасы.
Жанарын көрген көздің алар бұрып,
Азырақ езу тартып қойса күліп.
Қызғалдақ пісіп толған шілдедегі,
Жер гүлі, қызыл нұрлы шашып ұрық.
Көргеннің есі кетер қарап тұрып;
Тәні еріп, ойы мас боп, дымы құрып.
Оңаша кезі келіп қалған жерде,
Сөз түспес ауызына құдай ұрып.
Тартпаған әкесіне мінез-көрік,
Құрбыны қорламайды паңсып жеріп.
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келген,
Шын сұлу, сымбатты-ау, ерге серік.
Шешеге де тартпаған бір мінезі,
Күлімдеп күн сәулелі жарқын жүзі.
Көктен түскен кәуһәрдай көзді ұялтқан,
Қол жетпес күнсұлудың нағыз өзі.
Күләймені әкесі малға сатқан,
Құдай деп, құда болып бата айтқан,
Әрі малды көбейту көп үстіне,
Әрі би боламын деп, қарғыс атқан.
Бергені бір қажынын бай баласы,

Мал, басқа түгел толған айналасы.
Кұда боп кұйрық-бауыр жегеннен соң,
Басылған бақ күндестік, тай-таласы.
Күйеуі Күләйменің теңі емес,
Тең түгіл түзу қарар адам да емес.
Сұлудың сырты бүтін, іші түтін,
Мұқаннан басқа бұл сырды адам білмес.
Мұқан мен Күләйменің сыры тату,
Жүрек сүйіп, басталған кұп ұнату.
Ұзақ түн, оңашада сырласқанда,
Болатын неше түрлі ойға бату.
Күйеуі мал төлеген малдың бірі,
Ақ үрпік, балапандай көрсең түрі.
Не сымбат, не көркі мен мінезі жоқ.
Ақылсыз шошқа мінез, сөзі ірі.
Мисыз ой, талыс аяқ, сасық қолтық,
Мегежін, шартық бұқа, бойы қортық.
Буаз қатын секілді шартиганда,
Айран кұйып байлаған бір жанторсық.
Оқу жоқ, көз орны бар, кеуде соқыр,
Көргенді, естігенді ми жоқ тоқыр.
Көзі көк, кірпігі ақ, түсі сары,
Алапес, өне бойы ешкі қотыр.
Мінезі сондай жаман, ісі содыр,
Сондықтан, әркім оны дейді шодыр.
Күләйме косақталса бұл есекке,
Арам өлген бір аққу, қарға шоқыр.
Мұқан кім? Замандасы жақын жүрген,
Сыр ашып, тар төсекте ойнап күлген.
Бір-бірі қара көздің хатын оқып,
Жүректің не айтарын оймен білген.
Мұқанның бар айыбы — малы кедей,
Әке бар, туысқан жоқ, шеше өгей.
Ақыл-зейін, түр-сымбат тұтас келген,
Сөзге ұста, ақын жігіт сұрша көмей.
Оқыған, білім алған жасынан ол,
Бар адам болмаса да дәулеті мол.
Жігіттің бұл күндегі арыстаны,
Не керек, бақ байлайтын бір қысқа қол.
Талабы, бар ынтасы зор оқымақ,
Үлгілі үлкен городтан білім алмақ.

Мұқанның жанын жейтін ауыр қайғы,
Қаптырған Күләймеге тұрмыс қармақ
Сондықтан, оның ойы он бес бөлек,
Қайғымен күйік тартқан сүйген жүрек.
Зарыққан Күләймені көрген сайын,
Дертіне ем таба алмай көңілі жүдеп.
Осы жаз қыз алуға күйеу келмек,
Мал алған бастасына әке бермек.
«Қыздың байы бес байтал» деген рас,
Сорлы қыз, әке салса, малша көнбек.
Ол солай болатыны, сөзсіз, рас,
Топастар ойын етпей көңілі тынбас.
Сұлуды тұрмыс торы шырмап алған,
Үзем деп Мұқан дағы қарсы тұрмас.
Тұрғанмен қолдан түк те келері жоқ,
Жан қинау, іс боп шығып, өнері жоқ.
Қараңғы ел, қара теңіз тасып жатқан,
Шыпшық боп өртеймін деп өлері жоқ.
Кұралсыз жауға шабу кімнің ісі,
Көз жетсе келмесіне оған күші.
Түпсіз теңіз түбіне тартып кетер,
Мылқау күш, дәл теңіздей елдің іші.
Келбеттің жері жазық, шөбі шалғын,
Түгінен майы шығад семіз малдың.
Таскүдык мұз бұлағы ағып жатад,
Сылдырап табанында биік жардың.
Сол жердің оң жақтағы жағасына,
Тас өткел мұз бұлақтың арасына,
Жылжып кеп жұрт жаңартқан Жарқынбай бай
Той қылды ұзататын баласына.
Іргесі мөлдіреген тымық өзен,
Күні жоқ күндіз-түні дамыл тапқан.
Сылдыры сыңсып жарға коштасқандай,
Шын тыңдап, зерттеген жан ойға батқан,
Бір сұлу суға келді шолпы таққан,
Басында таза шапан бетін жапқан.
Төгіліп кара наркес көздің жасы,
Өзенге үнін қосып, мұңын шаққан.
Ыстық жас мұз бұлаққа тырыс-тырыс тамған,
Ағызған көздің жасын іштегі арман.
Жүректің қызыл қаны құртша қайнап.

Шыдамай қызуына дене жанған.
Шарпылып қайғы өртіне тұла бойы,
Мұз балақ сөндірет деп келген ойы.
Бата оқыр, ас бергеннен аты суық,
Көрінді әкесінің қылған тойы.
Күйеу мен құда келген кеше кешке,
Той қылған опыр-топыр бүгін түсте.
Жеген тоқ, ішкен мас боп, шалқып жатыр,
Сұлудың мұңын алған кім бар еске.
Сұлудай қайғы жұтқан Мұқан жалғыз,
Мәз-мәйрам, сауық құрған жеңге, балдыз.
Жасырын жар астымен қызға келді,
Кезді аңдып жар жағасы болған жансыз.
Келді ол ақырғы рет амандаса,
Сұлуға көңіл айтып мауқын баса.
Ажал кеп әкеткелі төніп отыр,
Сүйгенін дейтін көзден қылман таса.
Егілді Күләйменің көзден жасы,
Жанына келген кезде жан жолдасы.
«Құшақтап сүйген жарым сен!» деді ол,
«Бұл сырға куә болсын судың басы».
Мұқан да шын жүректің төкті жасын,
Аялап алақанмен қыздың басын,
«Кетсең де жүрек бірге, қайғы ортақ,
Тілегім: маңдайыңнан жарылғасын».
Қыз айтты: «жарылғайтын күні қайда?
Жақсылық көрем, деген түк жоқ ойда,
Құдайдың ақ ажалы қазір жетіп,
Бата оқыр болар ма еді осы тойда.
Сонда мен көп өліктің бірімін ғой,
Сүйгеннің аузындағы жырымын ғой.
Бұл күнде аруақта бір, мен де бірмін,
Тек қана сырт көргенде тірімін ғой.
Жарылқап не береді құдай маған,
Жақсы боп, қайта тумас анау жаман.
Менің барлық тілегім жалғыз сенсің,
Бақытты өмір бергей де тәңрім саған.
Мен өлік, менде жан жоқ бұдан былай,
Тағдырда солай жазған кәрі құдай.
Кінәні маған қойма, заманға қой,
Жүрерміз амандықты сырттан сұрай.

Елде егер жүрсен келмей, ұмытпассын,
Сүйгенге сырттан кір сөз жуытпассын.
Тұлыпқа мөңіреген сиырдай боп,
Көрумен сүйген жарың мауқын бассын».
Ағытқан барлық сырын сұлу жылап,
Қалжырап, әлі бітіп кетті құлап.
Талыксып, ес жинауға шамасы жоқ,
Тұрмыстың оғы тиіп жатыр сұлап.
Онаша жардың асты көлеңкелі,
Тарылған қайғы алқымдап қыздың демі.
Қоңыр сая, самалды ысытқандай,
Жалынды көкіректен шыққан лебі.
Мұқанның күр сүлдері отыр шыдап,
Бойы еріп, жүрек жұлқып, аттай тулап.
Бұлдырап екі көзі қарауытты,
Сұлудың зарлы сөзі жанын улап.
Бір кезде есін жиды, көзің ашып,
Жанарлы қара көздің оты жасып.
Қоштасып Мұқанменен үйге қайтты,
Дірілдеп, әлсіз аяқ шалыс басып.
Той бітті, кеш те жетті қол ұстатар,
Кәде көп, ырымы бар, шаш сыйпатар.
Болғанда түн ортасы қызды қамап,
Сыпылдап сөйлеп отыр жас катындар.
— Еркежан жерің жайлы, күйеуің тең,
Дүние, мал-мүліктен болмайсың кем.
Әлде кімнің баласы секілденіп,
Айтқанға көнбегенің осының нең?
Күйеуің, келеді деп тосып отыр,
Басылды кісі аяғы опыр-топыр.
Балсініп бүтін бармай қойғанменен,
Ертең-ақ Күйек молда некеңді оқыр.
— Көрмеймін қашан үйден кеткенімше,
Қолына ноқталанып жеткенімше,
Жүрегім шын елжіреп, жаным сүймес.
Жек көрер өмір бітіп, өткенімше.
Тілімді алмады деп, сөкпе женеше,
Болайын мен разы өле-өлгенше.
Сол кезде қайтер едің, жеңгетайым,
Маған деген бұл пәле саған төнсе?
Ақырғы осы түнім үйде жатар,

Қайғылыға кешікпей таң бар ма атар?
Тас түскен жеріне ауыр деген бар ғой,
Демеймін менің қайғым саған батар.
Деді де теріс қарап қалды жатып,
Жанына жоламады жеңге батып.
Қалтнып түн күзеткен қотыр күйеу,
Жаңа ғана қисайды, таң да атып.
Ат жеккен пәуескеге байлар таңдап,
Құндыздай жылтыр қара жүнін парлап.
Асылып екі әйелдің нығына,
Танысқан Күләймен қыз елге зарлап.
Зарлы үн естігеннің ойын шарлап,
Тұңғық, мәні терең ұқсаң барлап.
Өмірден түңілгенін ашып айтты,
Малқұмар топастардың ісін қарғап:
«Жапанда бір гүл едім жеке біткен,
Қызықты дүниеден өмір күткен.
Он сегіз жасқа жаңа келгенімде,
Басымнан жастық дәурен желдей өткен.
Адасқан, теңін таппай мен бір жалғыз,
Кұр дене қимылдаған жүрек жансыз;
Шілдеде мұздай болып қатқан көңіл,
Сүйе алмас жүректегі ыстық қансыз».
Қыз сөзі тіксіндірді жұрттың көбін,
Суытты кейбірінің жылы көңлін.
Арбаға мінгізсе де дауысы естілді,
Астына түскенінше Сары дөңнің.

14 ДІН

Дін деген өтірікке нану деген,
Көңілге өнбес хиялды алу деген.
Қыямет күн ғарасат майданына,
Өлген адам тіріліп бару деген.
Хор қызын жиырма бестен алу деген,
Мәңгілік, өлмей-жітпей, қалу деген.
Өлмейтін, қартаймайтын жайға апарып,
Пендесін басқа күнге салу деген.
Дозақта күнәлілер жану деген,
Кәпірді зор азапқа салу деген.
Мұсылманнан басқаның бәрі иттей боп,
Өшпес от, бітпес бейнетте қалу деген.
Бұл молданың өтірігіне сену деген,
Жетегіне соқырдың еру деген.
Алдамшының алдаған сөзіне еріп,
Қолда барын сыпырып беру деген.
Өлген адам тіріліп келу деген,
Қартаймай, өлмей тірі жүру деген,
Жақындық жоқ, ұйқы мен тамағы жоқ,
Мәңгілік, ұзақ өмір сүру деген.
Ұжмаққа казак қана кіру деген,
Ол сырды кожа-молда білу деген.
Ежелгі надандықтың кесірі ғой,
Ғылымға бойұсынбай іру деген.
Миға кірмес өтірік өтірік сөз емес пе,
Мұның бәрі бос мылжын үру деген.

15. САРЫБАС

Жалаң бас, жалаңаяқ, жыртық дамбал,
Кір көйлек, қомыт күпі, шидем шалбар.
Сары үрпек, көгілжім көз, өңі жүдеу,
Қу мойын, аш қабырға, анғал-саңғал.
Жарық қол, қара табан, жалақ ерін,
Толтырған кеудесіне қайғы шерін.
Жеті атасы құлдықта күн өткізген,
Кірме деп, кемітетін ата тегін.
Ата, анасы қартайып, жасы жеткен,
Кедейлік жас күнінен тентіреткен.
Кірсіз киім, дәмді асты арман қылып,
Қайғылы, жоқшылықпен күні өткен.
Азамат үш ағасы сақа бойдақ,
Еңбектің қазанында піскен қайнап.
Атасына басылған нәлет таңба,
Бұлардың да сендей ғып басын жоймақ.
Шүкібай шал-әкесі, заты Керей.
Адал қара бітпеген тұлдыр кедей.
Сарыбасын оқытуға былтыр берген,
Жалшы боп пайда тапсын бұл да демей.
Бұл іске тұра алды ма байлар күлмей,
Кекесін, өткір зілді, тілі тимей.
Артында жоқ көсеумен қамшылайды,
Ақымақ әуре деген әлін білмей.
Ондай сөз Шүкібайды налытпайды,
Үйреншікті кедейлік қажытпайды.
Сарыбасымды оқытам, адам қылам,
Деген ой барған сайын шалықтайды.
Малға кедей, көңілі бай зарықпады,
Сөзі семіз, мінезін арытпады.

Бар еңбегін Сарыбастың оқуы үшін
Ант қылды соған арнап сарыққалы.
Сарыбасқа өткір зейін дарытқаны,
Бір-ақ жылдың ішінде анықталды.
Қойшының көк шолағы жүйрік шығып,
Шабысты барған сайын дамытқаны.
Жақсы оқып, зиректігін танытқаны,
Жолдас түгіл молданы аңыртқаны.
Піскен бас, көбік өкпе бай баласын,
Таң қылды сөйлесе естен жаңылтқаны.
Кедейдің ақылы жоқ мәңгі деген,
Растыққа бай сөзін дарытпады.
Малға мас, бай баласы кеше деген,
Асанның мақал сөзін анықтады.

16. СОҚЫР СОПЫ

Көп дәрет борбай жағын ақ жем еткен,
Намаздың бір шарты жоқ түгел біткен.
Жарылқар ол дүниеге барғанда деп,
Елес сөзге иланып, ұрмақ күткен.
Міндеті ораза ұстап, намаз оқу,
Молда айтқанын талғамай ойға тоқу.
Мүләйім, құдай деген сопы жан боп,
Момындарды алдаумен жемтік шоқу.
Фарыздың не екенін өзі білмес,
Өзі айтқан жолыменен өзі жүрмес.
Дейді сөзге нанады қашан болсын,
Өзі таңдап алуға көзі көрмес.
Басқаға жөн айтады білген болып,
Анау теріс деп сынап, күлген болып.
Неше түрлі күнәдан бой тартпайды,
Көп көзінше сопы боп жүрген болып.

.

1911

17. ОҚУ

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқу менен өнер білмек.
Өнер-білім, адалдық, ар-намысты,
Жоятын надандық қой емсіз індет.
Оқыса басқа елдердей қатарға енбек,
Бар қыйынды тек қана ғылым жеңбек.
Білімге ел боп аңсап, құмарланса,
Жетілу аз-ақ жылда жоғары өрлеп.
Көрші елдер өнерсізді қорлап күлмек,
Оқу мен бірлік болса, көзіне ілмек.
Қараңғы Қарынбайдай надан болсаң,
Байлығыңа иелік бермес күндеп.
Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек,
Өнермен техникалы жұмсап еңбек.
«А құдай, өзің берден» түк шықпайды,
Талаптанып, талпынсаң сонда бермек.
Алдыңғы ел малға емес, жерге сенбек,
Бар мұқтажы адамның жерден өнбек.
Басқаға малайлыққа жеккен күшті,
Жұмсасаң өзің үшін шындап, терлеп.
Өнерге сай боп келсін бірлік, ерлік,
Сонда ғана аларсың сен де теңдік.
Надандықтан екенін білмейсіз бе,
Көрінгенге болғаның семіз жемдік.
Ел болуға алдымен білім тірек,
Бір сөзді, бір ауызды, намыс керек.
Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің,
Алты ауыз, азғын болсаң қоян жүрек.
Қажырлы ел жаннан арын артық көрмек,
Өнерге ұмтылатын аңсап-шөлдеп.

Қорғайды елін, жерін қаныменен,
Болмайды жаннан қорқып басын имек.
Наданды әркім жейді нандай илеп,
Жыртқыш ілген үйректей тірі жүндеп.
Өгей бала секілді тесік өкпе,
Жалғанда теңдік көрмей жаны күймек.
«Ел» дейтін адал басшы әзір сирек,
Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек.
Елі үшін құрбанға шалса разы,
Кім бар еді, ту ұстаған елін сүйреп?
Ел үшін еңбек етсең халқын сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп,
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек.

.

18. ТӨРЕ КӨРСЕ, ЖАЛАҢ БАС ШҰЛҒЫП, БИЛЕП

Төре көрсе, жалаң бас шұлғып, билеп,
Бәйік боп, әулиедей ізін сүймек.
Елге келсе, өтірік мақтанатын,
Қорқайын ба, ұлыққа айттым сүйдеп.

1911

19. ҚЫЙСЫҚ ҚАБЫРҒА

Мишкаттың шарифаты, сөзі қалай,
Өрескел көп сөздерді айтқан талай.
Хадис сөзі дегенін былай қойып,
Ойға салсаң шындығы екі талай.
Әйелді «қыйсық» дейді қабырғадай,
Еркектен кем жаратқан оны құдай.
Күштесең, зорласаң да ерік өзінде,
Ол үшін періштелер келмес сұрай.
Әйелді «күнәлі» деп байы айтса,
Ол үшін екі кісі куә тапса,
Күнәлі екендігі рас болар.
Ықтыяр «талақ» етіп, теңін тапса,
Еркекті әйел сүйтіп кінәласа,
Ердің ісі әйелге ұнамаса,
Жүз куә қойса дағы іс болмайды,
Обал жоқ ұрса-соқса, шыдамаса.

1911

20. НЕКЕ ҚЫЯР

Зорлық іс әйел үшін неке қыяр,
Неке қыйған молдалар теңге жыяр.
Сатылған мал орнына сорлы қыздар,
Көз жасын теңін тауып, қашан тыяр.
Сүймесе де сүйдіріп куә сайлар,
Сүймегеннің еркін жіпсіз байлар.
Сыйырдай ғып молданың телігенін,
Көргенде өштік өсіп, қаның қайнар.
Куәға екі жігіт жұмсап жаяу,
Көз жұмған сопы молда ұйқылы-ояу.
«Разы» деп, өтірік куә болу,
Заң да емес, дін де емес, көзді бояу.
«Сүймеймін» сөз шықса да шымылдықтан,
Болады өтірік-ақ теріс ұққан.
Ашынған ащы сөзді айтысады,
Молда естімес, құлаққа мақта тыққан.
Зарлатар жас әйелді зорлап байға,
Әменгер, қатын үсті, кәрі байға.
Зорлықшылды дозаққа салар болса,
Молда-еке-ау, тәңрі алдында бұл оңай ма?
Зорлықпен неке оқысаң жыламай ма,
Күйген жан неге болса шыдамай ма?
Құдайдағы кедейді қағыстырып,

• • • • • • • •

1911

21. КЕЗЕК ҚАШАН КЕЛЕДІ

Байлар көп жатып ішер арам тамақ,
Өсірген, қызығын көрмей, басын санап,
Шынында, өсіретін кедей, жалшы,
Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап.

Үш тоқты жылдығына еңбек төлеп,
Ескі, кір, сасығынан киім бермек,
Егер де бір қылығы жақпай қалса,
Бір тоқтысын сылтаумен бермей кетпек.

Жарыта берген емес байлар тамақ,
Ұрысып-боқтар, жазықсыз ит-шошқалап.
Сөздің жөнін айтса да сорлы жалшы,
Басынан қан ағызған байлар сабап.

Әйелі күң, біреуге ері жүрсе,
Үй іші түгел жалшы біле-білсе.
Олар үшін бай ақы төлемейді,
Кедей де ырза бір аяқ саумал берсе.

Жазғы айран-шалап үшін тегін жалшы,
Бір үйлі жан сол үшін байға малшы.
Бір күн үйде істемей отырып көр.
Аузыңа тиер ме екен жалғыз тамшы.

Кедей көп өмір бойы бейнет көрген,
Бай бар ма ол еңбектің құнын берген.
Даулы болып төреге бара қалса,
Кедейдің кім бар еді жасын көрген?

Жену, төре қашан да байға тиген,
Арам би бар кінәні кедейге үйген.
Айтысудан пайда жоқ, зыяны бар,
Сорлы кедей, арт қысып, әлін білген.

Өте ме теңсіздіктен дүние солай,
Байды жақтап, кедейге бір қарамай?
Жалғанда бір кезегі келмесе оның,
Ақыретте теңелу екі талай.

Кезек қашан келеді байлар саған,
Барған сайын бұзылды ниетің жаман?
Өз қылғаның өзіңе бір келеді,
Ақыретте емес, жалғанда қарсы алдыңнан.

Кедейдің де күткені сондай кезек,
Ұзамай болатынын ішім сезет.
Барлық адам теңеліп бірдей болмай,
Дүниені басқамен болмас түзеп.

22. ӘЙЕЛ

Әйел деген ат арзан қорлауға да,
Ерге ықтыяр берілген зорлауға да.
Мал да бір, әйел де бір несі артық,
Көнеді нелер қайғы, сорлауға да.

Көнеді күндік өмір, зарлауға да,
Өмір жасын өксітіп, сарнауға да.
Ердің көңілін көтерер қуыршағы,
Көнеді ар-ұятын жалдауға да.

Әке берсе, еркі жоқ бармауға да,
Хақы жоқ теңін ердей таңдауға да.
Шарифат та, заңдағы ерлер үшін,
Әйел жынысын кемітіп, қорлау ғана.

Күн туар бұл теңсіздік болмауға да,
Әйел түспес айла мен торлауға да
Ер, әйелдің салмағы бірдей болып,
Күн жетер оларды да қолдауға да.

1912

23. ДҮНИЕ

Дүние қызықтырған — қызыл киік,
Бар адам соны қуған көңілі сүйіп.
Көпшілігі далақтап жете алмай жүр,
Азшылығы кенелген қолға киіп.

Жеткен де, жетпеген де өкініште
Ұстаған мен бос қалған ерегісте.
Екеуі де көрмейді одан опа,
Ұқсайды таң алдында көрген түске.

Дүниенікі екі топты айтыстыру,
Қан төгіп, қару жұмсап, атыстыру.
Бай, кедейдің арылтпай өшпендігін,
Қыямет қайымғаша тартыстыру.

Адамды бағындырудың асылы еңбек,
Түбінде еңбексізді еңбек жеңбек.
Тұрмыс тиірмен тасындай айналады,
Бүгінгі өр, зорлыққа кезек келмек.

.

1912

24. ОҚЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРҒА

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтып қаламыз?
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз?
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз?
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз!
Сұмдар салған жүректе
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басқаның
Қор боп жүдеп барамыз,
Көріне көзге азапта
Мәңгі қайтып қаламыз?
Ойыңды енді азат қыл,
Қалсын былай балалық!

1912

25. ТАЛАПТЫЛАРҒА

(Шәкірттерге)

Миллеттің кел майданға:
Дерті бар, дәрмені жоқ, ғарыптары!
Оқыған жастарының арқасында,
Көз ашты көрші жұрттың халықтары.
Көрдің бе миллетінді ұйқы басқан?
Тебіренбей жер қозғалып, жарылса аспан
Ойлайық бәріміз де миллет қамын,
Бірігіп, ынтымақтан еш қалмастан.
Миллетке бек зор үміт шәкірт халқы,
Ат болса да, біздерде жоқ қой қалпы,
Жабыстық көрінгеннің етегіне,
Бір бақас жаттап алып шала-шарпы.
Кейіміз пәнді оқу арам дедік,
Хашия¹ жаттап жұмаққа барам дедік;
Бұрынғы тақыр, талас қалпымызда
Атаның жолын қуып қалам дедік.
Кейіміз халық ұйқысын ашам дедік.
Ұмтылып ілгері аяқ басам дедік,
Ата тұрсын, бабаның жолы болсын,
Залалды жолдан безіп қашам дедік.
Дөңінен надандықтың асам дедік,
Миллетке раушан нұр шашам дедік,
Үйреніп әр бір түрлі өнер, ғылым
Теңіздей дария болып тасам дедік.
Кейіміз сәлде, шапан кием дедік,
Сүзіліп, басты төмен ием дедік.
Ақпейіл, адалсынған сопы жан боп,

¹ Х а ш и я — (арапша) — түсінік деген мағынада.

Сүйтіп-ақ, підіе, зекет жыям дедік.
Кейіміз оны көріп, оған ердік,
Аздан соң оны тастап, бұған келдік.
Көңілді ешбіріне бой салғызбай,
Тоқтаусыз ортасында аттай желдік.
Кейіміз тиіп-қашып алаңғасар,
Қылдай сөзді таудай ғып, жұртқа шашар,
Жанды қыйған кісі боп жалтыраймыз,
Қыйын-қыстау іс келсе үркіп қашар.
Білеміз ынтымақсыз іс оңбайды,
Тартынып, шу-шулеткен кісі оңбайды.
Бізде бар аққу, шортан, шаян халқы,
Біздің іс бүйтуменен еш оңбайды.
Міллеттің, келде бірік, ал жастары!
Қызмет қыл, өткір қылыш, алмастары.
Бәріміз қуат қосып бірге тартсақ,
Анық қой надандықта қалмастары.

26. ОҚУДА МАҚСАТ НЕ?

Оқуда мақсат не? Медіреседе жату ма?
Ескі нұсқа бақастарды татуға:
Қанша жыл хашия мен мантық¹ шайнап,
Керілдесіп шатуға.
Көп жатып хатымкер² атын алып,
Елге апарып сатуға.
Ә! Бұлай болса,
Керек енді сәлде, шапан киюге,
Мүрид³ болып, ишанға бас июге,
Жас басымнан тауфиқты сопы болып,
Сол ісіммен тоқты-торым жыюға.
Яки мақсат:
Молда атанып төрге отыру ма?
Ет, қымызға қарнын толтыруға,
Підие, зекет,
бітірге қапшық болып,
Міллетке микробтігі тие отыруға,
Бұлардың бар тапқаны көзін сату,
Кім өліп, кім жіткенін аңдып жату,
Білмесе де алхамның ғыбрасын,
Жемтік көрсе, молдамын деп тістей қату.
Яки мақсат тілмаш боп жем табу ма?
Жылтыратып сар түйме, шен тағуға
Кеміре-кеміре жыртылған жырық дорба,
Басқалардан қалғанын сен қағуға.
Яки мақсат:

¹ Мантық (арапша) араб философиясы.

² Хатымкер (араб-парсы сөзі) медресе бітірген деген мағнада.

³ Мүрид (арапша) ишан пірге қол берген кісі.

Өнер, білім алуға,
Алға қарай баруға,
Намыстанып, қорланып,
Құқықтан мақрұм қалмауға,
Міллет көзін ашуға,
Терістіктен қашуға,
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға,
Жақсы тұқым шашуға,
Дария Нилдей тасуға,
Микроб болған наданның
Пітіжелерін басуға
Өнер тұқымын егуге,
Жарыққа қарай келуге.
Пайда, зыянды айырсақ,
Жүре бермей жегуге,
Отанымызды сақтауға,
Ақиқатты жақтауға
Біз де басты көтерсек.
Қала бермей таптауда,
Рақат өмір жасауға
Бәліш болмай асауға.

Кім дейсіз әр халықты тентіреткен?
Әуелгі үш түрлі оқу түпке жеткен.
Бұл үшеуі көзі батып, көмілгенде
Кейінгі жалғыз мақсат көкке жеткен.
Демейміз оқымады біздің халық,
Болса да оқу анық, мақсат танық,
Болса егер ойларында соңғы мақсат,
Еш мұндай болмас еді артта қалық.

27. ДОСТЫМА ҰМЫТПАСТЫҚ ҮШІН ХАТ

(Көңілдегі махаббатым)

Шын достым шыбынымдай Ш..... жан,
Болғанда біріміз жан, біріміз тән.
Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз,
Сонда да, біраз сөзді айту арман.
Жібердім «Зарландымның» жеті бөлімін,
Жазуға одан артық келмеді хал,
Көңілге қыял қадар ала көрме,
Болады достың суы — достына бал.
... Дәрі... болып дарияға барғаным жоқ:
Әртүрлі себептермен уақытым тар,
Шалқыды шар тарапқа сорлы көңіл,
Қайткенде еридi деп іштегі қар,
Сандалып, жөн таба алмай зарығады,
«Құдайым атыра ма?» деп біздерге таң.
Әрнешік халдарымның бәрі мәлім,
Достыңа хал-қадарша жәрдемің сал.
«Дүние бос, махаббатсыз мал секілді»,
Деген сөзін Абайдың есіңізге ал.
Жер шетінде жүрсең де ықылас сізде,
Үнемі бірге жүру болмас бізде.
Қайнасқан жүректегі махаббатты
Ойыңнан тастай көрме әрбір кезде.
Жеткізгей мұрадына қадір ием!
Жанумен отқа түспей ойға күйем.
Жан достым, бір-екі ауыз назым жаздым,
Көргенде босасын деп жүйе-жүйең.
Жүргейсің хат жазысып, хабар алып,
Жоғарғы сөз мазмұнын қарап алып,
«Жуан етік қазақта жұмыс аз» деп,

Жүрмеңіз тіліңізді қадап алып,
Жақсы, жаман болса да қаның бірге,
Өлсең де, тірілсең де тәнің бірге,
«Әркімнің өз аузына қолы жуық»
Егер де өлшестіріп салсаң гирге¹.
Бұл сөзді қастамаймын жалғыз саған,
Мысалы құрап қалған қазақ сабан,
Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ,
Жақынын жат көретін жаудан жаман.

1912

¹ Г и р (орысша) таразы, безбен.

28. ТҮСІМДЕ КӨРГЕН БІР АЯНЫШ ХАЛ

Мен көрдім қызыл гүлді түсі кеткен,
Тәнінен әлсізденіп күші кеткен.
Мағлұм бір түйткіл болып көптен,
Сол түйткіл кәзір оған келіп жеткен:
Толып тұрған кеуделері от пен жалын:
Есітіп тұра алмастай айтқан зарын.
Аңғарттым бір-екі ауыз сөз мазмұнын
Білдіріп зарлаған соң маған халін.
Түскендей бастарына қалың тұман,
Тағдырда жазылған соң осы... план¹
Жазмыштан озмыш болмас деген сөзге,
Болса да түседі екен сайып қыран.
Толтырған қанды жасқа екі көзін,
Аядым ішім еріп оның өзін.
Бір-екі назымменен мен өтейін,
Жанымның «жан досты» деп айтқан сөзін.
Келместей түндегі ұйқы, батпастай ас,
Тағдырға бас иген соң шын гәуһәр тас.
Көп жазып көңіліңізді ауыртпайын
Сонда да достың сыры, достына паш.
Қазақты намыс деген тентіреткен,
Партия, дау мен жанжал түпке жеткен:
Намыс пенен жанына қайғы шашып,
Егінін орсын енді, қолдан еккен.
Түсер деп сізге қапа, көп жазбадым,
Сонда да, тіпті, босқа тек жазбадым.
Дәрмен жоқ іс өткен соң не шара бар?
Құр ойбай пайда бермес деп жазбадым.

1912

¹ П л а н (орысша) — жоспар.

29 АНАУ-МЫНАУ

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр;
Ұйқысы көп, ояу аз,
Бұл не деген ғажап тұр?
Бұл ұйқысын ашпаса,
Игілікке баспаса,
Басқаларға мазақ тұр.
Мынау жерде хадим¹ тұр,
Қарқарада жаны тұр,
Ілініп-салынып әлі тұр,
Біреді күндік халі тұр,
Анау жерде жәдиттер²,
Одан біздер үміткер;
Олардан тәлім алмасаң,
Көрген күнің болар тар.
Мынау төрде ишандар,
Аузы-басы қыйсаңдар,
Міллет қайда, дін қайда?
Селкілдесең тым пайда,
Тоқты-торым жыйсаңдар.
Орталықта молдалар,
Алдыңа түсіп жорғалар,
Нашарларға жарып сап,
Бай алдында қорғалар,

¹ Х а д и м (араб сөзі) — ескі деген мағынада.

² Ж ә д и т (араб сөзі) — жаңа деген мағынада.

Анау кырда жастар тұр,
Алға қарай бастап тұр,
Оян дағы тез жүр деп,
Дамыл таппай қақсап тұр,
Аңдыған оны қастар тұр,
Көңілі соқыр мастар тұр,
Атайын деп толтырған,
Қойындарында тастар тұр.
Мұңайып, солып қыздар тұр,
Арқаларында ызғар тұр.
Қызыл көзді қақпас шал,
Үсті-үстіне беріп мал,
Жүзі сары соғылған,
Сорлы қызға ызбар тұр.
Жасты шіріткен шалы тұр,
Бір борандық малы тұр.
Аузын ашып әкел деп,
Болыс, билер тағы тұр,
Төр алдында мырзалар,
Көп мақтаса ырзалар,
Міллет десе түксиіп,
Сайлау десе қызбалар.
Босағада нашарлар,
Одан әркім қашарлар,
Көзін сатып, телміріп,
Кесіп қылмай жасарлар,
Бай несие берді деп,
Мені жақсы көрді деп,
Обь пен Нилдей тасарлар.
Бір, екі, үш ай өтпестен,
Жыл уағы жетпестен,
Борыш басын басарлар.
Аят алып шәкірттер,
Дәрменсіз, дертті кәріптер,
Міне, қалай міллеттің,
Тырысып өнер алып қал!
Ұйқысын аш, көңілін аш,
Алға қарай барып қал.

30. АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

Ұйқтапты бір арыстан айдалада,
Тыныштық алу үшін сай панада.
Үстіне арыстанның ойнақтапты,
Бір тышқан іннен шығып сол арада.
Тышқан жүр сейіл құрып, ойнақ салып,
Бір уақыт жүгіріпті басқа барып,
Арыстан өлтіруге айналыпты,
Басын басқан тышқанды ұстап алып,
Жалынды сонда тышқан: «өлтірме!—деп,—
Ағатай маған зыян келтірме! — деп,—
Бір қайтар менен дағы бір жақсылық,
Азат қыл, байқамадым, өлтірме!» — деп,
Арыстан күліп айтты: «Сорлы тышқан!
Не жақсылық қайтады сен байғұстан?
Дүниеде саған қалған күнім құрсын!
Күшің кем, жұдырықтай шыпшық құстан.
Жатасың қорыққаныңнан қазып жерді,
Күлдірдің болмасты айтып мендей ерді.
Күлдіріп, көңіл ашқан ақың үшін,
Азат қылдым» — деді де, қоя берді,
Бір күні арыстаным торға түсті,
Үзем деп ақырып, тулап салды күшті,
Оралып шырматылып, шықпастай боп,
Басына құдай берді мұндай істі.
Күн қайда құтылатын торды бұзып,
Бақырып ызаланды жерді сүзіп;
Дауысын танып баяғы тышқан келіп,
Құтқарды торды қыйып, тістеп үзіп.

1912

31. ҚАНДАЙ?

Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай?
Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай?
Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып,
Білмей жатып таспенен атқан қандай?
Тағы да жүрген қандай, тұрған қандай?
Көңілді заманаға бұрған қандай?
«Сақта» деп қозғалмастан жата беріп,
Шалшықтай күнге қызып құрыған қандай?
Ұмтылып, ілгері аяқ басқан қандай?
Пән оқып, тараққиға¹ асқан қандай?
Басқалар жанын салып ұмтылғанда
Басымыз шоршып түсіп, қашқан қандай?
Өнерге іші-тысы толған қандай?
Ішінде жиһалаттың² солған қандай?
Жыйырма жыл медреседе дауам етіп,
Қапшығы садақаның болған қандай?
Сәлдені оқшырайта киген қандай?
Сүзіліп басты төмен иген қандай?
Алатын тоқты-торым, киім үшін,
«Батыл»³ деп ақиқатқа тиген қандай?
Пітінені үсті-үстіне үйген қандай?
Міллеттен он тиынды сүйген қандай?
Қан қайнап, бұл халдердің бәріне де
Дәрменсіз дертті болып күйген қандай?

1912

¹ Т а р а қ қ и — (араб сөзі) — даму, өркендеу мағнасында.
² Ж и һ а л а т (араб сөзі) — надандық мағнасында.
³ «Б а т ы л» (араб сөзі) — бұзылған, теріс жолға түскен.

32. АРАБШАДАН

Түзелсін көңлі әуліккен адам қайдан?
Әуесі судай толқыр аққан сайдан.
Қадір-құрмет, дәреже, оңдылықты,
Ойлайды «соңғымын» деп бір құдайдан
Нәпсінді шұғылдандыр, жатпа босқа,
Ашуды қой, серік бол ақыл досқа.
Егер де бетіменен қоя берсең,
Сенің ол еркінді алып, қылар шошқа.

1912

83. МАҒНАСЫЗ МЕШІТ

Мешіт көзге көркем, өзі биік,
Тұрады жұмасына жұрт жыйылып,
Әбреттеніп¹ борышымды өтейін деп,
Мен бардым шаттығымнан көңілім сүйіп.

Қасіретті, қара толқын қайғы көріп,
Қан қайнап әзер шықтым ішім күйіп,
Білмеймін, ол не нәрсе тұрған зарлап,
Қулардай құрт жыйнайтын халықты алдап,
Жұрт отыр ұйқтайын деп қалғып-шұлғып,
Түсінбей дауысты естіп айтқан сарнап.

Сарнады, маңырады, даңғырады,
Кей уақыт уата-уата саңғырады.
Анда-санда тартады қатты-қатты,
Көңілім сезбей, бастарым қаңғырады.
Жұрт отыр жуан созған дауысты аңдып,
Бір сөзді де ұғалмай текке қаңғып,
Қарға ма қарқылдаған, яки бұлбұл,
Біле алмай мен отырдым бұған таң ғып.

Айттым деп ол ойлайды құдай сөзін
Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін,
Түсіндірмей, сырнайша, құр әндет деп,
Құдай қашан сайлапты оның өзін.

¹ Әбреттеніп (араб сөзі) — үлгі, өнеге мағнасында

Ішімнен мен ойладым, кұдай, дедім,
«Міне міллет рухы былай» дедім,
Сарнауға қанша уақыт сырап болып,
Өмір бекер өттің бе жылай дедім.
Бұл барлық дін исламның жерлерінде,
Бегіректе сахрадағы елдерінде.
Мәденимін деп жаңарған шәһәрлердің
Қалған жоқ асулы жүр белдерінде.

34. ЕКІ ТЫШҚАН

(*Ғ. Тоқаевтан*)

Даладан екі тышқан май тауыпты,
Шығынсыз екеуі де жай тауыпты.
Жанжалдасып, бұл майды бөлісе алмай,
Маймылға білдіруге көңілі ауыпты.
Білдірді бұлар барып маймылға өзін,
Айтысты арадағы жанжал сөзін.
«Қош келдің, таразым бар, өлшейін» деп,
Жоғалтуға ойлады ол, майдың көзін.
Өлшепті бір жағына майды салып,
Анжағы көтерілді босқа қалып,
Бос жағымен май жағын теңгеруге
Маймыл тықты аузына майдан алып.
Ақырын жеп бітіріп майлы басын,
Безбеннің теңестірді екі басын.
Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп,
Тышқан кетті ағызып көздің жасын.
Сорлының жанжалдасқан майы қайда?
Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда,
Өзара қосылмаса ынтымағың,
Жем болдың көрінгенге әрбір жайда.
Ендігәрі бірліктен айрылмасқа,
Тышқандар ант етіпті бір кең сайда.

1912

35. КӨК ӨГІЗ

Көк өгіз көзге толық, денесі мол,
Басқадан өзін-өзі көріпті зор,
Тобын тастап, қосылды жылқыларға,
«Сыйырмен бірге жүрсем болам деп қор».
Дос болып өгіз, жылқы көп күн өтті,
Бұларға бір ордалы қасқыр кепті,
Жанынан жылқы күдер үзген кезде.
Көк өгіз қасындағы келіп жетті.
Күжілдеп аузын ашып, мүйіз шайқап,
Жылқыға жолатпады бәрін жайқап.
Жымып тұрған жылқылар үркіп қашты,
Қасқырмен айқасқанын оның байқап
Жылқы кетті, бәлеге өгіз қалды,
Өкіртіп тамам қасқыр ортаға алды.
Даладан бір топ мөшке даусын естіп,
Дүркіреп олар дағы келіп қалды.
Әрбірі сүзді, қуды қасқырларды,
Әйтеуір, көк өгізді айрып алды.

.
.
.
.
.

1912

30. ЗАРЛАУ

(Жұртыма)

Құрметті қазақ байдың баласына,
Кіші іні, жасы үлкен ағасына,
Біз де сол, жұрт, не болса боламыз деп,
Сахараның ұйқтай бердің даласында.
Мілетке жәрдем деген сөз айтылса,
Тығылдың көрден-көрдің арасына.
Партия, дау-жанжалдың шеті шықса,
Мал тұрсын аямайды баласын да.
Ғылым, өнер, құқықтан жұрдай болып,
Мәз болдың иттей үрген таласына,
Жөн мынау,
 теріс мынау дегендердің,
Ұмтылдың тұра сала жағасына.
Боласың бір міні жоқ, аппақ кісі,
Барлықты заманаға жабасың да,
Мінекей, құдай сүйген пейліміздің,
Аз берген жақсы құдай жазасына.
Серпілмей, тағы біраз ұйқтай түссек,
Басқаның құл боламыз қаласына.
Тағы да қазақ байдың жастарына,
Әулекі, ішпей болған мастарына,
Білім, өнер табуды керек қылмай,
Мәз болдың ырғақ-ырғақ басқанына.
Тимеді сол себептен жалғыз тамшы,
Ғаламға еркіндік нұр тасқанында.
Қарасақ басқалардың жастарына,
Өнер, ғылым толып тұр бастарында,
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында.

Тағы да қазақ байдың қыз баласы;
Ешкімнің сенде жоқ қой өш, жаласы,
Солдырып, сені осынша көп зарлатқан,
Атаңның шалдан алған бес қарасы.
Айыпсыз ата-ананың сіз, баласы,
Түбінде тамам жұрттың сіз, анасы.
Езді ғой, кәрі шандыр тілегінді,
Басқаның... хан болғанда қыз баласы.
Қазады бес жасыңнан атаң орды,
Қарайды малы көпке оңды-солды.
Таз болсын, тазша болсын кеттің жылап,
Жігерсіз мұнша неден болдың сорлы!
Теңің тап, кемге барма, қор болма деп,
Шариғат, заң көрсетті саған жолды.
Міллеттің түзелуі сіздерменен
Бұзып шық, солмай жылап, қалың торды.
Ыңғаймен ұялғансып кете барсаң,
Өзіңе өз обалың сонда болды.
Атаның сіз көнбеңіз алдауына,
Сүйгенсіп қарағым деп, арбауына!
Қор қылды, оқытпады, надан қылды,
Ол аз деп, шалға сатты жалмауына.
Ғалымдар бізден дағы шығып жатыр,
Шалдардың түсірмейтін қармауына.
Сіздерді бұзылған деп ешкім де айтпас,
Алғыстар, тең емеске бармауыңа.
Жейтұғын заман өтті сіздерді алдап,
Мәжүждай¹ иіндерін жұлып, жалмап,
Жаныңа жалмау тұрсын жақын бармас,
Қазақтан оқушылар шықса аңдап.
Мінекей, ойланыңыз бастың қамын,
Мүшенді талатқанша қолдан сандап.

Тағы да қазақ байдың шалдарына,
Алпыста қыз алатын салдарына,
Тапқызбай оқу, өнер ұрпағыңды,
Бақташы өгіз қылдың малдарыңа.

¹ Мәжүж (араб сөзі) ислам дінінің айтуы бойынша ақырзаман боларда пайда болатын халық. Діни хиялдан туған әңгіме.

Бар пайдаң тез-тез асап жеп бітіру,
Бір табақ ет тартылса алдарыңа,
Мүридке мадаң сопы басынды ұрды,
Жастарды «эзрейіл» деп жандарыңа,
Жетсе де басың жерге еш сезбейсің,
Пышақтың қалай кіргенін сандарыңа,
Бұлдайсың жөңсіз жерге сақалыңды,
Сүйітп-ақ жүре бермей жайларыңа,
«Жастардың әттең дүниесі, ісің-ай!» деп,
Күрілдеп қараясың қандарыңа,
Жатсаңдар ішің кеуіп ауыра ма?
Тек тұрсаң, тілеулес боп алдарыңа,
Ол заман меде болса өтті, кетті,
Біздерді мұндай пейіл тентіретті,
Өткендер қаксағанмен қайта келмес,
Көз ашып, сөз қосатын уақыт жетті,
Бұл күнде бастаушылар шықты бізден,
Солардың айрылмайық салған ізінен,
Басшының сонынан ер, айтқанын қыл,
Тілейтін бар тілегім осы сізден.

37. МЫСАЛ

Бір жерде бір бае қосқан жыйын, топыр,
Ішінде бір бишара көзі соқыр,
Алдар деп, көзі бардың соңына ермей,
Жоқ болған жарға құлап байғұс соқыр.

1010

38. БІР БАЛАНЫҢ ТІЛЕК БАТАСЫ

Окыт бізді, әкетай!
Қам көңілім болсын жай,
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып,
Уанта көр, құдай-ай!
Надандардың пітінесін
Суалта көр, құдай-ай!
Надандықта қор қылма,
Міллетке бізді сор қылма,
Микробтарды зор қылма,
Рақым айлап құдай-ай!

1018

39. АЛҒЫС

Жанымды жарқыратқан ағаларым!
Көп тиді біз — ініңе паналарың.
Талпынып таянды ғой төбем көкке,
Жоқ еді қозғаларлық шамаларым.
Бақ пен тақ, жақсылықтан нұр құйылып,
Өмірлі болсын бала-шағаларың!
Жаным, тәнім, тілегім — бәрі сізде,
Онан басқа ешнәрсе жоқ қой бізде.
Бір құдай тілегімді қабыл етіп,
Жақсылық нұр жауғызсын, жұртым сізге!

1912

40. ҚАНДАЙ БАСШЫ?

Қазаққа басшымыз дер шляпалар,
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар.
Істеген он тиындық еңбегі жоқ,
Бос мылжың, даурықпада қанша мән бар?

Өзі үшін бір қалаға барып келсе,
Керек-жарақ нәрсесін алып келсе,
Одан артық басшыны қазақ таппас,
Шығынын он есе ғып салып келсе.

Газет-журнал басшыны мадақтаса,
Өтірік-ақ оған кір жолатпаса,
Көрінген мінін дағы бетке айта алмай,
Аңшының итіндей боп алақтаса.

.

1913

41. КӨҢІЛІМ НЕГЕ ЖАСИСЫҢ?

Көңілім, неге жасисың?
Миым неге ашисың?
Ой түбіне жете алмай,
Жүректі тырнап қасисың.

Көзім, неге таласың?
Үмітсіз қарап барасың.
Түтінің жоқ, отың жоқ,
Тұншығып кеудем жанасың.

Иығым неге басыңқы?
Түсім неге қашыңқы?
Өзімнен өзім салбырап,
Етек-жеңім шашыңқы.

Жау талаған ойыңды,
Көтермейсің бойыңды.
Тұрмыстың ұзын құрығы,
Бұрды ма түсіп мойыңды.

Бейхабар жатыр ата-анам,
Көре алмай көзім қала ма?
Барғаның сәлем дегейсің,
Қаралы болған анама!

Он тоғызда жасыма,
Қасірет түсті басыма.
Көре алмай қалсаң арманда,
Уайымдап бізді жасыма.

1913

42. СОҚЫР АҒАШ

(Альбомнан)

Мен көрдім соқыр ағаш басын иген:
Жаһаннамға кетеді оған тиген.
Зәһәр деп, жас алманы дұспан тұтып,
Мисыздар улы ұрмақ деп, барып сүйген;
Үстіне малы менен жанын үйген,
Хор қызын аламын деп алтынды үйден
Қу соқыр жемісі жоқ ағашқа еріп.
Дүние мен ақыреті бірдей күйген.

1913

43. ДОСТЫМА ХАТ

Уай дүние, қайда біздің өткен күндер!?
Қызықты сауық-сайран еткен күндер.
Сарғая сағынып хатын көргеннен соң,
Түсті ғой еске келіп кеткен күндер.
Бірге өстік кішкентайдан асық ойнап,
Жарысып, қозы қуып, салып ойнақ,
Солардың бәрі көрген түс секілді,
Бажайлап осы күнде тұрсам ойлап,
Ұйқтамай, түн бойынша бірге жүріп,
Жан бірге, дүние бөлек дәурен сүріп,
Алдыңғы тіршіліктің қамдары үшін,
Салды енді заман шіркін бізге бүлік.
Бірге оқып ең әуелі «әліп-биді»
Қосылып әнге салып «жұм» мен «сиді»,
Көрсек те ащы-тұщы, жаман-жақсы,
Сол кезде екеумізге бірдей тиді.
Ойға кіріп шықты ма зыян-пайда?
Дариға, сол күндегі көңіл қайда?
Жауыз дүние тұрмысы тұрткеннен соң,
Ал енді, айрылмасқа бар ма айла!
Достыңды осы күнде қапа буған;
Бұл қапа ащы маған ішкен удан.
Көз жайнап, ішім қайнап, дәрменім жоқ,
Ол мұнша сорлы болып неге туған?
Надан бол, жаным тыныш болсын десең,
Болмаса талаптанып, оқу оқы!
Қайғыда ақыл-ойым болсын десең.
Бөлініп ақылым алты, ойым онға,
Қол сермеп, құр жүгіріп, әрбір жолға,
Надандықта қалсын деп жаным тыныш,

Редакция қызметін алдым қолға.
Жан достым, қатты сағынам анда-санда:
Жүзінді көргендеймін бармасам да
Елегізіп, өз-өзімнен қобалжимын,
Егер де хат кешігіп, салмасаң да.
Жан достым, хат жазып тұр ауық-ауық,
Менде жоқ рақат, қызық, ойын-сауық,
Бұл өзі қандай рақат, қандай қайғы?
Шешуін ал да, түсін өзің тауып!

1918

44. ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.
Мен — балаң, жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.
Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес,
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес!

1913

45. ТҮСІМДЕ

Басында жаназаның қызғыш көрдім,
Сыртқы қой, іші қасқыр бұзғыш көрдім;
Жұрт көзінше сүзіліп, түсін бұзып,
«Тәспих» деп, кез жарым тас тізгіш көрдім.

Бір жол сыя, дәру деп езгіш көрдім,
Қыялменен жер, көкті кезгіш көрдім.
Қарғысын—дозақ, алғысын—жұмақ қылып,
Көзінен көз айырса безгіш көрдім.

Және де бір тайпы аңды көрдім,
У да шу, айғай-ұйғай — даңды көрдім.
Бірі іреп, бірі сойып, бірі тартып,
Әуліккен ынтымақсыз жанды көрдім.

Тағы да бір дулаған отты көрдім,
Қап-қара қисабы жоқ топты көрдім.
Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға,
Ұсынған әр тараптан оқты көрдім.

Аңдардың мұнан ешбір хабары жоқ,
Көз салып, жау жағынан бағары жоқ.
Қыран көз қыядағы ақ сұңқарын,
Қырғидан тым болмаса санары жоқ.

Бір уақыт анық көріп оттың шетін,
Қашарға қойды бұлар енді бетін.
Қашқанмен қарсы алдында жар мен су тұр.
Болды енді сорлылардың ісі шетін:

Білмейді тұрарын да, қашарын да,
Қайтсе аман, еркіндікпен жасарын да,
Қарсақ көрсе қорқады жолбарыс деп,
Білмейді қалай қарай басарын да.

Және де түсінбейді айтқан сөзге,
Өзінше бұлардың да пікірі өзге.
Егер де отырықшы бола қалсақ,
«Деп айтар ұсталдық қой көрер көзге»

Андар тұр от пен судың арасында,
Сахараның әр жердегі даласында.
Әр нешік ғаріптердің ісі мүшкіл,
Я рахман, өзің бір жөн табасың да.

1913

46. БҰЛАР КІМ?

Бұлар кім үсті-басын мұнар жапқан?
Жалқаулық бір-бірінде алты батпан.
Аяғын алға қарай бір баспайды,
Жолына құрылғандай алмас қақпан.
Өзара жанжалдасып қанға батқан,
Ішінде түрлі пітіне толып жатқан.
Басқаны өз қарнынан ойламайды,
Мал берсе ары түгіл, жанын сатқан.
«А құдай, бере көр!» деп тыныш жатқан,
Тағдырға барлық ісін үйіп артқан.
Өзі жатып құдайды жұмсамаса,
«Кәпір болдың» дейтұғын молда тапқан.
Жау болып, бірін-бірі күнде шапқан,
Жасы, қарты бәрі де бәле баққан.
Соқырға жан-тәнімен басын ұрып,
Көздісін көмір қылып отқа жаққан.
Ауруы оңалмастай түрі жаман,
Түсінтер бұларды айтып қандай адам.
Екенін дұрыс-бұрыс біле алмаймын,
Береді былай жауап біреу маған:
«Көрінген сіздің көзге нашар жандар,
Болады жалқау жандар — мұсылмандар:
Жұмактан ай мен күндей хорды күтіп,
Басқаға кең дүниені ұсынғандар,
Бұлардың түрік еді арғы заты,
Жиһанды тітіреткен салтанаты,
Бұл күнде азып-тозып күлкі болған,
Бұлар да сол түріктің жұрағаты».

1913

47. КӨНІЛДІ КӨНДІРЕТІН ТАҒДЫР

Жас көңілім өз еркінше жүрмек еді,
Дүнеде солай өмір сүрмек еді.
Бір алладан басқаға бас имеген
Қалпынша қара жерге кірмек еді.
Жас жүрек жалбақтауды сүймес еді,
Үстіне рия тонын кимес еді.
Бар ғалам бір жақ болса, өзі бір жақ,
Көңілдің сол қалпына тимес еді.
Жақтаса, өз еркінше жақтар еді,
Мақтаса, өз еркінше мақтар еді.
Аспаннан төбесіне оқ жауса да,
Сертінше әділдігін сақтар еді.
Боктаса, өз еркінше боқтар еді,
Жақсылыққа жәрдемге жанын беріп,
Жамандыққа мылтығын оқтар еді,
Көлгірліктің көзіне түртпек еді,
Ақ тамшысын көзіне сүртпек еді.
Көңіл, жүрек осыған қол соғысып,
Денені ізіменен жүртпек еді.
Көңіл, жүрек қарынға деді барып:
«Біз тұрмыз сондай-сондай ойға қалып»
Қарын: «жақсы, бұларың мақұл» деді,
Сөздерін тыңдаған соң құлақ салып,
Бұл үшеу жоғарғы ойға мөрін басты,
Дос болып қол соғысты, құшақтасты.
«А, құдай бұрынғымды кеше көр!» деп,
Тәубе қып қарын сонда төкті жасты.
Бірақ, бұл сөзді айтқан уақытта
Қарын жақсы тоқ еді,
Іші толған... еді.

Тығыздалып, керіліп, тұрған соң,
Енді ашар деген ойы жоқ еді.
Бір кездер болғанда,
Баяғы тойған тоқ кетті,
Қарындағы... кетті.
Қарын тастап тәубесін,
Таз қалпындай боп кетті.

.
Артынан іле-шала көңіл кетті,
Ал сонда десеңізші жүрек нетті?
Амалсыз айтқан сертін тағдыр бұзып,
Күні-түні азап шегіп, зар еңрепті
Бермесін бұл азапты тірі жанға:
Адамзат, пері, шайтан, хайуан малға,
Жүрекке ол азапты көтергеннен,
Мың есе түсу артық жаһаннамға.
Ол азап батар солай бір өзіне,
Бит шаққандай білінбес жұрт көзіне,
Сырты жұмақ болғанмен іші дозақ,
Түтінсіз жанғандар көп, нан сөзіме.

48. ЖАЗҒЫ ҚАҒЫ

Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып,
Күн де тұр жарық-жұрық етіп нұрын жағып,
Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі,
Қуанбас жан-жануар бұған нағып!
Маужырап кеш болғанда жұлдыз, айы,
Мұнартып көкшіл тартқан қыр мен сайы.
Қой маңырап, түйе боздап, сыйыр мөңіреп,
Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын, тайы.
Сылдырап қайнап аққан бұлақтары,
Секірген жағасында лақтары.
Үй тігіп, көк шалғынға желі қаққан,
Кешегі қайран қазақ тұрақтары!
Алыстан күліп-ойнап сағымдары,
Сулардың күр-күр етіп ағындары,
Сыңсып тұрған шынарлар саясының
Мал-жанға қандай еді жағымдары!
Бетіңе айғыз-айғыз салған шимай,
Жүрген жер талай шауып жылқы жинай,
Бірінді күзек, бірінді жайлау қылып,
Сонда да даурықтым ғой саған сыймай.
Қыс болса бір жағынды қылып қорық,
Тақақтап, атқа мініп, жорытқан қорып,
Жазатайым аяқты енді бассам,
Тартқызды кісі құнын, қанын сорып!
Жағалап ауыл қонған көлдерім-ай!
Суынды жүзіп ішкен төлдерім-ай!
Шарқ ұрып, шалқып қонған қайран қоныс,
Зар болып бір күнгіге шөлдедім-ай!
Шайқалған, сыпсың қағып нуларым-ай!
Қыйқулап ән салатын куларым-ай!

Арқанда малым өсіп мырза атанып,
Күпілдеп, көкке шыққан буларым-ай!
Көлшімек бықып жатқан томарым-ай!
Томарға жылжып барып қонарым-ай!
Суыңа тай жүздіріп ермек қылған,
Енді көзім жетпейді оңарым-ай!

Жиылып, қала салып алмадым-ай!
Табам деп кең орынды қармадым-ай!
Қайда барсам «бытбылдық» бөденеге,
Жаңа өкіндім, амал не, андадым-ай!

.
.

«Ал құтыл, жау жетті!» деп, қойдай үркіп,
Иен мен, өлмей жүрмін әзер аштан,
Әндетіп қойшыларым қойын бағып,
(Жә, пірім-ай! Кеттің дәурен әлде нағып?)
Қасиетті бабалардың зыяраты,

.
Ал енді, бізге келген заман қандай?
Заманға қарсы тұрар шамаң қандай?
Басқаның көк желке боп тепкісінде,
Талапсыз неден болдың, аһ сор маңдай!

49. ҚЫМЫЗ

Алдыр, аруағыңа ет пен қымыз,
Сені ішкен мұрадына жеткен қымыз,
Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын,
Иеңнің түкірігін ем еткен қымыз,
Бас иіп айдыныңа ауыл аймақ,
Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап,
Құдай иіп құлқынға түсе қалсаң,
Есілдей есіп, шалқып, ақақайлап.
Тізеден егіз қарыс қара саба,
Жыбырлап айналаңда бала-шаға,
Дүниеде нешетүрлі нығымет¹ бар ғой,
Сонда да сенің жөнің жеке дара.
Көпіресің жұмақ исі анадайдан,
Кеуденді жарып кетер әлде қайдан,
Екпінің ешнәрсеге жол бере ме?
Өзендей күркіретіп аққан сайдан.
Адамның дүниедегі бәрі досың,
Сыйқыр ма, бұ не ғажап, сенің осың?
Ерінге бір-екі күн тимей жүрсең,
Келтірмей, құрыстатып көңіл қошын.
Шалдардың піскен даусың есін алып,
Отыртпай үйлеріне түрткі салып.
Мейлің теп, мейлің ақыр, мейлің жекір,
Кек қылмас саған ешкім көңілі қалып.
Магнитің түстік жерден қонақ бұрып,
Әдейі сәлем үшін бұрыс жүріп,
Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара,
Жапырылып, ыңғайыңа бәйік тұрып.

¹ Н ы ғ ы м е т (араб сөзі) — байлық, ізгілік мағнасында

Әсіресе, қажы, сопы, кожа-молда,
Шартта-шұрт таспықтарын алып қолға.
Жаудыртып келгеннен-ақ баталарын
Я, құдай, онда-онда, әруақ қолда.
Осылай зыярат қып жұрттың бәрі,
Аузыңнан шыққан сөзің болып дәрі.
«Мырза-еке, ие солай» деп, бас изесе,
Таштитып танауыңды онан әрі.
Сапырсаң сар шараға құлаш керіп,
Жиылған мейманыңа құйып беріп,
Ата ұлын, ене қызын безіп тастап,
Кетпей ме, екі ұдайда саған еріп?
Кесіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек аңдып тентіремей?
Атағыңды көтерер алғыс айтып,
Байғұсқа бір жұтқызсаң «кет, шық» демей.
Шатып-бұт, не қылсаң да сөзің дәмді,
Кісі жоқ бұ жиһанда сенен сәнді.
Қымызсыз, маған салсаң, Аплатон бол,
Көрмессің сөзің тыңдар ешбір жанды.
Басыңнан қымыз кетсе, қызық кетер,
Сын, сыйық, сәулетінді бұзып кетер,
Кешегі бәйік болып отырған жұрт,
Күдерін бүгін сенен үзіп кетер.
Арам тер болма, достым, текке шауып,
Алғанша аузыңды бас, қымыз тауып,
Қымыз тапта айта бер, лапыр, ақыр!
Жерде сөзім қалар деп қылма хауіп.
Ей қымыз, ыза қылдың қолға түспей,
Онда мен жүремін ғой күйіп, піспей,
Жүректегі қапамды атқызар ем,
Өлсем де жұртқа беріп, өзім ішпей.

50. КЕШЕГІ ТҮНГІ ТҮС, БҮГІНГІ ІС

Жіп-жиі көкте жұлдыз ымдасқандай.
Күлімдеп айға қарап жымдасқандай.
Қорылдап бас жақтарын бүркей түсіп,
Жер жүзі жатыр ұйқтап, жын басқандай.

Түн жақтан қолын былғап темір қазық,
Аймағын қалмасын деп жолдан жазып,
Толықсып, түрленіп тұр, тобын жазбай,
Нұрсызы нұрлысынан алып азық.

Шолпансып ерте туып «Есек қырған»¹,
(Сартты да соған сеніп құдай ұрған).
«Таң жақын, адаспаспыз, жүрейік» деп,
Талайдың басы айналып дымы құрған.

Ұмтылып, ойға-қырға оқтай ағып,
Ай қарап ортасында тұрған бағып,
Аралап, ақырындап, маң-маң жүзер,
Ел-жұртым тұр дегендей әлде нағып.

Қарақшы жеті жұлдыз шеттеп жүріп,
Құр сырттан жылтырайды алдап, күліп.
Төрт жұлдыз екі-екіден босағада,
Соларды аңдығандай тұр үңіліп.

Айқайлап: «таң мынау» деп шолпан туып,
Өзгеден алты үркердің түсі суық.
Жаудырап жарық жұлдыз тұс-тұсынан,
Нұр шашып бір-біріне тұрған жуық.

¹ «Есек қырған» — Жұлдыз аты.

Қойғандай бір тәртіпте қолмен тізіп,
Жайрандап, жалт-жұлт етіп, қандай қызық,
Жел қуып, жапа шеккен сорлы бұлт
Айға арыз айтпақ болды көзін сүзіп.

«Ардақты ай алдына барсам деді,
Ортаға нақақтықты салсам еді,
Үркер мен желден көрген қорлықты айтып,
Теңдікті сол арадан алсам» дейді.

Мұны естіп алты үркердің түсі жаман,
Шақшиды сол арада бұлан-талан.
Бұлтты енді тоқтатпаса айыбы ашылар,
Алдыңғы оған қылған ісі жаман.

Ақырын манағы бұлт өрлей берді,
Қозғалтып, қол-аяғын сермей берді,
Алдынан әкімдетіп үркер қысып,
Малтығып, жүрген сайын терлей берді.

Мұңайып, Үркер аға қыспа! — деді —
Мен — сорлы аяқ-қолым қысқа, — деді.
«Біз дағы ай астында жүрген жан ғой,
Тең қылып өзіңменен ұста!» — деді.

Жіберді Үркер сонда ызғар төгіп:
«Ақымақ, кет, шық!» — деді ұрсып, сөгіп,
Әлдімен алысатын әлің қайсы?
Құлады, жымдай болып, жерге шөгіп.

Жатпады жерде тыныш, жатпады аман,
Суытты Үркер түсін онан жаман,
Көк долы сатыр-сұтыр боран соғып;
Сары аяз быт-шыт қылды тарам-тарам.

Әр жерде әр қайсысын бір жел қуып,
Көз жасы көлдей болып, бетін жуып.
Қыс алтай, жаз алтай деп айтушы еді,
Тұтас қыс болып кетті жазы суып.

Енді бұлт жылай берді тауға барып,
Суыққа амал тап, — деп, — панаңа алып.

Сен дағы жермен көрші емес пе едің?
Зар жылап — бауырым! — деп, ұран салып.

«Таласқан аспан менен заңғар тауым,
Көз жасы заттасыңның саған жауын!
Үркер қысып, жел қуған біз сорлының,
Ардақты ай алдына жеткіз даусын!»

Мұны естіп әр жердегі биік таулар,
Көз жасы бұлақ болып атқып, саулар,
Түтінін шығаруға шарасы жоқ,
Ішінде зілзаланың¹ оты қаулар.

Таулардың біреуі айтты: «мынау ақыл:
Жиылысып, бір орынға келсек жақын.
Жиылып тамам таулар басты қосып,
Бір ақыл айтқанымыз болар мақұл».
Орал мен Сібір тауы жарар, деді,
Бір пайда тамса мұнан тамар, деді.
Міндетті мойындағы атқарарлық,
Бермесе, ай алдында қалар деді.

Ай нұры бар әлемге тегіс дейтін,
Мейрімін момындарға салар деді,
Сол жерде Самар суы сарылдады,
Кекиіп, кейін шапшып, арындады.

Тау қозғалар қыямет болған жоқ деп,
Аптығып, атып ұрып, дарылдады.

Айтты: «қозғал, қыямет күні болсын,
Арасат майдан деген үні болсын.
Әйтеуір бұлттың қолын бір жеткізем,
Мейлі оған дейін тоңса, тоңсын!»

Ілім отыр сөздеріңді құлаққа асып,
Құр бекер мақтанбашы лақап шашып,
Теңізді өртеймін деп сары шыпшық,
Жұрт жиналған кезінде кеткен қашып.

Бас тау айтты: «кекшиме, Самар суы!
Оншама кекшитетін ненің буы?

¹ З і л з а л а (араб сөзі) — жер сілкіну.

Қыямет мұнан артық қандай болар?
Мидан өтіп барады бұлттың шуы.

Жамылып күнбатыстың қара бұлтын,
Көрмейсің күншығыстың жара бұлтын.
Соқырдың сұрағаны көзі емес пе?
Қалайша бұлтыяды маған ұртың?»

Қол соқты мына сөзге тамам ағаш,
Қол соққан әлде ағаш, әлде алаш?
Игілік зерттелді деп тұрғанында,
Бір батыр тағы шықты жап-жалаңаш.

Ол батыр тікенекті тастақ төбе,
Келді де шабаланды жерді тебе.
Көлденеңнен жабысты тауға барып,
Ластап, рабайсыз құсық төге.

Апырмай, мынау қалай батыр еді?
Әзелден батырлыққа жақын еді:
Самардың салқын, сараң суын ішіп,
Өршеленіп, өшігіп, ентігеді.

Ішкенмен тастақ төбе шөпті болмас.
Құр сыйда тікенекке бақыт қонбас.
Жеке өрлеп тасы бір сай, тауы бір сай,
Түбінде бұл қалыпта ешкім оңбас».

Дегендей жердің жүзін мұнар басты,
Бұлт келіп, күңгірттеніп төкті жасты:
«Сенген қойым сендер ғой, қарағым!» деп,
Қош айтқандай болысты, амандасты.

Қырауытып ағаш, шөптер сілкіп басын,
Алаңдап, айыра алмады, дос пен қасын,
Сол кезде Үркер келіп көзге елестеп,
Оянсам, ағып қапты көзден жасым.

Осылай, мен орнымнан тұрдым шошып,
Үркер тағы ысқырды бетті осып,
Әркімдер тілегенше жори берсін,
Секілді еді осылай көрген жосық.

51. БІР БАЛУАНҒА ҚАРАП

Жықсаң бәйгі аласың, жарысқанда,
Қару ғып, қайратың сап қарысқанда.
Жындылық, шаппай бәйге бер, деп сұрау
Озсаң, бәйге кім бермес жарысқанда?

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар дағы жең.
Дүниеде барлығыңды кім біледі?
Үйінде ынжықтанып отырсаң сен?

Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар?
Кім саған жықпай бәйге ал деп айтар?
Жықпастан да күресіп талаптансаң,
Еті тірі, жау жүрек жан деп айтар.

Жүрген көп «жығылам» деп үйде бұғып;
Жел болмай боран болмай, беталды ығып.
Қысқасы, оңдырмаған жасқаншақтық,
Жасқанбай, қылыш шапса, найза сұғып!

1913

52. МІНЕ АЛАҚАЙ!

Қараңғы тұман түнде еді,
Қара қазақ баласы,
Ай мен күн һәм жұлдыз жоқ,
Жым-жырт сахара даласы.

Дау мен жанжал, партия,
Болған еді арасы.
Жасытып еді бұларды,
Қараңғы түннің қарасы.

Жыйырманшы ғасыр басында,
Міне, алланың панасы.
Бір жағынан ай туып,
Бір жағынан күн туып,
Жарық көрді алашы!

Шолпаннан үміт тағы да,
Біріксе елдің данасы,
Бұл үшеуі тізілсе,
Бейне қолдың саласы.

Көңіл менен көзді ашып,
Алға сүйреп барасы.
Бұл жарықтар барында,
Кім адасып қаласы?

1913

53. ЕНДІГІ БЕТАЛЫС

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы,
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры,
«Адам құл, өзін жеңіп ұстамаған!»
Деген бір Сократтың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жеңуге жігеріме сенем деген.
Бірқыма менің жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем.

Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспаспын жаман жолға көнуге мен,
Ақтармын оқып-жетіп адам атын,
Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен.

Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Тарығып, болымсызға жасу деген,
Ісіне құрт-құмырсқа елтипатсыз,
Ойымда тек сол белден асу деген.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсем де, осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ, бір табармын деп көңілім сонда.

1914

* * *

Іздедім, іздесем де таба алмадым:
Табам деп, өзімді өзім неге алдадым?
Адамның адам аты ақталмайды,
Бейнет қып, бар білгенім соны аңғардым.

Кей уақыт өткелі жоқ теңіз келер,
Кей уақыт ат табылмай өгіз келер,
Жақсыға тасып, жаманға жасуым жоқ,
Бар ынтам, есік ашу мақсатқа өнер.

Достарым, оған дейін асыкпандар:
Алдында әлі ататын жарық таң бар,
Тез күнде жердің жүзі бір түрге енер,
Түбінде, замандастар, осымды аңғар.

1914

54. ТҰРМЫСҚА

I

Өмірімнің өрлерін,
Жазы шықпас қыс қылшы!
Жылы шырай бар десем,
Аждаһадай ысқыршы!

Құлдық ұрып жалынсам,
Арт жағыңа қыстыршы!
Алтын, күміс асылыма
Баға бермей мыс қылшы!

Онға қарай қол созсам,
Теріске жорып пысқыршы!
Нахақ мазлұм болсаң да
Күншілікпен іс қылшы!

Бұлардың бәрі ойыншық,
Тек аурудан тыс қылшы!

II

Тұрмыс маған от шашып,
Бар дүниені лау қылшы!
Түйдектеп, үйіп қайғынды,
Абылай аспас тау қылшы!
Таптырмастан емге дос,
Бар әлемді жау қылшы!
Көзіңнің құны бардай-ақ,
Аяқ бассам ау құршы!

Бермек тұрсын өзіме,
Жала салып, дау қылшы?
Сөндіріп ай мен күнінді,
Тек денімді сау қылшы!

III

Ден сау болса, тағдырдың,
Көкке ұшырам күлдерін!
Түрлентемін гүлдерін.
Жігермен талап еткен соң.
Қоям ба екем сүлдерін?
Аждаһадай ақырып,
Алдымнан қарсы шапса да,
Естімеймін үндерін!
Серпіп тастап түндерін.
Туғызамын күндерін!

IV

Ден сау болса тұрмыстың
Маған салған құрығын
Бойлап алып кетермін!
Таудай үйген қайғысын,
Ойнап алып кетермін!

V

Қаңқылдатып қаздарын,
Шығарармын жаздарын!
Мен айтамын осылай,
Кім біледі ол тұрмыс,
Нешелер көр қазарын.
Қазса қазсын, көрермін
Келешектің жазғанын.
Тұрмысты салып көлденең,
Аһ дүние! Халқымның,
Жөнге салсам азғанын.
Тұрмысты алып көлденең,
Қарғытар Махмұт азбанын.

55. ЖАҚСЫЛЫҚ КӨРСЕМ ӨЗІМНЕН

Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
«Тағдыр қылды» деулерді
Шығарамын сөзімнен.
«Өзім қылдым» деулерді
Таса қылмаң көзімнен.

Жазалы емес құдай да,
Күн мен жұлдыз һәм ай да.
Жұмақ күткіш наданның
Орны дозақ әр қайда.
«Теңгерер соңыра» деген сөз —
Тек жұбатқан бір айла.

1914

56. АЛЬБОМНАН

Жетуге құмар жоғары
Қайдан жаман болады.
Талпыну бар, талап бар.
Бүйткен адам оңады.

Нәзік дауыс, әнге ұста,
Разы шат тұрмысқа,
Жұғымды мұндай бала жоқ,
Бұл маңайда, бұл тұста.

Асырауға көнеді
Деп, көңілім сенеді.
Қандай ұрық ексең де,
Сусыз жеміс береді.

Жаттығы жоқ адамға,
Именетін жаман ба?
Оқығанға кез келіп,
Түсінсе еді заманға.

.
.

1914

57. ЖАПЫРАҚТАР

Гүлдеген, біткен жапырақ,
Бұтақтары салбырап;
Уақты еді жетілген,
Көз тартарлық балбырап.
Лебіне де аз желдің
Ұялып бұққан, қалтырап.

Өзіне бұрған ойынды,
Балбыратып бойынды,
«Жәпірім-ау, бұлар не ғажап!»
Деп, бұрар ең мойнынды.
Маужыратып, бойды алған,
Әніне қостым ойымды.

Өсіп бәрі жеткендей,
Көңілді шат еткендей
Шөптер де тұр балбырап,
Қорсең қайғы кеткендей,
Исі бар аңқыған,
Сарсығын жүрек тепкендей.

Жұмақты кіріп көргендей,
Сайран етіп жүргендей,
Басқаны жүрек ұмытып,
Дәуренді сонда сүргендей.
Жапырақтар да сыбдырлап,
Қарсы тұрған төнгендей.

Құшақтасып, айқасқан,
Жапырақтар басып жайнасқан,
Саласынан ағаштың

Шымырлап бұлақ қайнасқан.
Әрбір жапырақ астынан
Құрттар қоныс сайласқан.

Көңілдің қосып әніне,
Мәз болып жапырақ сәніне,
Тұр еді жаным балбырап,
Жылы жел тиіп тәніме,
Көзіме түсті қу жапырақ,
Ойладым мұның мәні не?

Көгеріп гүлі ашылмай,
Сарғайған түсі басылмай,
Тұрған жалғыз сорлыны
Көк жапырақтар жасырмай,
Сарғайса да бұл сорлы
Өзгеге тұр бас ұрмай.

Өзгелері бұралып,
Біріне-бірі оралып,
Жапырақтан күмбез жасап тұр,
Бас-аяғы құралып.
Араласпай бұларға
Сары жапырақ тұр бозарып.

Азапқа тұрмыс салғандай,
Есі-дерті налғандай,
Көгерет дейтін үміт жоқ,
Құрт түсіп, қатып қалғандай.
Дірілдеп жерге қарап тұр,
Жалғаннан көзі талғандай.

58. АЙТ

Жер жүзін көк шөп басып, түрленгендей,
Қызарып бәйшешектер гүлденгендей,
Киініп қыз, келіншек жарқылдайды,
Бір түрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей.

Шаттықта өңі ашыңқы бала-шаға,
Оларды есіркейді қамқор ана.
Жастар да өз бетімен қырындап жүр,
Бұраң бел, жас сәулемді есіне ала.

Әр үйдің тілегенге есігі ашық,
Шаттық бар, жамандық ой кеткен қашып,
Сойған қой, берген қымыз құрметіне
Байлар да кердендейді, алшаң басып.

Аттанған қожа-молда тиын қуып,
Сәлдемен он бес құлаш белді буып,
Мұрт басқан, сүрме тартқан, тырнақ кескен
Дәретпен жып-жылтыр ғып бетті жуып,

Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,
Аштықтан өңі кеткен, беті де арып,
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге «құтты болсын, айт шәріп».

1914

59. БАҚЫТ

Бакыт-күс ұшып жүрген, колға түспес,
Билеуге оны ешкімнің күші жетпес.
Колына құдай айдап бір қондырса,
Барам деп, мен анаған ұшып кетпес.

1914

* * *

Сөзімен баға бермес бұл халыққа,
Іліндім он екімде бұғалыққа.
Елімнің мен шын ұлы екеніме
Тағдырдың өзі берер куәлікті.

1914

60. КЕШ

Желі бар бетке тиген жылы еспе,
Күн жылы, аспан жарық, оңды кеште
Қарасаң бұл уақытта көк далаға,
Әртүрлі қыял келіп түсер еске.
Сайраған көкте торғай есінді алып,
Күн де жоқ, әлдеқашан кеткен батып,
Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан,
Артында қызыл шапақ нұры қалып.

Қарасаң бойыңды алып, көңіл ашқан,
Бейне бір өзендей-ақ толып, тасқан,
Толқып тұр кешкі соққан самал желге,
Естіліп торғай үні көкте басқан.

Жай тауып, құрт-құмырсқа әрбір шөптен.
Талмаулап қызыл шапақ қарап көктен,
Жылтырап, сол уақытта жұлдыз шықты,
Аспанға шашу шашып меруерттен.

Бұдан соң қаран қалып көктің жүзі,
Жасырынып нәрселердің бірден түрі,

Койнына қараңғылық енген барып,
Жағалай айналаңда бәрі қауіп,
Қарасаң қараңғы түн, жан қорқарлық
Бұл күнде бола алмайтын жолды тауып.

1914

59. БАҚЫТ

Бақыт-күс ұшып жүрген, колға түспес,
Билеуге оны ешкімнің күші жетпес.
Қолыңа құдай айдап бір қондырса,
Барам деп, мен анаған ұшып кетпес.

1914

* * *

Сөзімен баға бермес бұл халыққа,
Ілдім он екімде бұғалыққа.
Елімнің мен шын ұлы екеніме
Тағдырдың өзі берер куәлікті.

1914

60. КЕШ

Желі бар бетке тиген жылы еспе,
Күн жылы, аспан жарық, оңды кеште
Қарасаң бұл уақытта көк далаға,
Әртүрлі қыял келіп түсер еске.
Сайраған көкте торғай есінді алып,
Күн де жоқ, әлдеқашан кеткен батып,
Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан,
Артында қызыл шапақ нұры қалып.

Қарасаң бойыңды алып, көңіл ашқан,
Бейне бір өзендей-ақ толып, тасқан,
Толқып тұр кешкі соққан самал желге,
Естіліп торғай үні көкте басқан.

Жай тауып, құрт-құмырсқа әрбір шөптен.
Талмаулап қызыл шапақ қарап көктен,
Жылтырап, сол уақытта жұлдыз шықты,
Аспанға шашу шашып меруерттен.

Бұдан соң қаран қалып көктің жүзі,
Жасырынып нәрселердің бірден түрі,

Койнына қараңғылық енген бәріп,
Жағалай айналанда бәрі қауіп,
Қарасаң қараңғы түн, жан қорқарлық
Бұл күнде бола алмайтын жолды тауып.

1914

61. КЕШЕГІ КҮНДЕЙ ТҮСТІ БҰЛТ БАСҚАН

Кешегі күндей түсті бұлт басқан,
Еңсесі төмен түсіп, әлі қашқан,
Булығып тамағына ызалы ойлар,
Көздері көрінбейді толған жастан.

Не ғажап, кеше толған, бүгін солған,
Басына ауыр дәулет қайғы қонған:
Тұрған жасы көзге толып саулап кетті,
«Ал, қош!» деп, айырғанда қолды-қолдан.

Елжіреп, еріп, жанып жүрек, өкпе,
Ауыздан бұрқыратар түтін көкке.
Ол жердің қылмыстарын, тұрмыстарын,
Мың жылда келтіре алман сөйлеп епке.

Мен сонда жүріп кеттім аяқ санап,
Артымнан ол мұңайып қалды қарап,
Ілгері басқан аяқ, кейін тартып,
Бұ күнде менің көңілім әлеп-жалап.

1914

62. КӨШУ

Елжіреп қардың көңілі өкпек желге,
Жер жібіп және тойып аққан селге,
Күн сайын күн күркіреп, көк дүркіреп,
«Көш!» дейді қыстай сасып жатқан елге.

Ел сонда жемек болды көштің қамын,
Керек деп келесі жыл және шабын,
Дөңгелек, есік, арыс қора бөлген,
Қыйма быт-быт, қарасам, арба жағын.

Нашарлар көлік үшін жүріп қойған,
Кемітіп ақысына бір-бір койдан,
Кәзірде жұрттың бәрі ала сапыраң,
Шықса да ұлан қыстай көшу ойдан.

Қоймасын тастай салды көңмен жауып,
Жүк жеңіл болуының емін тауып.
Бел жіп, үзік ашамай салқам-салқам,
Су құяр арбасына ауық-ауық.

Қыстайғы мал тезегі қора сасық,
Қалпында тазартылмай қалды сасып,
Ілдебаймен «көш жүре түзелер» деп,
Қорадан көшті қазақ жабырласып.

Күн ыстық, барлық сиыр арба салған,
Адасып бұзаулары кейін қалған.
Арбаның бірі менен бірін соғып,
Сиырдың сәйгел екең алдын алған.

Сиыр кайтып сокласын сәйгел күшті,
Қисайған қоңыр қима аспанға ұшты.

Жас төлдер енесінің соңына ерген,
Түбінде тобылғының қала берген.
Кей бірін көш жөнекей байы сабап,
Шаңқылдап қатындар да әрбір жерден.

Ат, түйе кетті жылжып жәйіменен,
Жүгіртіп балалар жүр тайыменен.
Үстінде арбалы аттың кейі жаяу,
Жалғасқан кедейлер жүр байыменен.

Болғанда түйдек-түйдек жолдың шаны,
Сарытар құлағынды арба маңы.
Ит ұлып, сиыр мөңіреп, бота боздап,
Қонғанда арба шик-шиқ айқай даңы.

63. «ШОҢ СЕРІКТІГІН»
АШАРДАҒЫ БАТА, БАЯНДАМА

I

Баршаға мейрім салған мейірбанды,
тәңірім,

Ісімізді өзің оңғарып, оңға бастыр.
Қазағыңды ақ, түзу жолға бастыр.
Әлемге шам-шырақ болған пайғамбар,
Саған салауат айтып, жолыңды құдық.
Баташы бол.

Әулие, аруақ жебе, қолда!
Қазақ қалмасын қорқынышты жолда.
Құдай өзің білесің ниетіміз ақ,
Берсейіші бізге бақ.
Сенен сұрамай кімнен сұраймыз.
Қашан болса да бір өзіңе жылаймыз...

II

Мынау жол, Шоң баласы, адамдыққа,
Сіздерді бастамайды жамандыққа.
Кел, кіріс, көтеруге мұны тырыс,
Пайда жоқ құрып қалғыр надандықта.

Кел, кіріс, көтеруге мұны тырыс,
Жұрт үлгі алатындай болсын бір іс.
Шегініп кейбіреудің бұра тартпай,
Жұмыла, Шоң тұқымы, түгел кірісі!

Және де пайда болсын ұлтымызға,
 Өрнек, үлгі болайық жұртымызға,
 Жыйылып үйден-үйге мал сойғызып,
 Не пайда құр тығудан ұртымызға.

Кіші іні, үлкен аға, осы сөзім,
 Абайлап, ақыл салып ойлашы өзің.
 Тартсам мен жарты тиын тамағыма,
 Ризамын олда-білдә жоғалт көзім.

Құдайдан сұрағаным бірліктерің,
 Бірліксіз түзетілмес тірліктерің;
 Оллаһи, өнер емес, анық өлім,
 Күжірейген бір-біріңе іріліктерің.

Келіспес араңызға салқын қабақ,
 Салқын болсаң әркімге болдың тамақ.
 Жел бергенде, желіккен жел буазға,
 Қанжығалы Биеке үлкен сабақ.

Міне біз бір төбеге «Шоң» деп шықтық,
 Адам болу планды колдап шықтық.
 Я тәңірім, ісімізді жөндей көр деп,
 Шын көңіл, көзімізден жасты сықтық.

Қол қойдың осыны айтып Шоңның жасы,
 Оралсын қайырымен істің басы.
 Ерікпедік, немесе желікпедік,
 Ойладық аз да болса жұрт пайдасын.

64. КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

1914 жылы, 7 жолдаспен Шорман аулына өзімді қазақшылық айнасында көру үшін бардым. Жолдағы елде менің көлеңкемді сыртымнан есітіп, бадырайтып көрсетпеген ел жоқ. Іздеп барған Садуақас барған жерден мені түссіз, буа сөйледі.

Мен ауыл оныкі һәм үміт болған соң қарсы жауап қайырмай, ұтқызыңқырап отырдым. Жанаспайтын ауыл екен деп елдегі жайшылық қалпымды бұзбадым. Бәлкім, онан көрі елтипатсыз отырдым. Білдім, ол ішінен менің бұл мінездерімнің жалғызын жақтырған жоқ. Бояма қалыпта жалтырады. Жүрерде осы бойымша аттансам, қалпе деп ойлар, һәм боямаға алданбағанымызды білдірейін деп:

Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары
Бұтағыңа келіп қонған едік.
Онымызға қарай сіз де:
«Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік» —
Деп, бауырлығыңды білдірмей,
Арқаңның жауырлығын білдірдің.

Шоң Шорманға бастамасаң да, елтипатыңнан тастамағаныңа рақмет, хош деп, қолын ұстап амандасып жүре бердім.

Былай шыққан соң жолдастарым: «құрметтеді» деп мақтасып сөйлескенде, менің жаным ауру, жайым жайсыз еді. Мұнан былай:

Малға басым имеске,
Рия тонын кимеске,

Кісі құрметін сүймеске,
Өз ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске,
Қазақшылыққа енбеске,
Аштан өлсем адамға,
Намысымды бермеске,
Май тамызса тілінен
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылымнан басқаға,
Не көрсем де көнбеске
Кәміл уағада етілді! — дедім.

1914

65. БІР АДАМҒА

Бір үйде жыюлы екен қазна мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!..»
Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан ғып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ, теңге алыпты!
Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Ондырған-ау, баққан халқын».
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын.
Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».
Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ?
Отырдым, көрсем — жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба!» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

1914

66. ТУҒАН ЕЛІМЕ

Үміт қып менен қарайсың,
Қөңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсың.

Қайтейін, елім, қимаймын,
Қия алмай жанды қинаймын.
Қимай қалсам ішінде,
Тағы тынышып сыймаймын.

Алты қырдан ассам да,
Сөздеріңді сыйлаймын,
Тек калауым сіздерден,
«Серіктікті» милаймын.
Сіздерге әкеп шашуға
Ілім, білім жинаймын,

1914

67. ДОСТЫМА

Бұлтты кетір ойыңнан,
Жазды шығар бойыңнан.
Ақылың болса айныма,
Өз жасаған тойыңнан.

Бәрі қызық мереке,
Ашуланба ер-еке.
Өз қакпанды аштың деп,
Кім қылады келеке?
Кімге жазық ойласаң,
Өкпелеймін қоймасаң!
Баяғы түрге бір келіп,
Мен разы ойнасаң.
Қапаға жоқ тіпті жөн,
Ақылың болса сөзге көн.

1914

68. МҰНЫҢ АРТЫ ӨШ АЛУ

Өлеңім айт дегенде шырылдаған,
Ісімнің бәрі түгел қырылдаған.
Қолымда, қалай қылып қорласам да,
Кешегі қызыл қаншық ырылдаған.
Шақпасам бит болмаймын.
Үрмесем ит болмаймын.
Қасымаса, бит те қоюшы еді.
Үндемесе ит те қоюшы еді.
Жаман жалданса,
Қалай жүрерін білмейді.
Жаман адам әлденсе,
Әкесінің басын жара жаздайды.
Әйелін көрсетем деп,
Абройын ашып,
Артын аша жаздайды.

1914

69. СЫМБАТТЫ СҰЛУҒА

Сүйдірген сені маған қыли көзің,
Томардай, кедір, бұдыр, топас сөзің.
Құбыжық, қорсылдаған мінездерің,
Арман жоқ, пида болсам саған өзім.

Сымбатты сұлу тамашам,
Шашыңнан жұлып сабасам.

Сүйдірген сені маған ешкі басың,
Қол жумай, обырланып жеген асың.
Қоя ма, сүйдірмеске, ықтыярға,
Ұйпалақ, ит жүніндей желке шашың.

Сымбатты сұлу тамашам,
Құсқым келер қарасам.

Сүйдірген сені маған шошақ мұрның,
Кіші-гірім бір үйге ошақ мұрның.
Жіберіп анда-санда тартып алып,
Жылтылдап тұратұғын қос ат мұрның.

Ойқы, шойқы беттерің,
Көмірден аппақ еттерің.

Сүйдірген сені маған көкшіл тісің,
«Адыра қалғыр, ойбай!» деи, қылған ісің.
Салды балақ қарғадай саяпылдаған,
Біткен жоқ бұл әлемге сендей пішін.

Былжыраған жүрісің,
Жоғал әрмен құрысын.

Сүйдірген сені маған салтақ бетің,
Кәрі саулық етіндей төстек етің.
Қарағым, сыртың сұлу жапалақтай,
Анауыңа келгенде анау бетім.

Сасып кеткен маңайың,
Мұрнымды басып жабайың.

Сүйдірген сені маған кірлі мойның,
Арбадай қыйратылған доғал ойның.
Ә, дүние, кірсем бойым жылтар еді,
Қаңтардың аязындай ыстық қойның.

Ызғар шығар қойныңнан,
Жанжал шығар ойныңнан.

Сүйдірген сені маған дудар шашың,
Қысқы күнгі қыраудай қырбық қасың.
Кер тапал, кердеңдеген жас баласың,
Асса да жиырма бестен үйде жасың.

Арбандаған дөрескел,
Барлық ісің өрескел.

Сүйдірген сені маған қола жүзік,
Қолыңа саудырлата қойған тізіп.
Кісі алдында қасынып, теріс қарап,
Битіңнің батырлатып, мойнын үзіп.

Нас басқанды бит басқан,
Міне сұлу жұрт асқан.

Сүйдірген сені маған тырысқаның,
Көрінгенмен бұркылдап ұрысқаның.
Әкең бүгін өлгендей қабақ жауып,
Қонақ келсе, қуарып, құрысқаның.

Қалқам, жаным, қарағым,
Бетіңе келмес қарағым.

Сүйдірген сені маған өсектерің.
Өзім бірге салысқан төсектерің.

Инені ұстай білмес шеберлігің,
Апырмай, мен бекерге өсектедім.

Міне сұлу асылың,
Мойнындағы масылың.

Сүйдірген сені маған майлы қалтаң,
Ауызыңа теріс қарап салған малтаң.
«Бас» дегенге «құлақ» деп жауап беріп,
Аңырайып, алаңдап жалтаң-жалтаң.

Ер жігітке бұ да сор,
Қосылсаң басың болар қор.

Сүйдірген сені маған теріс аяқ,
Бір-бірі саусағының жуан таяқ.
Өлі сүйек, өлексе, өлімтік қып,
Құдайым саған берген аямай-ақ.

Мұндай жанды құдайым,
Кез келтірме ылайым.

1914

70. ҚЫЗ СҮЮ

Қыз десе әркім кетер қызуланып,
Көңілге әлде қандай от кеп жанып.
Ең арты аппақ, қу бас шалдар дағы,
Қояды бір қыйқандап, құшырланып.

Дүниеде жан саясы қыз дейсің ғой,
Құмартып, құлқың құрып іздейсің ғой.
Мылқау, кеше, таз-тазша болсаң дағы,
Қыз тимес деп, күдерді үзбейсің ғой.

Қыз сондай сен іздеген сұлу болса,
Көргенде құмарыңа көңлің толса.
Алмас қылыш жүзіндей аударылып,
Көлеңкесі кеудеңе барып қонса.

Бойы тік, сын-сымбаты түзік болса,
Саусағы салдырлаған жүзік болса,
Екі беті үлбіреп, көзі жайнап,
Белдері тартқан сымдай нәзік болса.

Өн бойың қарағанда ду-ду етсе,
Сыртың қысылып, тұншығып, ішің күйсе,
Ол сонда асыла кетіп, бұраң етіп,
Қайтер едің, жігітім қолға тисе?

1914

71. ГҮЛӘЙІМ

Қай қыз бар бұл қазақта теңге жеткен,
Бәрі де жылай-жылай кемге кеткен.
Бар еді Жарқын атты бір бай кісі,
Мырза-еке деген атқа қолы жеткен.

Әрине, бай кісіні жұрт мақтамақ,
Кісіні, кедей сорлы кім жақтамақ?
Жеп кетер, ішіп кетер сұмдар жиылып,
Шуылдап, байды мақтап, ыржақтамақ.
Бай енді көтермес пе мұрнын көкке,
Етер ме, көтердің деп оларға өкпе?
Аурусыз «ақ-түпә» деп құр жөтеліп,
Паңдықты байқатпас па төңірекке.
Бар еді Жарқын байда үш-төрт бала,
Оларға, байлық тұрса, шіркеу қайда?
Гүләйім ұлдан үлкен жалғыз қызы,
Ұқсайды көркемдігі туған айға.

Он беске Гүләйімнің келген жасы,
Жібектей үлбірейді маңдай шашы.
Ақ торғын екі беті құлпырған нұр,
Алланың бір жаратқан тамашасы.

Алғандай екі көздің жауын бұрып,
Жымыып, езу тартып қойса күліп.
Аһ дүние, ойнар ма едім, жиылғанда
Бас қосып, боз балалар дәурен сүріп.

1914

72. ЛАҒНАТ БҰЛТЫ ШАРТЫЛДАП

Лағнат бұлты шатырлап,
Жай түсіп неге қатпаймын.
Жер жарылып, сатырлап,
Түбіне неге батпаймын?
Ит-құсқа бас игізген,
Көкейімді күйгізген,
Дүниеден ләззет таппаймын.
Қормегенді көріп бас,
Зәһар болып ішкен ас.
Дауаланбаған көңілден
Төгіле-төгіле қанды жас.
Дүние бәрі у екен,
Мені алдайтын қу екен.
Өткізген өмірім қыстайғы,
Пайдасыз, қызу ду екен.
Білімсіз талант тас екен,
Өмірің үшін қас екен.
Далақтап шапқан бай ұлы,
Токтаса, көзі жас екен.

1914

73. ЖАҢҒЫРЫП АЛТАЙ ТАУЫ САЛАСЫНАН

Жаңғырып Алтай тауы саласынан,
Майысқан ағаш, шөптер арасынан,
Деді маған тырысып құтылмасаң,
Сахараның... іздейсің даласынан?
Телміріп, бар өмірінде жемтік жеген,
Қарғаның жаман-ақсың баласынан,
Онан да талаптанып қолың созып,
Алланың несібінді ал панасынан.
Маңдай термен жанды қиып, жігер етіп,
Тұрмысты алып соқшы жағасынан.
Ұқпайды бұл сөзімді басқа кісі
Мақмұттың Әбдікәрім ағасынан.

1914

74. ӨМІРІМНІҢ УӘДЕСІ

Оллаһи, ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен,
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұғалмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа.

Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын:
Келер жаз атақты алам деген «ақын»,
Жүректің қазнасы таратылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым.

Тұрмыстың оғы шыбындай,
Толықсып туар көңлімде-ай,
Бір мағналы ой, күш түртіп,
Баққа ұмтылып тұр маңдай.

Үміттің көзі жарқырап,
Бұлағы ағар сарқырап.
Бұл бәйгеде Мақмұттың,
Азбаны келер арқырап.

1914

75. НЕШЕЛЕР КӨЗ ЖАС ТӨГІЛДІ

Нешелер көз жасы төгілді,
Нешелер қабырғасы сөгілді.
Қанша аянбай талпынсаң да,
Ақырында, тағдырға тез шөгілді.

1914

76. КЕЛДІ ХАТЫМЕН ШАРШАП

Келді хатымен шаршап
Отырғанда дамығып,
Хабарына бек аңсап,
Созылып көзім талығып.

Сөзіңнен көріп өзіңді,
Құшақтай алдым камығып,
Кім сұртті, сонда, көзімді,
Қамықпайын неғылып.

Сөйлесіп, гүлдей жайнады,
Булыққан көңлім тарығып.
Қапалы лебізің айдады,
Гүл самалға малынып.

Хатың болып бір айна,
Қарай қалдым аңырып.
Баяғы Мақмұт жоқ, қайда?
Өзімді қаппын жаңылып.

Сарғайған, түсі өзгерген,
Шаң басып, кеуіп қанырық.
«Кімсің?»—деді кез келген,
Достына жалғыз танылып.

Айнадан көріп бұл түсті,
Кете жаздым жарылып.
Қуат бітті бір күшті,
Жеңілерлік тағдыр жалынып.

Мысал етіп бұл жөнге,
Көрсетейін мынаны:
Қуат, күші буылғандар
Сөнгендей біраз тұрады.

Өлусіреп, әлсіреп,
Түтіні кейде шығады.
Булыққан сайын қуатты
Бойына жиып нығады.

Ол қуатпен атылды,
Кім қарсылық қылады?
Бетін жапқан тау-тастар
Быт-шыт болып сынады.

1914

77. АЛТЫ АЯҚ

Тұңғыйық, түпсіз ашулы,
Асау теңіз толқыған.
Бойымды топырақ басулы,
Жүре алмаймын жол тұман.
Теңізден қайтып өтермін?
Түссем, батып кетермін!
Алдымдағы өлімнен,
Міндім қайық көз жұмып,
Адастым қазір жөнімнен
Қайығым да һәм сынық.
Айрылдым және күректен,
Тек жан шықпай жүректен.
Ызғарлы суық, үсті мұз,
Толқын тулап соғады.
Қатты көңіл қайрымсыз,
Су қайыққа толады
Енді өлмеген не қалды,
Қоясың қайда бұл жанды?
Талқандаймын тәніңді
Деп, қамалар су халқы,
Қыя алмастан жанымды,
Жыладым сонда мен жалқы:
Ем іздеп дертті халыққа,
Жем болдым-ау балыққа.
Таудай толқын тағы кеп,
Ұшты қайық аспанға.
Әзірейіл тұр «болшы» деп,
Қайда барам, қашқанда?
Жая таластым тұншығып,
Бір батып суға, бір шығып.

Міне сол уақытта
Алтайдан бір тал, білмеймін,
Түсті неғып қолы ма?
Кез қылды ма құдайым,
Ажалсыздың жолына.
Талдан ұстап, қармалап,
Судан шықтым аллалап,
Суық өткен, шаршаған,
Бола ма адам, болмай ма?
Сокқы жеген қаншадан,
Дауасы яки қонбай ма?
Дауа тегін, ем тегін,
Қайтарт алла еңбегін.

1914

78. КҮҢГІРТ ТҮСПЕН ОЙҒА БАТЫП

Күңгірт түспен ойға батып,
Орындыққа отырған. .
Жүрек қаны сыртқа атып,
Бет-аузынан оқылған.
Бек мұңайып айтты көз:
«Үмітсізбін» деген сөз!
Өңін тартқан ішіне
Ызғарлы толқын ойлары.
Қарағың келмес түсіне,
Толқынға батқан бойлары
«Шыныммен болдым саған қор»
Деп, көрнісі айтып тұр,
Болып қана сыртқа ашық,
Күлейін деп ойлайды.
Іштегі түтін кеп басып,
Онысына қоймайды.
Үмітті көңіл шегініп,
Жылады сорлы егіліп.
Дәмеленіп, үміт тосып,
Көңіл қайда лепірген?
Сағынып, ойлап, шошынып,
Жүрек қайда секірген?
Амалсыз кәзір суыған,
Жылылық жоқ жуыған.

1914

79. ЕЙ, МАХАББАТ, ЕЙ, ДОСТЫҚ!

Ей, махаббат, ей, достық!
Алдама, сендер жалғансын,
Құр мазақтап, мәз қылып,
Бойды аулаққа салғансын!

Дүние рақат, достық бар,
Тұрмыста жоқ суық қар.
Дүниені жауыз дегендер
Бәрі жынды, ақмақтар.

Көрсө кызар, құмарпаз,
Байламап па еді бағынды?
Адасасын сен, Мақмұт,
Алданып құма, сағымды.

Бес-он жылдар шыдашы,
Аларсын сонда тағынды.
Сондай бола тұрып та,
Шыдамай саған не қылды?

Тәубе, уәдеңді жанылып,
Мінезін неге қағынды?
Сен алданып жүргенде,
Сындырар тұрмыс жағынды.

1914

80. ДҮНИЕДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫҢ

Дүниедегі қызықтың,
Бәрі де арам мен үшін,
Дауасы жоқ бұзықпын,
Талпынбаймын ем үшін.
Туысқаным қабыр құшағы,
Қашан ол келіп құшады!
Ойланып һәм шарланбай,
Құтылған жоқ менен ой.
Ешбіреуін малданбай,
Сенді қатты тұла бой.
Болсам деген үміттің,
Бәрінен бездім, ұмыттым.
Аямады еш уақыт,
Дүние маған ашуын.
Алыстады һәм бақыт,
Тоқтатпастан кашуын.
Қаматпай жүрек тасқынын,
Босатсын дүние қашқынын.
Зылиқасын көрсе де,
Жүрек енді ашылмас
От, жалындар енсе де,
Махаббатқа бас ұрмас
Дос іздедім, қамдандым,
Таба алмадым, алдандым!

1914

81. ЖАН ҚАЛҚАМ

Енді, әрине, мен бір шөп,
Қозғалмаймын тіпті көп.
Қозғалмаймын демеймін,
Толкыйтын енді жерім жоқ.

Неге еспейсің желіңнен,
Аяймысың еріңнен
Жан қозғарлық жар болсан,
Кел құшақтат беліңнен.
Бұйырғанды көрерсің,
Қимылдатқан ерніңнен.

Қарадың неге, жан қалқам,
Күйдірейін дедің бе?
Етіп қалдың бір жалтаң,
Сүйдірейін дедің бе?

Өзегімді жандырдың,
Идеямнан тандырдың,
Өмірлік кетпес қайғымды,
Бір көз салып қалдырдың.

Қызықтырдың басына,
Бас имеуші едім ғаламға,
Неғып тарттың қасыңа,
Таңданбаушы едім адамға?

Көлеңкеңді көрейін,
Құрбандықта өлейін.
Жандырдың өзің өрт салып,
Баспасаң, қайтіп сөнейін.

Бір қараумен ертесін,
Жүректің суық мұздарын.
Бір күлумен серпесін,
Тағдырдың суық ызғарын.

Көріп жүрсем-күндеймін,
Көрмей жүрсем түндеймін.
Қимақ тұрсын жат жаннан,
Көлеңкеңді күндеймін!

Сені көріп тұрғанда,
Күн мен жұлдыз, ай да жоқ.
Жүрегім лепіріп, жұлғанда,
Патша да жоқ, құдай жоқ.

Бәрі сенің бір өзің,
Күн, ай, жұлдыз дәл көзің.
Мың қайтара тәу етем,
Аузыңнан шықса бір сөзің.

Сен жоқ болсаң қарағым,
Дүние жүзі маған көр.
Барлық бақыт, талабым,
Цифры жоқ, сенсіз, ноль.

Сірә де жалғыз мен емес,
Сенсіз дүние кең емес.
Ауруым қатты өлемін,
Өзіңнен басқа ем емес.

Маған салсаң еңкейіп,
Қатайып кет, жасып кет.
Әрі барсаң еңкейіп,
Өлексе боп сасып кет.

Айнымас менің сүйгенім,
Сөнбес жанып, күйгенім.
Бетіңнен соңда сүйгізсең,
Көз жасымды игенің.

Осындай сүю көрмесең,
Қатын алма өмірде,

Өзің және көнбесем,
Өкпелеме өмірге.

Осы сүю жолдаста
Болмаса, кеттің оңбасқа
Екеуің де бірдей бол,
Болмадың одан, жол басқа.

1914

82. Ж..

Қарақат көздің сәулесі,
Жүректі түртіп тулатад.
Мен сол ойдың әуресі,
Түйінін таппай ұлатад.
«Сәулешім» деген бір сөзің,
Есімнен кетпес өмірде.
Серт қылдым берік мен өзім,
Өшпестей жазып көңілге.
Қосылған жүрек, тілек бір,
Дегені бір-ақ бола алмас,
«Болдырмақ!» десең өзің біл,
Онсыз жаным тына алмас.
Еркімді бердім өзіңе,
Бұйдалы басым бұрылмас.
Көрінбесең көзіме.
Сабырсыз жүрек тұра алмас.
Аз ашылған сөзден де,
Түрі бар істің оңалмас.
Бар жиһанды кезсем де,
Сенсіз бақыт қона алмас.
Сенемін, сен де мендейсің,
Тек қана тағдыр айырар.
Басқаға көңіл бөлмейсің,
Мен үшін ғана қайғырар.
Топас күш, тасқын, біз жаңқа,
Сең соқса достар айрылар.
Бар қайғым осы, жан қалқа,
Топанды күш жоқ қайырар.
Жетпесе жүрек сертіне,
Жас көңіл жасып майрылар.

Бұғау салса еркіне,
Ажал кеп жанды жай қылар.
Бәрі де қолдың қысқасы,
Бір күнді мойынға алмауым,
Тағдырдың шебер ұстасы.
Көрдім мен жоқ қып қарғауын,
Талапты жас жүректі,
Дүние қоймас алдауын.
Бермесе тәңірі тілекті,
Істесін мейлі жалмауын!

1915

83. ОРАМАЛҒА

Бұл памятым ал еске,
Жүрегім сізден көшпеске,
Достық жібін шешпеске,
Күннің нұры сөнгенше,
Қараңғылық көмгенше,
Махаббат оты өшпеске,

* * *

Төрт ай түстім, жүгірдім,
Бұл орамал жолына.
Еріксіз, міне, түңілдім,
Түспеді, ақыр, қолыма.
Идеям бердім жолыңа,
Көрінді қайдан сорыма?
Айтып өткен бұл бір сөз,
Кім жазықты оныма?
Аузым күйді, шалқайдым,
Басым енді бұрылмас,
Жолдас болды құр қайғың,
Екінші болдым ұрынбас.
Өзіме-өзім қожайын,
Енді неғып азайын?
Албырттанған көңілдің,
Тартқызады тағдыр сазайын.
Уақ-түйек ойларға,
Алданып қалар мен емес.
Мендей ғали бойларға,
Бүкіл сахара тең емес.
Танысам мен елдермен,

Күн астындағы жерлермен,
Ғылымның нұрын шашармын,
Елге айналып келсем мен,
Бұл ойыма жетуге,
Он жыл талап керек қой,
Ойымнан алыс кетуге,
Қуғаным болсын айт пен той.
Мен тұрмыстың қылышы,
Тағдырдың буы, тынысы.

1916

84. МАҢАЙЫМНАН ӘРМЕН КЕТ

Маңайымнан әрмен кет,
Жанды қуыршақ, арам ет.
Білдірместен астыртын,
Алдап едің көз құртын.
Құр бояма қызыл бет,
Анадай тұрып қарасам,
Жанды ерітер жандайсың.
Жуып кетсем маңыңа
Екі аяқты малдайсың.
Сондай бола тұрып та,
Өз-өзіңе қандайсың?
Бір көрмеге асылсың,
Көп көрмеге масылсың.
Тек ішіп жеп, жүк тартар,
Сарттар мінген қашырсың.
Не сөйлерге тілің жоқ,
Не сөз ұғар білім жоқ.
Саған кімдер бас ұрсын?
Бірақ, жазық қазақта,
Ұлы, қызы мазақта.



QAZAQ ƏDEBIJETININ KİLASSİJKTERİ
 КЛАССІКІ КАЗАКСКОЈ ЛІТЭРАТУРЫ

SULTAN MAQMUT

(ТОРБАЈОЇЪR UЛЪНЪN)

ТОЛЪQ СЪQАRМАЛАR
 СЪJNАQІЪ



Q A Z A Q Ё S T A N B A S P A S Ы

1 9 3 3

85. ЖҮРЕГІМ ТУЛАП ШАБАСЫҢ

Жүрегім тулап шабасың,
Жоқты қайдан табасың,
Уытын жайған сыртына,
Оны қайтып жабасың?
Өртендің десем отың жоқ,
Баяғы күш-қуатың жоқ.
Келтіретін жігерге
Тағдырдан басқа сотың жоқ.
Дүниеде жоқ сүйгенің,
Қасірет, қайғы үйгенің.
Көрініп тұрған нәрсе жоқ
Не қылғаның күйгенің?
Не түсіңе енген жоқ,
Не қасыңа келген жоқ.
Емізікті ез көңіл,
Бірақ әлі сөнген жоқ.
Емескіме теңің жоқ,
Аузыңа татыр жемің жоқ.
Мыңнан бірі жиһанның,
Мұң ғып шығар жерің жоқ.
Басыңа тас тиген жоқ,
Көзің перде киген жоқ.
Қанша күйіп, жансаң да,
Сүйгенің бой иген жоқ.
Өзім сүйсем кімде айып,
Күн өткізем мұңайып.
Ондай жарды дүниеден,
Таба алмадым қол жайып.
Кім таныды өзінді,
Кім білдірді сөзінді?

Желе жортып, жел қуып,
Құр шаршатпа өзінді.
Ашсаң қалдың пәлеге,
Жұмып кір көрге көзінді.
Тағдырыңа бой сұнып,
Салып көр енді төзімді.
Жібегің тұрсын оларға,
Ұстатпа, кірлер бөзінді.
Бағалау, тану болар-ма,
Айырып алтын, жезінді.

1915

86. МЕЙРІМСІЗ АЖАЛ

Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты барлатқан,
Жүрекке жара дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан,
Уытың күшті, ажал-ай!
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған,
Ойдағысын еткізбей,
Бірді-бірден айырған,
Мейрімсіз, шіркін, ажал-ай!
Көңілін жастың мұқатып,
Қайғыға ойын толтырған,
Тамырына оқ атып,
Қызыл гүлді солдырған,
Түсің суық, ажал-ай!
Бақытын жастың ашқызбай,
Қапыда алдың не түсті?
Көңілін жастың басқызбай,
Арманда алдың, не түсті,
Тапқаныңды айтшы, ажал-ай!

1915

87. ШАЛ АЛҒАН ҚЫЗҒА

Қазірде құлағымда ащы зарың,
Және де көз алдымда саңырау шалың.
Саңырауға сасық сақал келемеж боп,
Қапада жүргеніңнің білем бәрін.

Қоңлімде мұңынды айтып ашынғаның,
Жоқ шығар тап сол жерде жасырғаның.
Өн бойың үзілгендей созылып кеп,
Ішіне повескенің асылғаның.

Ешкім жоқ мұңынды айтар менен басқа,
Не енді, құр жыладың жансыз тасқа.
Алдым деп төрт-бес қара мәз болып жүр,
Сөнбес өрт сала салып қыршын жасқа.

Бұл қайғы мені оңдырмас қоймағанда,
Оңдырар сені қалай ойлағанда.
Тұрмыстың сайлап салған саңырау шалы,
Басыңды қайтер дейсің жоймағанда?!
1917

88. ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кіремін!
Еңбек, бейнет тарауы,
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып, көгерер
Қызығын жайлап ел көрер.
Тұрмыс, тағдыр бірі де,
Бұл мақсаттан бұралмас,
Қаһарман Рүстем, Әлі де,
Бұрам деп жолда тұра алмас.
Сыланған — жарды — күлісі,
Алдандырмас бірісі.

1917

8. ПА

Балықтан шыққан жазғы гүл,
Қаз тармақандай болады
Қиы біледі, сол түрде,
Бір жерден, талады?

Қиы біледі, дән сарып,
Қандай мақлук қонады.
Қиы біледі, тала алмай,
Сұрық сұрып танады?

Қиы біледі, құры түсіп,
Мезгілінсіз қонады?
Мұның бәрін білмейден,
Өзірін қайдан танады?

141

90. А, ДҮНИЕ

А, дүние, берсе қанат тәңірі маған!
Ерiк алып, ұшып кетсем көкке таман,
Жер, күннің аймағынан үстiн шығып,
Әлемге көз жіберсем сол арадан.

Бойымнан ірілік оты сонда сөніп,
Планет һәм жасарған елді көріп,
Тозандай басқа әлем қатарында,
Айтар едім елеусіз жерді көріп.

Қандай мән бұл адамның өмірінде?
Дәм татқызар үміт не көңілінде,
Туысында еріксіз жердің құрты,
Және еріксіз аһ ұрып сөнуінде.

Әлемге өмір шашқан күні мынау,
Жердегі көрібеген сыры мынау,
Бар-жоғының тозаңдай елеңі жоқ,
Адам тұрсын, жерінің түрі мынау.

Неменеге мақтандық көкірек керіп,
Өзімізге сонша артық мағна беріп,
«Барша әлем жаралған адам үшін»
Деп қалайша адасып жүрдік сеніп?

1917

III. СӨРҮПӨРҶАНЫН ЖАҢБЫРЫ

Көп уақыт жаңбыр көрмей күргөп, күйөп,
Жок еді Садырнамала көңөл сыйық,
Шөлдерге ош қыстада жаз-жағуар —
Арманна түйе алмаған тілі сыйып.

Айналарға Садырнамала көптасуға,
Бір жаңбыр жібермеген күзгә иіп;
Саяна неше беріп, жаңбыр сұрап,
Кішілерге неше сөзге жүрт жығылып.

Көп уақыт жаңбырсыз, қызында,
Күн бағыстан кезе бүкіл жерді күйіп,
Сорқырей, шемезден, ет жалтылдаған
Көк жерге құлағандай шартылдаған.

Көп уақыт жердің беті ашық болды,
Жұмыртқалары бұршақпен сартылдаған.
Бастық жерге еңіреті жылға, шаян
Жан саятпен ін талдай қалтылдаған.

Төртіншісі бейбіт көңіл, ағып бұлақ,
Көп үйлер талқан болып жапыр құлап,
Сонда кезгіл от үшіп, тұтатпай алмай,
Шығана төше озыған айтты жылғап.

Әлдеқайт кешегінен сүт шекі тұр,
Тілек қылын еді ызымақ жаңбыр сұрап;
Алға алтынды қылышпен ерлік тұр,
Көше қыраққан жүргісі қой, арық-тұрақ.

Бір жағынан жалтылдап зәрені алып,
Күркіреуден міне тұр тынып құлақ.
Бір үргенде жанатын тезек майдай,
Жаңбырдан маған артық ыстық шуақ!»

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң тез,
Келген заман бостандық жаңбырмен тең,
Уақтыма тезек құрғақ болмады деп,
Кемпірдей қашпа құдай рақыметінен.

Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай,
Бостандықтың күшімен көгерсін ел?
Дейсіндер, «тыныш кетті: күнде сайлау»
Кемпірден жоғарғы айтқан қай жерің кем?»

91. САРЫАРҚАНЫҢ ЖАҢБЫРЫ

Көп уақыт жаңбыр көрмей қурап, күйіп,
Жоқ еді Сарыарқада көрер сыйық,
Шөлдеген сол қатарда жан-жануар —
Аузына тұра алмаған тілі сыйып.

Айналған Сарыарқамен қоштасуға,
Бір жаңбыр жібермесе құдай иіп;
Садақа неше беріп, жаңбыр сұрап,
Намазды неше оқыған жұрт жыйылып.

Көп уақыт зарықтырып, ақырында,
Күн батыстан қара бұлт жауды құйып,
Сіркірей, шөмектеп, күн жалтылдаған
Көк жерге құлағандай шартылдаған.

Кей уақыт жердің беті аппақ болды,
Жұмыртқадай бұршақпен сартылдаған.
Ыстық жерде өршитін жылан, шаян
Жан сақтауға ін таппай қалтылдаған.

Таулардан бейіл көңіл, ағып бұлақ,
Кей үйлер талқан болып жатыр құлап,
Сонда кемпір от үріп, тұтата алмай,
Шалына төрде отырған айтты жылап:

«Тезек су, кешегіден сүт шикі тұр,
Тілек қылған ел ақымақ жаңбыр сұрап;
Арба астында қалшылдап иріліп тұр,
Кеше қырыққан жүнсіз қой, арық-тұрақ.

Бір жағынан жалтылдап зәрені алып,
Күркіреуден міне тұр тынып құлақ.
Бір үргенде жанатын тезек майдай,
Жаңбырдан маған артық ыстық шуақ!»

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң тез,
Келген заман бостандық жаңбырмен тең,
Уақтыма тезек құрғақ болмады деп,
Кемпірдей қашпа құдай рақыметінен.

Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай,
Бостандықтың күшімен көгерсін ел?
Дейсіндер, «тыныш кетті: күнде сайлау»
Кемпірден жоғарғы айтқан қай жерің кем?

92. ЖАС ЖҮРЕК

Жас жүрек қайда сенің ыстық қаның?
Тап мұндай мұздауыңның айтшы мәнін?
Тәтті үміттің қиялы сәуле беріп,
Ұйқатпайтын толқынның жойдың бәрін.
Қызған темір жатқандай көкіректе,
Сыймайтын мезгіл қайда қанға, жаның?
Нанғыштық, құлай сенгіш, тәтті үміттен,
Бұл күнде айтшы неге бет бұрғаның?

Жиіркеніш, көргің келмей өзіңді-өзің,
Қамығып, неге осынша құрыды әлің?
Әлде, сенің кең жайлау жазың жоқ па?
Шалқар көл, қиқу салған қазың жоқ па?
Жел жетпес, қолда қыран алтын дабыл,
Құс-анды құтқармайтын тазың жоқ па?
Әлде, жорғаң тайпалтып көшке мінер,
Күміс тұрман көбікке көмілдіріп.
Әлде, алдыңнан келмей ме жел жетпесің
Ұлы топқа ұрандап, дүсір қылып?
Ақ орда, дәсер шара, қара сабаң,
Ақ бәйбіше сапырмай ма қымыз саған?
Жоқ па, әлде, басытқыға бағлан еті,
Қымызға қанғаннан соң, соңыра таман.
Әлде, алдыңда жүрмей ме сылаң қағып,
Даланың еркелері үкі тағып.
Табиғат өксімей ме әдемі үнмен,
Боз торғаймен қосылса әнге салып?
Сен сонда ұқпаймысың оның сөзін,
Көмір деп ойлайсың ба қара көзін?

Мағналы сол қара көз бір жалт етсе,
Жанданбауға етерсің қалай төзім?
Жас жүрек айтты сонда: «сөзіме нан,
Сол себептен ішімде жылы емес қан;
Шындық, достық таппадым сандал қағып,
Өмір бойы алдандым тапқанымнан.
Бүгінге адасудан көз ашпадым,
Не нәрсені көздесем тап баспадым;
Дүниеден басқа рақат тілемеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқанын.

1917

93. НЕГЕ ЖАСАЙМЫН

Сусыз, шетсіз шөлдерден,
Тұманды, түпсіз көлдерден,
Адамдық көші өткенше, ~
Қасқыр мен қой дос болып,
Достықсыз өмір бос болып,
Шын өмірге жеткенше,
Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамандық,
Тазарып әбден кеткенше,
Талай шаштар ағарар,
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір суалар,
Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп,
Жасаймын бір қолғабыс,
Кейінгіге берем деп. ~

1918

Естимін серілігіңді сіздің сырттан,
 Ынтасын замандастар сіз деп күртқан.
 «Халық айтса қате айтпайды» деген сөзбен,
 Танысқалы жазамын естіп жұрттан.

Жас уақытта теңдесін тисе тауып,
 Жүрек сырын болмайды қолмен жауып,
 Қараңғы жерде өсіп, қайрат қылып,
 Шыңдауыңа менің тұр көңлім ауып.

Жар таңдап, бос деп естіп сіздің басты,
 Ұяттан жас жүректің толқыны асты,
 Өткір, сергек дегенге көңілім ауып,
 Еріксіз аударып тұр ықыласты.

Күданың күдретіне ғажап емес,
 Егер де қосам десе екі жасты.

Жайдары, жақсы адамда болмас жаттық,
 Жас күнде алса жақсы көңіл шаттық.
 Жайпалама адамға хат жазбаймын,
 Көпті көріп, көп жердің дәмін таттық.

Білмеймін, қалай ауды көңілім сізге,
 Сіз дағы көңіліңізді білдір бізге,
 «Жас-жастың тілеуі бір» деген сөз бар,
 Ұзатпай аяқ бердік сөзімізге.

1918

95. СОҒЫСТЫҢ КЕСІРІ

Неше қыршын жастардың,
Кеудесінен оқ өтіп,
Ауыздарынан қан кетіп,
Ішіне тартылып көздері,
Ыңырану боп сөздері,
Шытынап көкшіл көздері,
Елестеп көзіне арманы,
Жетем деп ойға алғаны,
Елдегі қатын, баланың,
Әке, шеше, ағаның,
Көрмей, жылап қалғаны.
Міне сондай, заманда,
Жау әскері, қалаңда.
Мал, мүлкіңнен күдер үз!

Ажары тәуір қатын, қыз
Зорлау менен талауда.
Талай милар бұрқырар,
Саз балшықтай табанда.

Адам күші жетер ме,
Мұнан да артық жаманға?!
Сондайларды ойламай,
Қосармысың адамға...

Больництерге барғанда,
Сай сүйегің сырқырап,
Кейбіреулер корқырап,
Кейбіреулер қырқырап,
Дәргер пышақ салғанда,

Шыңғырып, кейі шырқырап,
Кейінің ерні кезеріп,
Ымдап жұтым су сұрап,
Өкпе тұсы жан жерден,
Жан тұратын әр жерден,
Кейінің қаны бұрқырап,
Қайғыланып отырар,
Көзден жасы жылтырап...

1918

96. МҰНДЫЛАРДЫҢ ЖОЛЫҚҚАНЫ

Жаралған қалай ғажап мынау аспан,
Қаз бауыр, ақ торғындай бұлт шашқан.
Жалтырап гауһар тастай көкте жұлдыз,
Қараған мұндылардың көңілін ашқан.

Толқыды шөп бастары соққан желден,
Айдағы нұрын шашты шығып белден.
Желменен еміс-еміс естіледі,
Дауысы төбеттердің үрген елден.

Теп-тегіс бұл уақытта ұйқтаған ел,
Бұл сорлы жапа-жалғыз астында бел.
Көңілге әрбір түрлі қиял салып,
Сөйледі бетінен кеп ойнаған жел.

Қапалы, мөлдіреген көзде жасы,
Көз салып елді байқар сорлы басы.
Көзіне болар-болмас көрінеді,
Бүгжендеп қыз аңдыған ауыл жасы.

Өңі жоқ тұрғандай-ақ жаңа дерттен,
Айрылған мұнша неғып сорлы еттен.
Зығырмен қайнап шыққан көзде жасы,
Бейне бір меруерт еді аққан беттен.

Осылай жалғыздықты дәрмен етіп,
Отыр еді әрбір түрлі ойға кетіп,
Ығынан бір төбенің көрініс берді,
Айтысқан уәдесіне о да жетіп.

Балбырап қызыл гүлдей отырған жас,
Көңлінде ой, тілеп аққан көзінде жас.
Бұл риза қылыш ұстап, қарсы алуға,
Жолында түзуліктің кетсе де бас.

Тұра кеп қадам басты қоңыр қаздай,
Ұмытып көрген бейнет алажаздай.
Жолығып бұл минутте не істеді,
Оқушы түсер өзі мен де жазбай.

97. ОСЫ ДА ӘДІЛДІК ПЕ?

Дүниенің дөңгелегі айналады,
Кім үстінде голайттап жиналады,
Кімі астында езілер саз балшықтай,
Білмеймін түбі неге айналады?
Үстегіде не қасиет, астағыда
Не жаздық деп, еріксіз ойланады.
Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Сонда да, тамағы тоқ, киімі асыл.
Жасаулы, зинеттеулі палатада,
Қызметкер даяр қылар керек асын.
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас,
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,
Өндеген бояуына бет пен қасын.
Безенуге, ойынға мал шашумен,
Өткізіп бара жатыр өмір жасын.
Қол жоқ онда жұмысқа, іске тиер,
Жұма сайын бір модалы киім киер.
Сән-сауықтың бәрі де табылады,
Тек қайсысын көңілі оның сүйер.

1918

98. ӨҢ БЕ, ТҮС ПЕ?

Зор толқын Ресейді қаптағаны,
Ескі үкімет тәртібін таптағаны.
Патша, төре, байлар мен обырларға,
Бар екен тұрмыстың да сақтағаны.

Ем болмай, қарулы күш жақтағаны,
Қылыш қайрап, зеңбірек оқтағаны,
Жұлын тұта жан жері берік қолда,
Жеңе алмас құр қимылдап төрт тағаны.

Кей жерде жын мен шайтан от жағады,
Ақырғы тұяқ серпу топтанады.
Бұзылмас әділ төре ел үкімі,
Ғасырлық жауын жеңіп соттағаны.

Бұл толқын ел тілегі көпке бірдей,
Кей біреу теріс ойда оны білмей.
Түнге тартып, халықты адастрад,
Алдында жол тұрса да шыққан күндей.

Аз елді екі рулы топқа бөліп,
Білгішсіп, тұрғандай-ақ бәрін көріп.
Таз кебінін үстінен тастатпаса,
Не пайда халық үшін соңына еріп.

Кімде кім бостандыққа болса жерік,
«Бүкіл халық үшін» деп іздесе ерік,
Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса,
Тізгінін бермейтұғын кім бар сеніп?

Әзіргі бет алыста олай емес,
Ой көзі бар, ақ жүрек «солай» демес.
«Әкесі өлсе мұрасы балаға» деп,
Екі жікке бөлінген қандай егес?

«Әкесі» дегеніміз патша болар,
Бай мен төре патшаға шын балалар.
Әке менен балада айырма жоқ,
Көпшілік — езілген ел не сағынар?

Сағынар шын теңдікті халық еркін,
Ол үшін орындар ел барлық сертін.
Қанаушының бір жола көзін жойып,
Жалшы, кедей жайрандар емін-еркін.

Шын топан тасып еді солар үшін,
Кектенген миллионның жинап күшін.
Жұмыскерлер жасаған революция,
Байлар үшін дейсің бе, айтшы кісім?

Дауыл жұмбақ, ұғынбау болып жатыр,
Ұқса да ұқпағандар толып жатыр.
Көрейін де өлейін деген жемқор,
Кезінде аласапыран орып жатыр.

Бұл өзі өң бе, түс пе, қандай сурет?
Анықтап білу оны көпке міндет.
Ресейден паразит арылғанда,
Қазақты басып жатқан қандай індет?

Тегінде бұлай емес, басқа болар,
Өлгенде емес, тіріде-ақ біреу сұрар.
Екі жақты, қос ауыз, елдің жұты,
Бұрын шөлмек болса да енді сынар.

99. ДАУЫЛДАҒЫ ӘБІГЕР

Қаптаған теріскейден кара дауыл,
Сіркедейі мыңын баққан байға ауыр.
Келіншектің баласын кезек сүйер,
Бай езіп, жалшыларды қылса жауыр.

Желге ұшқан жүндей болып барлық елдер,
Адал, арам ішінде кемеңгерлер.
Дауылдан бұрын өртеп елдің үйін,
Енді «тігем» деп жүрме арам терлер?

Дауылдың түбі қайда, айдаған кім?
Халық үшін жауға қылыш қайраған кім?
Қанды балақ қорқауды күшпен жеңіп,
Адамзаттың дұшпанын жайлаған кім?

Табылар мәлім болар оның бәрі,
Созылып кете бермес дауыл әрі.
Ұйтқыма, көзсіз болар, таң алдында,
Жат та, дос та жай таппай әрі-сәрі.

Әркімдер немденбек желдің күшін,
Пайдаға жаратпақ боп өзі үшін,
Жел тынып, шын күншуақ жадыраса,
Дер едім: «кешегіңді білемісің?»

Бұл күнде толып жатыр көп әбігер,
Кім шын, кім өтірік, кейін көрінер,
Ғайсаның айтқан қисыны рас болса,
Дауылдан соң, кешікпей, бір тексерер.

Ғайсаның қисынының бәрі келер.
Бар адам келешекте соған ерер.
Ғайса туы астында мәңгі жасап,
Шаруалы, мәдениетті ел гүлденер.

Оған дейін бірталай күндер өтер,
Талайдың қыршын жанын алып кетер.
Болашаққа сенемін, көріп тұрмын,
Демендер: «Бұл сандырақ, келмей кетер!»

1919

100. БАЛАЛЫҚ ЖАСЫМ ӨТЕСІҢ

Балалық жасым өтесің,
Жігіттікке жетесің,
Орта таудан аса алмай,
Бір шұқырға тығылып,
Шыбын ұшып кетесің.

1919

101. ҒАЙСА КІМ?

Әркімдер-ақ сұрап жүр, Ғайса кім?—деп,
Кейбіреулер, пайғамбар Ғайса, демек
Ашылмайтын бұл әлі құпия сыр
Сондықтан, түсіндірме бергенім жоқ.
Егер де бүгін айтсам, Ғайса сол деп
Найза ұшында өлтірер мені түйреп.
Жемтігімді көмуге рұқсат бермей,
Өлімтіктей тастар еді итке сүйреп,
Ғайсаның туы айтады, бері жүр, деп,
Сенбейтін кейбіреулер оған күлмек,
Ғасыр бойы алысқан дұшпандары,
Маңдайына дақ салмас оның күндеп.
Ұстара Ғайса тілі, әділ тілмек,
Асауды жуасытар тірі жүндеп,
Қыянатшыл замандар өтсе дағы
Ғайса жолы мәңгілік өмір сүрмек.

1919

102. ӨМІРДІ ҮЗІП АЛУЫ

Өмірді үзіп алуы,
Қараңғы көрге салуы.
Мың жасасаң да көңілде,
Сөзсіз, арман қалуы.

1919

103. ҚОЖА-ЕКЕ, КЕЛДІҢІЗ БЕ КӨҢІЛІМ СҰРАЯ

Қожа-еке, келдіңіз бе көңілім сұрай?
Менің адам болуым екі талай.
Көп болса бір жұмалық өмірім бар,
Байқашы, мына менің шамам қалай?
Дерт күшті, тамағымнан жүрмейді асым,
Жастыққа жөтел қысып, тимей басым,
Тағдырдың кездестім ғой кермесіне,
Талапты жиырма сегіз деген жасым.

1920

104. ҚАРАҒАЙ ДА ҚАЙҒЫРЫП

Қарағай да қайғырып,
Суылдайды заманға.
Иесінен айрылып,
Кездескен берік қамалға.
Ақ қайың да дірілдеп,
Әлде нені күткендей.
Қайғылы үнмен күбірлеп,
Сөйлейді тіл біткендей.
Дауылға әлсіз қара ағаш,
Күдерін үзбес өмірден.
Бұтасыз түбі жалаңаш,
Тас топыраққа көмілген.
Шоғырлы біткен сом терек,
Жыл сайын қажып, кемиді.
Қуарып қызыл гүл шешек,
Өлімге өзін телиді.
Жаңа өспірім жас шілік,
Жер тұлғасы болады.
Бақытты тұрмыс-тіршілік,
Бір кезде соған қонады.

105. ШҰБАР ҚОЖА

Сұрайтыны ат, айғыр, қошқар, бұқа,
Түк білмей-ақ, күбірлеп, оқыр дұға.
«Емдеймін» деп, өлтірген ауруларды,
Елдегі үлкен кесір Шұбар қожа.
Баласызға дұғамен бала бермек,
Қараңғы елді алдап қылған ермек.
«Ұрмақ-дозақ» дегені рас болса,
Дозаққа еңалдымен қожа кірмек.
Қара қойдың өкпесі кімді жазар,
Қожаның айласы ғой тамақ табар.
Алдауыш, ел бүлдіргіш құрыса сұмдар,
Қараңғы ел арамзадан тыным табар.

106. АҒАЙЫННЫҢ АЗҒЫНДЫҒЫ

Өмірде неше түрлі улы іштім,
Неше түрлі азапқа жаным түстің,
Ағайынның ішінен ала шықса,
Жау ішінде бар ма екен сонан күштің?

Күндейді, Б.... дейді көре алмайды,
Мен кірген қауымға олар ене алмайды,
Ертең жаны шығатын шұбар жылан,
Соңыма жылдан артық ере алмайды.

Қара көңіл адалға сене алмайды,
Ақты қара қашанда жеңе алмайды,
Өмір бойы тілеген бір тілегін,
Мақмұт бүгін жауына бере алмайды.

Бұл жолда керек емес жанды аяу,
Ол онша ұзақ емес тұр ғой таяу.
Ұлы кеуде ышқынып жан берсе де,
Шынашақта қозғалған қанды қой-ау.

Мен саған сөзсіз әлі-ақ жетем деймін,
Шын досыммен қосылып кетем деймін,
Өткен күнді тек қана әңгіме ғып,
Қалған күнде бақытпен өтем деймін.

Ол ойым кешікпей-ақ болуы анық,
Көзім жетті сәулесі күннен жарық,
Шын өмір, шын әділдік сол күнде орнап,
Мен секілді қуанар миллион халық.

Сол кезде сөйлесерміз қаймықпастан,
Көз жыпықтап ет жүрек тайлықбастан,
Өткен күнгі сұрқыя сұр жыланды,
Сөз қылып шығарармыз талай дастан.

Кейінгі жас балалар оқып көрер,
Кейде жылап, кей кезде сақ-сақ күлер,
Кім адам, кім айуандық істегенін,
Кімнің дос, кімнің қасын анық білер.

Сонда ол сын көзімен әділ қарар,
Ел жауы кім екенін дәлдеп табар,
Сол жаудың ұрым-бұтақ тұқымына,
Аямай әділет заң балта шабар.

Арманым сол өмірді көрсем екен,
Соған дейін адам боп жүрсем екен.
Өмір бойы тілеген осы тілек,
Сарғайып сағындырмай келсең екен.

• • • • •

107. ЖАЛЫНУ

Қыздырманың қызыл тіл
Түбіңе жетер соны біл,
Бұл алғашқы ауыр жыл,
Еңбек істе, адал қыл.

Тау басында тұрғанда,
Жарға қарай құлатпа.
Дұшпан өрті жанғанда
Жалынға мені сұлатпа.

Жаны ашыған аярды
Мен білемін ұялт па,
Ертең-ақ елге жаярды,
Маңайға жақын жуытпа.

Аштан өлсең әкетай,
Арамға мені қинама.
Сұрасаң қайыр, шешетай,
Мен үшін жемтік жинама.

Мен білемін арамның,
Көмейдегі қалтасын.
Ісі болар наданның,
Ойламасам артқысын.

Бүгін берген қос бие,
Мінуге берген жорғасы
Сол үшін отқа мен күйе,
Кімге айтармын «қорғашы».

Оқымаған ақ көңіл
Бар адамға сенесің,
Қазулы терең орды біл,
Құласа балаң өлетін.

Қандай жақын маған ол,
Жал-жая беріп күтерлік.
Неткен жомарт, неткен мол,
Жауына жәрдем етерлік.

Ол тәтті тіл алдайтын,
Өлтіруге дұшпанын,
Еліккен аман қалмайтын,
Білмес жерді құшқанын.

Олай болса, әкетай,
Балаңды бекер қинама,
Балам десең, шешетай,
Маңыма құзғын жинама!



ПОЭМАЛАР

سۇلتان ماخمۇد تورى آيغرف

آداسقان ءاومر

سەزمنڭ سرتقا چقباس تۇسى بارما؟!


اونى جاسوار آدامنىڭ كۇچى بارما؟!

برەق كۇى، برەق پچى، برەق سوز بەن

كورسەتپەيتن جۈرەكتىڭ اچى بارما؟!

Тип. ТАТАРСТАН
казань. 1922

تاتارستان ماتباغاسى
قازان. ۱۹۲۲



108. АДАСҚАН ӨМІР

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен
Көрсетпейтін жүректің ісі бар ма?

I

МЕН БАЛА

Мен бала мейрімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да:
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ;
Былғанам ба, мейлі құсамын ба.
Мен — ұжмақ періштесі, көңілім таза;
Еркімнің ұйғарғанын істеуіме,
Ұғынбаймын ешкімнен бар деп жаза:
Қастық деген не нәрсе, көрінген дос;
Қайғы деген не нәрсе көңілім хош;
Алдау, күндеу, айла не, мен білмеймін.
Жүрегімде түкпір жоқ сүюден бос.
Мен білмеймін: жалыну, жағынуды,
Ресім, ұлық, құдай деп табынуды.
Өз еркімнің қылығы өзіме жөн,
Айтшы маған не нәрсе жаңылуды?
Кәпір жоқ мұсылман жоқ, мал мен адам —
Бәрі де айырмасыз бауыр маған.
Пайда, зыян, ұят не, мен білмеймін.
Менің үшін сөз һәм жоқ деген жаман.
Менде жоқ: мынау орыс, мынау қазақ,
Не мақтау, не кемсіту, қорлау мазақ.

Бай, кедей, сау, кем-кетік бәрі бір бәс
Не нәрсе айтшы: кәрілік, ауру, азап?
Мен білмеймін: не нәрсе өлім деген,
Қорқу деген, көму деген, көрің деген.
Тамағыма пышақ таяп тұрған жан да
Күлуден басқа жауап алмас менен.
Күн сайын жазғытұрым шыққан гүлдей,
Жақсы түрге кіремін өзім білмей,
Сондықтан, көңілім шат, жүзім нұрлы,
Күліп сәуле шашамын жазғы күндей.
Жас тәнім ажарланып, күннен-күнге,
Бәйшешектей күлпырар түрден-түрге.
Талпынам, асыққандай жігіттікке,
Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге.
Жас тән мен сезім, білім қабат өсіп,
Барамын кәмілдікке таман көшіп.
Өңім тұрсын, түсіме елестемес:
Бір күн топырақ болам деп, үнім өшіп.
Сыртым сондай, ішім бос жамандықтан,
Мен періште ұрмақтан жаңа шыққан
Сондықтан әркімге де мен сүйкімді,
Күнәсіз екенімді бір көрсе ұққан.
Ақтайтындай дүниеге келісімді,
Асыққандай беруге жемісімді
Күн сайын өсіп барам, толып барам,
Актасаң, дүние, осы сен ісімді.
Мен, сыйлар деп дүние, келдім міне!
«Бір жас» деп есігіңнен ендім міне!
Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,
Не қылсаң да басымды бердім міне!
Кім біледі, қоярсың еркімді алып,
Кім біледі, қоярсың көркімді алып,
Кім біледі бұл ерік, бұл көріктің —
Жоғалғанын білмеспін қайда қалып.
Әлде дерсің: «пәлен бар, көрмесем де,
Соған табын, солайша және нанып,
Соны қылып, сондайдан тиылмасаң,
Миллион-миллион жыл қинар отқа жағып»,
Әлде дерсің; «Ұлық бар, ел ғұрпы бар,
Жазалысың қоймасаң оны танып».
Әлде дерсің; «Царь, құдай, алтын деген,

Соны сүй, соған табын, шұлғып барып».
Әлде дерсің: «Қап салып тілену бар,
Алтынның қызметінен қалсаң арып».
Әлде дерсін: «Құтылмас кедейлік бар,
Маңдай термен болмайтын асқа жарып».
Әлде дерсің: «Мейрімсіз ғашығың бар,
Түкіруге қорланар күйсең жанып».
Әлде дерсің: «Достық бар сау кезінде,
Қараңды да көрмейтін болсаң кәріп».
Әлде дерсің: «Ауру бар қинайтұғын,
Тынышың кетіп, тамағың, ұйқың қалып».
Әлде дерсің: «Бәле бар кем-қор қылып,
Елден ет жиғызатын дорба салып».
Әлде дерсің: «Қайғы бар жылайтұғын,
Гүл бетінді сарғайтып, жасқа малып».
Әлде дерсің: «Кәрілік бар тәнің тозып,
Қуартар, әлсіз қылар көркінді алып».
Әлде дерсің: «Құтқармас қараңғы көр,
Топырақ болып, ұйқтарсың сонда барып».
Миллион жыл, миллионымен өтсе дағы,
Тұруды бір білмессің ұйқың қанып,
Сен ұмыт, сен деген бір саңырау көр,
Бар-жоғынды артқылар қылмас парық.

II

МЕН ЖІГІТ

Мен жігіт, он бес-отыз арасында,
Бұл жаста көп: бересі — аласым да.
Алдымда толған мақсат, толған таңдау,
Алайын ба мынасын, анасын ба?
Жазғы гүлдей түрленіп толған түсім,
Көзім нұрлы, ақ меруерт—бүтін тісім.
Шашым қара сүмбілдей, бойым түзу,
Сәуле шашып тұрады жастық пішін.
Жалыны бойға сыймай сырттан көрініп,
Күн сайын тұрады артып қайрат, күшім.
Әр үміттің қыялы сәулеленіп,
Түн бойы ұйқы бермес, толқып ішім.
Жүрегім жұлқынады, әлде қайда:

Сақтауға күші келмей іштегісін.
Лепіріп, бақ іздейді, жар іздейді! —
Ол ғашық көрмесе де жардың түсін.
Тәніме жаным сыймас іздеп кімді?
Кеудем қызып күриды әбден мысым,
Іздеймін, түсін әлі бір көргем жоқ,
Қандай түрде, қай жерде білемісің?
«Басқа бақыт табылмас» деп ұқпаймын,
Соны табу: ең менің керек ісім.
Бір табармын басқа бар қандай бақыт,
Таңдаймын, салыстырып, әрбір ісін.
Ұқпаймын қол жетпейтін бақыт бар деп,
Дүние жаралғандай менің үшін.
Үміттімін, алдар деп және ұқпаймын,
Қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышын.
Сол түрде тұратындай мәңгі өмірім
Бақыттан бақыт тандар жас көңілім,
Жетпеймін деп білмеймін еш біріне.
Мен үшін жоқ секілді кәрілік, өлім.
«Асығыс жоқ, мен әлі жетем» деймін, —
«Дәл бүгін жетпедім деу бекер» деймін.
«Сондай бақыт табуға мен әуелі —
Сондай бейнет һәм еңбек етем» деймін.
Еңбек қып мен іздейтін бақыт қандай?
Бүгін мен ұйқтағам жоқ таңдай-таңдай:
Бай болу, хакім болу, алғыс, атақ —
Ойланылды бәрі де бірі қалмай.
Ғашық болу, ақ ерке сұлу тауып,
Еріп тұрған «бір мен» деп, жүрегі ауып.
Жанына жаным қосып өмір сүріп,
Айды, күнді өткізу құрып сауық..

• • •

Ең басында көрінді байлық онды:
Басқасына даярлар байлық жолды.
Хакімшілік, сұлу жар, алғыс, атақ —
Бәрі сатылар, тек байлық болса болды.
Жоқ, хакім болу неге ақы беріп,
Бермеген күні кетсе халық жеріп.
Ақыл несі, жан несі бола тұра,
Жансыздың арқасымен күтім көріп.

Крыловтың баснядағы есегіндей,
Үстінде алтын болғанды қылып желік.
«Данышпан ел көркейтер ерім осы», —
Деп таңдап қоймаған соң халық сеніп,
Қандай байлық шыдайды тойғызуга,
Анау топты тімтінген күнде келіп,
Кісі деп, ақылды айтпас, есек демеі,
Жүргенді күр байлықпен қатарға еніп,
«Ит едім, байлық мені кісі қыл» деп,
Адамның несі адам болған жерік?
Мен адам болғандықтан өзі қызығып,
Бақыт, дәулет жүрмеген соң соңыма еріп
Несі бақыт: сүймейтін бір сұлуды
Сатып алып, өзімді жүрсем теліп.
«Құшақта, сүй!» деп, зорлау, көріп отырып,
Ататындай көздерін берілсе ерік.
Несі бақыт: сол байлық қылмаған соң,
Сұлу бір сүйетіндей жүрегі еріп.
Байлықпен медресе, школ салсам,
Нашарларды оқытып, алғыс алсам;
«Жақсы» деген атағым жұртқа шығар,
Солай қылсам, кәрілікте хажге барсам
Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек:
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.
Кімде-кім тез байыса қолына ағып,
Кім кедей болса, соның малы келмек.
Несі бақыт: алдап ап, тартып алып,
Өз малын қайта өзіне қайтып бермек.
Көз жасы, бишараның маңдай тері,
Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені.
Мал біте ме адамды малдай қылмай,
Малдан басқа көрмейтін дәнеңені.
Бейне бір жаралғандай мал жимаққа,
Адалдықтан, ардан без, дамыл таппа,
Мал сен үшін жаралмай, сен мал үшін
Жасағандай өмір сүр, осы бақ па?
Бұл болмаған бай бар ма осы күнде?
Малды жиып, мақсатын ұмытпаққа.
Егіздей ен маяда шөпке тойып,
Тамақ көп деп қайғының бәрін жойып,
Артық жеп, артық семіріп, бақыт сол деп,

Жүрейін бе басқа ойдың бәрін қойып?
Несі қызық байлықтың, несі бақыт?!
Байлықпен алмаған соң бақыт сатып.
Бақыт тауып беретін істі қумай,
Неге мен өткізейін оған уақыт?
Өйткені, мен қалмаспын аштан өліп,
Суырда жүр ін қазып, күнін көріп,
Қарын тоққа қанағат қылатұғын,
Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік,
Ірі мақсат болмаса, ұсақ іске
Неге мен алданайын уақыт бөліп.
Мұны ойлап, байлық жақтан көңілім безді,
Онан бақыт таппасын жүрек сезді.
«Хакімшілік бақыт» деп жұрт айтады,
Осы қалай екен деп ойым кезді.

* * *

Адам тобын еркіме жүргізуге,
Бәріне хакімдігім білгізуге,
Мені өзіндей сүйгізіп бәріне де
Бір мен үшін жылатып, күлгізуге.
Мақсаты бір-біріне қайшы топты —
Бауыр ғып, тату өмір сүргізуге,
Зорлаусыз әр ойдағы сонша жанға,
Не бұйрық қылсам соны сүйгізуге.
Бүйтуге хакім болсам келе ме әлім?
Ешбір әл бүйте алмас көптен мәлім:
Басқадан өзін артық сүймейтұғын,
Еш біреу жоқ, байқасам жанның бәрің.
Әрбір жан дүниеге өзін кіндік
Қылмақшы, табылар ма мұнан бірлік?
Үгіт айту ақымақтық менің үшін
Еркін құрбан қылар деп, бәрі бірігіп,
Әркімнің өз аузына қолы жақын,
Бар законнен өзіне еркі мақұл,
Бәрінің де келеді «Мен» болғысы,
«Оны күшпен жеңем» деу бола ма ақыл?
«Күн көзіндей баршаға бұл ортақ жан —
Пайда алу керек мұның ақылынан:
Ел пайдасын табуға өзгемізден
Артығырақ ақылы, зейіні бар»,—

Деп билеткен ел бар ма кемеңгерге?
Түрме бар, дар ағаш бар ондай ерге,
Өмірдің бұл түрінде ешбір хакім
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.
Себебі: тастап хакім бола алмайды,
Байлар мен молдалардың сөзін жерге.
Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,
Мүбәда хакім болсам егер мен де.
Бір сағат та қылама мені хакім,
Болыса бастасам мен күші кемге?
Хакім деген — күштіге шоқпар деген.
Зорлығын істегенде күшсіздерге...
Байлардың көңілін тауып, басты пұл ғып.
Дінге, әдетке, басымды иіп, шұлғып,
Бір-екі тасы болған надандардың
Түкке тұрмас қыртылын тыңдап, мүлгіп...
Бұлай болса хакімдік билеу болмай,—
Азат басты беру ғой қолдан құл ғып.
Кімде түйме көп болса тілін алып,
Оларға пальто әперіп, галош салып,
Ісің түзу болса да ол шытынса,
Кешу сұрап, алдына шұлғып барып,
Не айтса да «таптыңыз, құп тақсырлап»,
Біліміне тұрғансып, мейрің қанып,
Кексе, сөксе дағы саңрау болып,
Ішіңнен тұрсаң дағы ызаланып.
Өз көңліңнің қалауын бір қыла алмай,
Закон не айтады деп тұра қалып,
Хакім болсам осындай қорлықтардың
Басыма келетіні айдан анық.
Мұны ойлап, хакімдіктен көңілім суып,
Өмірде болман дедім оған жуық,
«Кетсем енді қайтеді» деп ойладым,
«Даңқ, атақ алатұғын істі қуып.
Атымды дүние таныр, шежіре ұмытпас,
Атақты істер қалса менен туып».
Алдымда сансыз әскер басын иіп,
Көкпеңбек қару асынып, темір киіп,
Көркімен көз тартатын талай шәһәр,
Бір әмір беруімен болса күйік.
Қолда ту, аста тұлпар, үстім шенді,

Тұрмайды омырауыма медаль сыйып.
Солайша Шыңғыс хан мен Бонапарттай,
Атағым жұрт көзінде болса биік.
Қанды көзің болсын-ақ қанға тоймас.
Болса, егер, тоймастықпен басын жоймас.
Бұл іспен бүгін менің жолым болса,
Күні ертең басым жолда қалмай қоймас!
Мұндай бақыт баянсыз, көшпеске жоқ,
Бұл істен бақытсыздық өспеске жоқ.
Найзаның күшіменен жанған бақыт
Бір кезде найза үшін де өшпеске жоқ.
Көп күндер көпті істеді, көпті істемек,
Адамзаттың ақылы күнде үстелмек.
Ақылдың өскен сайын айтатыны:
«Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек».
Тағы да көпті істеуге күндер өтпек,
Папа мен ферғауыннан қадір кетпек,
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай,
Жоғына әр адамның көзі жетпек.
Кешегі ізін сүйген Николайды
Бүгін бәрі жиылып басқа теппек.
Кеше бәрі түнген әулиенің
Бүгін кеп төбесіне дәрет етпек.
Вильгельм кеше айтты деп отқа түссе,
Бүгін оны қуалап, тентіретпек.
Ертең биттей сықпай ма халық мені,
Қышытсам бүгін сорып қанып етпек.
Кім қарсы тұра алады бұл ағынға?
Өмір түрі барады солай беттеп...
Соқырлығы, кімде-кім болса солдат:
Жыртқыш қылар аздырып, оларды алдап,
Жыртқыштығы емес пе, «төре айтты» деп,
Көрген жерде бір-бірін қанға малмақ.
Адамдыққа сыя ма кісі өлтіріп,
Батыр деген ат тауып, медаль алмақ.
Солдаттықтан не пайда солар үшін,
Бейнет көрмек, не өлмек, шаруа қалмақ.
Кәрі әкесі, шешесі күн көре алмас,
Жас бала, жас қатыны үйде зарлап,
Керек-жарақ бәрі де қымбаттанар
Соғыстың шығындарын елге салмақ.

Мұқтаждық қалдерінен пайда алуға,
Бір жақтан сәлдетерлер сатар қармақ,
Соғыс болса, жауғандай көктең алтын,
Кәсіптаніст, байларға әдеіі арман.
Бас көтерер ерметі соғыста боп,
Шарға істелмей, кедейлер мұқтажданбақ,
Көктең жауып тұрғаннан оңай жолмен
Байларға сол мұқтаждық малы бармақ,
Дүниеде сонда зыян болар ма еді,
Бар кедей солдаттықтан безсе қарғап,
Топтаса не жалданым, не алданым,
«Айт!» десе ит секілді барып жармақ,
Шын дұшпаны «солдат бол» деген кісі,
Екенін білсе халық тегіс аздап,
Жаралмаған екенін қырмақ үшін,
Хакімнің не айтқанын қылмақ үшін,
Ақыл, ой, адамдықтан мүлде безіп,
Баскесер машина боп тұрмақ үшін,
Байлар мен үкіметке шокпар болып,
Жүргенін өз-өздерін ұрмақ үшін,
Ұғуы алыс емес солдаттардың,
Екенін менің дағы сезеді ішім,
Солдат шығу болып жүр халық жаққа
Бұл дағы бергендігі, бір белгісін,
Тағы да болман дедім оған жуық,
Мұны ойлап әскерліктен көңлім суып,
Кетсем енді қайтеді деп ойладым
Жұрт алғыс айтатұғын істі қуып.

* * *

Сыр тапсам дүниеден ашылмаған,
Әлі адамға білініп, шашылмаған,
Тапқан сырым көркейтсе адам өмірін,
Алғыс айтып, кім имес басын маған,
Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған,
Дауа тапсам: дене ауру көрмес болса,
Қартайып, тозбай, адам өлмес болса,
Қиынды оңай қылар жолын тапсам,
Жұмыстан адам бейнет көрмес болса.

Сорықдан бос табылар кедей қанын,
Пайда етуге агроном болсам тағы
Бұл ісін кедейге сор, байдың бағы,
Күр сенің ғылымымен түзеле ме
Саймансыз кедейлердің шаруа жағы!
Сен «тап» деген сайманды қайдан табар?
Денсаулығы сорлының сенген малы,
Бұлай болса күр текке жалуния алып,
Оларға масыл болып өттің дағы.

* * *

Бұл күнде бақытсыздық дүние толған,
Нақақ қан, нақақ көз жас дария болған,
Нақақ өмір еркімен ержете алмай,
Жемсіз құмға түскен гүлдей солған.
Ғылым жоқтан дүниені бұлар жайлап,
Отыр ма, адамзаттың соры қайнап?
Жер — анада жететін тамақ жоқтан
Отыр ма, адам бірін-бірі шайнап?
Не жерден тамақ тауып алатындай
Ғылым жоқтық отыр ма бақты байлап?
Жоқ, жерде тамақ та бар жететұғын,
Ғылым да бар алатын оны сайлап.
Жер сараң, адам надан болғандығы:
Тіпті емес бақсыздыққа тұрған айдап.
А, жоқтығы жақындық — әділдіктің
Адамды сорлы қылған бақсыз байлап.
Сондықтан, адам біткен ертең әлі
Бас иіп, әділдікке келер бәрі.
Надсонның айтқанындай: «Жауыз жолмен
Жүре алмай дымы құрыр онан әрі,
Талған күш, ауырған жан, қиналған тән,
Дертіне жақындықты етер дәрі»,
Әділдік қызметкері болғандарға
Алғысты сол күнде айтар баршалары.
Ендеше мен жабысам негізгі іске:
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске.
Ғайсаны адам аузы қарғай алмас,

Өзі өлсе де ауыздан аты қалмас.
Неғұрлым ай мен күндер өткен сайын,
Ғайса тірі, алғыс жоқ оған бармас.
Қолыма сол Ғайсаның туын алсам,
«Әділдік! жақындық!» деп айғай салсам,
Атым тірі қалмай ма өлгенмен де,
Ісім сөнбес, мен сөніп, көрге барсам.
Адамды күн көрістің өзі қосып,
Жақындату әне тұр алдан тосып.
Сондықтан, әділдікті-жақындықты
Кім жатырқап, бой тартар «жат» деп, шошып,
Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет —
Бақ іздеген адамға парыз — міндет.
Жоғалсын бұл «сенікі, менікілік»
Осы ғой адамзатты қырған індет.
Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,
Жиылып бірге күшін салмақ үшін,
Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жемей,
Теп-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін.
Кәрі демей, жас демей, күшсіз демей,
Олжадан бірдей пайда алмақ үшін.
Хакіммін, әулиемін, әскермін деп,
Бір-бірін жейтін сылтау қылмақ үшін.
Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз
Залымдық жем болмауға қармағы үшін.
Істелер мұнан былай менің ісім:
Жұмсалсын сол ниетке барлық күшім!
Мен ғашықпын көруге әділдікті,
Тегіс қылып көркейткен өмір түсін.
Ол өмірде бірді-бір алдау болмас,
Жағынып арды ақшаға жалдау болмас,
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп.
Бар адамды сайтан деп, қарғау болмас.
Қара күштен жеңіліп, қайғы басып,
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас.
Адамдағы жан, қуат, тапқыш, талант
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.
Әркімнің қандай іске таланты бар.
Өмірін, күшін соған салмау болмас.
Жаратылыстан керегін әрбір адам,
Еңбегімен алуға бармау болмас.

Хакіммін, құдайшылмын, әскермін деп,
Еңбексіз еңбекшілді жалмау болмас.
Көре-біле ақыңды жегізбесең,
Бай сені қызметіне алмау болмас.
Аштан өлу, не байға арзан тұру
Амалсыз бірін соның таңдау болмас.
Не кәрілік, не бір апат келген күні
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас,
Бір тілім нан алуға байды мақтап,
Жалынып, тұс-тұсынан аңдау болмас.
Дене азыққа тоюдан жан ержетер,
Өмірді бұл күнгідей аңдау болмас.
Жан ержетіп, дүниенің сырын табар,
«Өмірде мақсат жоқ» деп, зарлау болмас.
Таудай үміт һәм талап орындалар,
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.
Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас
Жұмыс қылу қорлық деп санау болмас.
Жұмысшылық құлға хас, біз мырза деп,
Еңбекшінің еккенін талау болмас,
Мен аз деймін көруге осы өмірді,
Келіндер, бақ іздеуші, болсаң жолдас.
Ойласам дүниеде қанша жан бар:
Адам бар, ағаш, шөп бар, мал мен аң бар,
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі дағы
Әр себептің жемісі байқасаңдар.
Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ,
Қасқыр болмақ, құс болып, ұшып, қонбақ —
Сол болғандар болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап,
Адамға бұл себептің көбі мәлім,
Біледі салған сайын мидың әлін.
Себебін біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.
Себепті жарата алар адам қолдан
(Жері осы хайуандардан артық болған).
Себепті жарата алу аркасында,
Адамзат еңбегінен егін орған.
Ормаса, өнер, ғылым қайдан шықты
Бұл күнгі тіршілікке болған қорған.
Себебін білгендіктен буды көлік

Қылып адам отыр ғәйі пайда көріп.
Аспанда құстай ұшып, суда жүзіп,
Өмірі бұрынғыдан тапты көрік.
Себеп жемісі: әділдік, адалдықта
Себеп жемісі: залымдық, арамдықта.
Бұлай болса, бек мүмкін адамзатты
Әділ қып, үйір қылмау жамандыққа.
«Тумыстағы мінезді ешкім жеңбес,
Адамды әділ қылу қолдан келмес,
Түзесе жаратылыс өзі түзер»,
Деген сөзге, сондықтан, көңлім сенбес.
«Себебін жаратса да, адам адал
Бола алмайды» деген сөз құлаққа енбес.
Себеп жоқ адам ұлы жаратпайтын
Және де ешнәрсе жоқ себепке ермес.
Келіндер, сол себепті жаратуға!
Жаратып ал, өмірге таратуға!
Адам ұлы дүниеге жіберілген
Себепті бағындырып қаратуға.

III

МЕН ТОҚТАДЫМ

Адамда өмір бар ма қуанатын,
Жазғы шөп, күз түскенше қуаратын,
Құрт түсіп, кейбіріне көк кезінде,
Мезгілсіз гүл шаша алмай суалатын.
Кейіне күн, кейіне сусын жетпей,
Жемісі тумай қояр туа алатын,
Өмірді ой жіберіп ойлау деген —
Нәрсе ғой бал орнына у алатын.
Жар сүю, жұрт мақтарлық атақ табу —
Аз күннің аз ермегі уанатын.
Екеуінің бірі жоқ әлі менде
Қәрлік келсе, шамам не қуа алатын?
Не қазам кеп, қалармын ертең өліп,
Қартаймай, жас өлгенді жүрмін көріп.
«Қолға түскен ләззатпен пайдаланып,
Аз өмірде жүрген жөн көңіл бөліп», —
Деп тұрмын аздан бері, мұнап былай
Басқа ой салса, көрермін тағы құдай.

Туысында еріксіз жер құрттары
Жерге кірмей қоймайды жылай-жылай.
Білемін, әлі күнге адам надан:
Көзі жетпес болуға ертең аман,
Қартаймай жанның көбі көрге кірер
Надандық білінбей ме осы арадан?!
Аз өмірде көргені бейнет-қайғы.
Болған соң түзелместей мінез жаман.
Жан иесі жегелі бірін-бірі
Өлмеу үшін ауызын ашқан заман.
Дүние — өзен, ағысын кім тоқтатар?
Ағып кете баратын мен бір салам,
Дүниедегі бар қызық күштінікі —
Екенін жасағандық айтты маған.
«Әділдік», «ар», «адамдық» деген сөздер.
Күшсіздерді алдауға қылған амал.
Қуанбаймын дегенге: «Өзім білмей,
Әйтеуір, бір мақсатқа таман барам»
Анықталған кезінде қуанармын,
Кішіліктен көре алмай тұрса адам.
Көрінгелі жаралдым өлмек үшін,
Көңілдің тілегінен бермек үшін,
Айтпаймын: «құдай мені жаратты» деп,
Ойыншық қып сынауға ермегі үшін.
Туыстағы көңілдің тілектерін
Жаралған жоқ шығармын жеңбек үшін.
Туыстағы тілекті қаулыменен
Қуатым жоқ «жеңем» деп сенбек үшін.
Егер бақ бергісі кеп маған аллам
Мен болсам сопыларша соқыр нанған ...
Мешітте құлшылық қып өтер едім,
Түкірер ем ләззатқа, беріп жалған.
Түпкілікті шын бақыт табу үшін
Құранмен күңренер ем мешіт ішін.
Масатыдай құлпырған жаз кезінде,
Көрмей-ақ қояр едім жаздың түсін.
Ақ ауыл, айдың көлден көзді жұмып,
Құйқылжытса, естімей бұлбұл құсын.
Ақ ерке, алтын сәуле көлбеңдесе,
Міз бақпауға жетер ед және күшім.
Сыры терең көк жүзі, ай мен күнде

Болса да қарамас ем қандай пішін.
Тілден зікір, көңілден пікір түспей,
«Өл» десе өлер едім тамақ ішпей.
Ұжмақта бұл дүниені еске алар ем,
Түнде көрініп, қорқытқан жаман түстей.
Қанымды жүз бұзатын жамандармен,
Кісі етіне жеріген арамдармен
Күн үшін жебелеп дос болмас едім,
Ішімнен атқым келген адамдармен.
Өлер ем, жол бермес ем қара күшке
Түзуді жықпас үшін теріс іске.
Дер едім: ол дүниеде орным даяр,
Кірсе де бүгін келіп істік ішке.
Бишараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына барар едім,
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім.
Жағынбаққа ешкімді мақтамас ем,
Айтар ем мінділердің мінін бетке
Кек тұтар деп, қйпақтап, сақтамас. ем
Әуеде де тұрудан танбас едім,
Алтын берсе «бұрыл» деп, алмас едім,
Өтірік, алдау, шағым болған жерге
Мойныма арқан салса бармас едім.
Біреудің көзге қылған артықтығын
Білмегенсіп, ішімнен жанбас едім.
Шындығын сезе тұра күншілікпен
Мін іздеп, арсыздыққа салмас едім.
Жақыным, жұрттың бетін аударуға
Қара боран салса, егер, нанбас едім...
Жоқ, табуға бермеді үйтіп бақыт,
Мешітте бір құдайға жылап жатып.
Сор, бақты, дәнеңені ескермейтін,
Тым болмаса баянсыз бала оқыт.
Жеткізетін жолы деп, оқу бактын
Соқыр наныс жоғалды, бәле таптым.
Дүниені жасап-оқып білген сайын
Жар сүйген қызығынан жастық шақтың
Бұл жолмен жүре берсем өмір етіп,
Сан соғып, айтатыным: «құры қаппын,
Идеалист болғансып, әуреленіп,

Жар сүйген қызығынан жастық шақтың»,
«Жердегі тоғай артық, әуедегі
Тырнадан» деген сөзі рас қарттың.
Аз өмірден азынша пайдаланбай,
Көкке қарау ісі екен ақымақтың.
Жастықтың тілегенін ақыл жеңу
Болмайды, законы емес табиғаттың.
Жастықтың сезімді ыстық жүрегімен,
Жаратылыста берілген тілегімен
Бұл күнгеше күрестім не өндірдім?
Мен шығар ем, жан шықса білегімен.
Өмір аз әлде болса күресуге
Мақсат жоқ мақсат үшін сіресуге.
Ажал кеп аз қызықтан құр қалдырар
Көпті аз деп мен жүргенде тіресуде.
«Бейнеттенем, жасаймын ұрпақ үшін»
Деп қанағат қылуға жетпес күшім.
Өзім көрге кеткен соң пайдасы не?
Ұрмақ қып, жіберсе де жиһан ішін.
«Өз етігің тар болса дүниенің
Кендігінен не пайда?» білемісің.
Мұндай бақсыз қыларын білген болсам,
Бар еді оқуменен не жұмысым?
Өмірдің қызығын да, бұзығын да,
Жасар ем тинақтай да болмай ісім
«Кім алдын бұрын көрсе, бишара сол»,—
Деген сөз ып-рас қой, айтшы кісім!
Пайданы енді ойлаймын өз басыма,
Коштасып идея деген жолдасыма.
Енді мен қатын алам, байлық жиям,
Көп ойдың көңлім сенді болмасына.
Қоналса жар сүюден жастығымда
Сендім мен басқа бақыт қонбасына.
Бұл күнге өмір суық, өмір жансыз,
Жар сүймей мүмкін емес тоңбасыма.
Қайткенмен кедей өмірі бұл қалыпта
Жүз бұлқынса кол әкел оңбасына.
Қалай егін егерсің бейнеттеніп,
Көзің жетіп, тұрса егер, ормасыңа.
Гүл ұрығы жел ұшырып, құмға түссе,
Шара жоқ кеуіп, қурап, солмасына.

Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,
Барады ешкім оған мойын бұрмай,
Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай.
Менде де өз шамамша бар ғой зейін.
Кімде зейін кем болса, соны жейін.
Дүние — алдау екен, алдасуда
Өз обалым өзіме, қалсам кейін.
Дүние — жеу, жегізу майданы екен.
Жеңе алсам жеймін демей мен не дейін.
Әділдік болады деп тоса берсем,
Өзімді жеп қоятын оған дейін.
Байып алып, біреуді мен де жекпей,
Неге өгіз боп оларға жегілейін?!
Адам бұрын көреді өлмеуді артық,
Аз өмірде мұқтаждық көрмеуді артық,
Сондықтан, кім байлықты қолына алса,
Өмір соның қолында — алды тартып.
Неғұрлым залымдықтың күші басым
Болып, артық көп төксе көздің жасын,
Соғұрлым сағындырып әділдікті,
Соғұрлым көбейтпей ме өш пен қасын?
Әділ болып байқадым, не өндірдім?
Бұл басым залым болып бір байқасын!..

IV

МЕН КӘРІ

Мен кәрі халім кеміп, тәнім тозған,
Алдымда қараңғы көр қолым созған.
Аяқ бассам, алдымда көр тұрған соң,
Күндерді сағынамын бастан озған.
«Ол күндердің келмеске кеткені рас»
Дегендей аппақ болған сақал мен шаш.
Буын босап, қалтылдап, бел бүгіліп,
Жерге аз-ақ тимей отыр селкілдеп бас,
Бар денем кәріліктен қуырылған,
Кішірейген, сыйық кеткен, күш құрыған;
Дірілдеп, төгіп алар қолым асты,
Сұлдемін құлайын деп, құрап тұрған.
Көрмейді ешнәрсені жөндеп көзім

Тістен түк жоқ бұзылып шығар сөзім.
Қатты айтпаса, құлағым түк естімес —
Отырмын керексіз боп ешкімге өзім.
Дүние менің үшін жаралғандай,
Өзім соның кіндігі саналғандай,
Ойлаушы ем: сонша үмітті, сонша биік,
Түк емес екенмін ғой, амал қандай?
Бірқыма, дүние тұрсын, денем көнбес,
Көнсе, неге қартаймау қолдан келмес.
Ызасына ішемін, миды улаймын,
Құп білемін: қайғыдан ешнәрсе өнбес.
Қартаймаудың шарасын іздер едім,
Әттең, жігіт күнімді қайтып бермес.
Бұл күнде ұйқы, тамақ, қайғы — жолдас,
Мұндай өмір ешкімге қызық болмас.
Мен үмітсіз һәм менен жұрт та үмітсіз,
Сөйлеспейді дегендей: «мынау онбас».
Сырласып, жасы, кіші айтпас ойын,
Мен айтсам тыңдаудан да тартар бойын.
Ең арты балама да ұнамайды,
Түзу деп айтқан сөзім, айтқан ойым,
Біліп отырам, келмейді естігісі
Кұр айтты деп, «ие» дейді «үлкен кісі».
«Солай, дұрыс» дей салар көңіл жықпай,
«Мазаны алды, қойса екен» десе де іші.
Сондықтан, мен жалғызбын, ермегім жоқ,
Алдым қабыр, үміт қып сенгенім жоқ.
«Соны істеп кеттім ғой» деп, медеу қылар
Адамдыққа ешнәрсе бергенім жоқ.
Бұл кезімде құрметтеп мені елерлік.
Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ.
«Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт.
Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ.
Жалғыз мен бұл хатыма қайғыратын,
Ешкім жоқ қам көңілімді жай қылатын.
Жастықта тапқан ғылым, өнерім жоқ,
Жас біткен ақыл сұрап қайрылатын:
Бәрі де менің үшін өмір тілед,
Жылайтын: кез болғанда айрылатын.
Газет пен журналдарда жайым толып,
Бірі күн, бірі атымды ай қылатын

Өлген, туған жылымды мейрам кылып,
Атымды әр құрметке бай қылатын.
Таппадым өзiм үшiн жасап пайда,
Әсiресе, ұлғайған кәрiлiк жайда,
Бiр кезде идеямды құрбан қылған.
Сұлу жар һәм жинаған байлық қайда?
Сұлулығы, сүйгендiк бәрi кеттi,
Кетiрмеске таппадым ешбiр айла.
Бұл күнгеше тамағым аш болған жоқ,
Байлықтың қылған сыйы осы-ақ байға.
Мен тойып күнде болам тамаққа ыдыс,
Ұйқтаймын, осыным ба жақсы жұмыс?
Қанша iшсем де күн сайын керi кетемiн,
Бiржолата сөнгелi отыр дыбыс.
Арды сатып, тырнақтап жинағанда
Жер жұтсын, байлық берген бұл болса ырыс
Қалды менiң күнәмнан бала туып,
Бұл күнәмдi алармын немен жуып?
Олар да бақ табалмас бишаралар,
Мен секiлдi өз нәпсiн кетсе қуып,
Туғаны — мынау тұрмыс, әкесi — мен,
Қалайша оларға бақ болсын жуық?
Мен секiлдi әкесiн ода қарғар,
Тудырды деп, дүниеден көңлi суып
Боламын-ау дүниеге келмегендей,
Аһ, дүние, қызық бар ма өлмегендей?!
Мен тоқсанда өкiнем өлгенiме,
Бiр күн өмiр, бiр қызық көрмегендей.
Бұл зорлық, көрмес едiм, көнбес едiм,
Егер де, амал болса көнбегендей.
Тым болмаса, қалмады-ау ешбiр iсiм,
Менi айтып, жұрт сағынып, шөлдегендей.

V

МЕН ӨЛІК

Мен өлiк, мен суық тән, мiнде жан жоқ,
Жүрегiмде өмiр жоқ, ыстық қан жоқ,
Үмiт жоқ, жек көру жоқ, махаббат жоқ,
Сезiм жоқ, кiрпiгiмдi қозғар хал жоқ.
Бетiм түрi қараңғы, тiс сақыйып,

Көзімнен жарық сөнген, түр ақшып,
Жытылыққа таралып шірі бастап,
Суық болса сіресіп, бой қақшып,
Мені апарып, жер бол деп, жерге қойды,
Жалғызбын, жарығы жоқ, көрге қойды,
Мен жоқпын, мен деген бір саңырау көр,
Мінекей, су топырақ басты бойды,
Сонда жатып аздан соң мен топырақ,
Топырақта жоқ сезім, тіл мен құлақ,
Бір дыбыс ала алмассың өмір бойы,
Қасымда отырсаң да жауап сұрап.
Бәрі бір қалған дүние не болса да
Мәңгілік сезбестікті қылдым тұрақ.
Ұмытылдым, жұртта сезбес жоқтығымды,
Тудым, өлдім, жоғалдым, сөнді шырақ.
Бар болды деп сүйсініп, жоқ болды деп,
Ғаламның күйзелген жоқ міні құрап.
Законы дүниенің билегенде,
Заман өтіп, әр түрге сүйрегенде,
Жер суып, жердің үсті мұзға айналып,
Күн сөніп, жерге жарық тимегенде,
Мен не түрде жүремін, жауап берші,
Жер тозып, быт-шыт болып күйрегенде?
Не болар топырағы жүрегімнің—
Тірліктегі ұясы тілегімнің?
Не болар бәрін көрген көз топырағым,
Топырағы миымның, білегімнің
Тозған жердің атомы күлдей ұшып,
Жүргенде әлде қайда басып түсіп,
Жаралатын жаңа жер, жаңа күнде
Жан кіреме мақлұқ боп, тамақ ішіп,
Әлде болар сондағы балыққа тән?
Шыбынға аяқ, немесе, бақаға сан?
Не малға, не бір шөпке дене болып,
Не шаң боп, ұшады ма кіре алмай жан?
Не діндердің айтқаны рас болып,
Хор қыздары жүре ме жанға толып?
Қартаймайтын, өлмейтін өмір тауып,
Шат қылар ма кетпестік бақыт қонып?

1918

109. КЕДЕЙ

Все, что существует в мире,
есть результат известных дей-
ствий условий и среды. Чело-
век может творить эти усло-
вия, что и отличает его от
животных. На этом основано
все, что изобретено человече-
ским умом. Отсюда цель моего
произведения может быть, по-
жалуй, ясна.

1919 год.

Султанмахмут.

I

ҚЫЗМЕТІ ҒӘМ АЯНЫШ ХАЛІ

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.
Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа.
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.
Өкпеннен барады өтіп күзгі суық,
Бір жағынан қышытып, биттер буып,
Бит жеген, ескі күпі жабағысы.
Жөргекке оралғанда іштен туып.
Бұл битке сонан бері денем азық,
Көбінесе сондықтан да, жүрмін азып.
Туысымен көргенім бәрі бейнет,

Тума́й жатып қылып ем қанша жазық?!
Жұрт айтады: «Еңбек қып, ерінбесең,
Маңдай термен ас тауып, адал жесең,
Қызмет қылған байыңнан алғыс алсаң,
Ол сені алдап, арбап, кетсе де есең,
Сонда сен көгересің»,— дейді халық,,
Көп өмір өтпеді ме бұған нанып?
Ес біле басталғаннан бері қарай
Бір күн тыныш жаттым ба, ұйқым қанып?
Адамға аса қымбат балалық шақ,
Ойға кіріп, шықпайтын сор менен бақ,
Қозы қуып, бұзауға құрық салып,
Торғай көздеп, шиді иіп, жасайтын жақ.
Топай жиып, батпақтан құдық қазып,
Балалықтың жанына ойын азық,
Сол кезде де еркімше ен далада,
Қашан мен ойнап едім бойым жазып?
«Патшағар, неге тілді алмайсың деп,
Еркелейтін сен неме қандайсың»— деп,
Бай камшысы арқамды оспады ма?
Жылдамырақ қозыға бармайсың деп.
Қозыға жарауымнан біраз бұрын,
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?
Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сонда-ақ құным.
Онан жаста шешемнен тамақ сұрап.
Қыңқылдап, иығынан түрттім жылап,
Бай асынан жасырып ас әперер,
Мен үшін зекуіне шеше шыдап.
«Жылдам іш, біреулері көреді — деп,—
Көрсен егер маған ұрыса береді»,— деп
Жұт-жұттың саскалақтап, астына алар,
«Аяқты бер, энекей, келеді»,— деп.
Дәмді аспен қарным тойса деген арман,
Мұршам аз ой ойлауға онан арман.
Әлі күнге өзгенің қызметімен
Жетпедім бұл ниетке көңілге алған.
Мен сорда жастан бері дамыл бар ма?
Не еңбек сіңірмедім малы барға?
Бетті үсікпен шірітуге көнбедім бе,
Малын қорғап қалам деп аяздарда?

Боранмен жердің үсті көмілгенде,
Мұрның ғана көзіңе көрінгенде.
Жазғы бұлттың жалтылы жай астында,
Үйде отыру болды ма, жаным, менде?
Илікпей су киімдер қатқанында,
Денеме ызғары кеп батқанында,
Бел шойрылып, бүйірге шаншу тиіп,
Ұйқатты ма аяғым жатқанымда?
Келгенде шаршап, тоңып, малын қарап,
Бай үйінен жедім бе тоя тамақ?
Өзі жеуге арланған асын беріп,
Ол жетпесе, отырар: «ит, шошқалап!»
Киім берсе, береді жыртылғанын,
Кір, сасығын, жең, жаға қыркылғанын;
Не шіріктен әперер шықпайтын қып,
Жаксы еді «алмадым» деп құр тұрғаным.
Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан?
Малына құдық қазған, қауға тартқан?
Балшық илеп, қорасын, үйін салып,
Ағаш түсіріп, төбесін оның жапқан?
Білекпен киіздерін баспадым ба?
«Кене жер» деп, қой қырықпай тастадым ба?
Жүк артып, көшіретін мен емес пе?
Не айтса, аяқты ұшынан баспадым ба
Мен емес пе ас қылған, малын сауған?
Күндіз бағып, айырған түнде жаудан?
Ас пісірген, үй жылтқан мен емес пе,
Тезек теріп, отын ап, анау таудан?
Құлақтан бұрап отырып асау малын,
Үйретуге қыйналмап па ед менің жаным?
Күн көріске қай жұмыс керек болса,
Терлемеп пе ем мен істеп соның бәрін?
Әсіресе, жаздың қысқа түндерінде,
Шаршап, тәтті ұйқыға кіргенімде,
Көзді тырнап, күн шықпай, қой өргіздім,
Ауыз кебер шілденің күндерінде,
Құрттаған, биттегеннің құртын алып,
Шірігіп жумап па едім дәрі жағып?
Ішуге, кір жууға су тасыдым,
Иығыма мойынаған, шелек салып.
Мұздан жастық, бұлыттан көрне жамылып,

Мен борыш алып па едім кол жеткенде,
Алғам жоқ па жоктықтың зары өткенде?
«Қарға адым жер мұң болған» кездерді андып,
Албастыдай баспай ма әл кеткенде?

III ҮМІТСІЗДІК

Әкем, шешем, арғы атам есікте өткен,
Олардың да кеудесін есік тескен,
Мен істеген жұмысты олар да істеп,
Мұқтаждықта, құтыла алмай, күні кешкен.
Сайдауыттай алты ұл бар Мақан шалда,
Оларда да жасынан дамыл бар ма?
Өмір бойы өгіздей жегіліп жүр,
Не себепті бермейді оларға алла?
Анау жүрген Қозыбағар, Сейсенбайлар,
Қойайдарлар, Ысқақтар, Бейсембайлар,
Сондай-ақ болар ауыр адал қызмет
Әлі күнге жоктықпен соры кайнар.
Өмірі бәрінің де бір пішінде
Кірде туып, өседі кір ішінде,
Және кірде өледі жари алмай,
Не пайда бүйтіп өмір сүрісінде?
Бір күні басы ауырса күні қаран,
Кәртайса, бала жоқ боп, онан жаман.
Киім жоқ, тамақ мәнсіз, жұмыс ауыр,
Ауырмай қалай шыдар бұған адам?
Қырау, сасық, бу, түтін қыстайғы орны,
Ауырса сонда жатып, қандай болды?
Кәрілікте жатуға тамақ таппай,
Қап салып, тіленбей ме неше сорлы?
Кеше шал келмеді ме қайыр сұрап,
Белі аспанда, көзі ірің, мүкіс құлақ:
Күрс-күрс етіп, аяғын шалыс басып,
Түгі жоқ, киімінің бәрі құрақ.
Екі аяғы екі пұт киіз етік,
Тәні көрініп, жыртықтан дір-дір етіп,
Бай оған теріс қарап, ұрыспады ма,
«Неге тірі қойды деп, тентіретіп?»

Талайдың жұмыс жаншып, саулығы кем,
Сондықтан, қайыр тілеп, ақтайды ел.
Талайлар байдың малын қорғаймын деп,
Қар астында қалады сокқанда жел.
Талайлар заводтарда қылған кәсіп,
Тас күласа қалады үстін басып,
Бұларды көре тұра, ойлай тұра,
Үміттер жоғалмай ма, көңіл жасып?
Менің дағы тағдырым осылай ғой,
Қанша еңбек қылғаныммен жанталасып,
Адам аз ба түк еңбек қылмай отырып,
Өмір бойы көрмеген қарны ашып.
Еңбекші тамақ таппай отырғанда,
Жүретін сән-сауыққа ақша шашып.

IV

ӨЗІН МЫРЗАЛАРМЕН САЛЫСТЫРУ

Анау Жақып, сән түзеп, сауық құрған
Құрдасым емес пе еді бір күн туған?
Мен туғанда табылмай кара сабын,
Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған.
Менің сорлы шешеме қалжа қайда?
«Қой сат» деп, әкем шапты көрші байға?
«Тағы бізге жүрерсің не болмаса...»
Деді оған, қой бере ме байлар жайға.
Ол туғанда малына тойға сойған
Ауыл тұрсын, бір тайпы елі тойған.
Құттықтап әркім келіп, қалау алып,
Ат мінді молдадағы атын қойған.
Сүйіншіге тай беріп жақындары,
Құтты болсын айтысты жас пен кәрі.
Мен туғанда білген жоқ аулым тегіс,
Ол туды деп қуанды елдің бәрі,
Тілеулес біреуі әже, біреуі ата,
Солай деп, келгендер көп, тарту тарта.
Жиылды қожа-молда, ишандар да,
Әдейі іздеп, беруге оған бата.
Кісі даяр көтеріп, тербетуге,
Тілектес жанның бәрі ер жетуге,

Мен жылаймын бесікте биттер талап,
Шешемді байға ұрысқызып, жерлетуге.
Һәм оның атқа мінер, сүндет тойы,
Тойға сойған үйінің жылқы, қойы;
Құдалық, үйі түскенде сойған малын,
Еңбек қып, кедей таппас өмір бойы.
Мен ауырдым, баяғы күнім қаран,
Манайыма жолай ма жалғыз адам?
Бай «ақымды берсін» деп, сөз салдырды,
Ауруыңнан соның сол сөзі жаман.
Үйімнен табылды ма сүйген асым,
Тоқым төсеп, сүйедім ерге басым.
Әкем, шешем қасымнан бай жұмсаса,
Жөнеледі көзінен төгіп жасын.
Ол ауырды, кім көңіл сұрамаған,
Қамыққансып, қайғырып, жыламаған?
Әке жоқ жожа-молда, дәргер жиып,
Қандай шығыны болса да шыдамаған.
Ол қандай өмір сүрді ес білгеннен,
Сау қалған кедей бар ма ол күлгеннен?
Тамаққа ыдыс, басқаға масыл болып,
Уақыты артылды ма бос жүргеннен,
Бала күнгі өмірі — ойын ойнау,
(Балада жоқ, ойыннан басқаны ойлау)
Тіл шыққан соң үй ішін һәм көршісін,
Ата, енеден жіберіп, түгін қоймау.
Ойнамап па ек онымен топай, асық,
Соқыр теке, ақ сүйек, шапқыласып,
Ойында бізге зорлық қылғаны үшін,
Ойнамай жүрмеп пе едік онан қанып.
Дау қылып, сақамызды тартып алып,
Шағыстырып, үйіне жылап барып.
Шешесі шешемізге «тый» деп, жекіріп,
Қоймап па еді бір қатар бүлік салып.
Тыныштық беріп пе еді келген шалға,
Ол жылап, алмайтұғын қамшы бар ма?
Кедей келсе, атына мініп алып,
Боктамап па ед ол атын сұрағанда?!
Шиттейінен малшыны сөгіп, жерлеп:
«Сақалды ит, етігім тарт, бермен кел!» деп,
Көршінің балаларын келемеж қып,

Жылату болмап па еді оған ермек?
Жігіт күнгі өмірі насыбай ату,
Қымыз ішіп, қызарып үйде жату.
Көп ермегі: қылжақтау, боқауыз сөз,
Анда-санда домбыра тыңкылдату.
Жақсы ат мініп, жүгіріп, секектету,
Қоян қуу, тазыны жетектету.
Жалғыз емес, жанына жолдастыққа,
Кедейді шолағымен тепектету.
Ағызбаған тер қоймай, мінген аттан,
Ол қоянды қуғанда талай шаттан,
Кедей көп, көш-жөнекей жаяу келіп,
Ыстықта аузы кеуіп, шаршап жатқан.
Оларға ұрыспады ма аңнан келіп:
«Құдық аршы, эне тұр жылқы жеріп».
Бармаса, ашуланып, үйіне ұрсар:
«Ендігәрі көрші деп,

қымыз беріп...»

Көршінің қыз, келнінде дамыл бар ма?
Олар сөз айта алды ма малы барға?!
Әсіресе, жексұрын болмап па еді:
Қатыны жас,

қартаңдау малшыларға?!

Түре келсе бір кедей кебіс салар.
Есік ашар бір кедей, құман алар.
Киінсе киімдерін кісі әперер,
Білмеймін: өзіне-өзі неге жарар?
Бірді-бірге қайрап сап, шағыстырар;
Татуларды араз қып, шабыстырар;
Атасынан мұрасы — жұртты сүйтіп,
Ортасынан бақ-дәулет қағыстырар.
Егле құс жақсы тазы,

жақсы ат қоймас,

Канша сұрап алса да көңлі тоймас.
Түстеніс қып,

момыннан қырғызып жеп,

Олар келсе, сырғытар өзі соймас.
Осы жайын сақтауға малды шашар,
Қалаға дамыл таппай, шапкыласар,
Бермеген орыс қоймай аяғында:
Шығынды елге жаяр татуласар.

ҚОРТЫНДЫ

Жақыптың қай еңбегі менен артық:
Етігін де шешкен соң біреу тартып?
Құдайға не жазып ем тумай тұрып,
Туғаннан мені жоқ қып,

оны жарытып?

Әлде маған таң бар ма өлгеннен соң,
Құр тәнімді қабірге көмгеннен соң,
Бұл күнгі ауыр бейнет,

қайғыларды,

Ұмытам ба хор қызын көргеннен соң?
Сонда ғана жамаусыз киім киіп,
Сонда ғана жақсы асқа аузым тиіп,
Сонда ғана прақпен сайран салып,
Сонда ғана үйірлеп сұлу сүйіп,
Сонда ғана еркімше ұйқым қанып,
Сонда ғана жұмыстан демімді алып,
Рақатты ұрмақтан көрермін бе?
Тамаққа,

киімге де сонда жарып?

Сонда ғана үстімнен бит арылып,
Сонда ғана іс қылмай байға жалынып,
Сонда ғана көн қолым жазылар ма
Һәм табаным қанаған мынау жарылып?
Кісілік есебіне сонда кіріп,
Сонда ғана байлармен қатар жүріп,
Сонда ғана

құдай-ау, құтылам ба,

Қорлауынан олардың сықақ қылып?
Сонда ғана оларға жалбақтамай,
Бабасын,

не пәленің бір мақтамай,

Сонда ғана, бай-еке, соның теріс,
Деуге тіл келе ала ма жалтақтамай?
Сонда ғана кам көңілім жаңара ма?
Сонда ғана көн бетім ағара ма?
Сонда ғана «кедейдің байларда ақысы
Бар» деген сөз қолға алынып қарала ма?

VI

РУХАНИ ҚЫСЫМШЫ

(Духовный угнетатель)

Деген сөз бар болса да үміт үзбе,
 Бұл медеу болса дағы көңлімізге,
 Байлардай берген ат пен асымыз жоқ
 Бере ме сол ұжмақты молда бізге?!
 Кедей сорлы дүниенің азабында,
 Екі көзі байлардың қазанында,
 Жарайтын киімі жоқ және тағы
 Оқуға мұрша бар ма намазын да?
 Ишандар келмеді ме сәлде киіп,
 Байларға бермеді ме батаны үйіп?
 Үлкен-үлкен кітаптан соқпады ма,
 «Мал берсең кетпейсің деп, отқа күйіп»
 Ол сонда атырды ма кедейге таң?
 Демеді ме: «Мырзанның тілдерін ал!
 Бір сабақ жібін алсаң дұзақтасың,
 Оңбайсын, құт кісіге бітеді мал.
 Ораза, намазыңды, әсте қойма,
 Құрбан шал, ақыреттің қамын ойла,
 Пітір бер мезгілінен калдырмастан,
 Оразаның сауабын, жаным, жойма!
 Әліңше құрметтесең ғалымдарды,
 Қыяметте құдайым саған берді,
 Садақа бер, бата ал молдалардан,
 Тәспих тарт һәм дәретсіз баспа жерді!»
 Егер дерт бере калса құдай басқа,
 Молдекеңе емдеуге бір боз қасқа
 Өңгертпеп пе ем жан үшін борыштанып,
 Жарымай отырғанда үй іші асқа?
 Бермесем молда тегін емдеді ме?
 Құр жалыну құлаққа енгені ме?
 «Дүние, ақырет те байлар үшін,
 Шүкірлік қыл дер тағы, бергеніне».
 Байларға өгіз болып өту үшін,
 Дүниеге шыныммен-ақ келгенім бе?
 Шөп бермей ме өгізге өлмесін деп,
 «Жұмыс иесіз қалады өлген соң» деп,
 Сол секілді кедейге жазғаны ма:

«Өлмесін, басқа рақат көрмесін» деп,
Жұмыстан арықтаса өгіз қажып,
Жіберер «семірсін,— деп бойын жазып».
Кедей қажып, жұмыстан халі кетсе,
Денесіне кім берер оның азық?

VII

АДАМНЫҢ ҚАСИЕТІ ҒӘМ БАҚЫТҚА ТАЛПЫНУ

Жоқ, мен бұған разы тіпті болман!
Бақытты іздеу керек басқа жолдан:
Бұл жолға көрге дейін өмірін беріп.
Жан аз ба менен басқа әуре болған?
Көнетін бұған менде тілек жоқ па,
Бақыт іздеп тулаған жүрек жоқ па?
Ақыл иесі қалайша көніп отырар.
«Бейнеттен басқа алдында үміт жоққа»,
«Бейнетке, жексұрлыққа жаралғанға»,
Әркімнен кем көзбенен қаралғанға,
«Қойшы,— деп — есіктегі иттің сөзін».
Әр жерде ит есепті саналғанға.
Бұған көніп жүргеннен өлген артық;
Іштен тынып, жанғаннан сөнген артық,
Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе көрген артық.
Қартайғанда қайыршы болу үшін,
Жастықта жұмыс жаншып, солу үшін,
Сол бейнетке тастауға тағы да ұрпақ,
Осы үшін жасаймын ба, айтшы, кісім?
Кім мені бұл бейнетке айдайтұғын?
Көнбесем де құл қылып, байлайтұғын?
Әлде менде рақат, бақыт іздеп,
Қан жоқ па жүрегімде қайнайтұғын?
Ойлаңыз, менде жүрек, менде жан бар.
Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар,
Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар,
Бәрі де байдікіндей, байқасаңдар.
Туысымда онан жоқ еш кемдігім,

Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар,
Менің дағы қатарға кіргім келер,
Жақсы ас ішіп, жақсы атқа мінгім келер,
Аз күнгі тіршілікте бейнет көрмей,
Өз еркімше өмірді сүргім келер.
Менің де жақсы киім кигім келер,
Сұлуды бұраңдатып сүйгім келер,
Дұрыстыққа шаттанып, бұрыстыққа —
Жәбірленіп, кек тұтып, күйгім келер.
Сыйлағанды сыйлағым менің келер,
Қинағанды қинағым менің келер,
Кім кемсітсе, қолында өлгім келіп,
Кім мені алдамаса көңлім сенер.
Жақсы үйге, жақсы орынға жатқым келер,
Жұрт мақтарлық атақтар тапқым келер,
Асса адам баласына жақсылық қып,
Алғысқа, абройға батқым келер.

VIII

БАЙЛЫҚ—ҰРЛЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ

(Қазіргі өмір — бақ іздеушіні залым қылады)

Қайтермін құтылуға бұл жайымнан,
Аспайды нені ойласам уайымнан,
Ақ ниет адалдықпен қызмет қылып,
Торықтым, сұрай-сұрай құдайымнан.
Байқасам енді түсіп арам жолға,
Күйер деп, аяйтұғын өмір сол ма?
Тапқаным мынау болса жер жалмасын,
Жүрем деп, білгенімше ылғи оңға.
Деген бар: «Бәрекелді құлды өлтірер».
Болғаным: «бәрекелшіл» байға жақсы,
Бейнеттен басқа өзіме не келтірер?
Рас мен «бәрекелшіл» болмадым ба?
Бай жұмсаса жанымды қорғадым ба?
Аз ішіп, жұмыс болса артық істеп,
Өмірді «бәрекелмен» оңдадым ба?
Көнбеп пе едім жазықсыз ашуына,
Жай ашуын менен ап басуына?
Келіні, жұдырықтай баласының,

Кожасынып, ызғарын шашуына?
«Бәрекелді алам» деп бұға берсе,
Сокпап па еді себеп боп жасуыма?
«Жеп қойды, ішіп қойды, ұрлап қойды,
Жалмауыз ол ит қашан асқа тойды».
Деген сөзі қайнатып жүрегімді,
Жылатпап па ед қозғатып іштегі ойды?
«Акымақ, дәлдір — есер, жындысы да,
Жақпаған еш мінезбен құрбысына»,
«Шаруасына пысық бұл» десін деп, жұрт,
Мін такқан бола қалар жұмысыма.
Бұл қалай ақ ниетпен оңбайтыным,
Терлесем де оңатын болмайтыным?
Періште, сенен бездім, шайтан бері кел!
Күйер деп, не жайым бар қорғайтұғын.
Әзәзіл, жүрегіме салшы бүлік!
Жұрт десін мейлі жынды, мейлі жулик.
Бакытты саған ерген бұл уақытта,
Айтсаң да, айтпасаң да тұрмын біліп.
Ауылдар «...» деген, «...» деген
Тіліңді ап, жеті атадан елді жеген,
Ұрлық, зорлық, өтірік бәрі де бар,
Өйткенмен кем боп отыр олар неден?
Шен-шекпен аталары киген екен,
Ел қорқып, дүниені соған үйген екен.
Алғаны, сойғызғаны былай тұрсын,
Еріксіз қыз-қатынын сүйген екен.
.....¹ күтуші мен нөкерінің,
Зыяны момындарға тиген екен.
Шындық үшін сірескен талай басты,
Иттеріне тепкізіп, иген екен.
«Я құдай, мен жазықсыз, сен теңгер» деп,
Көргенше талай кеуде күйген екен...
Баласы — осы күні елдің байы,
Оның да қызығарлық күйі-жайы,
Ол қылмаған зұлымдық, жамандық жоқ,
Қайда жүр, теңгерсе егер, бір құдайы?!
Малменен оқып жетіп балалары,
Төре боп, ел билеп жүр, олар бәрі.

¹ Бұл сөз қолжазбада танылмады. Б. Қ.

Дәулеті өнер табуға жол даярлап,
Болса да аузы қисық сөзі дәрі.
Әр елдің бас адамы құда болып,
Аймақ боп, ешкімге тимес бата торып.
Қырға келген төрелер, оқығандар,
Соны білер, соған барар, сонда қонып,
Дүние үшін оқығандар қызын алып,
Қыздары білмесе де жалғыз «әліп»,
Басқадан көпті көрген, көпті білер,
Хаж барған, дәулет, баққа отыр жарып.
«...» жүр ғой эне жуан қарын,
Бір тиынға сатады ар, иманын,
Кедейменен алымды бірдей тартар,
Азсынып, бықып жатқан сонша малын.
Сауда ғып, «...» анау елді жеген,
Бай болды осы күні «мынау!» деген.
Бай болған кісілердің бәрі цыган,
Таусылар ма мен санап айтқанменен.
«....» болыс, «....» бай, «...» билер
Кедейдің қанын сорып, жүндей илер.
Адалдық маңдай термен бақыт тапқан,
Адам жоқ, үлгі қылып, кедей сүйінер.
Алдауы, өткірлігі кімнің артық
Болса, сол бақ, дәулетті алар тартып.
Бейнетқор, адамдықпен кәсіп қылған,
Өмір бойы өтеді азап артып.
Бұл күнде шайтан тірі, періште өліп,
Шайтан саған еремін соны көріп,
Ұрлық қылдыр, кісі өлтірт, өтірік айтқыз,
Алдағыш кыл — бәріне тұрам көніп,
Тек байлық берсең болды, шайтан, маған,
Демеймін айтқаныңның бірі жаман;
Қай жолмен болса дағы бір байытшы,
Болмайды бай болған соң жаман адам.

ІХ

ЖАҚЫНЫНАН АЙРЫЛҒАНДАҒЫ КҮЙІК

Әзезіл орның даяр, кел ішіме,
Жүрмеймін мұнан былай ел ішінде,
Адамға өз елінен басқа ел жақсы.

Түстө көз күбылатып, бір пішінге,
Мен эмес туған жерді кыймайтұрын,
Кетерде көз жасымды тыймайтұрын,
Бейнеттең туған жерде көз ашқам жоқ,
Жанымды нем бар кимай, кинайтұрын,
Қысқы суығы өкпемнен талай өтіп,
Күзгісі де, міне түр дірілдетіп,
Шәкірлері қадалған табаныма,
Қойды ма жаланап деп, мейрім етіп,
Кей жылы болып кетіп жұты қатты,
Аз малым ақ сүйек боп, жерде жатты
Басым кісіде болғанға қорғалзактап,
Дейсің бе мендей сорлы күтіп бакты,
Қасқыры мың қарасын байдың көрмей,
Жеп кеткен кезі болды жалғыз атты,
Қамайтын не нәрсем бар туған жерде,
Кетемін қанғырып-ақ бәтен елге.
Аһ! Менің кәрі әкем мен кәрі шешем,
Қазығым қарайлайтын сол қой менде.
Көрсеніз қартан тартқан шешем менің,
Болмақда қызыя көзді бүкір белің;
Бай үйінің ас-суына араласар,
Сыбазып, қомыт киімінің жалба жеңің.
Бұзауын оя жіберер, ерте тұрар,
Күн қызғанша бүргіштер, ұршық бұрар,
Түсте тұрып, күйғызып дәрет суын,
Бәйбіше: «шай даяр ма!» онаң сұрар.
Былғанған бесігімен жас баласын,
Ағзып, шешем жуар қол саласын,
Онаң соң сұыр сауып, сүт пісіріп,
Жуалы қазан-аяқ һәм шарасын.
Жыбу тігіп, ас пісіріп, жібін есіп,
Жыған ба деп жалтақтап күні кешіп,
Аурулы, аз жылдан соң көрге күлгү,
Өмір болды өкпесін есік тесіп.
Жасында ол келейдің қызы болған,
Көрсені болса-ақ күн бар ма оған ояған,
Бекілетін шықса-ақ болды, келейлікпен,
Мал үшкір ұстап сатар әке қолдан,
Бір қолыны айттырыпты он жетіде,
Қолына ашқау, моғкал екен келбеті де.

Айттырса да ала алмай көп жүріпті.
Мал беру келмеген соң ретіне.
Он жасынан есікте дірдек қаққан,
Жиырма жастан бай қойын он жыл баққан,
Тағы алты жыл жүріпті, ала алмастан,
Қалың малға жете алмай барлық тапқан.
Сүйтіп жүріп, шешеміз ер жетіпті.
Әкеміз жасөспірім жылқышы екен,
Жас көңілін ол азғырып, тербетіпті.
Мал да жоқ, қатын да жоқ қойшы шалға,
Болыпты ақырында амал бар ма.
Шал үшін би, болыстар не бопты,
Әкемнен шешеме деп, шыққан малға.
Қолдаған болысына әкем жағып,
Жылқысын көп жүріпті тегін бағып,
Шешем дағы айналып үй жұмысына,
Берген ескі-құсқысын жүрген алып.
Тек жүруден жалықса болыс айтқан:
«Шалға мал әперем — деп — биге салып».
Ісі солай байланып екеуінің,
Көп жылдар солайынша болған кәріп.
Бұл күнде әкем анау жасқа жеткен,
Аурулы, өзі көксау: күрк-күрк еткен.
Екі інім бар, болмаған мал-түлігі,
Бәрі тек мені асырар деген ниетпен.
Дейді олар: «Бізде арман жоқ алдында өлсек.
Аяғын шырмап келін, немере көрсек.
Өмірлік қайғымызды көр шетінде,
Құдайым жеткізсе егер сүйтіп бөлсек»
Шырмайым деп, шырмады аяғымды
«Мен әкең, ал—деп міне таяғымды.
Бір ат пен бір сиырым қалмаса да
Қуантам — деп ол отыр — қарағымды».
Мен онысын жек көрем, сүймек түгіл,
Көрген сайын мұздаймын, күймек түгіл,
Дүрия кисе қарамап мен ол қызға,
Бай қызының ескісін кимек түгіл.

Малым кедей болғанмен жаным биік;
Жүрегім жек көре алар және сүйіп;
Қара көз, алтын сәуле, ақ ерке үшін,

Бай ұлындай тарта алам мен де күйік.
Мен дағы сүйген сәулем «...» үшін,
Ұйқтай алмай жатқанда кеудем күйіп.
Соңыра, таң сарғайып атқанында,
Ұйқыға ит те, мен де жатқашымда,
Елесін сол жанымның оймен құшып,
Білмеймін арқама жер батқанын да,
Естен шығар толассыз бейнет, қайғы,
Туғаннан бұл күнгеше тартқаным да,
Ол кезде ұмытамын әкесінің,
Бай шалға тоқалдыққа сатқанын да.
Кедейлікпен қалып, мал алғаны...
Сол жылан шыдатпайды шаққанында?
Ем болды ма, ақымды үйге бермей,
Шешесіне сый кылып, жаққаным да.
Бекерге шықты оны бала күннен —
Меншіктеп бойға үйір қып баққаным да.
Төбемнен жай түскендей бір-ақ болдым,
Шал-екен көп мал беріп, қаққанында.

Қайтермін ішке дерті сыймағанмен,
Болар ма көз жасымды тимағанмен;
Жыл өтті, болатұғын болса болды,
Жүрекке құр елесін жинағанмен.
Дұғаға, жалынғанға тағдыр санрау,
Өнер жоқ, ашу кылып, қирағанмен.
Түнгі ұйқы, күндіз күлкі бірін көрмей,
Не болды құр жанымды қинағанмен.
«Ол сенікі» деп мені нанғыза алмас,
Жүз әулие, мың бір кеп, милағанмен.
Жан қимақ пен жар қимақ бәрі бір бәс,
Қидым-қидым... Амал жоқ қимағанмен.

Сонда да оны ойламай қоя алмадым,
Ойлауға жалықпадым, тоя алмадым,
Болмаса сол турадан сөйленген сөз,
Ұйқтадым басқа сөзге оянбадым.
Ұзақ түн ұйқым келмей, кеудем қызып,
Нешелер көз жасыма боялмадым!
Қаптатып топан суын, Мұхит теңізін,
Сол отын жүректесгі жоя алмадым.

Битке өкпелеп құр тонды отқа салмай,
Дүниеде тұра алғанша тұру керек.
Әйтеуір адам көрге бармай қоймас,
Асықпай-ақ қойсам да алмай қоймас,
Ерте қолдан өзімді ұйқатпайын,
Көр ұйқысы ұзақ қой қанбай қоймас.

Деп енді қарайламан: «әке, шеше»,
Сағынып, жыласа да күнде неше,
Осынша сұм дүниенің азабына,
Неге мені тудырды «оңсын» десе.
Мен үйленіп, ұрпаққа себеп болмас,
Даярлаған бақытым бар немеше.
Мен өйтпей-ақ табылар байларға өгіз,
Толып жатыр, көзіммен көрдім кеше,
Кедейдің қара лашық жыртығынан,
Нанбасаң сығалап көр, білгің келсе.
Шиеттей қызыл қарын, үрпек бастар,
«Маған, маған» деп шулар тамақ жесе:
Қайда барса шешесін жексұрын қып,
Үшеу, төртеу, білерсің соңына ерсе.
Аз асы көптен берсе жетпей қалып,
Жарымай бәрі жылар аз-аз берсе.
Ұрып, алдап, қомытқа орап салып,
Бай үйінің жұмысына кетер шеше.
Байдан сұра бардағы ағайындық,
Жай айтып, жалынғаның құлаққа енсе,
Немесе, қарызға деп ақша сұра
Еңбегімен төлер деп, байың сезсе,
Бермесе «бейбілсіз ит» деп, үйінде,
Өкпелеп жат түбінде кедей жеңсе,
Немесе, тоқты-торымын жасырып сой,
Бар қараңды айыпқа бергің келсе...
Еске алып шеше сүтін, әке күшің,
Қайтейін, бұрып-ақ тұр менің ішім,
Солайда өзім үшін өмір сүрем,
Мені де олар туғызған өздері үшін.
Жатқан жоқ бұл өмірден өмірі оңып.
Қалың өрттен бір тамшы сумен қорып,
Өзім бірге күйемін сөндіре алмай,
Қартаярмын жүргенде әуре болып.

Түбінде халдеріне қарасармын,
Қарасар мұрша тапсам бақыт қонып,
Әйтеуір олар суға кеткен кісі,
Соңынан етейін бе мен де «шолып!»
Әйтеуір мен шайтанға ерген кісі,
Ұят жоқ, ашпайтұғын бата көріп.
Мейлі жынды десін, азды десін,
Разымын жұрт айтса қалай жорып.
Ертеңнен қалмай кетем, елді қимай,
Көз жасым жоқ жылайтын солқ-солқ.
Шыдамай елден кетем, жерден кетем.
Бай мен биттің жеуіне қаным сорып.

БАҚЫТҚА ЖЕТЕТІН ОҢАЙ ЖОЛ

(Яғни елге масыл болу)

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін, осы жері маған арман.
Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,
Мақсатым — оқу, оқу көңліме алған.
Құдай беріп, мен болсам ишан, молда,
Байлар сыйлап, түсірмес қолдан-қолға.
Дөкей-дөкей кітаптан мен де соқсам,
Байдың ісін келтіріп, ылғи оңға.
Шайтан беріп, төмені—тілмаш болсам,
Байың тұрсын, болысың болар жорға.
Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінекей, кеттім сонда.

110. ҚАЙҒЫ

Асты мұз, үсті мұз өзі қалың,
Ақ дария қаптаған жердің бәрін.
Көріп тұрмын «жаныңды қоймаймын» деп,
Терісінен суық желдің долдағанын.

Үскірік, күңгірттенген, ауа шаңыт,
Жүрегім шыдамайды, түрін танып.
Өз көзіме сенбей жүр өз көңілім,
Құдай-ау, мен де кедей болдым ба анық.

Баласы емес пе едім Құтпанбайдың?
Мыңды айдаған нағашым және қайным.
Бар ма еді бұл маңайда бір ай бұрын,
Менен сүйген кісісі бір құдайдың?

Майда жал, қаз мойынды тобым қайда?
Бәрінен сыпырылдым бір-екі айда.
Үстіне жел шықпаса, адам шықпай,
Бұла өскен ая көзім қандай жайда.

Тарамыс таспасы да қолға түспей,
Қу сүйек болды, қалды әрбір сайда.
Неше жыл бейнеттеніп өсіргенде,
Қайғысы өз басыма болған пайда.

Терлесе жаным шыға жаздаушы еді,
Кім мініп, кім жемеді бар ма айла?

Отырдым біржолата -қара малдан,
Бәрі өледі көтерем ана қалған.
Өлімсекке қу қамыс не болады,
Сасқандықтан қораны бұзып салған.

Бұра тартар көлік жоқ, жүрмін жаяу,
Онда жоқ ет азайған, аштық таяу.

(Бұл арада 20 шақты беттей жоғалған)

1919



РОМАНДАР

III. ҚАМАР СҰЛУ

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Балауыз балбыраған тәні қандай,
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сәні қандай!
Еріткен іші-баурыңды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай,
Жұп-жұмсақ,

бып-биязы ішке кіріп,

Жайтаңдап жан күйдірген кезі қандай!
Күлгенде көзінді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші?
Алмас кылыш жүзіндегі аударылған,
Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі.
Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,
Бойының мінсіздігі онан асып,
Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді,
Ең арты жүрсе дағы аяқ басып.
Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен,
Мұбада көрген кісі қиыр шеттен,
Көлеңкесі күйдіріп күні-түні,
Есінен екі-үш айда әзер кеткен.
Талайы бозбаланың болған ғашық,
Уай шіркін!

Болсайшы деп бізге нәсіп,
Егер де, Қамарменен тіл қағысса,
Құдай ұрып жам болар қара басып,
Қамар да қоя берді бетін қақпай,
Жүрсе де сонысынан жұртқа жақпай,
Әркімдер құдалықты ойланса да,
Қамар қыз қайдан көнсін теңін таппай.

Қамар осындай сәулетпен бұлғақтап, болып тұрған кезінде құдай берген дәулеттің арқасында, аброй, атак бірдей келіп, толып тұрған кезінде:

Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,
Қамаржан сені ойласам, ішім жанар.
Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең,
Ішкендей кәусер суын мейрім қанар...

дегендей өлеңдер сол маңайдағы боз балалардың аузынан екі елі тастамайтын тасбығы еді. Және бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе: «Уай шіркін! Мынау Қамардай екен!» десуші еді. Кей уақыт Қамардың көзіне, жазатайым, көздері түсіп кеткендері де әлде қандай көтеріліп, қуанып қалушы еді. Қамар біреуіне, әншейін бір істің жөнін сұраса да: «Қамар маған сүйдеді, бүйдеді...»,—деп, неше күндей әркімге бір әйгілетіп, даурығуға со да жетуші еді.

Қамар осындай әркімнің көзіне күйік болған калпымен күннен-күнге құлпырып, 15 жасына жетті. Бұл кездерінде баяғы теңмін деп құмартып, құлқынын құртып жүретін замандастарынан жоғары секілді, телміріп жазған өлеңдер, хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін өзінің пішендігімен жебедей жерге енгізбей, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді.

Сол кезде аса жақын болмаса да, Омарларға үш-төрт атадан барып қосылатын Сарбас деген ауылда Жәуке деген кісінің оқу соңында жүрген жыйырма бір жаста Ахмет есімді бір жақсы, зерек баласы бар еді. Жәуке өзі нашар кісі болса да, бар тапқан-таянғанын жалғыз баласы Ахметтің оқуына салып, жасынан олай сүйреп, былай сүйреп жүріп, әйтеуір молда атына іліктіріп еді. Бертін келген кездерде, Жәукенің ол бейнеті босқа кетпей, Ахметтің арқасында аузы асқа, ауы атқа тиіп, есіктегі басы төрге жетті. Аса байып кете қоймаса да, өзіне-өзі тоқ, жақсы ғана дөңгелек ауқатта бітті.

Бұл Сарбас аулы осы Омакеңдермен ыңғайлас, жазғы, қысқы қоныстары бір, аралас-құралас еді. Ахмет пен Омардың үлкен баласы Қасен құрдас, жа-

сынан бірге өсіп, бірге оқып, біте қайнаған сырлас еді. Бірінсіз-бірі тынышып тұрмас еді. Мұсылманша оқуды екеуі сабақтас болып оқып, рушді сыныфтарын бітіріп, онан соң ауылнай школда оқып тамамдаған соң, Қасенді әкесі гимназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онан артық ұзай алмай қалғандығына бірсыпыра жыл болып еді. Ахмет онан соң да тағы талпынып оқып, иғдади сыныфтарын бітірді. Бертін уақыттарда үлгілі жерлерді аралап, тәртіп, дүние танығысы келсе де, қартайған әкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей, қарайлап жүрген жайы бар еді.

Және Ахметтің ақыл, ой, зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай. бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш — ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, шарифат, насихат айту болсын, ең арты, біреуді сықақтаған қулық болсын бас бәйгі Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзінен үлкенкішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін де елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы», — деп, біреуге ақыл айтқанда, қызға Қамарды үлгі қылатыны секілді, боз балаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді. «Қыз қылығынан» деп... не қылса да, Ахмет осындай-осындай... қылықты мінездермен құрбы, замандастары арасында айтулы, ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса, біраз жұртқа атағы да шығып кетті. Міне, осылай Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді.

Бірақ, ауылының малға мастанған, мұрындықсыз, жел бастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай, күндеп, іштері жарылып кете жаздаушы еді. «Сонша көтеріп неме керек, кешегі мұрнынан боғы аққан Жәукеннің жаман баласы емес пе еді?» — деп, жарбаңдап алдына шыға берушілер де аз емес еді.

«Жақсыдан жаман туса емі болмас, жаманнан

жақсы туса теңі болмас» деген бабаларымыздың жарқыраған жолын надандығы көргізбеуші еді. Көбінесе себеп: олар жүрген бұзық жолда Ахметтің жүрмеуі, оларға жолдас болмауы, жақсылыққа бастауы, жамандыққа баспауы еді. Жай бозбалалардың сыртқы әңгімелерінде: бұл маңайда Қамармен әзілге, сөзге, өлеңге, ақыл, ой, білімге де жалғыз пар келетін Ахмет екендігі айтылып отырушы еді. Және бұл екеуінің сын-сымбаты сырттан бір-біріне ұнасқандығына қарағанда, тапшыны да сол болуға лайық еді.

Қамар, Ахмет іштерінен бірін-бірі жанындай көріп, жарылып кете жаздаса да, ағасы Қасеннің жаны бірге досты, құрдасы болып, бірге жүріп, бірге тұрған соң, бірі аға, бірі қарындас секілді бір-біріне бүгінге шейін ойнап болсын, шындап болсын, сыр ашып, сыбырласа қойған жерлері жоқ еді және біраз күнгі ойын-күлкі ғана болмаса; Қамар, Ахмет түпкілікті болып қосыларлық ешбір рет жоқ еді. Себебі: Ахметтің құр жігіттігі болмаса, құда болып аларлық малы жоқ, алып қашар еді, ат салысарлық ауданы жоқ; қолына қарап тұрған кәрі әке-шешесі тағы бар; оларды тастау оңай болып па? «Теңі келсе, тек табар» дегенге көне қоятын қазақ па? Өйтпек тұрсын, «Қамар» деп аузынан шығарса-ақ, айып салып, бірдеңесін өлтіргеннен жаман, тергеуге алатын жайы бар.

Міне, бұған Қамардың көзі жеткені секілді, Ахметтің де көзі жетіп, «әйтеуір, түпкілікті бола алмайтынымыз ақ: олай болғанда, нақақ біреуді қаралауда қанша пайда деп, олай-былай құмартып, құрыстап келгенмен, ақылға жеңдіріп тоқтала беруші еді. Алай да, шын сүйіп, күйшілік бір дерт шыдата ма? «Таң атпайын десе де, күн қоймайды деген секілді, осынша тырмысып, шыдайын-ақ десе де жүрек қоймай барады. Күннен-күнге сабыры қалмай, жатса-тұрса көз алдына Қамардың суреті елестеп, жанын қоярға жер таптырмай барады. Ақыр, іштегі дертіне шыдай алмады; біраз күн болса да, ептеп ойнап-күлумен мауқын баса тұру қыялына түсті. Ал, енді Қамардың оңаша уақытын тауып, жүреkteгісін ашып салайын деп-ақ батылданып келеді. Не хекмәт? Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып, қы-

зара бастаушы еді. Бойына әлде немене бір қорқу пайда болған секілді тұла бойы тітіреген-сымақ кызуланып, қызынып, қуанышты, қорқынышты, аттай тулап, аузына қарай тығылыққыраған жүрегі сөйлесе дірілдеп кетейін деп, суынып, ісініп, қымтырылып, қысылып, бір жоғары, бір төмен қарап қайта-қайта ұмсынып, ешбір нәрсе айта алмай шыға беруші еді. Сөйтіп, іштерінен сүйсініп, күйгендігін көлеңкелеген болып отырса да: «Жаным, жарылайын деп-ақ іші-бауырым елжіреп, еріп бара жатқандықтан, есалаңданып отырмын, қайтейін?...»—дегендей қылып, ақырын баяу ғана аударысқан ықлас көздері, бірі-біріне түсіп қалса: өздерінің ықтыярсыз барып шап етіп қосылған көлеңкелерін (сурет) көрген секілді, беттерінен оттары шығып бір нәрсені шұқылаған болып, күбілжіктеп кетуші еді.

Солай... Ахмет әлде неше рет: «Әй, енді ме»... деп, қатайып-ақ келсе де, әлгідей халге ұшырай берді. Таудан, тастан кайтпаған жүрегі Камарға бір ауыз сөз айтуға бата алмады. Ол Ахметтің қорқақтығынан, я ынжық, жамандығынан емес; ғашық оты күйдірсе де, ақты қаралауға, ішкі батымының бармағандығынан, жүрегінің тазалығынан еді... Жасынан қыянат, бұзықтыққа қарайып үйренбеген таза көңіл жеме-жемге келгенде жиренбей қайтушы еді.

Көп жүрдім шыдайын деп, іштен жанып,
Кейде олай, кейде былай ойға қалып,
Амалсыз арды түйіп қалам алдым:
Кеткен соң ғашық оты ойымды алып,
Ойнайық азғана күн дәурен өтпей,
Тұрғанда басымыздан билік кетпей,
Шығаршы жүректегі шын сырынды,
Жәутендеп екі көзді мөлдіретпей.
Талпынып қол сермедім ұшқан құсқа;
Болса да жетер ме деп қолым қысқа,
Көзге күйік көріндің, іш күйдірдің
Мейрімсіз отқа салдың бұл дұрыс па?
Бір өзіңнен басқаны қойдым жауып,
Ұят па, ойнап, күлу теңін тауып,
Көрген соң жалғыз ғана ішің білер.

Жау мұндалап жүрмессіз елге шауып.
Ақ түйғын талпынбай ма теңге қарай,
Басын кессе бара алмас кемге қарай,
Дауасы сырқатымның жалғыз сенсің:
Талпындым жаным үшін емге қарай.
Қарайсын мөлдіретіп жаудыр көзің,
Шын айтсам шыбын жаным сенің өзің.
Елжіреп іші-баурым ынтығып тұр:
Тез естір мейірбанды жылы сөзің.

Қамар хатты оқып болған соң бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып қарап тұрып бір тынышсыздыққа қалды.

Мұнан соң қайғы басқан кісі секілді әрдайым мұңайып, ойланып жүретін болды.

Бұрын таңның атқанын, күннің батқанын білмейтін Қамар бір ол жағына, бір бұл жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқызатын уақыттары да болып жүрді. Себебі: бір жағынан Ахметтей ақыл, ой, парасатты тең жігіт табылмайтындығын ойлап, бір жағынан әке, ағаларының Ахметті кедейсініп бермейтіндігін ойлап, түпкілікті болмаған соң, құр біраз күнге әрі-сәрі әуреленіп қалудың ретін тағы таба алмай, жатып, тұрып, сандала беруші еді.

...Бір күні қағаз алып, әлде не жазуға ойланса да; не хекмәт, қолы жүрмей жіпсіз байланған секілді, бір түрлі мұңайған уайымды түспен қаламды бір сыяға батырып, бір қағаз үстіне жорғалатып, бір ұшықныры жоқ, ұзын ойға батты да отырды. Бір жазып, өшірді. Бірді жазып, жыртты. Қаламды қайтадан сыя ішіне қойып, бір жақ қолымен жағын таянып, көзін сүзіп, тұнжырады да қалды. Әрі ойлады, бері ойлады, уысына ешнәрсе түсіре алмады. Біраздан соң ауыр күрсінді де, қайтадан қаламын алып:

«А, құдай, жасты жасқа пар қылғаның,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.
Біреуге алтын, гауһар тахыт беріп,
Астына жұрт билеген хан қылғаның;

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның;
Біреуге Аплатондай ілім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның;
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты қара көңіл аң қылғаның;
Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын
Малдыны кісісітіп паң қылғаның.
Көрсетіп күдретіңнің шеберлігін,
Бендеңнің миы жетпес таң қылғаның» —

...деп жазды да, қағазын жиып, жанындағы домбырасын алып, далаға шықты. Әлгі жазған өлеңін жұрт түсінерлік қылмаса да, бір түрлі зарыққан, зарлы жіңішке әуезбен көмейге салып баяулатып, жаяулатып домбыраға қосты да отырды. Басқалар мұның не екенін қайдан білсін, Қамар тағы бір жақсы ән шығарыпты; ал, үйренейік десіп, жүгірісуде еді.

Сөйтіп... ойы онға, ақылы алтыға бөлініп, әуреленіп жүрген кезінде, Ахметтен тағы мынадай бір хат алды:

Калқам-ай, қапа қылдың жауап бермей!
Жүр ме екен қолың тиіп, рет келмей?
Дәрменсіз дертім қалың, жүрек толқып,
Мен жүрмін сол қападан әзер өлмей.
Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,
Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын.
Көңілімді көкке ұшырмай дауалатшы:
Алып-ұшып барады тұла бойым,
Апырым-ай, көз қарасың тәуір еді;
Мінезің салмақтылау, ауыр еді:
Жауабың кеше, бүгін болмаған соң,
Көз жасым көктен құйған жауын еді.
Білемін ішкі жағың мені сүйер:
Теңдесін теңдес сүймей, нені сүйер?
Дәл ойың жалғыз қылдың үстінде тұр,
Ауа алмай бір жағына ішің күйер...

... деген жерге келген кезде, Қамардың хатты ақырына дейін оқып шығуға шамасы келе алмады. Сол жерде не болғанын да білмей, тамағы булығып тұр-

ған ызалы жастары көзінен ытып-ытып кетіп, оқы-мастан алып қойды...

Ал, енді Қамардың толған жүрегі, толғанған көңілі олай да, былай да толқып келіп тоқталған уақытта, өзінен-өзі сөйлескен кісідей, мынаны айтушы еді: «Ахметті сүйемін-ақ, сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ, ал енді, шыдамадым... қараландым. Күні ертең ел-жұртым екеумізді екі айырып жібереді. Онда не болдым. Қосылуға қарар таппаған көңіліміз айрылысуға не ғып шыдатады?.. Әке, ағаларым болса, мені оған бермек тұрсын, бұл жазғанын сезсе де, бұл күнімізді өзімізге көп қылады ғой...» деп, оңашада әлі келетіні баяғы аяусыз көздің жасы еді.

Бір күні өзіне-өзі қайрат беріп, «Қой, бүйтіп күйік үстіне күйік-жалқын салмайын; өзімдікі қабырға бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын; бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой; сонда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге?... Бес-он күндік ойын үшін, әрі өзімді, әрі оны қараландырып, жұртыма да, құдайға да ұятты болмайын; жанған жаным жана берсін; обалымыз қыюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын. Бишараның жанына батыра жазып, көңілін суытайын. Маған әуреленіп, Ахмет деген абройлы атынан айрылып қалмасын. Өмір бойы өзім түскен азапқа ол түспесін...» деп, аржағын салыстырып, шар ұрып келіп, көзінің жасын төге-төге мынау бір хатты Ахметке жазып беріп жіберді:

«Құп алдым ықласыңды, замандасым,
Белгілі сенен жақсы таба алмасым.
Сонда да үмітінді үз, менен түңіл,
Доп емес әркім қағар, менің басым.
Көз тігіп қарадың деп күйе жақпа,
Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та.
Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,
Қарны ашқан қасқырға ұсап қойға шаппа.
Қарасам сүйгендіктен қарамаймын;
Сүйсем де сол сөзіңе жарамаймын.

Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес, көктегі аймын.
Сілтей бер, маған жетер қолың болса,
Даңы жоқ, даңғыл жатқан жолың болса:
Ашық жол, асулы қол болар еді-ау,
Бірақ, жоқ әттең дүние, соның болса...
Сен шыда, күйіп тұрсың, бірақ отқа,
Болсаң да қандай қызу жалын шоқта
Аузың айтып, аржағың біліп тұр ғой:
Екі оттың арасында тұрған жоқ па?!» —

...деп өзінің шын сырын Ахметке дүмбілдеу аңғарсын дегендей қылып қойып еді.

Неше күндей тыншымай, жатып-тұрып ойланып, жанып, күйіп сандалып, ой түбіне жете алмай, дертке дәрмен ете алмай, жаны-жүрегі — көнілі-тілегі Қамардың жылы жауабын күтіп жүрген Ахмет сорлының жүзі, хаттың басқы жолын көрген шағында, қараңғы бұлт астынан күліп шыққан күн сықылды жарқырап кетті.

«Ойдағым келді ме—жылы жауап берді ме? Қамар мені сүйді ме — сүйгендіктен күйді ме?» дегендей қылып, көзі жасаурап, жүрегі лүпілдеп, өне-бойы қалтырап кетті, аһ, не шара... Талапсыз сорлы.

Өлеңнің соңғы жолына қарай аяқ басқан соң-ақ, баяғы қалтыраған жүз — жаудыраған көз, күннің бұлт астына қайыра кіргені секілді, түнеріп салып жүре берді.

Сонда жападан жалғыз өзі ауылдан жарты шақырым бір төбе басына шығып, қолының қысқа, қоғамның азғындығына назаланып, бір түрлі тарығып зарыққан, мұнды лебізбен бір олай, бір былай жүріп, қайта-қайта айта бергені мынау екен:

Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық,
Деуші едім неге керек сыпыра боқтық.
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой;
Діңкемді құрттың, міне, әттең жоқтық.

Ахмет Қамардың әлгі сөзінің тұқымына аржағынан қопарып түсініп тұрса да, қозғалып алған көңілі —

құмартып алған жүрегі тағы бір хат жазбайынша тыныш таптырмады.

Бұл жолғы хатын ешнәрсеге түсінбеген құлақсыз саңрау, тілсіз мылқау кісі сыяқтанып, жанына тидіре, жаралы көңілін күйдіре жазды:

Әрине, қолым жетпес көктегі айсың,
Қағу көрмей, қарсы өскен қалқатайсың,
Жетпесе де сермедім, ал қолымнан,
Ақыл, ой, зеректікке сайма-сайсың,
Ол рас, менен гөрі малың тәуір,
Малы тәуір кісінің сөзі де ауыр.
Теңіне теңелем деп жүргендердің
Талайын қара қарға қылған жауыр.
Не шара, айтқан сөзім ем болмаса,
Сұңқармын сұқсыр үйрек тең болмаса,
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім,
Алды, артым-бәрі қысқа, кем болмаса.
Қылмаса құдай нәсіп амал бар ма?
Біраз күн ойнайықшы ең болмаса.

Қамар тағы көрген соң, баяғыдай бір жанды, бір күйді, қайтсін, амал бар ма?... «Қарға» деген сөзіне қарсы тез мынаны жазып жеткізді. «Суға кеткен тал қармайды» деген ғой, сыныққа сылтау іздемей амал бар ма?..»

Апырмай, ашық еді сенің көзің,
У жеген қасқырдай ғой кейбір сөзің.
Жайды білмей, жарбандап жамандарша,
Қарға не, қайта ойланып байқашы өзің?

Қамардың ендігі ойы: Ахметтің өзіне бір жолығып мұңын, сырын ауызба-ауыз айтысып, көңілдерін жадиратып: «Ретім болмады, айыпқа бұйырмаңыз» деп, неде болса өзінен Ахметті түңілдіру еді. Оның ретін тағы келтіре алмады. Себебі: соның өзінде-ақ қатын-қалаш, малшы-кұлшы дегендейлер, ауылға Ахмет келгенде, Қамармен көз қарастары бір-біріне елжіреп, еріп, елпілдеп тұруларынан сезіктеніп қалып еді. Қалай ауылға Ахмет келді, солай жиналысып,

ортаға алып, ешбір оңашалық бермеуші еді. Ақыры,
Қамар тағы баяғы хатқа жабысты:

«Жан құрбым, сабыр етші, жанымды алмай,
Күйіп тұрған жаныма жалын салмай.
Не сенен, не өзімнен жол табылса,
Қалатұғын ойым жоқ, саған бармай.
Тіпті жоқ сенен өзге сүйген кісім,
Мағлұм бір аллаға ұшпу ісім.
Хатыңды көрген сайын қайран болып,
Жол таппай құр қайнайды іші-тысым.
Әрине, өзің теңсің, малың нашар;
Халің жоқ және дағы алып қашар.
Болса да басың бұлбұл, аяқ дүлдүл,
Беруге кісі тапшы аяқ басар.
Ақыл, ой, сын-сымбатта маған теңсің,
Шыбыным, шын сүйгенім—жалғыз сенсің.
Ту бие, қара саба болмаған соң,
Икемге менің елім қайдан көнсін.
Қалса да, егер, бірі мұны сезіп,
Кетуі ақ, қолын қойып менен безіп,
Тентекті алып, салып айдап жібер,
Деп шулап, көк малтасын тұрмзй ма езіп?
Бишара-ау, шырт түкірініп жатпас па едің!
Қымызды ішіп, насыбайды атпас па едің;
Шіреніп, маңғазсынып, маңызданып,
Қақырып, ақыра сөйлеп, шатпас па едің?
Ағайын айдыныңа ермес пе еді,
Жиылып жыпылдақтар келмес пе еді,
Аузыңнан шықса, құдай берді ғой деп,
Өзі іздеп мені саған бермес пе еді?
Дап-дайын көңілімде тұр ақылдары,
Еш шек жоқ, сонда бізді мақұлдары.
Балаңның бақыты ашылды, жайлы орын деп,
Шалдардың таптың қағып, тақылдары.
Түсінсең де түсінбей, көп жазасың,
Дертіме дәрменімсің деп жазасың,
Тым болмаса, біраз күн ойнайық деп,
Өткелсіз, орайы жоқ кеп жазасың.
Шыдайық, тілімді алсаң, караланбай
Досқа күлкі, дұшпанға табаланбай;

Өтейік бір күйікпен арманда боп,
 Тағы да жара үстіне жараланбай.
 Көрініп көзге түссе осы хатым,
 «Оқыды» деген бар ед менің атым:
 Қызды оқытпа, оқытсаң мынау ғой деп,
 Кейінгіге тимей ме кесепатым...
 Қалдырмай бір жағыңнан мұны да ойла;
 Тамағыңнан басқаны жауып қойма.
 Не пайда, сен де оқыдың, мен де оқыдым,
 Қалмаса арттағыға үлгі бойда?
 Қайтейін, мен де амалсыз арманым көп,
 Арманды арылтатын дәрменім жоқ.
 Бүгін саған барамын, ертең оған,
 Онан да жақсы емес пе атылған оқ.
 Қарағым, қаралама, ая мені...
 Аяғаннан айтамын мен де сені.
 Күйдіріп бір сен үшін ата-анамды,
 Елге бүлік салудың келмес жөні.
 Жауапты үзіл-кесіл беріп тұрмын,
 Берсем де бетім күйіп өліп тұрмын.
 Қайтесің, амал бар ма, қазақ надан,
 Сен де көн, мен дағы һәм көніп тұрмын.
 Разы бол, сүйген жарым, қош, есен бол!
 Құдайым аша берсін алдыңнан жол.
 Мен үшін бұдан былай әуре болма,
 Бір жола үзіл-кесіл айтқаным сол.
 Шын сөзге тоқтайсың ғой амалсыздан,
 Қарағым-м-м-м.... разы бол, қасіретім мол».

.

Бұл хат кешікпей-ақ Ахметке тапсырылды.

Қамардың бұл секілді данышпандығына Ахметтің есі шығып кеткендігі сонша, өзінің тіпті, ғашықтығын ұмытты. Таң-тамаша: қазақта «қызды сқытса бұзылуға себеп» деп, қара көңілден шыққан сөзді ойына алып, сол арада жан жеріне тигендей құшырланып-құшырланып айтып жібергендегісі мынау екен:

«Қайтейін, қара қазақ, шабандығың!
 Ойлашы, қай жерінде адамдығың?
 Қыз оқыса бұзылды, ал, кетті деп,

Мінскей, айтқызатын нағандығын.
Кетпейді Камар неге маған еріп,
Аһ ұрып, зар қылады, көңіл беріп,
Оқумен ойы жеткен шаныбаздар!¹
Тұрады-ау атқан оққа көкірек керіп.
Камар қыз оқымаса негер еді;
Әуелі бұлтаң-сылтаң етер еді;
Көзсіз болса алды-артын болжау қайда,
Әркімнің жетегінде кетер еді».

Енді Ахмет өз ісінің кателігіне Камардан кешу сұрап, атқан оқ секілді қиындыққа, артқы ар-ұятты болжап, қарсы тұрғандығына разы болғандығын білдіріп және ақыл айтып, ең соңғы қоштасу хатын жазды:

«Қамаржан, мен күйемін сенің үшін,
Әрине, сен күйесің менің үшін.
Ғапу қыл, байқатпайды ғашық оты:
Аз ғана күн әурелен деген ісім,
Ғашықтық алды-артымды бірдей жауып,
Іс түбін ойламаппын ақыл тауып;
Мен үшін өмір бойы қаралап деп,
Тұрған соң, айта саппын, көңлім ауып.
Ұялмай ақ ағашқа күйе жағып,
Батылым барды соған әлде не ғып?
Ұялам өз-өзімнен жерге кіріп,
Саған жазған сөздерді есіме алып.
Ғапу қыл, данышпаным, айып етпе,
Баспаңыз көрінгенде біздің бетке.
Ал енді, бір азырақ ақыл айтам,
Есінен елеусіз қып тастап кетпе.
Елуге жасы жеткен шалға барма!
Малды деп, маңызданған малға барма!
Ел-жұртым обалыма қарайды деп,
Түбінде соған сеніп қапы қалма!
Шыдадым күймек тұрсын, өлсем дағы,
Жанымды қырық буынға бөлсем дағы.
Аһ, дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой...

¹ Ш а н ы б а з д а р (парсы сөзі) — сәбаз деген мағнада.

Амалсыз айтқаныңа көнсем дағы.
Қош енді, жанған жаным жана берсін,
Басыма кетпес қайғы сала берсін.
Құдая, сол Қамарды бақытты қыл деп,
Ғашығың қолын жайып қала берсін».

Ақырына: «Қош қарағым, данышпаным, қош... ризамын» деп қол қойды.

Сөйтіп, кешке таман араларына хат тасушы баланы шақырып алды да: «Ешкімге жымыңды білдірместен, осы хатты тапсыр!»—деді. Сонан соң өзі үйіне барып, ас ішуге де шамасы келмей, жатып қалды. (Белгілі қайғы...)

Біз жоғарыда сөз басында: Ахметті күндеп, қолынан келсе, аянбайын деп жүрген замандастары бар деген едік. Олар да қанша үзіліп-сүзілгенімен, Қамарға сөздерін тыңдата алмай-ақ ұдайы түңіліп болған. Ендігі бір мақсаттары: Қамарды қаралау үшін, сыныққа сылтау табу еді. Әсіресе, оларға Қамардың Ахметке іш тартып сөйлесіп, басқасын кісі кұрлы көрмегендігі-ақ батушы еді. Нақ осы уақытта Қамарды Ахметке таңған өсектің дүрілдеп те тұрған кезі еді.

Не қылса да әлгілер онан-мұнан тіміскілеп жүріп, бір нәрсені сезді ме, сезіктенді ме, өздерінен-өздері елегізіп, түн бойы ұйқтамастан, итше шұбырып жүру жұмысына мықтап тұрып кірісіп алған еді. Міне, бүгін олардың көктен тілегені жерден табылып, Ахметтің әлгі жазған соңғы хатын қолдарына түсірді. (Сырттан біреуі бағып тұрып, бала байғұстың жүйкесін кұрытып қойған екен). Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуанып, шуылдасты да қалды. «Соқыр тауыққа бәрі бидай», тек хат ішінде «Қамар — Ахмет» деген сөз болған соң-ақ, кұдай берді, акты-қарасын ақтару қайда,... шыдасын ба? Біреу айтты: — Қарашы, асын ішіп, текеметін тіліп жүргенін, жүріңдер, бәлемді үйінен суырып алып, тепкілейік...— деп, біреуі: — Қой, онда нең бар? Омарға берейік...— Ойбай, ол үлкен кісі, баласының жамандығын бетіне апарып басқандай боламыз ғой,— деп біреуі айтты. Өзгеден бұрын Қамардың өзіне көрсетіп, өз қылығын

алдына келтірер едік; бірақ, ол дұзқара біздің қасымызға маңайласпайды ғой,— деп, оны он түрлі күріл-десіп, келіп-келіп Қасенге білдіруге байласты. Тұрсын ба, тез асығыс-үсігіс, Қасенді оңашалап досыңның ісі мынау деп, хатты бере сала қамалады. «Кім дос, кім қас, байқамайсыңдар; күле кіріп, күңірене шығатынды білмейсіңдер; еркінсітіп жібересіңдер, аңқаусыңдар, жалқаусыңдар; оның тұқымының ежелден достығы бар ма еді?»... деп, үсті-үстіне баспалатып, хатты оқып шыққанша Қасеннің жанын қоярға жер таптырмады. Қасен хатты оқып, істің не екеніне түсінген соң: «Жігіттер, бұл хатта біздің жүрегімізді мұздата-тындай нәрсе көрінбейді. Қамар болса, маған да, сіздерге де бірдей қарындас:—Күнәсі болсын, болмасын, жабулы қазан жабуымен қоя қояйық. Ахмет болса, жұртқа айтпай-ақ өз қолымыздан келетін нәрсе ғой. Қане, мұнда не бар?» деп, хатты оқып, осынша түсіндірейін-ақ десе де, манағы, манағы ма, аспанға шалқыды. Қасен тағы бірнеше қайтара: «Мен сіздерден замандастық ақым үшін сұраймын, даурықпай тараңыздар, үлкендердің құлағына тисе ұят болар» деп, өлгенше жалынып, жалпайса да: «Ойбай, сүйексіз шірік-ау, бәрі өзіңнен екен ғой. Қара жүрек, шокынды болмасаң, осыған жаны бар кісі шыдарлық па?..» деп, бәрі жан-жағынан итше шулап төнісіп, Қасенді ашуланбаған ерікке қоймады.

Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, бүлік іздеп тұрғандықтарына күйіп кетіп: «Кет деген соң, кетіңдер! Ахметтің сендер садағасына да жарамайсыңдар. «Теңіне тегін бер» деген, Қамар Ахметке лайық. Жұмысын болмасын!..» деп, ұрсып-ұрсып, әлгі мұрындықсыз өгіздерді де, у-шуға жиналған бала-шағаны да ыдыратып жіберді.

Ұрынуға кара таба алмай, ермек қылуға жара таба алмай жүрген өкпекі есектерге солай екен... деп қоя қою қайда? Қазір үйден-үйге қыдырып жүріп, әйгілетпесі бар ма; жай жатқызбады... сол түннің өзінде-ақ әр жерден у-шу, гүріл шыға бастады.

Бұл әңгіме Омардың бірге туған ағасы, Қалтан қажы, Оспан бидің де құлақтарына түсіп, Ахметтің

түгін қоймай қопарып: «Қап, бәлем, саған қылмасам, өлген әкемнің көріне кірейін» деп, тістене-тістене үйіне сыймай, көпірісіп жатып еді.

Ахмет секілді қортықтау атаның баласы шынжыр балақ, шұбар төс — Омарларға қол созды деген хабар — қазақ ішінде таңырқанбайтын әңгіме емес. «Көтерген сайын көкке шығып, тым дәндейіп кетіп еді. Жок! Бола түссін. Құдая тобасын есіне түсірсін бір, бәлемнің» деп, табалаушылар да болды. «Жәукені құдай жеткізді. Баласының арқасында пәлен етіп... түген етіп кетті деп, ауызға тым ілігіп кетіп еді, міне, ондай нәрсенің түбінде апаты бар ғой. Тіл, сұқ шыдата ма? Менің жылында тіл кестіріп қояйық деп беретінім не дейсің?...» деп, үлгі көрсеткендері де болды... Қысқасы, азуы алты қарыс Оспан бидің тізесі өтіп қалған момындар болсын, жай сыртқы теңбе-тең ағайындары болсын, енді Ахметке таң атырады деп ойлаған жоқ. Ертең ел-жұртты жинап алып, Жәукенің малын талатып, Ахметті абақтыға берер деп ойласты. Бірақ мал иесі Омар болмағанда, бұл ойларының тезден-ақ қате кетпеулері анық еді.

Омар — турашыл, сәулелі кісі болғандықтан, бірінші Қамар сыяқты баласының абройын сақтап, екінші, жазықсыз, нақақ біреуді бас салып талата қою оңай ма? Және жалғыз баласы Қасеннің бұрмалауымен түзушілікке шапты. Түнімен жан терге түсіп, ағаларымен талай қызыл кеңірдектесіп, әзер-мәзер, әйтеуір, ертеңінде ешнәрсе жоқ, тым-тырыс қылды да қойды.

Ал енді, жыпылдақтардың індеріне су құйды. Дос сүйінді, дұшпан күйінді. «Түрт, шайтан, түрт!» деп, түнімен аунақшып, ұйқтамаған жауыздардың діңкесі құрыды. Тағы үні шықпай қоя қоятын біздің қазақ па?... «Қай жерден құдай ермек береді?» деп, ұрынуға кара таба алмай, жұлынып бара жатқан сыпыра жел буаздар көрінген елге, басқан жерге әйгілетіп қана қоймады; түрткілей-түрткілей Омар мен Оспанның арасына от тұтатты. «Бәрі таздың салдары» деп, Ахметке еркін қоя бермегендіктің ұшыққан ұшығы еді.

Сөйтіп, біраз уақыт өтіп, дұрдараз болысып жүр-

ген кезінде, Оспан Қасеннің Ахметпен тағы бірге жүргендігін көрді. Көзі шатынап кетіп, сілейтейін деп-ақ ұмтылса да, Ахмет қолына түспеді. Арасына түсіп, арашашы болған Қасеннің өзін көк-ала қойдай қылып, басын жарды. Тұтанып өршуге бет алып тұрған араздық, ал енді, лауламасы бар ма? Дүрілдеген өсектер, күрілдеген есектер судай ағылды. Әй, не сұрайсың?.. Жыпылдақтардың күні туды. Пышағын жалақтатып, көздерін алақтатып, иіс-қоңыс аңқып отырған отағасылардың да тілегі бола қалды. Бірақ, қанын ішке қысып, астын-үстіне айналдырса да, Омардың бит шаққандай хабарына бармады. Шашылмады. Жалпылдақ-тықылдақ, өсек-мөсек тасушы сумандарды есігінен де каратпады. Діңкесін құртты. Міне, сол жазасынан ағайындарының бірін де ұстай алмады. Жалғыз үй шошайып қалды.

Қарап тұрсын ба? Омардың намыскер ағалары ел қолына еркін тиген соң, топ жиып барып, Жәукенің үйіне түсіп, ойындағысын орнына келтіреді. Ахметтің айыбына екі жүз теңге, он сегіз ай абақты бұйырып, Оспан бидің книгасына тіркесті. «Қандат» деп, Жәукенің атын аудартып, болысқа берді. Ахметтің көз көрген ескі достары абақтысын сұраған болып, өшіртті де, «Екі жүз теңгені осы поқрауда тауып бере алмаса, айтқаныңыз болсын» деп, басын ұстатты.

Елдің осынша Жәукені жұлмалаудағы мақсаты: Омарды айтаққа еліртіп алып, Оспанға салу еді. Өзді-өзі шабысса, жемсаулары тоятыны белгілі және бұл Омарлар ежелден қанды ауыз атанып, арасына жік түсірмегендіктен, маңдайына дақ тимей, қағусыз кеткен; әркімнің мұнда ескі кектері бар. Әсіресе, солар осындай реті келіп тұрғанда атыстырып, ұстағанның қолына, тістегеннің аузына тоздырып, өш алып қалғысы келіп еді. Бірақ, қанша айтқанымен оқыған ғой, олардың бұл тұзағына Омар түспеді. Ол ешкімді керек қылмаған соң, құр қайта-қайта Оспанға ұйлығып бара берумен жалықпасы бар ма? Қызық-ақ: Омар араз болса ғой. Омардың қақпан баспайтын ыңғайын көрген соң, енді, отағасылар жақсы атпен татуластыра қою қамына кірісті.

...Елдің ықласына көзі жетіп: «А құдай, сақтай көр, әркімнің аузында кетпегей едік» деп Оспанның кісіге сойған бір-екі тоқтысына жаны шығып, тыпырлап жүрген Омар сорлы татулықтың дыбысы шыққан соң-ақ, ағаларымен баяғыдай бал жаласып кетті.

Ахметті де ат-шапанымен аяғына жығып, енді ондай мінез шығармасқа құран ұстатып, нан жегізіп, баяғы екі жүз теңгені кешкізіп, ат-шапанға разы қылды. Сөйтіп, біраз күн ішінде күріл де басылды, Ал енді Қамардың жайына келейік.

Даңқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне қарап көрмеген, ибалы, атақты, асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді. Нақақ болса да, жақсыға жала оңай ма? деп, кісі көргенде, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздаушы еді. Бұрынғы жайраңдап жүретін қалып қайда? Еңсесін көтермей, қабағын түйіп үһлеп, аһлап, мүсәпірсіп, мұңайып төмен караумен күнін өткізе бастады. Барлық жұмыс ертеден кешке дейін кітаптан көз айырмау еді. Қатындардың пыш-пышы қала ма? Қамардың көрінбеуінде бір құбыжық бар ғой деген өсекті қардай боратушы еді. «Нақақ мені қаралап, Ахметті анадай қылуға ұялмаған ел-жұртым, түбінде не оңдырар дейсің?... деп, Қамардың, көбінесе, ойлап, уайымдайтыны сол еді.

Қасен де оңашада: «Қарағым, сонша жүдеп немене?» «Ит үрді, керуен көшті». Мен тірі тұрғанда, сені жылатып қор қылар дейсің бе? дегенде, «Қайдан білейін-ау!» деп, жапалақтаған көзінің жасы моншақ-моншақ келіп қалушы еді. Алайда, соңғы күндерде Қасеннің сол сөзін демеу көріп, бұрынғысынан көрі көтеріліңкіреп жүретін болды.

Бұлар осындай дауылмен жазды алды. Күз жетіп, август жұлдызының басында Омар Қасенді оқуға алып кетті. Оқыйтын Омскі шәһәрі екі жүз шақырым шмасында, бұларға алыс еді.

Олар жүрердің алдында, он күн бұрын, Қамардың ашылмаған сорына, оның ашылмаған жолына Жорға

Нұрым деген өз болысының бұрынғы (правитель) хая тұқымынан алған қатыны өлді.

Жасынан аттан жығылып, бір жақ аяғының ақауы болғанға құрдастары «Жорға Нұрым» деп, сонан елге де Жорға Нұрым атанып кетіп еді.

Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елді қая жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатыны. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті — біздің Оспан би еді. Сол кезде бұл екеуінің залымдығына бір өлеңшінің айтқаны есімде қалыпты.

Халқынды қан жылаттың, Жорға Нұрым!
Болдың ғой заманымда сорға Нұрым!
Оспан деген жұтқышы тағы шықты,
Бара-бара қайтерсің қайран күнім!..

деп құр Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін, надан, пішіні де жаман, аузы толған боқауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді.

Бұрын қатыны тірісінің өзінде-ақ Қамарды тоқалдыққа сұрауға балаларынан именіп, амалсыз жер текпілеп өліп жүрген Нұрымға енді не жорық. Күнітүні Оспан досынікінен ат үздірмей, Қамарды сұратты. Оспанға, өзінше, Жорға Нұрым секілді кісінің күйеу боламын дегені құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы еді. Шылқы майға кірдім ғой деп, мұртынан күліп, тіпті, бұрынғы бұрынғы ма, төбесі жайлау, төсі қыстау болып, есі шығып еліріп кетті. Бірақ, ізденіп келген «қыдырдың» бетін қайырмай, уәде беріп жіберейін десе де, Омардың мінезі өзіне

белгілі ғой: «Кұдай жазса, сізден артық кімге береміз. Шыдай тұрыңыз» деп, Омар келуге сөз байлады. Нұрым оған да тоқтамай қасына ақсақал, билерін ертіп, «Баяғыдан бергі достығымыздың айрылысқан жері осы» деп, болыс басымен әдейі өзі келіп, салмақты салған соң, оны көтермеске лажы қайсы? Қанжыны араласып қалған неме ғой. Қыя алмады. Қырық жылқы, он түйе, бес жүз сом ақшаға Қамардың сорын қайнатып, саудасын пісіріп қойды. Ауыл отағасылары да: «Жөні осы. Бәрекелде. Қайырлы болсын. Бір-бірінің ықластарына қарай, міне, жаңа жарасты ғой» — деп, өліп-өшіп жарамсақтанып-ақ жатыр. Тез, Омар келісімен, құда түсу хабарын бермекші болып, қонақтарын аттандырды.

Артынан көп кешікпей Қасенді оқуына апарып тастап, Омар да келді.

«А, құдай, той тезінен болса екен, битімді салар едім» деп, пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар шыдасын ба? Бастығы өзінің екі ағасы: Қалтан, Оспан болып, жиылысып барып, ісміс жоқ, Омарға қайырлы болсын айта бастады: «Қамаржан бала сыяқты бала еді, бақытына қарай жайлы орын кез келді. Тек құдай ұзағынан сүйіндірсін! Жылы суға қолын малып, ақ бөкендей ордаға кіре түседі. Жасау... пәлен-түген дейтін емес, тек кешіктірмей берсек разы болатын көрінеді. «Теңі келсе, тегін бер» деп, орайына келіп тұрған соң, саған да қаратпастан уәде қылдық. О да келетін кісісіне келеді ғой, болыс басымен әдейі өзі келіп қалған соң, ықласын қайыра алмадық. Ал, енді қайырлы болсын, жабдығыңа даярлан!» десті.

Мынау сөз Омардың маңдайына тоқпақпен ұрғандай жайсыз тиді. Қайтерін білмей, түсі бұзылып кетіп, бір жеріне біз тығып алғандай ыршып-ыршып түсті. Шын күйіп кеткендігі емес пе, аузына не кіріп, не шыққанын білмеді: «Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжүнін болмасандар, қара жүрек болмасандар... Апырым-ай; апырым-ай, ұялмай, қызармай, періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсындар. Неден қысылдыңдар? Неден жү-

рекерін үзілді! Түсіне кірсе қорқатын ноянға Камарды барады, мені берелі деп ойладыңдар ма? Құдай, құран, көз жас, обал деген естерінде бар ма? Жок, малмысыңдар? Сендер бір аяқ ас берген кісіге имандарынды сатасыңдар! Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Камарымды оған беріп, жылата алмаймын. Байлығы, болыстығы өзіне. Өзім де аштан өлейін деп отырғаным жок. Ет жегілерің келсе, өзім-ақ сойып берейін. Болмаса, Камардан басқа ермек жетпеді ме? Камар тұрсын, Камардың тырнағын да бермеймін. Добыра сақал Нұрымның басқан ізінен садаға! Аулақ жүріндер, аулақ...» деп ұшып көкке, ұшып жерге түсті.

Сол арада отырған отағасылар:

— Омар, сен сол томырық мінезінді қоя тұрып, сөз тындашы, ақыр ұнамаса, біреуді-біреу зорламайды ғой.— деп ортаға алып шулап, ал кеп төністі.

— Кәне, сен бермегенде, Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің? Малды десең малды; әлді десең әлді; атағы, тегі анау; жеті атадан үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті — мынау. Тегін кісіге бақ қона ма? Сол арасын қарасайшы. Кәрі дейсін: жасынан мынның ішінен бұлғақтап, бәпеленіп өскен, әлі қайраты қайтқан кісі емес; әзер болса қырықтың ішінде шығар; сол кәрілік қылушы ма еді? Ол түгіл, алпыстағы мен де бір қызды кәртаятатын жайым бар... Әр қайда Омекең білсін деп, үлкен басын кішірейтіп алдына түсіп, жалпылдап жүреді. Сөзіңді қайтарып, көңілің қалып көрген кісі емес, қайта кекті жерден кегінді, текті жерден теңінді әпергеннен басқа, сонша сөгетін Нұрымның не жазасы бар еді? Біз айтсақ, өз пайдаңды айтамыз. Нұрымның малын біз алғалы отыр дейсің бе? Камар бір сен емес, бәрімізге бірдей, ортақ бала; қастық айтамыз ба? Заман әлдінікі болып барады. Дүниенің не халі жок, қанша айтқанмен сондай қолында ісі бар, күші бар кісіге иек сүйеу керек. Ал енді оны қояйық. Мынау сақал, шашы ағарған екі ағанды осы жасқа келгенде, өтірікші қыямасың. Егер, алдадың деп өштесіп кетсе, кім біледі, іс басында тұрған кісі ғой... не қылса да Камарға сол орынды лайық көреміз. Барады, жылы суға қолын

малады! Өзі би, өзі төре, өзі патша болады да отырады. Кеше хан тұқымынан да қыз алған Нұрым емес пе еді? Сен ханнан ақылды емес шығарсың. Қолындағы екі-үш өгей баласы дейтін шығарсың. Олардың күні ертең еншісін беріп, көтке теппекші болды. Жұрт іздеп те таба алмайды. Әйтеуір, атаның аруағымен алдыңа келіп тұрған «қыдырдың» қадірін білу керек қой...—деп, бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне баспалатып барып қойысты. Әншейінде тасбығын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан кажы да бұрқырап:

— Бұларға өзі секілді қаражүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді сып борбай, шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма? Сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен пайғамбар жасынан асқанда, кажы басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасенінді қайда шоқындырсаң онда шоқындыр! Қамарды тағы орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге таңба қыла алмаспыз. Қазаққа берсек, қазақта мұнан артық кім бар? Соған барып та обал болатын болса, қыяметте мен арқалайын, куә болындар! Нұрымнан артық пайғамбарға береміз бе? Басқа былшыл сөзді қой! Келер сәтке күда түсір! Ендігі сұм заманның адамы да бір түрлі: бала бармайды дегенді тауып алыпты. Әке берсе, қыз қайда бармаушы еді. Сені көріп отырып, бала қалай оңсын? Қақбастан салып жіберейін бе? Әлде жас деп отырсың ба? Молдалар балыға толған әйел баланы күйеуге бермеген «қатты обал» дейді. «Былыр Қарбай ишан да айтты..»,—деп, шатып-бұтып бір жағынан ол ақырды.

Оспан қанша айтқанмен би кісі ғой, ол жайлап сездірді:

— Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерің де, көметін жерің де осы. Қыяметке дейін көріспей, азып-тозып, әркімнің аузында кететін жеріміз де осы. Бар, қай таңдағаныңды ал. Қабырғаңа, қатыныңа кеңес...—деді де, тұрып кетті. Ол кеткен соң, жұрт тарады.

Омар енді көптің талқысын көрген соң, қайтерін білмей, от алып ораққа түспесі бар ма? Бір жанды, бір күйді; кісі өлтірген кісіден жаман түсі де өзгеріп

кетті. Әлгі ағаларынан безейін десе, азып-тозып, әркімнің аузында кетсе, тұқымымыз оңбай кетеді ғой деп, елден қорқып барады (алдында жүрегі шайылып қалғаны бар ғой). Безейін десе, Қамар секілді қарашығының әйтеуір суреті адам мақұлыққа қосақталып, өмір бойы іріп-шіріп, жылаумен күні өтуіне көзі жетіп, ойлағанда іші-бауыры елжіреп, күйіп кете жаздаушы еді. «Суға кетіп бара жатқан тал қармайды» деген ғой, қатынына ақылдасқан болып еді: «Өзің білесің де. Үйінде жасау көп дейді. Не қылсың. Орынды жер ғой. Бұл кімнің құдағыйы деген де...» деп,.... отырған сұңқарының дәмді сөзін естіп, саған ақылдасқан мен де ақымақ деп, онан жаман сақалын жұлды.

Ал енді мұнан соң да Жорға Нұрымның түрткісімен «ақылды» ағалары кезекпе-кезек келіп, тыныш таптырмады. Омар ең қысылып, кесер кеңірдекке келген уақытта:— Қамар көнбейді. Анау күні Қасен де қайта-қайта тапсырып еді: «Айтаққа еріп, Қамарды шатастырып алушы болма» деп. Омардың айтысы-ақ сол екен, жан-жағынан дүрсе қоя берді:

— Әне, сүйтіп баланы жаман үйрететін өзің. Бетімен жібергеннің жазасын анау күні татсаң да, саппайсың,— деп бір жағынан оны қатыны құрғыры қосап, шаужайлады. Омар: осы қатын неге бер дей береді? Әлде, Қамардан бірдеңе сезді ме екен? деп ойлап: Қамардан сұратындар, ол ешнәрсе демесе мен не қылайын деді.

Қатыны ашуланып:

— Иә, Қамар саған жөнін айтқалы тұр, оның ықтыярына жіберсек, Ахметтің қасында патшаны да керек қылмайды,— деп, ол баяғы таусылмас туказзибанға¹ кетті.

«Шығасына иесі басшы» деп, бұл жолы Қамарды да қара басты. Істің бәрін біліп жатса да, алдыңғы ұятынан жасқанып, дүкенді қызу үстінде соға алмай қалды. «Мен үшін әуреленбе! деп, көріне батыршылық қылып, зарлап тұрса, Омар көнбес пе еді, қайтер еді?...

¹ Туказзибан (араб сөзі) — түпсіз өтірік мағнасында.

Омар үндемей, төмен қарап отырып, жыламсырап:
— Қамар секілді асып туған қарашығым сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ қара тоқты болғаны-ау! Көз жасы, обалы мойындарыңа! Ылайым, көздерің, ашылмасын! Мейлің итіне, мейлің құсына бер... Ай, бағы ашылмаған, қарағым-ай!... Надандық-ай-й!...— деп еңіреп барып, бүк түсе жатып алды.

Отырған кісілердің бірсыпырасы:

— Қайтсін байғұс! Екі қарашығының бірі болған соң қимай жылайтын шығар. Әйел бала қанша басы алтын болса да жат жұрттық екені есінде бар деймісің? Бұрын бала ұзатып көрмеген кісі сүйтеді ғой...— десті.

Оспан:

— Жынды неме! Жыны ұстап отыр да. Әйтпесе, одан басқа кісі бала өсірмеп пе еді? Бар! Маймөнке-лейтін дәнеңесі жоқ. Жұмыс бітті. Келер сенбі — бабаларымыздың сәті келіп, құда түссін,— деп, өзінің суылдақтарының бірін жіберді. Тап жүрерде құлағына сыбырлап:— Ақ білектің күшін, ақ найзаның ұшымен икемге келтіргенімді Нұркеңе сездірерсің, жарай ма?— деп қойды.

Неге тұрсын, құлағын тігіп, ентелеп тұрған құдалар айтылмыш күнде сап ете түсті.

Омар қайтсін, амалы бар ма? Іші түтін, сырты бүтін, өлмегенге қара жер, құр сүлдері ғана, өрт сөндірген кісідей болып жүріп, тойын қылып, құдасың түсіріп жөнелтті. Келер сәтке онда мал алуға барды. Жанын салып жақындастырған отағасылар ынтығы болған құдаларынан китке, сый-сыйпатқа ауыздарының суы құрып: «Айттым ба, бір Қамар тұрсын, жүз Қамарлық орын» деп күілдесіп қайтысты.

Жорға Нұрым беретін қалыңмалынан бір тыйын да қалдырмастан құтылып, осы боқырау артынан Қамардың соқа басына разы болатындығын білдірді. Омар ендігі жылы... пәлен-түген... деп тайғақтаса да, жұрт тағы көндірді.

Ал, енді Қамардың басына түскен заманақыр былай тұрсын, Қамардың қатар өскен замандас, туыстары: «Шіркін Қамар-ай, шынымен сол дөңкиген өгіз

секілді немеге кетеді-ау!.. Қыздың байы мал екен-ау!..» деп аяп, қабырғалары қайысып, көздеріне жас алады. Тіпті соңына түсіп, бүлік шығарған әлгі елерме замандастары да Нұрым мен Оспанның дымын қалдырмай, сақал-мұрттарына дейін әдемілеуші еді...

... Оны айтасың, Ахметтің шықпаған не жаны, не сәні жүр дейсің. Мынау залымдықты көргенше, қаңғып өлейін деп, оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жердегі шәһەرге кетті. Кетерінде Қасен достына жазған хаты мынау екен:

«Жан достым, хат жазамын сізге таман.
Құр сұлдер жаным шықпай, жүрмін аман.
Жазбауға шыдатпады — сорлы көңлім,
Болған соң Қамар жанның халі жаман.
Құдайым келтірген соң істі қырын,
Кез келді сор маңдайға ақсақ Нұрым.
Ашылмас тұман, айнымас бұлыт жапты.
Ел енді, кімге ұрынсаң соған ұрын.
Толып тұрған кеуделері от пен жалын.
Есітіп тұра алмастай айтқан зарын.
Көндірді ағанды да өңкей жұтқыш,
Аянбай бұлқынса да қолда барын.
Кәрі ағаң — Оспан, Қалтан құдай атқан!
Қамарды зар жылатып ұстап сатқан.
Болмасқа кетті Қамар ғазиз баурың,
Үміт жоқ, қайта шығар күні батқан.
Бұ күнде осы жайда қарашығың:
Ауыл толған у да шу қара шыбын.
Даярлап, даурығысып, қамданып тұр,
Қамардың батыруға қарашығын...
Шыдамай күйіп-жанып, кеттім қашып,
Қылмауға көзге күйік жанталасып.
Бұл күнде өлетінмін сол қайғыдаң,
Қамардың халін ойлап — жаным аштың.
Қош енді, бірге жүрген, құрдасым-ай,
Тар жерде талай жолдас, сырласым-ай!
Енді мені көрмессің, ғазы болғын,
Ғарасат майданының күні ашылмай».

Тағы Қамар досының Жорға Нұрым секілді «сүйкімді жануарға» кез келіп, зорлауына қарсы, бұрынғы қазақ қалпынша «жар-жар» орнына «зар-зар» айтып қалдырған хаты мынау еді:

Бұрын да сол ел күйеу мен қалыңдығының қалпына қарап «жар-жарды» Ахметке шығартып алып айтушы еді.

«Кетпес қына таулардың
Тасында дұр зар-зар.
Кетпес қайғы Қамардың
Басында тұр зар-зар.
Нұрым ақсақ жорғалап,
Қасында тұр зар-зар.
Алжымаса, кәрі емес,
Дәл елу-ақ жасында дұр зар-зар
Қошемет, мақтау Нұрымның
Сөзінде тұр зар-зар!
Қарт бураның форымы
Өзінде тұр зар-зар!
Ащы қайғы, қанды жас,
Тыңдаса оны жібір тас,
Сорлы болған Қамардың
Көзінде тұр зар-зар.
Күйек сақал Нұрымның
Иегінде зар-зар.
Ит мұрындар, тікеңдер
Жиегінде зар-зар.
Түсі суық коңыздай,
Жеп семірген доңыздай,
Кеспеге қара жоқ шығар
Сүйегінде зар-зар.
Аузы толған боқауыз,
Насыбайға тоқ ауыз,
Бір жақсылық жоқ ауыз,
Қамарға соны теңгерген,
Көзінді ашпа, ел жауыз!
Зары-зары — зар-зар!
Қарт қара құс сұңқарға
Қалайша тең? зар-зар!
Мал мен бағы болған соң

Көпіріп, шалқып толған соң,
 Қара қарға болса да,
 Барқылы «ем» зар-зар!
 Бірің — күн де, бірің—түн,
 Бір кемеге салса да,
 Сыйысу жоқ зар-зар!
 Сүйіп солған ғашықтар
 Қылдай жерде қалса да,
 Қиысу жоқ зар-зар!
 Әуреленбе, қу ақсақ!
 Төбеден алтын күйсаң да,
 Сүйісу жоқ зар-зар.
 Аққу кұсты жапалақ
 Қалай алар? зар-зар!
 Ойлап па едің ақ тұйғын,
 Текке қалар? зар-зар!
 Қорлығыңа шыдамас,
 Дүние салар зар-зар! .
 Мал мен басың таланып,
 Басың отқа қаланып,
 Сұлу алғыш ақсағым,
 Сонда болар зар-зар!»

Уәделі күнінде басшы, қосшы, сауықшысымен сәу-
 леттеніп, ілу, жыртыс, кәдені адам айтар емес, мол
 қылып, көшкен елдей, пай-шіркін! Біздің ынтығып
 тұрған болыс күйеуіміз де келіп қалды-ау.

Не тұрыс бар? Абыр-жұбыр той болып қалма-
 сын ба?

... Келмей жатып катындардың:

— «Бай деп, «кісі» деп Нұрымды айт. Кәріліктің
 алды, жігіттіктің соңы деп, шіркін өрледі ғой; Қамар
 секілді қосағының тұс келуі сонысына қарай ғой. Ой,
 өркенің өссін. Алғаныңмен қоса ағар!—деп, ауыздарын
 кере-кере алғыс айтып, мүлгісіп қалғандары Нұрым-
 ның шынымен-ақ дүние аямағандығының белгісі еді.

Бұл тойдың қалыбы мынадай болды:

Жанбас, жал шайнап, мынау жақта:

Дүрілдескен ақсақалдар.

Сойған малдың қан-жынына тойып, ана жақта:

Күрілдескен төбеттер.
Төр алдында қарындарын сыйпай-сыйпай,
Қалжындасып...

(Бұл арадан үш бет жоғалған).

Айран сұрап, шелекті жасырмайын,
Ежелден дегдарлымсың, тұқымы оңған,
Малыңа, басыңа да қыдыр қонған,
Ағаңа ат мінгізер жөнің келді.
Айрылсаң тағы өзің біл даңғыл жолдан.
Ат берсең алты алашқа мақтар едім,
Аузымда өле-өлгенше сақтар едім;
Басқа ел, барған жерге жайып салып,
Ат берген қызметінді ақтар едім.
Құдайым сүйіндірсін ұзағынан!
Сақтасын дұшпандардың тұзағынан!
Тіл сұқтан, қауіп-қатер қағас қыл деп,
Қол жайып мен тұрайын бұл жағынан.

деген кезде, Жорға Нұрымның көзі қызарып, екіленіп кетіп: «Е-е-һ...» деп, жан-жаққа қарап, кеудесімен көтеріліңкіреп жөтеліп қойып, әбден есі шыққандығы сол емес пе, қасындағы ат қосшысын көрмей:

— Жұмабайшы, Жұмабай! — деп айғай салған.

Қасындағы Жұмабай:

— Не айтасыз?— деген соң:

— Баршы! Астымдағы жүз теңгелік сұр жорғамды, елу теңгелік ер-тоқымымен мынаған әкеп мінгіз!— Тағы шапаның,— деп үстіндегі шапанын шешіп тастап, отағасыларға қарап:— Ал, мынаған салыңдар!— деген.

Отағасылар:

— Бәрекелді, бәрекелді, мерттігіңе болайын!— деп, шу ете түсіп, ақшасы жоғы жанындағы бәкі, орамалына дейін берген (ақыр, өлімнен ұят күшті ғой).

Жалғыз-ақ өлейін деп өле алмай, өз жанын қыя алмай, қайғылы, қапада, күндіз-түні жапада, жылау да еңіреу, бәрінен де көңілі қалып, жүрегі от боп жанып, жылаудан басқа шама жоқ, құдайдан басқа пана жоқ, жылағанмен өнері жоқ, қолынан келері

жоқ болып жүрген сорлы Қамар мен халін көріп, жаны ашыйтын Омар болмаса:

Бір күн тойса есектер,

Ми жоқ алдын есептер,—

деп, тойған тоққа, жиылған топқа бұланысып, лапырыспаған жан жоқ еді.

Қайсы бірін тауысайын: ішті, жеді, қайырлы болсын деді. «Қамар» деп ауызға алған жан жоқ; куіл-десті, көпірісті, кетті, барды, «той» тарқады...

Келгеннен бері Жорға Нұрымның жүздестір деп, түрткілеуімен, сыпылдақ қатындар Қамардың мазасын алса да, қайда маңайына дарыту, ыршып-ыршып түсуші еді.

Міне, бүгінгі кеш қол ұстатпақшы болып, Оспандікі «қыз ұялтар» кәдесін алған; жабағы сойып, әйдік тамаша той қылмақшы болды.

Қамар бұл ойынға бармай, пәле қылады ғой деп жұрт қорықса да, не ойлағанын кім білсін, шақырысымен, Қамар өзі бастап, оңай-ақ барып қалды. Оған Оспанның да, естіген Нұрым күйеудің де төбесі көкке жеткендей болды. Жалғыз ол екеуі емес, әркім-ақ: «Ой тілеуің берсін! Есті тентек қой, қанша айтқанмен...» десті. Бірақ, Қамар баруы барса да, ойнап-күлумен жұмысы болмады; ас-су іше алмады; көрсең, жарылып кетер ме екен, дерсің. Қысылғанда тамағына тығылған көзінің жасы моншақтай түсіп, булықты да отырды. Оның үстіне былтыр құда болмастан бұрын тағы Нұрым көңіл қосайық деп, сөз айтқызғанда:

«Ататай, болдым ғашық мұрыныңа,
Көк бурыл иектегі құрымыңа,
Кірпідей аяқ, қолы жиырылған,
Қосылар күн болар ма тұлыбыма?»—

деп, ашуланып сыбағасын бергендігі есіне түсіп «сүйткен басым!... Енді шыныммен-ақ сол өгіздің арқасын сыйпауға барғаным ба-ау?» дегендей қылып, бір қыздың тізесіне сүйеген маңдайын көтеріп ала алмады.

Есі бүтін замандастары мұны көріп, ойнау қайда, бәрі Қамарға карап, мұңайысып: «Уай, дүние жалған-ай!» дей түсіп, отырып алды.

«Арсызға алты күн мейрам» деп, арсыздардың онда не ісі бар, шарт-шұрт мейрамдары қызысып, қызыл кеңірдек болысып-ақ жатыр; бірақ «алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба сонда жүреді» ғой, татымдылары анадай... болып отырған соң, бұлардың мейрамдары да көпке бармады. Бір заманда үйдің іші тым-тырыс, әркімді қапалы мұнар торлағандай, біртүрлі белгісіз уайым-қайғы да қаптап алған, кара күңгірт, кәрлі тұман ішінде түнерісіп, томсарысқан біртүрлі аянышты көріністе еді.

Міне, бұл көрініс екі сағатқа созылып, тамашаға батамыз деп жиылған жел буаздар кірерге есік, шығарға тесік таппағандай болды.

Әкесін екі аршын шүберек кәде өлтірген қатындар да даладан күзгі ақша қардың аязы қысып, үйден Қамардың жылағаны қысып, не қыларын біле алмай, құр шыпжалаңдап, жүгірісіп кіріп, шыға берді.

Тап сол кезде Қамар ұйқыдан шошып ояңғандай, ұшып тұра келе сала, көзінің жасын төгіп-төгіп жіберіп, жұртқа қарап, қамығып мынаны айтты:

«Көр, міне, Қамар қандай, аға, бауыр!
Келе ме қайта айналып өткен дәуір?
Еріксіз бір есекке қостың, елім,
Дүниеде не қорлық бар одан ауыр?
Бәріңнің аузындағы Қамарыңмын,
Ортаңды жарық қылған панарыңмын;
Іш пысса, қайғы қысса, әдейі іздеп,
Бұлбұлдай сайратуға табарыңмын.
Ал, енді көріп тұрсың, халім мынау,
Халімді қарап қылған залым мынау,
Тым болмаса он бестен аспай жатып,
Қорлықпен өткенің бе қайран күн-ау!
Шыныммен сол Нұрымға кеткенім бе?
Пәлеге құтылмастай жеткенім бе?
Малы көп, мал сыяқты, пасық, қақпас,
Жанымды соған құрбан еткенім бе?»

Еткенім бе?! Еткенім бе?!...—деп тұрып, талықсып, жығылып кетті...

Су бүрікті, үйтті, бүйтті,— біраздан соң Қамар «уһ!!» деп, есін жиды.

Міне, Қамардың мұнысына көз жастары бетін жуып, жанынан жан бөліп бергендей болып, аяғандар да болды.

— Ойбай! Өтірік, жаны шықсын! Сондағысы Ахмет пе...—дегендер де болды.

«Байтал тұрсын, бас қайғы», ойнау тұрсын, уайым арқалап, бірсыпыра жұрт тарасып та бітті.

Таң атып барады. Күзгі ақша қар мен түйдектелген ұшпаның ызғары еркіне қоймай, «қолұстатарды» тосқан кәдешіл қатындардың аяқтары тоңып, қатып барады.

Бір жағынан шымылдықтың ішіне сыймай, тықыршып, одан бір, бұдан бір өңмендеп қарап, «А құдай, Қамар! А құдай, Қамар!» дей түсіп, жалған дүниенің жартысындай дөңкиіп Нұрым отыр, анда-санда көрініп кеткен қатындарға:

— Бұл немене? Болсаңдаршы! — деп қояды.

Қамар қатындардың қанша жалынған сөздерін керек қылмай, маңайына барған кісілерді жұлып-жұлып тастап, әлдеқашан жатып алған. Бір бұрышка бүркеніп, қырғи қуып түсірген торғайдай, бір уыс кана доп-домалақ болып, тығыла, тықсырылып, қайтсем жан калады дегендей, мүсәпірсіп жатқандағы формы мұсылман адамның сай сүйегі сырқырайтындық көріністе еді.

Бір мезгілде жан күйер жеңгесі — Оспанның қатыны бұркырап келіп:

— Қашанғы бұған әке-шүке деп жалынамыз? Міне, таң атты: жүріндер! Алып жүр! Не заман!?... Ұят-ай, ұят-ай! Сақалды басы... Ойбай-ай!... Болыс басымен әлі тосып отыр, әлі тосып отыр. Мұның ықтыярына көне берсең... Ойбай-ау! Дуаға айналған бас емес пе еді? Кешегі жыпсыр Ахметті білемісің? — деп, тұртұрдың астына алды.

— Ал,— деп он шақты қатын сүйреп, жұлмалай бастап құдайға соятын асау құлындай бірі басынан, бірі қолынан, бірі аяғынан алып, алысып, жұлысып, қаумаласып, шырылдатып, каксатып, әйтеуір, мың пәле, жүз машақатпен Нұрымның қасына жеткізді-ау!...

О қылды, бұ қылды, «құйрықтан алды, құлақтан басты» деген секілді, қолын ұстатты, шашын сыйпатты, тиісті кәделерін алды: «Міне, жаным, әйтеуір сіз үшін көрмегенді көріп, қолыңа әкеп бір тапсырдық... Обалың өзіне...» деп, қатындар шықты, кетті...

Жалғыз-ақ ірге тыңдаушылардың ғана үйдің ішкі бөлмесінен күбірлескені естілуші еді.

Не тұрыс бар, Нұрым қатындар шығар, шықпастан-ақ, Қамарға жармасып, мамықтай үлбіреген мойнына кеспелтектей қолын жіберіп, күйектей бір қап сақалы мен сасық аузын таяп, аймалай бастады.

Апырым-ай! Қамарға «әзірейіл» шеңгелі тигендей, тер онан да, мұнан да кетіп, қалшылдап, ыршып түсіп, шалқалаймын деп басын бөренеге соқты. Қызыл шеке төбелесіп жатқан кісі секілді дүңгір-дүңгір етеді. Нұрымның «Маһ! Моһ! Неге, неге?...» деп, жұлмалап тартқан дыбысы естіледі. Ақыр: «Не болды жарықтық, тоқтай тұршы! Сөйлесейік» деп, алдап тоқтатты да, мынаны айтып, көлеңкесін бір-ақ көрсетті де, үйден шықты:

«Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!
Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.
Уай шіркін, өмір сүрмек меніңменен,
Мал шашып, маңызданған ебіңменен,
Өлсең де отқа күйіп, суға түсіп,
Бір минут тұра алмаспын сеніңменен,»

деп...

— Қап, бәлем! — деп (өлмегенге қара жер) Нұрым қалды: ызаланды, қорланды, оттай жанды. Ақыр, ызасына шыдамай, әлгі ат берген өлеңшісіне мынаны шығартып, Қамарға бергізді:

«Әй, Қамар, бұлқынсаң да түстің торға:
Абайлап қарасайшы оң мен солға,
Бекерге тәтті аузыңның дәмі кетер,
Тілімді ал, осы күннен, әуре болма!
Қалатұғын орның жоқ менен қашып,
Айтамын жақсы көріп, жаным ашып.

Бүгін солай жүрсең де ертеңгі күн
Отырарсың мойныма қолыңды асып.
Енді біл жатар орның жайлап қойған,
Басыңды қу қазыққа байлап қойғам,
Барар жер, басар тауың — бәрін дағы
Өл! десе өлетін қып сайлап қойғам.
Әрине, сөз сенікі келмей кетсең,
Келер болсаң, иттей қып басқа тепсем,
Ішкізіп ит аяқтан сары суды,
Дүниеде арманым жоқ соған жетсем.

Камардың хатты көріп қайтарған жауабы мына-
дай еді:

«Ол рас, менің жоқ қой басар тауым.
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым;
Жалғыз-ақ тыйыш жерім — қараңғы көр,
Сонда барып жатамын, бар ма дауың?
Етімді сен сыйпаған құрттар жесін!
Қабырдағы хашарат¹ құрттар жесін!
«Ауызға сөз, маңдайға көз боп жүріп,
Қор болған, міне, осылай Қамар», — десін.
Бір өлем, күнде өлгенше, саған тиіп,
Кетемін келмес жерге, қаным қиып;
Ол жерден ала алмассың, бара алмассың
Болыспын деп, айқайлап, кісің жиып.
Майысып, солқ-солқ еткен өрім талмын,
Жас алма пісіп тұрған шекер, балмын.
Елуде сенің жасың, мен он бесте,
Ойлашы, мен қалайша саған дәлмін?
Әр құстың лайықты жемі бар ғой,
Әркімнің өз алдына теңі бар ғой,
Алтын, гауһар үстіме орнатсаң да,
Көңілім сүймес, оллаһи, сені бар ғой.
Сүю-сүю бола ма зарлауменен
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен.
Көңіл болса, қосылмай тоқтала ма?
Оқ атып, қылыш шауып, қорғауменен.
Оңа ма қылған кісі малды жолдас?»

¹ Х а ш а р а т (араб сөзі) — құрт, құмырсқа деген сөз.

Әйтеуір, суреті адам, жанды жолдас.
Мен емес сүйетұғын сені көңілім:
Буланба, бұркылыңның ақыры оңбас.
Осыны көргізбейтін надандығың,
Надан болсаң болмайды адамдығың.
Мен — адам, сен — жануар, ал қалайша?
Қайтейін, түсінбесең, жамандығың!
Әрине, сен қу қазық, сен қу қазық!
Қалмапсың ол жерінде жолдан жазып.
Балауыз, балбыраған бала бұлбұл
Қалайша жапалаққа болады азық?!»

Мына сөздерде Нұрымға жығылған үстіне жұдырық болып, одан жаман салын суға кетіре берді. Және ішіп кетер, жеп кетер суылдақтар менен жаман-жұман қатындар болмаса, жас атаулы, қыздардан жалғыз Нұрымның қасына жолаған жоқ. Бәрінің көңіл көзі: Қамарды аяуда, жыласа — жылар дегендейін, қолдарынан келерлері болмаса да, қасында еді.

Міне, бүгін кеш Қамардың некесін қиып, ертең дүйсенбіге жөнелтпекші күні. Уау, дүние! Мұны естіген Қамар не халде, Омар не халде?... Бір аздан соң Қамардың басына түскен қайғы секілді түйдектелген, ызғарлы дұшпанның бұлты мен аралас мейрімсіз кеш қараңғысы келіп жайылды. Үйлерге шам жағылып, жұрт іңір шайларын ішіп болған мезгіл еді.

Сол елде указнай молда Бәйтiк деген мұндай иіс-қоңыстың дыбысын сезісімен-ақ, «қуласатiл масайлiн»¹ арқалай келіп, Нұрым мен Оспанның арасында өтiрiк-шындыны сабап, қыбын тауып, неке қыярға пышағын жанып, талай бас, жанбастардың түбіне жетіп жатқан еді. Бүгін оның да көңілі көтеріңкі, әншейін-ақ, саңқ-саңқ етеді. Апырым-ай! Қайдан толып кеткенін білмеймін, күйеу отырған үйде аяқ басарға орын жоқ. Бірін-бірі кимелеп, тікесінен тік, қылқиысқан бозбала-сымақ жастар да тіпті иін тиесіп, есікті сындырып барады. Бұ бишаралардың, әттен, Қамарды аяп, іштерінен Нұрымның етін жегендей, біліп тұрса да: «Сендерге не бар? Шық!»—деп, біреуі көзін аларт-

¹ Қуласатiл масайлiн (араб сөзi)—кiтап аты.

паса жарар еді... деп, бәйтік болып тұрудан басқа амалы жоқ еді. Бір бұрышта, әкесі бүгін өлгендей түнеріп, жауап та жоқ, сөз де жоқ, төмен қарап, жермен жер, Омар отыр.

Жоғарғы Қамар отырған бөлмеде сарымасадай дуылдаған қыз, қатын, бала-шағаның көптігі сонша, тіпті, аяқ алып жүргісіз, ине түсерге орын қалмаған...

Бір қыздың қолтығына тығыла, қарлыққан дауыспен өлеусірей булығы зарланып, бүк түсіп жатқан Қамар. Оның жан-жағы толған замандастары: «Есіл Қамар-ай! Шыныңмен-ақ сол... Жауызға кетесің-ау?..» дегендей қылып, «жан тәсілім де» қоштасқан секілді, ығы-жығы, бірі басында, бірі аяғында мұнайысып отырып алған. Көргенде көңілінде жарты мысқал мейрім шапқаты бар адамның жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір аяушылық көріністе еді.

Не ғажап!? Оны-мұнысына жүріп тұрған кісілер де көңілсіз, біреу зорлағандай ғана амалсыз, ілгері басқан аяғы кейін кетіп жүреді...

Міне, екі күннен бері Нұрымның да жүні жатыңқы, нығы салбырайып, тәңір алғырды мүддем қара басып кеткен.

Бір мезгілде Бәйтік молда ұшып тұра келіп, киіз бокшасының ішінен шеттерін тышқан кеміріп кеткен жалба-жұлба «кұла сатылмасын» іліп алып ашты, көзілдірігін киіп;

«Қане! Дастарқан, неке... су. Күміс салу керек... Қуә, деп, белсеніп, сыбанып жұмыла бастады. Тез бірекі жануарды өкіл сайлап, ауызбен: «алды, берді, тигізді, сүйгізді...»

Ал, енді куәлікке әлгі үйге сыймаған жастардың қане бірін тапсыншы. Молда бокшасын алысымен-ақ: «Ойбай! Қамарға бетіміз шыдамас» деп, бәрі қашып, жіткен.

Күйеудің ат қосшысы мен бір жасамыс біреуді, әйтеуір, сүйрегендей қылып, куәлікке тұрғызып: «Бар! Сұрап, ырымын қылыңдар. Ата-анасы берген соң жетеді, сонда да...» деп, Бәйтік молданың мыңқ-мыңқ еткен ызғарлы, суық дауысы анау үйдегі Қамардың жүйкесіне тып кетті.

Апырым-ай! Бүктетіліп, сұлық қана өлусіреп жатқан Қамар жылан шағып алғандай, басын жұлып ала-сала, қарлыққан даусына да қарамастан, жұлынып тұра келіп, айтып жібергендегісі мынау еді:

«Жұртым-ау, құдайыңды ойлаймысың?!
Ұстап сату әдетін қоймаймысың,
Көптен бері зарлаттың аямастан,
Жетер енді со дағы; тоймаймысың?
Шыныңмен сол Нұрымға қиғаның ба?
Бес қара сатып алған иманың ба?
Әділдік, құдай, құран естен шығып,
Жауыздың жалмауына сыйғаның ба?
Жұртым-ау, Қамар қандай, Нұрым қандай?
Құрым сақал, қоңқыйған мұрын қандай?
Нұр шашып, жалт-жұлт етіп жайнаған жүз,
Қарашы, бүгін қандай, бұрын қандай?
Уай, дүние! Болмаса еді жалғыз аты,
Құл болсын, маған салса арғы заты.
Қол ұстасып жүрсем де: теңім болса,
Жиһанда табылар ма рақаты?
Тұратын мал емеспін, тоққа алданып,
Ұшатын қарға емеспін боққа алданып.
Жұртым-ау, саңылау қайда, миың қайда?
Қалайша бар дейсіздер жокқа алданып?
Есекке еп білмейтін зорлап қосып
Жүрмісің бәле тілеп, ажал тосып?
Жүзін көрсем, көргендей әзірейілді,
Селкілдеп тұла бойым кетер шошып.
Ұзақшыл, рақымы кең құдай қала-ай?
Жазықсыз жапа тартқан қыршын жан-ай!
Егер, алла ұзақшыл болмаса еді,
Жер жұтарлық ісің бар талай-талай».

деген кезде, Бәйтік молда қолына кітабын ұстай сала жалмажан Қамарға жүгіріп келіп, Нұрымға жақсы атты көрінбек үшін, мыжып-тыжып, ақыл тоқтату айтқан болды...

Сонда Қамар, әйтеуір, ақ үстінен қара тани ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шакқандай қып, қапасын бөліп, ұжмақ сеспесінің тамшысындай

сап мөлдіреген көзінің күйікті жасын тырс-тырс төгіп,
өксіп отырып, мынаны айтты:

«Уһ-уһ, молда-ай, шықты жаным, күйді
жаным!

Өлімді, сол сұмырайдан, сүйді жаным.
Не жаздым қор қылғандай ел-жұртыма,
Дөңкітіп соңыма сап хайуан-малын.
Шыдатпай, күйіп-жанып іші-тысым,
Чиходка, құрт аурудай, кеткен түсім.
Күлкі жоқ, көңіл қапа, жүрек алып,
Қайтейн, өз ағамнан болған қысым,
Не болар соған барып менің халім?
Барады ішке сыймай қайғы, зарым,
Өмірімді сол жауызға қор қылғанша,
Өлтір, жұртым! Қолыңнан адал қаным!
Бармаймын матасаң да, байласаң да,
Кәрі итті алтын жағып майласаң да,
Өлемін осы арада, оны көрмей,
Көнбеймін бұғаулатып айдасаң да.
Он беске жаңа келді менің жасым,
Келмейді түндегі ұйқы, батпайды асым,
Малды деп, мал секілді шалды көрдің,
Құрығандай өзім теңді замандасым.
Жүретін сойып, сатып жасы, қарты
Мал емес төрт аяқты әйел халқы.
Уау, молда түзулікті айт құдай үшін:
Жоқ, па еді күпу¹ деген неке шарты?

М о л д а²

— Шырағым, ренжітпе атаңызды
Бұзбаңыз күдай дескен батаңызды,
Сүннетін пайғамбардың қабыл қылмау—
Зор күнә; мен айтайын қатеңізді.

Қ а м а р:

— Күнә емес кемге бармау, сауап шығар,
Қарның үшін қайтарған жауап шығар.

¹ Күпу — тең.

² Оқуға жеңіл болсын деп молда мен Қамардың сөзі өлең-мен жазылды. (С. Мақмут).

Қызықты қызыл гүлдей жас жүрегім,
Сорлы боп қандай жалын қаулап шығар.
Пайғамбар тең емеске бар деген жоқ,
Зар жылатып бес қара ал деген жоқ,
Шал болсын, пасық болсын, сасық болсын,
Сата бер, әйел заты — мал, деген жоқ.
Басыңды әлектікке сал деген жоқ,
Өмір бойы бәлеге қал деген жоқ,
Шірісін шірік байдың табанында,
Әйелде жарты тиын жан деген жоқ.

М о л д а:

— Ата-анаң сені өсірді қандайыңнан:
Асырады ас кетірмей таңдайыңнан.
Әуелде бір алланың жазуы сол:
Шал болса да, бар, көр маңдайыңнан.

Қ а м а р:

— Ай, молда, түзушілік қайда қалды?
Жазып па құдай бізге сасық шалды?
Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де
Қоса ма қу ағашқа өрім талды?

М о л д а:

— Тәуекел, бекем байла беліңізді!
Түсірме бұлгіндікке еліңізді!
Пәленшенің баласы солай... демей,
Сөкпеңіз құдай қосқан еріңізді.

Қ а м а р:

— Қызыл жібек тәнімді жүн қылмаймын:
Жарқыраған күнімді түн қылмаймын,
Неке қыяр ала алмай қаласың деп,
Шалға барып басымды күң қылмаймын.
Батады деп қорықпаймын елім дауға,
Тым болмаса бермеді дені сауға.
Мені аяса, мал үшін жылатпасын,
Бермесін обсырайған обыр жауға.
Сөзім сол—мейлің жандыр, мейлің өлтір!
Қисық десең, қанеки, дәлел келтір!
Не шарифат, не низам айтты ма екен?
Елудегі шалға бар деп жемтір-жемтір.

М о л д а:

— Не дейді ұялмастан мына арсыз?
Кәпірдің көрмейсің бе беті қансыз!
Ахмет жас, Нұрым шал ғой деп ұйтқытып,
Аздырып жүретіндер бар ғой жансыз.
Айтайын шарифатқа низамды қой!
Разы шарифатқа боласың ғой!
Ажамға¹ ажам күпу, арабқа-араб,
Басқалардың бәрі де жаңылыс ой.

Қ а м а р:

— Кім шыдар шарифатқа, жалаңызға?
Бояма қара көңіл, араңызға.
Дұрыс-ақ, ажамға ажам күпу болса,
Кемпір тең бе он бестегі ер балаңызға?

М о л д а: *(ашуланып)*

— Көп сөзді қой, су әкел, неке оқимын,
Аятыл күрсі, алқамды жете оқимын.
«Бысмылла» деп, ішіне ақ күміс сал!
Бір-бірін сүйгендей ғып, жеке оқимын.

Қ а м а р:

— Бола ма ризасыз неке дұрыс?
Ұялмастан айтасың неге бұрыс?
Дуала, мейлің үшкір, мейлің түкір!
Бақыр-шақыр, келмеске кеткен бұл іс.

М о л д а:

— Үндеме, дұрыс, дұрыс, дұрыс;
Өз мойныма обалы болса бұрыс.
Бұзылған бадбақыттың бұзық сөзін
Біздерге жарамайды тыңдап тұрыс.

Қ а м а р:

— Тыңдамасаң әрі кет мыңқылдамай,
Жүк артқан өгізге ұсап ыңқылдамай,
Жерді қап, жемтігіңді жегір, молда!
Неке қыяр алам деп қылқылдамай.

¹ Ажам—гажам жұрты.

Молда:

— Шырағым, ашуланба, жай бір сөзім,
Монтандығым болмаса егер шықсын көзім!
Араңа мұсылмандық айтамын деп,
Бәлеге қалдым, міне, менің өзім.

Қамаp:

— Мұсылман болсаң, аулыма айт жылатпа-
сын,
Көл қылып, көзім жасын бұлатпасын!
Жас алма, қызыл гүлдей уыз тәнге
Дорба сақал дуракты құлатпасын!

Молда:

— Мұндай іс білемісің жаман атақ;
Бармасаң да береді байлап-матап.
Малдан құрық, басынан сырық кетпей,
Бермесе дау көбейер болып шатақ.
Кіргізбе дау-жанжалға атаң басын:
О да отыр амалсыздан төгіп жасын.
«Баталы құл арымас» деген сөз бар,
Бір жолға бар, қарағым, асыл тасым!

Қамаp:

— Сөзіңді естімеймін кетші, молда!
Өлемін оған бармай, осы жолда,
Қасық қаным берейін өз қолымнан,
Пидиемді алу мақсатқа жетші молда!
Мал үшін малға табынып, құдай атып,
Шырылдатып бір жауызға мені сатып.
Мастанып тең мен кемді көзі көрмей,
Жойылсын, жұртым емес, қалсын қатып!
Талансын дауға малы, жауға басы!
Қиылсын қырық буыннан қыршын жасы!
Осының бәрін қылған Оспан ағам,
Жібермес, құдай білер, көздің жасы.
Кеу-кеулеп, қыздырмалап, қымыз ішіп,
Сыртынан бәрін билеп, өлшеп, пішіп.
Әділдік, құдай, құран естен шығып,

Қайырлы болсын десіп, бәрі күлісіп.
Ұялмай оны қостап өңшең күшік!
Жапырылып, ыңғайына ұшып түсіп.
Атың өшкір ақылсыз, Оспан ағам!
Мейірің қансын енді қанымды ішіп!
Құдай-ай!!!...
Жас жүрек бола ма екен шалмен күпу?
Қу ағаш бола ма екен талмен күпу?
Майысқан өрім талдай жас қыздардың
Болмайды екі аяқты малмен күпу?
Ұялмастан «күпу» деп, неке оқып,
Тіпу, молда, жүзіңе тіпу, тіпу!
Ойласаң таза менен сасық тең бе?
Ғалымға қара көңіл пасық тең бе?
Неге, неге көрмейсің, соқыр молда,
Байқасаң асыл менен жасық тең бе?!

Молда:

(Біраз төмен қарап, көзіне жас алды:)
— Қайтесің, шал болса да, малы бар шал;
Мал болған соң, аузында балы бар шал;
Сен бұлбұл, ол қара құс болса дағы,
Қосатын сені өзіне халі бар шал.
Шырағым бәрі де рас айтқан сөзің,
Өртеді іш-баурымды жасты көзің.
Қайтейін, аясам да амалым жоқ,
Әркімнің көз ұшында жүрмін өзім,—»

деп, Қамардың шырқырап шыққан зарлы сөзіне еріп кеткендіктен, өзінің қай жерде отырғанын білмей, сөйлеймін деп, молда бишара қол, аяғы жерге тиместен далаға шығып қалғанын бір-ақ білді. Нұрым мен Оспанның: «Тепкіле! Тепкіле!» деп, қатты-қатты тығылған дауыстары естіліп, сол сағатта-ақ ауызын шие жегендей қылды да тастады. «Байтал тұрсын, бас қайғы», молда-екеңнің бес теңгелік ақ шапаны да әркімнің қолында кетті; «Бастан құлақ садақа» дегендей астындағы атынан және айрылып, жаяу үйіне қашты.

«Ілем деп жүріп, ілігіп кетті» деген сол; әйтпесе, ең құрығанда он теңге мен бір жақсы шапан кимей-

мін деген молда бишараның ойы бар ма еді? Енді оған указдық па, тағы қалған сақалын жұлғызып, абақтыға жібермей, мұнымен қойса сол!..

Ойбай, ана жақта Қамарды бас салып құшақтап; «Асыл туған қарағым, данышпаным! Қара басым қанға боялып, малым жауға, басым дауға таланса да, сені ренжітпейін, бермейін, жүрегім! Бермейін, қарағым, асылым, құлыным, жұлыным пәлен-түген» деп, өкіріп-бақырып, сақалынан суы сорғалап Омар жатыр.

Өксігені өксіп, томсарғаны томсарып, жыламағаны өтірік те болса, ауыздарын кемсендетіп, әйдай!—Қамарды айнала, түнерткен қатын-қалаш, қыздар отыр.

Қанша қара жүрек болғанымен, сондағы кісілер не шығарларын білмей, не отырарын білмей, әркімнің көз алды қараңғыланған секілденіп, ал енді, белгісіз қыямет күні тумасын ба.

Бір олай, бір былай аунақшып, жарыла жаздап, булығып, анда-санда үйелеген өгіз секілді ыңырана түсуден басқаға шамасы болмай, ардақты күйеуіміз, Нұрым отырды.

Онан сайын Омардың «кетші, кетшінің» астына алған жан дауысы тамам ауылды басына көтеріп, өрлеп барады.

Оспанның да бұйрығына қыл батпай, Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп, жаны шыға жаздап, құр анау үйден мынау үйге кезекпе-кезек жүгіре берді.

Міне бұл ақырзаман, ақыр таң атқанша бірден-бірге қаптап, ұйлыға берді. «Бұларың ұят, қойыңдар!» деп айтуға, ешкімнің тілі келе алмады; қайта: «қызық көреміз бе, ойбай, құдай басқа бермесін, жүр!» десіп, жұрттың көбі үйлеріне тарасып бітті. Ың жоқ, жалғыз-ақ Омардың: «кетші, кет! Қамарымның басқан ізінен садаға кет!» деген баяғы қорқынышты жаман даусы мен кейбір жармсақтанған шалдардың Нұрымды жақауратып: «Әй, қызды оқытып... Қызды оқытып... Бәрі сол оқып... Ахметпен жақындасқанның кесірі ғой, дуалы бас қой, дуадан күшті болып па?» деп, қоңырсытқаны ғана естілуші еді.

Оспан Омардың жанына келіп: «Мұның не, ұят

емес пе?» деп, бірдеңені мыңқылдайын деп еді: «Өзіме де, саған да пышақ саламын! Түбіме жетіп, тұқымымды құртайын деп жүр екенсің» деп, өзіне дүрсе қоя беріп, ұмтылған соң, әзер қашып, жан сауға қылып қана құтылды.

Ақыр, Оспан Нұрым досына:

— Ісіміздің жайы мынадай болды. Әлгі жынды неме баласы жылаған соң, қимай жүр. Кәзір бірімізге пышақ салып алудан да тайынатын емес, Қамарға да кінә қойып болмайды: дуадан күшті болып па? Жәукенің шала қазақ баласы қыларын қылып болған соң, өз ұятын өзі біліп, қашып кеткенін көрмейсіз бе? Қап! Құдай соны қолға беретін күн болса... көремін де мырза, бұл жолы ұят та болса, қайтып, соңынан өзіңіз білсеңіз қайтер еді?» деп, тартып алу жағын сездірді.

Нұрымның қасындағы төбеттері:

— «Біз мұндай қорлықты қайда көріп едік?...» деп, бұлқынайын десе де, Нұрым әлгі Оспанның «тартып ал» деген сөзіне түсініп, баса берді.

Нұрым енді ескі пікірін ішінде сақтап, қайтпақшы болды. Жүрерде ауыл ақсақалдары жиылып:

— Бұл жолы жердің үстімен келіп, астымен қайтқандай болдыңыз. Көптен бетіңіздің қайтқаны да осы шығар. Құдай күдіреті—дуаға амал нешік? Ендігі келгеніңізше Омарды, бәрін көндіріп даярлап қоямыз; болмаса, өзіміз болып, тартып әперейік; көңліңізге ешнәрсе алмай кетіңіз, мырза-мырза-еке!.. — десті.

Қайтсін амалы бар ма? «Өлмегенге қара жер» солбырайып, атына әзер мініп; «Әй, бәлем-ай, севіме?» деп тістене-тістене Нұрым қайтты.

Мұны естіген жұрт:

— Ойбай, Омардың соры қайнады, тәтті аузының дәмін кетірді ғой!— десті.

Нұрым кетісімен-ақ:

— Ал шоқынды, түбіме жеттің! Қане, мықты болсаң, бермей ұстап тұршы, көрейін. Қыяметке дейін көрмеймін! — деп, Омардың жер-жебіріне жетіп, жан күйер ағалары Қалтан мен Оспан да шықты.

— Құдайға тапсырдым. Көрмесең көрге көміл, жауыздар! — деп Омар қалды.

Тағы шуыл, тағы дуыл, тағы өсек лаулап ала кетті дағы онан басқа не дейсің? Жұрт аузындағы: «Пәлен-пәлен етем, деп айтыпты: анау шабам, мынау қабам деп айтыпты...» деп, күн бұрын үрейін алып, қуылдескен өсекке қарағанда, ертеңінде-ақ Омардың күлі де қалмаса керек еді. Жоқ, аман-есен он күн, он бес күн өтті. Омар онан сайын қатайып, бойына ие болып алды. Шабысты қалаға, жаудырысты арызды, ұшы-қиыры жоқ сасық даудың ішіне кіріп кетіп, шатасты да жүрді...

Мұнан бұрын Омар: «Әне, келіп қалды... Міне, әкестеді Қамарды» деп, көлеңкесінен қорқып дегендейін елегізіп, бөтен үйге қоюға өзінен басқаға және сене алмай, қару-жарағын даярлап, үйінің ішімен түн бойынша үрпиісіп, көрер таңды көзімен атқызушы еді... Міне, бүгін елінің «жақсылары» жиылып, жаз жайлауға барысымен, Омарды беруге көндіріп, Нұрымды алуға көндіріп, қайсы бұрын осы уәдені бұзған жағынан беземіз деп, жайғастырған болып қойып еді.

Соның үшін Омар үйіне келіп: «Оған шейін бір қара қалай көрмеспіз? Құдай жеткізер, Қасен ағанда келер, қарағым!» деп, көптен көңілдері тыныш тапқандай болып, бұрынғылары ұмытқа айналған секілді, есін жиып, етегін жапқандай, Омардың да, әлде қалай бір балбырап, алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен күні бүгін-ақ еді.

Аһ! Не шара!? Таң алдында күндізгі бітімнің құр алдап, биғам қылу екендігі көріне бастады. Алаңсыз, тәтті ұйқыда жатқан Қамар әкесінің: «Ойбай! Кісі! Қарағым Қамар!» деген асығып шыққан жан даусын естіп, төбесіне мұзды су құя салғандай, атып тұра келсе, бейбақ, бишара не көзімен көрсін: көз алды самсаған сары қол; қолдарында белсенген білектей-білектей қамшы; әке-шешесінің басы, көзі қып-қызыл қан, үсті-басы далба-далба: әрбіреуінің қолында жүр; құр: «Ойбай! ойбай! Өлдім!...» деп қырылдаған даусы ғана шығады; жабылып ашаға байласып жатыр. Нұрымның: «Бәлем, бермейтін мықты неме ғой! Көрейін мұның сотын! Әйтеуір, сүйегін сындырып, көзін шығармай, өлмесе де, өлімші қылындар! Дәндейін деген екен!.. Әлгі мені сүймеймін дейтін дүзқара қан-

шығы қайда? Тигіз менің қолыма!..» деп, төбет иттей, тепкілене нұрiлдеген ашулы, суық дауысы үйдi басына көтерiп барады. Жүрегі төбесiне шығып, қорыққаннан қалш-қалш етiп, дiрiлдеп, дiңкесi құрып тұрған Қамар сорлыда ненiң есi болсын, үш-төрт жiгiт ақырып: «Жүр! Неге тұрсың?» деп, ұмтыла берген кезде, апырым-ай! Қамар жанталасқандай, терезе деп ойлады ма, немене: пәрменiнше ұшып кеп кеткенде, үйдiң бөренесiне басын соғып, шалқасынан түстi. Ес те жоқ, түс те жоқ, құр кiрпiгi ғана қыймылдап көгерiп, сұлқ жатты. «Соқырдың қолына, саңыраудың жолына түспе» деп, қолына түскен соң, соқырлар өлген, тiрiлгенiне қарасын ба? «Ойбай бұл дұзқараныкi айла ғой» десiп, арбаға көтерiп ұрып, ең алдымен жөнелттi. Алмасақ та, бiздi талады дейдi ғой, деп, Омардың үйiнде iске жарарлық нәрсе қалдырған жоқ. Не қылса да, ойына келгендерiн iстеп, дүрiлдесiп кеттi, барды. Қамарды алды. Қалтан, Оспанның айыздары қанды.

Мұны ауылдың көбi күндiз бiлсе де: «Ойбай, бiрдеңесiне iлiгiп кетермiз» деп, Нұрымнан қорқып, жалғыз келмедi, қайта, Омар ойбайлаған сайын, жүндi күпiлерiн бүркене түстi.

Таң атысымен-ақ, «Нұрекең жүз кiсiмен өзi барып, Қамарды әкептi, бiрақ, айла болса керек, Қамар үйiнен шыққаннан талып, әлi есiн жөндi жыймаған; әлсiн-әлi аузына келгенiн сөйлеп, шатаса бередi дейдi» деген хабар жұртқа дүңк ете түстi.

Өйда-ай!... Не сұрайсың, қайырлы болсын айта Нұрымға қарай ағылған лек-лек кiсi... Бара салысымен: «Ой сабазың! Жарайсың! Сол керек едi... Қоса ағар», деп, қайырлы болсынды тұс-тұс жақтан жаудырысып-ақ жатыр. Нұрым да «Омин-омин» деп, аузын толтырып, жалаңбас, есi жоқ, түсi жоқ терлеп, тепшiп, екi езуi құлағында, алақандай шегiр көзi ақайып, жирен сақалы қаудиып кеткен, әншейiн-ақ, күр-күр етедi...

Барын аяп қалмай, «Ас та, төк!» деп, келгендi ақмайға жығып жiберiп жатыр. Және мына даудың кезiнде жұртқа жалыныштылау ғой, қанша мықты болғанымен батырға да жан керек емес пе? Ат

сұраған ағайынның да, ас сұраған ағайынның да бетін қайырмай, дос-досына ат шаптырып, күні-түні дамыл көрмей, әйтеуір жұртты өзіндік қылып алды...

Жауы жанынан табылған жақындары жабылып діңкесін құртқан Омар сорлының құр қынжылып, сақалын жұлудан басқа не әлі бар? Бірге туысқан ағаларының сыйқы анау... Ондай-мұндайлар бүгін ішіп-жеп отырғанда, Омарлық болса да, ертеңінде қорқып, Нұрымға кетеді. Жалғыз басы олай шапты, орысқа орманға барды, малын да, жанын да аямаған болды: «Жалғыз қаздың үні, жаяудың шаңы шыға ма?» Шыбын құрлы көрген кісі жоқ; бір айдай далақтап, тыйтығына жетіп бара жатқан соң, шарасы бар ма? «Көп қорқытты, терең батырды», жүні жығылып қалды...

Нұрым қолына еркін тиген соң, Қамарды күтпеу қайда? Шыбын жаны соның үстінде шықсын деп, иіліп төсек, жайылып жастық болып, өліп-өшіп барады. Дөңкиіп келіп қолын артып, яки, аяған болып, бір жерін сыйпап, сүйем дей ме, немене, күйектей бір қап жүнді сақалымен сасық аузын Қамардың үлбіреген аузына тақап апарғанда, Қамардың шыбындай жаны шығарға орын таппай, шырқырап, қиналғандағысын құдай мұсылман баласының басына бермесін! Қандай талмаусып, әлсізденіп жатса да, маңайына Нұрым келді солай, шағатын жылан кіріп келе жатқандай, тітіркеніп, қысыла бастаушы еді; без-без етіп, қырғидың тырнағы таянған торғайша шырылдап тулағанда, денесін кез келген нәрсеге соғып, бұрынғысынан он есе төмендеп қалушы еді. Қамардың мұнысын айла деп, жекіріп, ұрысып, сабап көріп те, біраз байқасты. Жоқ, жоқ, күн асқан сайын, еттен, халден айрылып, қайла болмай, шынға айналды.

Уайым, қайғымен әлдеқашан-ақ чеходқа болып, қан-сөлден айырылған сорлы ғой, оның үстіне мына қайғы қосылып, әлгі ұшқан жүрегі орнына түспей, дамыл-дамыл басы айналып, шатаса беретін болды.

Белгілі, қазақта мұндай ауруды жалмауыз ишандар, алдамшы қожа, молда, бақсылардың қарайтыны.

Және бұл жарықтықтардың қайсысы да болса, қазақ елінде бар ғой. Аяқ жетер жерден алдырып, қарата бастады.

Бұл алдаушы жауыздардың қайсы бірі басында дуа бар деп, қайсысы қызылды-жасылды тіл-сұқтай бірдеңе жабысқан, басын айналдырып тұратын сол деп, қайсысы тіпті дәнеңе де емес, жастық-мастық деп, Ахметпен желігіп, аруақты қорлағандай болды ғой, кешегі қара шаңрақтағы жарықтық бабаң Құтымбектің аруағы тегін дейсің бе? Сол аруақ мұны тауып жатқан. Әне, Омарды соқты ма? Тағы қарап тұр—Ахметті де соғады. Зыяратқа түнетіп, шырақ жағып, құрмалдық союға керек... деп, жүзі жүз түрлі ем айтып жатушы еді.

Міне, бұлардың қайсысына болса да Нұрым мырза сүттей ұйып: «Пәле, пәле, тіпті жөні бар; аруақ асыға ма, саса ма? Біз ұмытсақ та жарықтықтар жебеп, желеп жүреді ғой» деп арқасы шымырлап кетіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді аша тұяқтыларын құрмалдық қылып, жанбасы мен терісін емдеушінің өзіне ұстатса да жазыла алмады.

Онан соң үшкіру, деген нәрсе күнде көбейіп қолында сандықтай құраны, бар алхам далла мен құлқу-алла білетіндердің аузында дамылы жоқ. Емдеуші мұндай көп болар ма, үйге сыймай лық-лық етеді. Көбіне тиын түспесе де: «Бір тойған шала байлық» деп, өңмеңдей беруші еді...

Тағы қорықтық құю ма, қара малдың өкпесімен қағып көшіру ме, жынға орау, қырық аяқ сумен ұшықтау, боз бұға, сарбұға, жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып, емдеу ме, не керек—әйтеуір, осылар секілді «қасиетті» қазақ емдерінен қалғаны бар ма екен?

«Қамардың басын айналдырып, сені сүйдіреміз» деп, жеті қара мейізге, тұзға, қантқа дуа оқып, Нұрымды алдаушылар да толып жатыр.

Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі қыдыр деп еді, лепесі қабыл болмас па екен?» деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып, жүгіріп, үшкіртіп жүруші еді. Садақаны кесек-кесегімен тастайды.

Не қылса да, Қамардың ауруы күннен-күнге күшейіп, болмасқа айналды. Маңайына Нұрым жақындаса, яки, ем қылдырса, тым төмендеп кетеді.

Сонда Қамардың ішінен күбірлеп, ылғи аузынан тастамай айта беретіні жалғыз-ақ мынау еді:

«А, құдай, енді мені күйгізбей ал!
Жауыздың суық тәнін тигізбей ал!
Антым бұзбай, алдыңа мен барайын,
Ахметтен басқа жанды сүйгізбей ал!»

Мұны шала-шарпы естіп қалғандар: «Әне, дуа! Әне дуа, көрдің бе?» деп, бір-бірін түртісіп, шулай қалушы еді.

Қамардың жайы мұндай болған соң, іштен шыққан «шұбар жылан» шыдата ма, араздық, пәленді қойып, Омар да күні-түні қасында болды...

Мұның емі — ылғи қожа, молда қоймай, үшкірте беру десе де, Омардың жан ұшырған еждигатымен қаладан доктор алдырып, көрсетіп еді: «Емдейтін уақыттан өтіпті. Апырым-ай! Чаходка болғанда да біртүрлі қуаттысы екен, болса бір екі айлық қана өмірі болар. Шатасатыны қорқып, жүрегі ұшқандық. Әлсіз болған соң, есін жыя алмай тұр. Емдетпей, өз ықтыярына қойып күтсе, онысы басылады. Қаратам деп әуре болма, жай күте беріңдер!»—деді.

Мұны естіген жұрт: «Ойбай, доктор былшылдайды, түкті де білмейді. Чаходка дейтін: мұныкі жөтел емес қой. Қашанда болса, иелі дертке нанбайтын доктордың әдеті емес пе? Өзгесін қойшы, сөйлеп шатасатыны: қорыққандық дегені кәпірдің кәпірлігі ғой. Мұныкі иелі дерт: Әбілде ишанға бақтыру керек. Сол кісіге қаратып, Имамбек, Жамантайлар жазылып кетті ғой...» дескен соң, тез өзінің баласын қос атпен жіберіп, елінің жақсыларына қағаз жазып, екі күндік жердегі ишанды алдырды. Жарықтықтың қасында екі-үш мүридi бірге келді. Келісімен-ақ, Жорға Нұрым асты-үстіне түсіп: «Тақсыр, мынадай бір мүскіліміз болып тұр. Сәті болып, жазылып қалса, жанымнан өзге қалағаныңыз сіздікі» деп, арғы көмейін білдірді. Мұны естіп, иша-екең де мұртынан күліп: «Ин-

ша алла, кара кітапқа қарап аруақ жар болса, бірде-не қылармыз. Анау бір күнгі ерте намазынан соң, таһаратпен жатып, көрген түсім теріс емес еді. Біз тәжірибе қылмай келмейміз ғой»,—деп, Нұрымның та-науын күн бұрын шелектей қып делдейтіп қойды.

Ойда-ай!... Бүгін түнде эне жерде шарта жүгінген, жыбыр-жыбыр далайыл қайрат; мына жерде сарт-сұрт еткен таспық пен алла су жағала дей ме, немене, кө-зін жұмып, дамығып кеткен мүридтер.

Жай етке бола жиылған кейбір шалдардың өзі еліктей алмай, солықтап, тіпті ишаныңнан асырып өл-тіріп барады. Қазандай ақ сәлде, пұшпақтарына түс-кен ақ шапан, төмен қарап тізіліп, үзіліп тұрған бір-түрлі айбынды, құдайы жандар болғанға, ауылдың кіруге қорғанған жаман кісілері де: «Жарықтық әу-лиелер-ой!»—деп, сырттан тұрып мүлгісуші еді.

Босаға толып сығалап кеткен қатын-қалаш жа-бықтан сығалаймын деп, таласып мүлдем кигізді жыртып барады. Ишанның шатып-бұтып айтқан түпсіз өтірік ертегісімен, қиратып, сындырып айтқан аза-нын естігендер де: «Ой, садағаң кетейін, жарықтық әулиелердің дауысын қарасайшы, бүркіттің даусын-дай қалай саңқ-саңқ етеді! Осы күнгі ноғайша киінген қатыбас молдалардың қандай қатымкердесіне жо-лықсаң да «ау-у-у» деп, даусы к...нің астынан шыға-ды ғой»,— деп, арқасын қиқандатып қоюшы еді.

Анау тамырымды ұстатамын, мынау кітап аштыра-мын, тағы тұмар алып, үшкіртем, қақтырам-соқты-рам... деушілер де көп күн бұрын беретін садақала-рын даярлап, жоғы қарызданып, сұрап жүгірісуде еді.

Жарықтықтар тартатынын тартып, аузы-басын қисандасып, делбе болған мал секілді бірсыпыра селкілдеп, шұлғысып болған соң, екі сағаттай күтіп отырған етті жеп лықиысып ұйқтады-ау...

Ертеңінде бір мүриді: «Аурудың иесі арамызға көк өгіз болып келіп жүр екен, әйтеуір қудым» деп, түс те көріп шықты. Нұрым оған нанып, едәуір көте-рілді.

Таң ертеңгі шайды ішер-ішпесте-ақ жиылған кісі-лер, ишанның қолын ұстаймын деп, етік-метігімен кі-

ріп кетіп, мүддем үйді былғап бітірді. Жұрт жабырласып басылған соң, Қожа-екең байға байша, балашаға, асты-үстіне дейін қазып сұрап, кедейге кедейше, негінің ұшымен жүргізіп, амандасып болды. Қазандай ақ сәлдесін қоқштып, шарта жүгінді; қозы құйрығындай аршын жарым тасбығын тізесінің үстіне қойды, көзілдірігін киді; белінен шүберекпен буған, арасының көгерген исі кеудені ататын, жалба-жұлба шеттерін тышқан жеп кеткен, сандықтай, атам заманғы бір жазба кітапты ашып, бұрқыратып отырды да, ең әуелі кітаптың жайын сөйлей бастады:

— Бұ кітаптың ең түбі бабам қазірет Ғалидан қалған. Жағпар Садық әулиенің кітабы. Атам марқұм Бұхарадан жеті жыл іздеп, қолына әзер түсіріп алған екен. Жарықтық өзі өлерінде: «Күтпесең, таһаратсыз ұстасаң соғып кетеді, болмаса, өле-өлгенше азық болар» деп өсиет қылып еді; ақыры, тегін кісі емес қой, айтқаны келді. Осы ғой біздің сүйетініміз,— деп, ал кеп шулатты.

Оған үй ішіндегі ақсақал, қара сақалдарының «ие, ие!» деп жандары кіріп: «Ой, жарықтық-ай, әулие кітап екен ғой. Бәсе жазуын қарашы, таяқтай-таяқтай, қағазының қалыңдығынан-ақ белгілі болып тұр ғой» десіп, жабылып жұрт сыйпап, сүйгені сүйіп, қолдан-қолға түсірмеуде еді...

Ал, енді ишекең қасиетті кітабына қарап жібере сала: «Апырым-ай, дуа бойына әбден сіңісіп қалған екен. Жүрегіннің басына барып байлануға аз-ақ қалыпты. Мұны көптен неге қаратпаған? Сонда да әзір қатер деген сөз көрінбейді. Бойында қызылды-жасылды тіл-сұқ бола жабысқан көз секілді ұшығы да бар-ау өзінің... Тап осы кезде екі-үш түрлі аурудың басы қосылып, ерегісіп тұр екен: мұның ең әуелі ұшығын кетіру үшін жеті жылғы ту қойдың өкпесімен қағып, сары ешкінің қарнын құшақтатуға керек. Сонан соң жеті күн ұдайымен оқып, зікір салып, басындағы дуасын аламын. Оған болмаса...» деп, емдеуге кірісті. Қақты, соқты, сөйледі жоқты, үшкірді, түкірді—бәрінде қылды... Ақ шынаяққа шіріткі қып, мынаны жазып ішкізді:

Егер біркім ерсе бұ дұғаны бітіп ішсе бәс ол кішіге жын
зәхмәти межіреп дірки дұға бодыр

Ағозы беллаһи мен өлшайтан әлрақим бисмилла и

Имлака	Мөкселмана	Мырнош	Дыбырос
Шазноп	Кіпішттыйош	Қытмыр	Сақыр ақыр ғымыр рып йо-ян

Мойнына және киімінің сау жерін қоймай, шоқ-
пардай-шоқпардай қып зыяндаш дұғасы деп тақ-
тырды:

Зыяндаш дұғасы бодыр

а а а	г г	һ һ	арсым	м м м
д д д	б б	а а а	ғ ғ	п а а

Тұсындағы шымылдықтың бауына ілген исым ағ-
зам¹ ба керек, әлде не мазарат етектей-етектей дұға-
лықтан Қамардың бет-жүзі көрінбейді. Жан-жағын
Меккеден... деп, қажылар әкелген алтынды «кұран»,
түрлі мешіттің планын (формын) салған қағаздарме-
нен қоршап қойған. Тіпті адам сұрар емес, тілдей
ұзыншақ дұға жазулы қағаздардан аяқ алып жүргісіз.

Әншейін-ақ қасына сүре² танитын сопы-сымақ,
сұмырайларды жиып алған, қырық мәртебе ясин³
шулатып шыққызып, әр шыққан сайын, тұра келіп,
азан, тәкбір⁴ айтып, онынзыл мен алқуран ма һо...
лақол ола қот... ақыры... жықыры... шан-шан! Ан...
ын..., қойшы, ыс-с-с суп, күп-п! Тіпу-тіпу-п!» тің асты-
на алып, баспалатып-ақ жатыр-ау...

Бірақ, бұл емдердің қай-қайсына болса да Қамар
разы емес, аза бойы тік тұрып, бір нәрсе дейін десе;

¹ И с ы м а ғ з а м (араб сөзі) — ұлы есім.

² С ү р е (араб сөзі) — құранның бөлімі.

³ Я с и н (араб сөзі) — құранның бір бөлімінің аты.

⁴ Т ә к б і р (араб сөзі) — дұға бата деген мағнада.

«Әне, дертінің иесі ерегістірді» деп, онан жаман екіленіп кетіп, былш-былш үшкіруші еді.

Міне, бүгінгі кеш зікір сала бастамақшы. Нұрымның кең зал үйіне «таһаратсыз бір жан отырмасын, соғып кетеді» деп, қожа молда, алхам, құл һуалланы¹ біледі-мыс деген қырық-елу жанды алқа қотан отырғызып, бәрінің нақ ортасына Қамарды ұстатып қойып, ал, ишекең зікір бастап, жағалай отырған кісілер өкіріп кеп, тулап шуласпасын ба? Көзің жамандық көрмесін! Жұлынып алды кетті, алды кетті...

Біраздан соң:

Қайсысы қылжалақтап, маған «зікір түсті» дегендей қылып жығылып жатыр...

Қайсысының ауыздары көпіріп, қиқылдап, шикылдаған болып... Қайсысының бөріктері ұшып кетіп, бастары бір-біріне соғылысып...

Әне біреуі ишанның қолынан ұстап, шырайнала жүгіріп, бұрқылдап...

Міне біреуі: мырс етіп күліп жіберіп, кейін шегініп, аузын басып қырқылдап...

Онан, мұнан сығалап қараған балалар мен қатын-қыздардың шек-сілесі қатып, жырқылдап...

Кейбір есті қатындар: күлгендерге ашуланып: «Кетіңдер, не бар онда? Қызық көремісіңдер» — деп, бырқылдап...

Одан сайын ишекеңдер кеудесін көтеріп қойып дәуірлей түсіп: «Бабамнан қалған көк кептер» деп, аптыға-аптыға ыңқылдап...

Анадайдан көз жіберіп: «Апырым-ай, жарықтық ишекең!» деп, үңіле қараған шалдардың бастары да қылқылдап...

Өкіре тулап, жұлына-жұлына ән қосқан мүридтердің даусы да екі шақырымға жетіп сұңқылдап...

Қайсыбірін айтайын, әйда-ай, не сұрайсың, мерекеге батысып-ақ жатыр-ау!

Зікір қызып келген кезде, Қамарды еліктіріп жүгіртем деп, ишекең әлде неше қайтара барып, сүйресе де болдыра алмаған соң, назаланғандай болып, ар-уақ, құдайға жалбарынып, әулие-масайықтарға сыйы-

¹ Құл һуалла (араб сөзі) — құранның бір бөлімінің аты.

нып, бабаларын шақырып, дөнен бұқаның кеудесіндей күжілдеп, омырауын ашып тастап, көзі қызарып кетіп, жұлына-жұлына танаулатып, мүридтерімен ду қосылып айтқандағысы мынау еді:

«Қеспі-теспі, ай алдау!
Мапый қалби Ғайрулда-ау!
Ин ләм алдау құлқынға
Мал түспейді аллам-ау!
Әуелі жар боп жебей гөр!
Құтты қожа, Сартымбет!
Одан соң сүйеп, демей бер,
Аруақты туған Байымбет!
Алдау үшін айтамын:
Мадинеде Мұқамбет!
Ауызға алдым сені де
Түркстанда Қожахмет!
Қалдырмасын тағы да,
Үргеніште балуан Ахмет,
Құлқын жайын қарастыр,
Пел-түрейсік ишан қазірет!
Уала түскіт, тым-тырыс,
Суммел ашми қазірет...
Айналайын ишан-ау!
Аруағыңды жисаң-ау!
Мүридтің қолы мүшкілі!
Бұңа насырат қылсаң-ау.
Баһауаддин дуана,
Пәлекетін қуала.
Ин-лам-якун біраз күн,
Нұрымның ғайнын уала
Япірім, ғайып иран, қаусыл ағзам!
Шадияр, масайықтар, имам ағзам!
Мақсудел-қалқом, суммел, құлқын.
Сол үшін мәжнүн тамам ағзам.»

Я ғалиял — зұлпуқар!.. һу-һу-һу... леп, алды кетті, алды кетті.

Ишекендер екі-үш сағаттай құтырған өгізше өкірісіп болған соң, күндегі қалыпша ақ майға лықисып, тағы бірсыпыра ауыздарын қисандатысып, тас-

бық алып отырған болып, ұйқтады. Ертеңінде бір мүриді ұйқыдан тұрысымен, Нұрымның көзінше ишекеңе қарап: «Апырым-ай! Дертінің иесі күшті екен, қасына жақын жатқан менімен алысып, мынау көзіме түнде қара кездігін тығып алғанын көрдіңіз бе? Әйтеуір сіз арашаламағанда» деп, күбілжітіп қойды. Ишекең тамағын кернеп, көзін алайтыңқырап қойып: «Ие, түндегі ме? Ол маған неше күндей келіп бата алмай жүр еді, ешкімге әзір ауыздан шығармасқа керек. Соңғы екеуінің атын аңғара алмай қалдым; бастапқы үлкендерінің аты: Әмина, Сәлима ма, Қалима ма еді? деді де, боқшасын ақтарып, қағаз алып жаза бастады. Қағазға қамыс қаламмен баттитып, тез Әмина, Сәлима деп жазды да, күйдірейік батшағар дүспандарды деп, отқа жандырды. Нұрым енді аурудың иесі күйді: жазылады деп нанып, қуанышы қойнына сыймауда еді.

Өстіп, жеті күндей шатпаған шатақ қоймай, пәрменінше көңілденіп-ақ қараған болды. Қамарды үш-төрт жігітке ұстатып қойып, шапқымен төбесін тесті. Өзінің күн бұрын шаш, тырнақ, жібек, тағы түрлі нәрселерден істеп, даярлап қойған түйіндерін қанға бояп, әлгі тесіктің ішінен: «Оқуменен бойындағы дуасын шығардым, енді жазылады, мінеки!» деп алып жұртқа көрсетті. Бұған халықтың нанғандығы сонша: «Бишараны құдай ал құлым деді ғой» десіп, шу ете түсті. Бірақ, Қамар күн асқан сайын кер кетіп, нашарланып барады; онда жұмыстары да жоқ. «Қожаекең қарағалы өңі тәуір, пәлен-түген...» деп, Нұрымның ыңғайына қарай сөлеушілер көп еді.

Солай біраз шатып-бұтып шаршаған соң, ишекең жарықтықтар қайтуға қамдасты, тап жүрерінде Нұрымға қарап:

— Әйтеуір сіздің шақырып, біздің келгенімізге қарай, бабаның кәрі аруақтары жар болып, садаған кетейіндер, басындағы дуасы алынып, ең күшті науқасының беті қайтты ғой, енді қызыл-жасылды, андасанда есін аударыңқырап тұратын, үйреншіктілеу бірдеңесі бар, о да біраз әлсіреді. Мұнан былай бірте-бірте тәуір бола бастар. Ақыр бойына сіңісті болып бара жатса, мына жердегі Көнілбай бақсыға

бір-екі оқытып жіберерсіздер; мұндай иелі дертке тәуір дейтін. Бірақ, оңаша қалдырмаңыздар, дәретсіз маңайына бармаңыздар, ерегесіп кетеді. Онан соң үйге кіргізбе: кесепаты бар деп, Нұрымның жек көретін бір-екі адамын көрсетті. Нұрымның қуанғандығынан шелектей танауы делдейіп кетіп: «Жеті атадан тілеулес, аруағыңнан айналайын тақсыр пірім-ай! Мұнда тағы бір екі күн болыңыз» деп үзір қылып жібермеді.

Жат елдегі пәлен мырза, барғанда, соны беріпті деген атақ болсын деп, олжаны ишекендерге ойдағыларынан екі есе артылдырып берді. Сонан біліңіз: жанындағы мүридтеріне дейін бір-бір ат, шапан кидіріп қайтарды. Ишанның Нұрымнан қашан босауын аңдысып тұрған қазақтар ишанды, қайдан, еліне қайтарсын: қолдан қолға түсірмей ала келіп жөнелді. Оның ішінде кітап аштыратыны бар, қақтырып-соқтырып, үшкіретіні бар, тәсбі аламын, балалы боламын, деп жүрген сопылар да бар,— не қылса да сол маңайдағы қазақтар: «Іздесе табылмайтын жарықтықты құдай қолға айдап кеп бергенде...» деп жүзі жүз түрлі мұқтаждықпенен алды ат, айғыр, қошқар, арты теңге, тебен садақаларын даярлап, тым-ақ күштар болып тұр еді, қолдарына тиді. Онан соңғы есебін құдай өзі білмесе, пенденің аузы жеткізе алмас.

Мұнан былай Қамардың жайы күн сайын төмендей берген соң, ишанның әлгі сілтеуі бойынша, Көңілбай бақсыны алдырды. Ишанға қылған сый-құрметтерді оған да көрсетіп, айтқан лепесіне бәйік тұрып, Қамарды қолына тапсырды.

— Қамардікі үйірлі жың, қайда... бұл ауырысымен-ақ маған сезілген. Әуелі жындарымды шақырып, аруақтарымды жинап, үш күндей ойнаймын. Жеті қуыршақ, жеті қаратікен, тұз, үш жылғы қара ту ешкінің сүйегімен көшіріп, жолға тастап, зыярат айналдырамын. Тіпті жазылмай қалмайды. Дертінің иесі жеңіліп бара жатса жылайды, жалынады, сүйтті екен деп, зынһар аяушы болмаңдар: бәрін істететін жыны, аурудың иесі,— деді.

Алдында ишанның умалауынан зэрзет болып қалған сорлы Қамар, бақсы ойнайын десе, ойнамақ тұрсын, маңайына жақын барса да, ұядағы балапан-

дай шырылдап, міз бақтырмады, ойбайдан-сйбай салды.

— Әне, құдай берді! Ол — дертінің алдымнан қорқып, именейін дегені. Иншалла, жазылайын деп тұр. Ауру—құдай ісі: айыбы бар ма? Жамандығынан болған жоқ қой. Мұны ортадағы подвалға¹ винт қағып, мойнынан байлап және екі қолын артына жұмсақ орамалмен таңып қоюға керек,— деді.

Отырған жұрт: «құп, құп» деп, бас салып, айтқанның бәрін қылды. Сонан бақсы білеудей сегіз қырлы сарбас қамшыменен өзін-өзі ұрып, бүлініп кеп; «аруақ!, «аруақ!» деп жындарын шақырып, көзін алақтатып, тілін салақтатып, шырайнала, бір олай, бір бұлай зырылдап жүгіріп, ал кеп ұрмасын ба?

Қамар сорлы мүсәпірсіп, шырылдаған дыбыспен:

— Әй, ағатайлар! Дүние, ақырет көк есегің болайын! Мынадай қорлықты көрсеткенше, жанымды қинамай, біржолата өлтіріңдер, қаным сұраусыз болсын. Болмаса, қолымды босатыңыз, өзім өлейін...— деп, мұсылман адамның сай сүйегі сырқырағандай, зарлап кеп жалынып еді, оны қазақ қайдан қабылдасын?

— Апырым-ай! Мына бақсыға ерегесуін қарашы! Ишанды да шыбын құрлы көрген жоқ еді. Құдай бірдеңе берер, үндеме!—десіп, онан жаман қымтып байлай түсті.

Қамар осындай жазықсыз қиналуға ызаланып, тым болмаса, өлуге де босана алмай, тарыққан соң, аузына не келсе, соны сөйледі. Бақсы-екең онан сайын бұрқырап бірдеңені көріп тұрған кісі секілденіп:

«Ақ боз атты қасында,
Әуей көгі басында,
Анау кірді миыңа,
Жүректегі жиынға;
Аруақ жәрдем бермесе,
Істің түбі барады,
Шама келмей, қиынға...»

деп, Қамардың үстіне төніп, дырау қамшысыменен басқа, көзге беталды төпелей бастады. Қамар сорлы-

¹ Подвал (орысша) — үйдің асты.

ның құлындағы дауысы құраққа шықса да: «Бишара-ау, дертіңе шипа берсін, саған кім болса да қастық қылып отырған жоқ қой» деуден басқа бақсыға қой деуші кісі жоқ еді. Себебі: күн бұрын бақсы ұқтырып қойған: таяқ дертінің иесіне тиеді, тіпті, басын отқа тықса да, зыян жоқ, қайта, жыны күйеді деп.

Қамар қанша жалынса да, мейрім қылар жұртының сыйқы мынау болды; өз бетімен өлуге қолын босатпай қойды. Қашан шығып кеткенше, ыстық жан шіркін шыдата ма, тұщы етіне ащы таяқ өтіп, шыдатпай бара жатқан соң, Қамар бақсыны ағатайлай бастады. («Қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні апа қылады») деген сол және көп кісі жыйнылған ыстық үйдің ыстық ауасы ауру Қамар тұрсын, сау кісіні булықтырып өлтіріп барады.

Міне, Қамардың таяқ өтіп жалынғандығына үйдегі өңкей мисыз өгіздер: «Әйда-ай! Құдай берді! Қамар жазылды! Дерттің иесін біздің бақсының жыны жеңді» деп, мәз-мәйрам болысты. Бақсы да енді сабауын қойып: «Ә, солай ма? Ә, сүйтуші еді ғой, баяғыда...» деп, біраз күліңкіреген болып, тағы екіленіп, бұрқырай бастады. Бұрқырап, қырқырап, тәлтіректеп, есін білмеген кісі болып жүріп, ақыра жұлынып, мынаны айтты:

Айналайын аруақ-ау
Толғанайын аруақ-ау!
Жан қысылған кезінде,
Қолға алайын аруақ-ау!
Қара қасқа ат бек мініп,
Жал-құйрығын шорт түйіп,
Бурадайын түксиіп,
Қарт қабандай бүкшиіп,
Көк кептер, менің жолдасым,
Көз жасымды исейші!
Ап жыланды қолға алып,
Айдаһарды соңға алып,
Ақ борандай долданып,
Қара бүркіт — қарағым,
Түйіліп келіп тисейші!
Ақ боз ат мініп жарысқан,
Ауыздықпен алысқан,

Жоғымды іздеп табысқан,
Дұшпаныммен шабысқан,
Ай астында алты аруақ!
Сауыт-сайман асынған,
Нас адамды басынған,
Омырауы ашылған,
Аузынан көбік шашылған,
Жер астында жеті аруақ,
Қара шотай бабам-ау!
Медеткер бол балаң-ау!
Иектен сүйеп жіберсең,
Қалай да жол табам-ау!
Осы үйде бар бір құла ат,
Екі жылдай құр құла ат,
Бар да көзін тез жоғалт,
Кесел болып тұр бұл ат.
Тағы да бар көк өгіз,
Қасында бар көп өгіз,
Ауыртпалық соған түсіп тұр,
Жалған айтты деменіз!
Бесеуін зорға өлтірдім.
Ең үлкенін келтірдім;
Бұған шамам келмеді!,
Не қылсамда өлмеді.
Садақаменен болмаса,
Құр айтқанға көнбеді...

деп, бақсы талықсыған болып, қиқандап жығыла кетті.

— Ой аруағыңа болайын!—деп, бақсының қатты-қатты күрілдегеніне разы болып отырған жұрт: «Уай, сабазың! Енді қайтсін-ай...» деп, бақсыға су бүркісіп, әрқайсысы өз білетін құлқу аллаларын оқысып, біраз дем алысты. Аузын қылжалаңдатып ішінен әлденемені күбірлеген болып, жыбырлап, сұлқ жатқан бақсы: «Ой алла-ай, ұйқтап кеткен екенмін» деп, жарты сағаттан соң, біреумен алысқан кісіге ұқсап, екі иығынан дем алып, тұра келді.

Және бақсының: «дәретсіз кісілерді шалып кетеді, мұныкі керемет күшті және үйірлі жын» деп, жұртты қорқытып, су жүрек қылып қойғандығы сонша: қа-

шан кеш болды жарықсыз, серіксіз, қандай әулиемін деп жүрген кісілер болса да, далаға шыға алмады. Түсінде ме, өңінде ме, әйтеуір, елегізіп, о жер, бұ жерден сары ит пе, қара ит пе керек, топтанған қыз, келіншек, пәлен-түген көрдім деушілер де көбейіп кетті. Әйтеуір, сол ауылдың кісілерінің көздеріне ажал көрініп тұрғандай-ақ таубе-таупыққа бір келтірді. Беталды үрейленіп, көзіне әлде нәрселер көрініп, кірпігін ілмей шығушылар да аз емес еді. Тіпті, өмірінде басы сәждәға тиіп көрмегендердің өзі дәретсіз, бісмілласыз жүрмей, қалтырауық сопы болып алды. Кеш болса, жүректері ауыздарынан шығып, лүпілдеп, ауыздарында: «бісмілла, бісмілла... лахаулы уала қуатен...»—жан-жағынан оқынып жүруші еді.

Бақсы жұрт нанған сайын құтырып, күнде-күнде: «Мен бүгін пәленмен алысып шықтым, түгенмен жұлысып, ұйқтамадым» деп, қыюы жоқ түпсіз өтіріктерді ағызып, құр зәрулерін ала беруді білді.

Бақсының әлгі ауыртпалық түсті деген малдарынан тезінен садақа қылып құтылысты. Көбін еңбек несі — бақсының өзіне қойды.

«Бишараның бақыты бар бала екен: Ахметке барса, несін беріп қаратар еді, барлығыңыздан білінбей жатыр ғой» деп, Нұрымды онан сайын қаудитып қоюшылар да аз емес еді.

Осы қалыпта бақсы үш күндей қараған соң, міне, бүгін зират айналдырып, көшірмекші күні, зират ауылдан екі шақырым, жол үстінде. Қасында он шақты құдай ұрғандар бар, бастығы Нұрым Қамарды түндікке орап алып, аруақ, құдайға жалбарынып, зиратқа барды...

Бақсы-екең тағы бұрқылдап, жез қамшысын бір олай, бір бұлай бұлғап, Қамарды тізерлеп, зиратты айналдырып жүрген кезі еді. Анау жерден бұларға қарсы бұрылып жүрген бір-екі атты кісі көрінді. Бұл кім деп тұрса, Омар мен баяғы күйікке шыдай алмай, оқуға қашқан Ахмет сорлы болып шықты. (Қамардың мынадай жайын естіген соң, онда жүріп тағы тынши алмай, көзі барда көріп қалайын деп, қалашымен бірге, аңсап-сусап, келіп жеткен екен).

Нұрым бұл кәпір қайдан жүр деп таяқтың астына

алып, қуайын десе де, қасындағы Омардан бата алмады. Амансың ба? деген болып, алақандай шегір көзінің оғыменен қарап, жақтырмаған ызғарын көрсетіңкіреп қойды. Ахметтің басқа да ісі жоқ, есі-дерті Қамарды көруде. Сөйлесе, ықтыярсыз жылап жібергендей көз жасы тамағын булықтырып, бақсыны ішіп-жеп, қайнады да отырды. Бақсы зиратты жеті айналдырып, жұмысын жұмыстап болған соң, Ахмет Қамарды көруге ыңғайланды. Нұрым: «Қой, әлі үйге барсын: сендерді көрген соң, үйтіп-мүйтіп жүдеп қалады ғой...» деді. Бақсы — Ойбай, көшірген соң тоқтатып тұру жарамайды; ауруды артына қаратпастан тез алып жүру керек, — деп, түндікке оралған қалпынша, ду кеп ала жөнелісті.

Омар мен Ахмет аттарына эзер мініп, әлгі кісілердің соңдарынан ақырын салбырап қана ілбуде еді. Анда-санда іштерінен «уһ!» деп шыққан ыстық деммен, ытып-ытып кеткен көз жастары беттерін жуып отырды.

Қастарындағы Нұрым күйеудің әлде не мазарат әңгімелер сұрап: «маһ-моһ» деп, маңқылдаған даусы естілсе де, жауап беруге шамаларынан келе алмады; өз жұмыстарымен бола берді. Ақыр, Нұрым мырза бұлардың қасында шыдай алмай, ешкім үндемеген соң, жоқ бір нәрсені сылтау қылып, ауылға қарай озды.

Біраздан соң бұлар да келіп түсіп, Қамардың қасына барды. Омарды қойшы, ол енді не де болса, істің басынан көріп, көзі үйреніп жүр ғой, мінекей, тосыннан көрген Ахмет сорлыны айтсайшы! Оның көзіне Қамар қайдан Қамар болып көрінсін? Бір көрген кісінің елестеп, есінен кетпей неше күндей ішін жандырып, ұйқы, күлкісінен қалдыратын сұлу Қамар адам шошып кеткендей қыяпатқа кіріп, өзгерілген. Азырақ көз пернесімен сыңсып шыққан нәзік қана дыбысы болмаса, мынау Қамар деп, жанын берсе де, нанарлық қыяпатта емес еді.

Соның үшін, көрген жерден-ақ, Ахметтің жүрегі тас төбесіне шығып: «Ой пірім, алла-ай! Мынау Қамар ма? Қамаржан ба, қалқажан ба, шын сол ма?» деп, киімін шешпестен жүгіріп барып, жастығымен қабат құшақтап, өкіре құлай кетті.

Омардың өз басына туып отырған ақырзаман аз емес қой. Міне, бұған мана Ахметті қуып жібермегендігіне өкініп көгеріп-сазарып отырған Нұрым қайты дейсіз? Бір істі, бір кепті, не қыларын білмеді, қалшылдады, дірілдеді. Ақыр, ашуға булығып, шыдамағандықтан үйден шығып кетті. Бір ол жақ, бір бұл жаққа шығып, ебелектеп, Ахметті айнала қипақтап бақсы жүр. Анда-санда: «Не болды? Қойыңдар, қойыңдар. Жаңа жазылып келе жатқанда тағы ауруы ерегесіп кетеді ғой; мынаның өзі бір есер неме екен ғой!» деп, қаттырақ жекірген болып қояды.

Жай отырған кісілерге, Нұрымның ыңғайына қарай, қозғалуға арғы жүректері ырық бермеді.

Ахмет біраздан соң, басын көтеріп, Қамардың маңдайына қолын қойып, үстіне түсіп кеткендей біртүрлі аянышты қыяпатта бетіне қарады да отырды.

Қамар бақсының жұлмалауымен есін жыя алмай жатыр еді. Ойында жоқ жерден қасында төніп отырған Ахметке көзі түсіп кетіп, құдай көрсеттің бе дегендей қылып, күлімсіреп жіберді. Ұмсынып, қозғалыңқырап еді, тұруға шамасы келмеді. Құр қолын созып, Ахметтің қолын жүрегінің басына әкеп, сырттан басып, қысып-қысып қойды. Біраз жаутандап қараған соң, көрген қорлықтарын шаққандай қып, көзінің шып-шып шыққан жас тамшысы екі жағына қарай, бірінің артынан бірі қуып, моншақтай бастады. Кезеріп, көгілжім тартыңқыраған ернін жиырыңқырап, кемсендегені білінді.

Омар: «Қой қарағым, қиналып қаласың ғой» — деп жыламсырап, көзін сүртіп еді: «Аға, тұра тұршы!» — деп, Ахметке қарай аударылды. Шаққансымақ, ыңырсып қана: «Жан достым, Ахметпісің, қанымбысың! Қайдан,... қайдан келдің? Қайда жүрдің? Қарағым дейтін Қамарыңды көргелі келдің бе? Міне, Қамарың! Көр, көр!... міне, міне...»

Қорлықты, зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар,
Айдай әлем аузының суын кұртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар.
Құдайға бүгін алса, арманым жоқ,

Түксиген, түк сақалға барғаным жоқ,
 Қорлықта қосыла алмай кетсем дағы,
 Әйтеуір, жүзің көрмей қалғаным жоқ.
 Қарағым, жатыр едім сені тосып —
 Әуелден сүйген жарым құдай қосып,—
 Мұндай күйге ұшырадым, ғашық достым!
 Сақалды Перғауыннан жаным шошып,
 Кетейін, берірек кел, арыздасып,
 Азырақ сөзіңді естіп, мауқым басып,
 Тіріде обалымыз — қазаққа ғой,
 Құдайым қыяметте қылсын нәсіп.
 Санаулы қалқа жаным, қалған күнім,
 Талмаусып шықпай жатыр көрдің бе үнім.
 Нұрыммен өмір сүрген бір күнімнен,
 Жақсы ғой қабырдағы мың күн түнім.
 Уақытым қош айтысар болды сізде,
 Баратын әлгіде айттым жолды сізге,
 Мың қайтара жаныңнан құрмалдық боп,
 Әкелші мен берейін қолды сізге.
 Қайтейін, мен қимамаймын, шыбын жаным!
 Аһ дүние, қимағанмен недүр халім!?
 Сүйгенге бір қосылып, сүйсіне алмай,
 Құртқа жем болғаның ба, ғазиз тәнім?
 А құдай, өзің тексер көз жасымды,
 Әділсің, көріп тұрсың жас басымды,
 Мың шүкір, бүгін өлсем, арманым жоқ,
 Көрсеттің жаным сүйген жолдасымды.
 Жаратқан құдайымсың мейірбанды
 Асырадың рақметіңмен барша жанды.
 Айтайын қолым жайып тілегімді,
 Аясаң мейрім қылып, нақақ қанды.
 Тоқтау бер, мұнан былай қазағыңа;
 Шалдардың қызды салмай мазағына;
 Дұғасы бишараның қабыл деп ең,
 Сол үшін мен разы ғазабыңа.
 Сонан соң жұртты аздырған ишанын ал!
 Соңынан судай ақсын жөні жоқ мал.
 Надан сопы, мүридін айырмастан,
 Тамұқтың дәл түбіне апарып сал!
 Тағы да балгер, бақсы — бәрін де жой.
 Жалғыз-ақ, жаны ашитын жастарды қой!

Қақшандаған қақпас шал тағы кетсін!
Қабыл қыл тілегімді, құдайым-ой!
Қазақта қыз туған жоқ менен артық,
Құлпырдым он бес кеше бағым артып,
Майысып, пісіп тұрған дер кезімде,
Малды шал анталады иттей тартып,
Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал — саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы.
Бол себеп ақырында қалмасқа ізі.

«Уай дүние!... Арманда кеткен қыршын жаным-ай!... Қазаққа мұнан былай жарық көрсет... Қанағат бер, құдайым-ай!...» деп басын изеп қойып, ақырын айта алмай, шаршап қалды.

Ахмет естіген сайын өне-бойы шымырлап, үзіліп кете жаздағандай болып, егіліп, жылап отырып мынаны айтты:

Кетіп ем күйік қылмай сенен қашып,
Шыдамай, тағы келдім жаным ашып,
Астында алты қырдың жүрсем дағы,
Өртедің іш-баурымды қайран ғашық.
Сені кім отқа салған шырылдатып,
Қойыпты тамағыңды қырылдатып,
Құтырған көк төбеттей арс-ұрс етіп,
Бақсыны кім әкелген ырылдатып.
Келіп ем көзі барда көрейін деп,
Көрген соң, күйігіңнен өлейін деп,
Шыдамай бұл қорлыққа мен отырмын,
Өзімді сенен бұрын көмейін деп,
Артыңда не боламын тірі қалып?
Барады ішім күйіп, от боп жанып!
Көрсеткен саған қорлық жауыздардан
Кетермін, тым құрғанда, өшінді алып...

деген кезде, анау үйден Нұрым есікке қарай аптығып жүгіріп келді. Келді де Ахметке дүрсе қоя берді:

— Тұр, шықшы! Сүйреп шығарындаршы! Қарашы, мұның сығандығын, аярлығын... Дуаны қылып, сыйқырлап, міне, бір кісіні өлтіріп отырсың, сөйтіп,

монтансығаныңмен сенен осының өшін алмай қоятын шығармын, сыбағаң сақтаулы. Өзің не істеп жүргеніңді білемісің, бәлем? Осы сен кімді басынып жүрсің? Байла итті ашаға! Орысқа апарып беремін,— деп, еді. Сол-ақ екен, жай отырған бақсы ұшып тұра келіп, жұлынып ала жөнелді:

— Дерттің несі тіпті ерегесіп кетіп, міне, көрдің бе, дерт бұрынғысынан күшейіп, болмасқа кеткен. Құдайдың құдіреті, жазылғанша кісі жуытпай қоя тұр деп едім. Бәрін қылып, сыйқырлап жүрген залым сен екенсің ғой,— деп.

Тағы тұрмады, «шық-шықтың!» астына алып, бас жоқ, көз жоқ Ахметті жұлмалап, есікке қарай сүйрей бастады.

Ахмет отырған жұртқа қарап:

— Ағатайлар, бір бес минуттай ғана рұқсат беріңіздер! Өзімде шыққалы отырмын. Тым болмаса біраз арыздасып көңлімізді басалық,— деп, жыламсырап, ғұзыр қылды, жалынды.

Сол арада тағы Нұрымның:

— Арыздасатын мұның несі еді? Ұр итті! Байла! Байла! деген даусымен Қамардың:

— Жан достым, қайда кеттің? Менен қаштың ба? Көзіңнен жөнелт!— деген дауысы қатар естілді.

Үйдегі кісілер Ахметке:

— Шырағым, бағанадан бергің де жетті, шыға ғой, Нүрекеңнің ашуы басылсын,— деді.

Бақсы:

— «Шыға ғой» деп жалынатын не бар? Мұны да бірдеңе ерегестіріп тұр. Дәдесін қолына берейін!— деп жүгіріп келіп, дырау қамшымен Ахметті ал кеп сойды, ал кеп сойды, бір нәрсені көрген кісідей екіленіп-екіленіп, тіпті, арашашы болса да итеріп-итеріп тастап, қайтадан Ахметке ұмтылды. Апырым-ай! Жан дәрмен Ахметтің неғып қолы тиіп қалғанын білмеймін; «Бүйтіп аяған жанның...» деп, салды пышақты бақсыға. Жығылған жерде теуіп-теуіп тастап, ұмтылды Нұрымға. Қолының ұшы тиер-тиместен-ақ оны да қызыл-алақан қылды. Әйтеуір, ортаға кісілер түсіп, тез қашып үлгіргендіктен ғана өлмей қалды,— деді.

112. КІМ ЖАЗЫҚТЫ?

Бір сөзім бар шалдауар,
Болмаса да тыңшысы.
Бұ күнде жоқ, соң туар
Роман мен сыншысы...

I

Түскенде әуе жерге қырық күн шілде.
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді:
Кел, шық деп, иек қағып, жарық күнге.
Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,
Бас иіп, бәйік болып, жерге қонбай.
Қағылып таң желіне тербетілді,
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай.
Асыл шөп; жасық шықтың исі аңқып,
Батқандай мелдегінен нұрға қалқып;
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:
Жауһардай күн шығар деп, бізге балқып.
Көлбендеп көкке қарай жердің буы;
Айнадай анадайдан көлдің суы;
Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,
Ән салды домбыра мен құстың шуы
Мақтанып қара түнде нұрын шашқан,
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан;
Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң,
Бірі жоқ, тамам жұлдыз бетін басқан.
Жанылып төрге қарай таңның ағы;
Көрінді ауыл-ауыл маңайдағы.
Қарайып, өрген сиыр түйе менен

Ауылдың малға толы әрбір жағы.
Ыңыранып қой қотанда таңды көріп,
Күн шықса, жайылысқа кетпек өріп.
Төбеттер үй алдына жаңа жатты,
Түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөліп.
Таяқты, жалаң аяқ шалдар тұрып,
Сүйкенген үйлеріне қойларды ұрып;
Бір молда шәугім ұстап, тысқа шықты,
Бүкшендеп, арба айнала қақырынып.
Қисайған, қос секілді жалғыз қара —
Ауылдан арқан бойы тұрды дара.
Қолтықтап «әптиек» пен «құрандарын»,
Жиылып жатыр сонда біткен бала
Күн хабар сонда берді, нұрын шашып,
Бір күлді, жүзіменен амандасып:
«Ал, бізге сәуле түсті: Алақай!» деп,
Ой мен қыр қарап тұрды жымындасып
Өргізді қойшы тұрып, қойын айдап,
Ерттеп ап арқандағы атын жайлап;
Торсыққа ақбоз үйден қымыз құйып,
Жанына мықтап тұрып алды байлап.

II

Жайлауға кеше қонған Тасболат бай,
Дарыған қыдыр оған, дәулеті сай;
Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап,
Жатқаны қор-қор ұйқтап: көңілі жай.
Би қисап ол жайлауда жердің шөбі:
Көрінбес кірсе ішінен малдың төлі,
Айдың көл айналасы, ат шаршарлық,
Көркейтіп жазғы жауын жердің өңі;
Жан-жағы көк майсалы шалғын томар.
Қаңқылдап, жалтырына қаздар қонар;
Мөп-мөлдір суы таза, суықтығы:
Шілде де түскен кісі жаурап шығар.
Өрісі көз көрім жер, ұзақ кеткен.
Мың жылқы тырағайлап, ұзап кеткен.
Жер еркін, қуар, қорып тірі жан жоқ:
Бетімен жей береді аяқ жеткен.
Іргеден бие бауы тұрған пісіп

Күрак жеп, ыстық болса, суға түеін,
Аяқты малдың еңалғанын көріп,
Ойларсын кетті ме деп күн боп іеін.
Сүт тұрды сауған сайын, малдан ағып,
Ешкім жоқ азаптанған, оны бағып,
«Ет, ет» деп, қымыз ішіп, көпіріеін,
Қазақтар тек жүрмекте сандал қағып,
Бү жерде мекен еткен Керей халқы,
Кен жері, байлығы мен шыққан данқы,
Бұл елде басқа елден де баеым еді,
Бұрынғы қазақшылық, ата салты.

III

Тасболат таптан асқан малды кісі,
Сол үшін өз табының алдыңғысы,
«Болса да аузы қисық бай сөйлесіні»
Дегендей, оңға басқан әрбір ісі.
Он бес жыл болыс болған, Меке барған,
Қазақша еш қызық жоқ мұнан қалған.
Шалдары қошеметші айтушы еді:
«Апырмау, бар ма екен,—деп,—сізде де
арман?».

Үйінен күндіз-түні ат кетпеген;
Қонаққа мырзалыққа жан жетпеген,
Қазақ тұрсын, «начальник», «төрелер де»
Қағысып «пожалуйте» етпеттеген,
Саудагер жүрген-тұрған қожв-молла
Жем үшін, тұрымтайдай қонып қолға;
Қазақша барып тұрған жуан тұқым,
Үкімі жүріп тұрды оң мен солға,
Бұл дәулет жалғыз ғана өз басында,
Жоқ еді Жакып деген ағасында;
Баласын ағасының болыс қойды,
Билеген өз халқының арасында.
Мырзамыз болыс болған Байбоя атты;
Орысша білуші еді тіл мен хатты,
Баласы Тасболаттың Жақан мырза,
Жағынып өзгер алды кандидатты.
Тасболат кимаса да болыстықты;
Тіл білмесе қоймайтын закон шықты;
Не баласы, не өзі оқымаған,

Болғанмен қара күшке сонша мықты.
Ал, енді қыларыңды қыл заманға:
Бір білген ауысылмас мың наданға!
Байболды амалсыздан қоя салды,
Кететін болғаннан соң басқа адамға.
Оқуды іздеп еді Байбол жаста;
Мәз болмай, Жақанға еріп, ішер асқа;
Жасы жас, семинарияға былтыр кірген,
Өтірік «приговормен» толды жасқа.
Көрмеді болыстықты Байбол оңды,
Жұрт шулап, десе дағы: «бақыт қонды!...»
Көп қашты «оқимын» деп, болыстықтан,
Қоймады жұрт талқысы, ақыр көнді!
Жақан мен Тасболаттың өңі қашып,
Сыртты жай болса дағы, жүрегі ашып:
«Қонақ күт, оқып не бар саған!» дейтін,
Кеткен соң өздерінен Байбол асып.

IV

Екі жыл мұнан кейін заман өтті.
Қыршын жас Жақан өлді: ажал жетті;
Ауруы күйдіргі еді, докторға айтпай,
«Құдай сақтар өзі» деп, қапы кетті.
Жылады: «жөн менікі ед», деп атасы,
Сүйтсе де артында бар бір баласы;
«Соған өмір берсін деп», тоқтау айтып,
Бата оқыды, бас жеді отағасы.
Бата оқыр, ағайыны күнде топыр;
Жемтік көріп жиналған молда да отыр;
Қылқиып мойындары, шарт жүгініп,
Мықшита «ағузіні» «құран?» оқыр.
Жақан марқұм қатынды жасында алған;
Өскен соң бірді айттырған, қылып арман.
Бастапқысы жиырма алты жасында еді,
Бесікте бір ұлы бар туып қалған.
Соңғының болған әбден малын беріп,
Той қылған, қол ұстаған, қойынға еніп;
Біраздан соң аламын деп жүргенінде,
Жетпеді мақсатына ажал келіп.
Бәрінен Тасболатқа осы батты,

Қайғырды келіні үшін жаман қатты;
Тірі кісі тіршілік қамын қылып,
Жыл өтті: есін жиды, етек жапты.
Әжібай кенже қалған жалғыз бала,
Он екі өтіп, он үшке толған жаңа;
Әжібайға бес жасында-ақ қыз айттырып,
Мал беріліп қойылған оған және.
Оқуға ынтық емес қазақ халқы:
Атадан қалған қате бұл бір қалпы;
«Бай кісі бала оқытып, «пидие» ала ма?»
Дейтұғын Тасболаттай байлар салты.
Үйреткен Тасекенді өткен сайлау:
Тіл білмеу болыстыққа болып байлау;
Сол жылы шардан қалып, ыза болып,
Школға беріп еді Әжібайды-ау.
Екі қыс оқып еді Әжібай онда,
Быйыл тағы жүр еді оқып сонда:
«Қарағым, ағаң өлді: үйге жүр!» деп,
Тасболат Әжібайды алды қайта қолға.
Алатын, неге десең, жесірі бар,
(Қазақтың жесір деген кесірі бар).
«Бар болса әмеңгері жесір кетпес»,
Дейтұғын ескі ғұрып — кесімі бар.

V

Әжібай ерке өскен, қағу көрмей,
Бетіне ешбіреуден шіркеу келмей;
Балаға, тілі шықса айналасы,
Қоя ма тұрмысынан өрнек бермей?
Тәрбие жоқ қой қазақ арасында,
Солайша өскен ата-бабасы да;
Көргені әке, шеше қалай болса,
Алмақшы содан үлгі баласы да.
Еркінше ел-жұртына еркелеген,
Әкесі: «Бұл қарағым ерке» деген.
Жан біткен қымыз бенен еттің құды:
Ел оны еркелетпей қойсын неден?
Боқтаса, — қарағым! — деп, беттен сүйген:
Болмай ма байға ала көз оған тиген?
Жан-жағы тәрбиесіз, надан болып,

Солардың жұға-жұға кебін киген.
Оқытқан «әліпсін-ә» надан молда,
«Иман шарт, әптиегін» беріп қолға:
Онда да тумыстағы зеректікпен
Үш жылда хат таныған шала-зорға.
Жүр еді орысша оқып, өнер бастап,
Әдетін мектеп көріп, бір-бір тастап,
Тасболат тоқтатқанын сөйлеп өттік,
Талабын өркендемек бетке жасқап.
Әлпеті алмас қылыш жайнап тұрған,
Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған,
Жасынан зейін алғыр, тілге шешен,
Қазақша қара сөзге ағып тұрған.
Қуаты өлеңшілік жүрегінде,
Бар еді Әжібайдың сүйегінде,
Үйренген аузы бірақ бейпілдікке,
«Тентек» деп сөйленеді жұрт көбінде.
Сымбатты қара торы, орта бойлы,
Кеудесі жылдам сезгіш, жүйрік ойлы,
Осындай әттең дүние зеректігін,
Оқытпай надандыққа байлап қойды.

VI

Өз қайны Әжібайдың алысырақ,
Шамасы сексен шақырым, емес жырақ.
Жәмилә — қалыңдығы жиырма жаста,
Сүйегі бос, бет-аузы тәуір-сымақ.
Көрмеген өмірінде ұстаз алдын,
Бетімен қазақша өскен далдың-дұлдың,
«Қыз оқыса, хат жазса бұзылады»
Дейтін әдет шіп-шикі надандардың.
Жәмиләнің әкесі соның бірі;
Әрі пысық жан емес еті тірі;
Шай камзол, құндыз бөрік кигенменең
Бес батпан десең болар еттің кірі.
Ондай жан құнт қыла ма үсті-басын,
Биттетер салақтықпен, жумай шашын,
Үлгі алар, үйретерлік кісі көрмей,
Өткізер қазақ қызы өмір жасын.
Әкесі Жұмағұл бай болған болыс,

Алтайдың бір саласын қылып қоныс;
Қажыға Тасболатпен бірге барған,
Басталған содан барып құда болыс.
Баласын со жыл туған ырым қылып,
Ат қойған «Қажыбай» деп атандырып;
Ақырда Жұмағұлмен құда болған,
Сүйек жақын болайық десіп жүріп.
Көлденең жұрт: «жарайды, орын» деді.
Той, құдалық — бәрі де орынды еді.
Бұлар құда болысып, мал бергенде,
Әжібай бесте, Жәмилә он бірде еді.
Әжібайдың ағасынан қалған қайны,
Жанғабыл би, байшікеш, малға сайлы;
Жалғыз қызы — Жаңылды әуелде де,
Беріп еді, деп ойлап, орны жайлы.
Жаңғабыл неге десең, жерге құмар,
Таласып, ағайынымен жүрген бұлар;
Аузы бұлды құдаға арқа сүйеп,
Жанғабыл енді алаңсыз билік құрар.
Ақылы аз Жаңылдың да оңып тұрған,
Мінезі құстай ұшып қонып тұрған;
Сүйегі тым бос емес, іске тәуір,
Барықсыз дарақылау, бойы бұлғаң.
Ешнәрсе оқымаған бұл байғұс та,
Жері жақын бір қоныс, бір болыста.
Әжібайға келіншек боп биыл түсті,
Он сегіз жасқа толар осы қыста.

VII

Жаңылды Жәмиләдан бұрын алған,
Бір рет солай етер жөні бардан.
«Не алсын, не босатсын жесірін» деп,
Аздан соң Жұмағұл да кісі салған.
Болғанмен Әжібайдың жасы кіші,
Жек көрер Жәмиләні қазірде іші;
Қол ұстап бұрнағы жыл көргеннен соң,
Келмейтін сонан бері еш алғысы.
Бұл сырын ауылдағы білетұғын:
«Малың босқа кетед», деп күлетұғын,
Тасболат ел шақырып тойын қылды:
Қайынға уақыт болды жүретұғын.

Бала айтты: «Алмаймын да, бармаймын» деп,
Әкесі айтты: «Барасың таяқты жеп,
Қажы бардым, сақалды басым мынау...
Бата бұзған не сұмдық сен сүйтті,— деп,—
Берді деп ойлайсың ба малды босқа?
Өзіме тартпай туған ақмақ, шошқа!
Тілімді әлден менің қайырасың,
Айтайын не бетімді дос пен қасқа?»
Ел айтты: «Біз де тұрмыз намыстанып,
Кетеді елге үлгі боп мұндай қалып.
Сүймесең бір қатынды тағы аларсың
Әйтеуір, осы ауылға келсейші алып».
—«Разы бол, мен барайын сендер енді,
Ренжіп ата-анам да қарғай берді;
Әйтеуір, ауылыңа әкеп бір берейін,»—
Деп Әжібай біраз күнде алып келді.
Жәмилә көп жасаумен келіп түсті:
Кілем, тон, шапаны... көп әрбір түсті.
Жиыла елі келіп Тасболатқа,
«Қайырлы болсындарын!» жаудырысты.
Жәмилә келіншек боп түскен күннен,
Әжібай маңайынан алыс жүрген;
Онда да Тасболаттың түрткісімен,
Жылына үш-төрт барып, өмір сүрген.
Әжібайдан Жаңылдың да үлкен жасы;
Нақ разы боп келмеген оның басы.
Баласы жас болған соң іші сенбей,
Жүр еді қысып ұстап қайын анасы.
«Билетпе!» деп Әжібайға сабаттырып,
Кекетіп, түзу сөзін теріс бұрып,
Сүйгені барлы-жоқты сөнді Әжібайдың,
Тіліне анасының еріп жүріп.

VIII

Үш-төрт жыл өтті сүйтіп бұл арада,
Жаңылдан туып салды бір бала да.
Жақанның тұл қатыны байға тимек,
Баласын қимай біраз шыдаса да.
Кете алмай жүрсе дағы орнын қиып,
Жас кісі қалай тұрсын нәпсі тиып?
Ішінің томпайғанын сезгеннен соң,

Тұра алмай сөз қылдырған үйге сыйып.
«Мұны да ал!» деп айтты Әжібайға:
«Жіберме жесірінді бөтен жайға;
Алмасаң, балам сенің ісің тентек,
Ағаңның аруағы мен бір құдайға»
Әжібай деді: «Отырма оттап, үріп!
Қақпасым, жүрген жерің бәрі бүлік!
Алмақ түгіл тастаймын екеуін де...»—
Деді де, кетіп қалды атқа мініп,
Тасболат жанындағы жұртқа алаңдап,
Ұялып айтқан болды қызараңдап:
«Баланы ерке өсіру бекер екен...
Қарғайын десем, жалғызым...

қап, балам қап!..»

Әжібайдың көнбесіне көзі жетті.
Кетем деген жесірді енді нетті?
Ағайыны Тасболаттың Садық деген;
Зорлықпен соған қосып, зар еңіретті.
Садықтың алпыс беске жасы келген,
Кемпірі жетпістегі былтыр өлген,
Күтуге енді оны кісі керек,
—«Жесір ерден кетсе де,

кетпес елден».

Сорлы әйел шарасыздан шалға тиген;
Баласы мұнда қалып, іші күйген;
Садық алған уақытта екі қабат,
Айтқан екі сөз болды,

деп сондай күймен.

Садыққа барғанына үш ай толды,
Баланың туатұғын уақыты болды,
Шалсынып, әрі ұялып ел мен жұрттан,
Себепкер жігітімен тартты жолды.
«Кетті — деп,

жесірімді алып қашып».

Сөз қылды Тасболат бай, съез ашып.
Жігітке көп мал кесіп, айып салды,
Барлық жұрт тентек қылып шуылдасып.
Малына жігіт шыдап, сабыр етті,
Сүйтсе де, тым көп еді: батып кетті.
«Қатыннан туған бала менікі»— деп,
Садықтың дауласумен өмірі өтті.

Әжібай қазір міне он сегізде;
 Әкесін билеп алған осы кезде;
 Әке-шеше, қатынды жан деместен,
 Қырындап қызды ауылды болған кезбе.
 Он төртте еді, төрт жылдай заман өтті,
 Бай баласы бұланып, өсіп жетті.
 Үйінен жасқа толып келген қыздар
 Тұрмыс басты, күн сайын өңі кетті.
 Бұл кезде екеуінен бала туған,
 Көре алмай бай қызығын, қайғы буған,
 Жүдеу бас, киімі кір, күтімі жоқ:
 Әжібайдың көрген сайын көңлі суыған.
 Алмаған басында да Әжібай сүйіп.
 Қосылған, тек қазақтың ғұрпын киіп:
 Әжібай айында бір қатыным дер,
 Онда да көңлі түссе құдай иіп.
 Астына әсем керін мініп алып,
 Үкі тағып, тымағын алшы салып,
 Домбыра, сауық-сайран, өлең құнттап,
 Қызды қызық жиынға қалмай барып.
 Буынып мықынынан ырғаң басып,
 Бой салмай шаруасына тиіп қашып,
 Маңында беті тәуір қыздарменен,
 Жүруді мақтан қылды қылжақтасып.
 Аузына насыбай салып, сөзін бұзып,
 Жолдасы қошеметшіл өңшең бұзық.
 Әйелді алдап тастау, сүйтіп тастау —
 Қазақша ер жігітке үлкен қызық.
 Жем үшін бес минуттік жігіт құмар,
 Деп ойлар: «Ең болмады атым шығар».
 Көркі үшін көрінгеннің жаратылған,
 Әйелді — мақұлық деп, жігіт ұғар.
 Қыз да жоқ, тазалықтың қадірін білер,
 Кісімен түпкіліксіз бой бүлдірер:
 «Пәленше бай баласы жолдасым» деп,
 Ол жетпесе, мақтан қып айтып жүрер.
 Әжібай білді құрығы қайтпайтынын,
 Көп қыздар теріс жауап айтпайтынын:
 Көркем, пысық, бір байдың жалғыз ұлы,

Екенін қыздар дағы байыптайтынын.
Осылай табылды ермек Әжібайға.
Үйдегі қатын қайда, шаруа қайда?
Айтқанына тез көне қоймағанды,
Алдаушы еді алам деп, етіп айла.
Жәмилә тумысынан босаң шіркін:
Білмеді ұстап, ұксатып үйдің мүлкін;
Салақтықты сыныққа сылтау қылып,
Әжібай сабаушы еді, дүркін-дүркін.
Жаңылға түскен жылы шешек шығып,
Бет-аузын кетіп еді бұжыр қылып;
Фельшер әкеп жасында ектірмейді,
Не болса құдайдан деп, қазақ біліп,
Әжібайға Жаңыл жексұрын онан сайын.
Көрмеді жылға дейін бір маңайын.
Қатындары Әжібайдан әлі үмітті,
Демеді: «Басқа өмір қармалайын»;
Неге десең, ата-ана, ауыл аймақ
Ұқтырған қатындарға әбден жайлап:
«Әжібай әлі-ақ қояды, жастығы ғой,
Жасында кім үйтпеген, тұрсақ ойлап...
Пәленше де сүйтетін баяғыда,
Қатынын жақсы көрген аяғында;
Жақтырар бұ да сені соңыра таман,
Жүре бер, көтере бер таяғын да...»
Бұл сөзбен қатындардың күні кешкен;
Тосты, күтті, көңіл жоқ әлі үйлескен.
Сергектік, жинақылық қайдан келсін:
Айрылған ойлай-ойлай ақыл естен.
Сүле соқ былық-сылық етіп, ауру жандай,
«Уһ» десе, көкіректері жарылғандай:
Бір кісі жылы қарап, сөз бастаса,
Мұң шағып, көз жастары ағылғандай.
Ой да жоқ, әлде қашан кеткен тарап,
Көргенде мұңды көзбен етіп алақ.
Ішінен көлденең жұрт ойлаушы еді:
«Әжібай қалай ұнатсын? бұлар салақ...»
Десе де сырттан көріп қазақ сондай,
Шынында қалай тұрсын мәңгі болмай?
Келін боп түскен күннен, көздерінің
Құрғақ тұрған күні жоқ, жасқа толмай.

Жәмилә, Жамылменен тірі жесір,
Жас өмір сол қорлықпен өтті-ау, есің!
Шың жесір мұнан дағы болған артың,
Қазақтың тағы үйткізбес гүрпы жесір.
Бұл кірмес Әжібайдың еш ойына:
Осы ойы кезіп жүр өз тойында,
Жәмилә, Жамылменен керек емес,
Басқа жерден дос табу бар ойында.

Х

Отыз шақырым Әжібайдың ауылынан
«Қызық су» деген қала бар бұрыннан,
Атақты «уездный город» болмаса да,
Халық көп мекен еткен әр рудан.
Әжібайдың бұл қалаға барысы көп,
Ішіп кетер, жеп кетер — танысы көп:
Қаланың майда тілді байларымен,
Тасболаттың һәм беріс-алысы көп.
Кейде ішіп Әжібай мырза болып жүрді
Ыржақтап кез-келгенмен күліп жүрді:
Дәулетін төгіп-шашу арқасында,
Атаққа «мырза» деген кіріп жүрді,
Қалада Бейсен деген бір кәрі шал.
Бейсеннің екі ұлы мен бір қызы бар;
Орныкқан не заманнан бұл қалада,
Дәулеті орташалау, көп емес мал.
Оқыған, бірі: учитель баласының,
Бірі: ішкіш, басқан жері бір қап шығын.
Учителі жаңада опат болып,
Бейсенді қайғы басқан тым-ақ мығым.
Марқұм көп ауырған ед чаходкамен.
Енді қалған баласы Жүсіп деген.
Аппақай сол Жүсіптің қарындасы,
«Сұлу» деп, көзі сұқтанған сондағы елдің.
Мұны да қазақ гүрпы шатастырған,
Жасында бір қазақпен атастырған,
Күйеуін ес білген соң, көңілі сүймей,
Жас жүрек жан серігін қарастырған.
Марқұм болған ағасы тірісінде
Қазақтың жақтырмайтын бір ісін де,

Бір қазақ қаладағы жас фельдшерге
Бар еді берем деген ой ішінде.
Таныс боп фельдшер жүрген келіп-кетіп,
Ішкі ойы Аппақайды көңіл етіп,
Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан,
Бірақ, сөз байланбаған, уәде бекіп,
Аппақай хат біледі, мінезі ашық,
Әнге ұста, домбыраға кеткен асып,
Азырақ орысша да сөйлесе алад,
Жасынан жүргендіктен араласып.
Жұрт аузы Аппақайды мақтаушы еді;
Қырындап боз балалар жақтаушы еді:
Қолдары жетпесе де қоразданып;
«Басы бос емес... әттең... қап!» деуші еді

ХІ

Ал біздің Әжібай мырза көрсе қызар:
Аузымен Аппақайға бек ынтығар,
Неге десең — «ел мақтап жүрген қызды»,
«Әжібай сүйтті...» деген ат жұртқа шығар.
Көп уақыт бұл туралы қылған кеңес,
Шығынсыз бұл кеңесі тағы да емес,
Бір досы айтты: «Жүсіппен таныс болсаң,
Біржолата алсаң да, бермен» демес.
«Ол жігіт ішкіш жігіт, араққұмар,
Бір-екі мәжліс құрып, қандырындар,
Біреп жүз саудасына қарыз берсең,
Құрметтеп, не десең де, ұшып тұрар.
Одан әрі ол болар пәтер-үйің:
Базарлық қатынына берсең бұйым.
Әзер болса, азырақ ақшаң шығар,
Тәйірі, ол бар кісіге қанша қиын!?»
— «Құп» деді, айтқанының бәрін қылды.
Жүре-жүре Жүсіпті қолы білді.
Аппақайға қаншама жалынса да,
Еңбегін зая қылды, алмай тілді.
Түнде әкесі жататын үйге жатар,
Есікті Әжібай келіп тықырлатар,
Ішінен тас бекітіп, дыбыс бермес,
«Ашар» деп, тоса-тоса, таң кеп атар.

Сөйлесер күндіз болса, жүрмес қашып,
 Сонда әдепсіз сөз кетсе, араласып:
 «Ал ендеше мен кеттім» — дей жөнелер,
 Дөрмен жоқ отырғызар иық басып.
 Әжібай қала берер, қашып өні.
 Сонда да өсек қылды жұрттың көбі:
 Жат жаққа оңашада өзі тағы,
 Мақтанар: «түзелді» деп, істің жөні.
 Базарлық, жақсы нәрсе күнде сыйлар
 Сыра өкеш, келген сайын кісі жинар.
 Елтипат ешбіріне қылмаған соң,
 Құр іштен қапа болып жанын қинар.
 Аппақай фельдшер келсе, бек қуанар,
 Бір-бірін көздерімен қабыл алар.
 Әжібай іштен тынып, іші күйіп,
 Аңызын екеуінің байлап қалар.
 Әжібай көрген жоқты шылым тартып,
 Тек әдет қылған еді насыбай атып,
 Көзіңше Аппақайдың бұрқыратар,
 Күмістен портцигарын жарқыратып.
 Жақтырмай жүр шығар деп, қазақшамды,
 Орысша қымбат киім киіп алды.
 Көзінің түк мүкісі болмаса да,
 Қымбатты көзілдірік тағы салды.
 Аппақай онан сайын суық қарар,
 Әжібай ыза болып, іші жанар;
 Қалада бақсы-балгер, қазіретке,
 Әжібай «дуа қыл» деп, күнде барар.
 Үшкіртті тұз, мейіздің талайларын,
 «Ақтыққа» қазірет алды талай малын.
 Ешбірі ем болмады, ерегесті,
 Ауызбен қылса дағы онай бәрін.
 Бейсен де көп сіреспей, көнер еді,
 «Енді күйсеу менмін» деп айтар еді.
 Атастырған жерінің дауы болса,
 Оны да мойынға алып байқар еді.
 Ағасы Жүсіп дағы берер еді,
 Бейсен де көп сіреспей, көнер еді.
 Таңдаған Аппақайдай жарын алып,
 Әжібай мад қызығын көрер еді.
 Бірақ

Көңілін Аппақайдың бұру қиын,
Оны бұрып, өзіндік қылу қиын,
Тастап-ақ ызасына кетер еді,
Тағы да көрмей, шыдап тұру қиын.
Кей уақыт күйіп-пісіп ыза болар,
Деп: «қылық жоқ бұл қызда ешбір оңар».
«Көрмеймін» — деп,

ант ішіп, кетіп қалып,
Үш күннен соң қайта кеп тағы қонар.
Аппақай сүйтті екен деп, қалпын бұзбас:
Сөйлесер баяғыша,

сыр алғызбас;
Әжібай сәнденсе де, не қылса да,
Ескермес, Аппақайға бәрі бір бәс.
Әжібай білді Аппақай көнбейтінін,
Ешнәрсе құр қуғанмен, өнбейтінін.
Басында іздегені атақ еді,
Жабысты—шын от енді сөнбейтұғын.
«Шын ғашық» десек дағы, болмас бекер,
Дәрмен жоқ Әжібайда сабыр етер:
«...Қалқатай, мұңым осы...» дей бастаса,
Аппақай құлақ қоймай,

тұрып кетер.

Әжібай мұңын жазды қалам алып:
Құр бүйтіп іс бітпес деп қапаланып.
Аздан ссң жазған қағаз конверттеліп,
Қолына Аппақайдың тиді барып.

Аппақай ақыл тауып сүйтпесе егер,
Бұл ақшамен кутылу еш мүмкін бе?
Кіжініп Әжібай жүрді тіпті өшігіп,
Бұлар қатты сақтанды сонысын біліп.
Фельдшердің бір қалада жолдасы бар,
Сонда көшті орынын ауыстырып.
Жүз шақырым ол қаланың алыстығы,
Бар еді фельдшерменен таныстығы;
Үйренген жерім демей тілін алды,
Болған соң ниеттерінің қалыстығы?

¹ Бұл арада үш тарауы жоғалған. Б. К.

Енді әңгімем фельдшерден тайғанақтап,
 Қайтадан Әжібай өмірін аяқтатпақ.
 Сөйтіп Әжібай салбырап қайтты үйіне,
 Аппақайдан суынған көңілі батпақ.
 Ызаланып, қынжылып келсе үйіне —
 Жаңыл жоқ, Жәмиләсі жүр үйінде.
 Әкесі салқын түспен жаман қарап,
 Шешесі жылап, сөйледі күйіне-күйіне:
 «Біз болдық, қу жалғыз-ау, неден сорлы?
 Бейсеннің қызы болмай пәле болды.
 Шаруа тастап, ата-ана тілін алмай,
 Зар қақсатып бола ма адам оңды?
 Бір қатының кетті үйіне жаяу қашып.
 Өлсе қайттік, боранда ол адасып?
 Бесікте бала мынау, тастап кеткен,
 Өлуге жақындады қарны ашып.
 Бір қатының, ана үйде, шашын жұлып,
 Екі көзі былаудай, отыр ұлып.
 Бесіктегі баланы уата алмай,
 Отырмын әбден шаршап, діңкем кұрып».
 Әкесі айтты: «Сен болдың сорға берген:
 Ұялтып-ақ бітірдің тамам елден.
 Егер сенде ми болса, намыс болса
 Қыз алам деп бүлінер ме ең сондай жерден?
 Бейсен кім? Бізге тең бе, кедей жатақ?
 Жұртты құртқан қызымен болдың шатақ.
 Ордалы, жақсы, лайық орын болса,
 Бере бер, аямаймын, малды матап.
 Не бетімді айтайын жұрт шуылдар,
 Осы ісің басымызға емес пе ар?
 Ұят-ай! «Малшы-құлшы, көрінгенге
 Көп шашылды» дегенде бет дуылдар.
 Кетпей қайтті Жүсіпте 500 теңге:
 Нәрсе емес, ол қолынан вексель¹ берген.

¹ Вексель (орысша) — қарыз ақшаны мерзімді уақытында қайтаруға беретін міндетті қағаз.

Малы жоқ, танса, даулап несін алдық?
Алшы, кәні, кісің ғой беріп сенген!»
Жәмилә анау үйден сөйлей еніп,
Жылады бірдеңе деп еңк-еңк.
Манадан ашу қысып тұрған Әжібай,
Жіберді жүгіріп барып, теуіп-теуіп.
Жәмилә сонда жығылып, танды есінен.
Әжібай тағы мыжыды тізесімен;
Арашалаған шешесін қоса қабат,
Жықты итеріп ашумен, кеудесімен.
Тасболат: «Кет!» деп ұрысты, кетті шығып,
Тағы қайта жөнелді атқа мініп,
Үйіне он бес күндей жоламады,
Баяғыша серуендік елде құрып.
Тасболат көрмей тағы шыдамады:
Ұялды «үйге жүр!» деп, өзі барды;
«Ұрысса да өз әкең» — деп, үгіт айтып,
Елінің тіл алғызды жақсылары.
Мұнан соң Жаңылды да төркіндері:
«Өз ерің, ұрса, ұрысса» деп, және әкелді.
Бұрын бетін көп ашпай жүруші еді,
Әжібай енді әкесін мүлде жеңді,
Жаңылдың жасқа жуылып екі беті,
Таяқ өтіп көгерген дене еті,
Жоқ нәрсені сылтау ғып, тұрса сабап,
Ашуын сонан алмақ — Әжібай ниеті.
Әжібай жүрсе, үйінде айғай-ұйғай.
Тынымсыз басылмайды салған ойбай.
Көзіне бәрін қылған солар көрініп,
Ұрушы еді жүрегі ішке сыймай.
«Кет!» деді, қайда кетсін ол қатындар?
Ұлғайған һәм баурында баласы бар.
Не түрлі мехнаттың бәрін көріп,
Құр жүрер шықпаған соң, кеудеде жан,
Қалмаған баста ақыл, беттерінде ар.
Бір күні әкесі айтты: «Тіл алмадың;
Бәрін дұшпан көресің айтқан жанның.
Мазаны алмай, таңдашы сүйгеніңді,
Әзер болса бір жылғы төлі малдың».
Айттырмақшы ол қызды, бұл қызды да:

Бүгін, ертең хабар сап болмақ кұда;
Жеме-жемге келгенде сөзін бұзып,
Әжібай кете берер, тайқып шыға.
Неге десең, жүрегі көшпелі оның
Кәрілікте махаббатқа болмас орын.
Ойлаушы еді: «Түбінде қайда қашар?
Әзірге бек жігіттік — осы жолым...»
Сол оймен Әжібай кетті өз жайына,
Амалсыз үйі көнді ыңғайына.
Көзге: «Мырза, жоғары шық» десе дағы,
Жексұрын болды, зыян сап, маңайына.
~~Әсіресе~~, бой жеткен қызы барлар,
Әжібай десе, түрпідей көріп, зарлар,
Неге десең халыққа әшкереленген
Әжібайдың жүрісінде мұндай мән бар

XIII

Әжібай мырза серуендік қыла жүріп,
Кез келгенмен ыржақтап дәурен сүріп,
Ет жақын ағайының бір қызымен,
Көп жүрген, көңіл қосып, ойнап-күліп.
Қыз еді ол берілген бір бай жерге,
Алыстау болысы басқа екінші елде,
Қалыңдық ойнағалы күйеу келсе,
Қыз бен Әжібай жан құрлы көрмейтін де.
Күйеуі ішке сақтаған бұл жұмысты,
Амалсыздан шыдаған, сезсе де істі;
«Босағама бір келер күні болса,
Көрермін!» деп, қайраған күйеу тісті.
Сүйте жүре қыз байғұс жуандаған;
Ол кімдікі? Жұрт тегіс біліп қалған.
Жұрт білген соң күйеуі намыстанып,
Тастаған, «алмаймын!» деп безген малдан.
Сыймаса да ұятынан қыз үйіне,
Қайда барсын!... Әжібай кетті өз күйіне.
Ақырда күйеуінің інісі алған,
«Мал кетед» деп, баяғы зорлық дүние.
Алса да, қор ғып жүрген, отаспаған,
Үстіне қатын алған һәм тастаған.
Бір бұл емес, әр жерде осындай ғып,

Әжібай еш жазықсыз ел ластаған.
Бұл күнде Әжібай араз Байболменен;
Араздығының басы: айтылған әңгімеден.
Сырттан Әжібай Байболды балағаттар:
«Болыстықты алмасам,—деп,—бәлем сенен!»
Бұрын жоқ іштерінде көңіл кірі;
Бұл турада түйедей Әжібай міні:
(Бұрын оны өзінен төмен көріп),
Дейтұғын: «қызметшімнің бұ да бірі»
Ал енді, бұл екеуі жоғарғы істен,
Сыртқа шашпай, іш ара ренжіскен,
Көрер қылық Әжібайда болмаса да,
Өз қолын кеспей, Байбол күйіп-піскен.
Сөйтіп Байбол бұл істің ақылын тауып,
Жұртқа күлкі болмасқа қойған жауып.

Тұп-тура Байбол болыс өз ісінде,
Асқан әділ, жәбірсіз еш кісіге.
Өзі алмай Әжібайын болыс қылып,
Жұрт баурату Тасаңның бар есінде.
Әжібай орышаны білмес жетік,
Және жүр жастық жолын қуып кетіп,
Әуелі қатын алсын, орнықсын деп,
Тасболат жүріп еді сабыр етіп.
Бірақ, бір іс тура кеп, Тасболатты,
Ыза қылды Байболға жаман қатты;
Тасболат не себепті ашуланған,
Бұрайық сол тураға хикаятты.
Елінен, көп ауырмай, біреу өлген,
Ақжуып, таза арулап оны көмген;
Өлімнің тездігіне қарағанда,
Қылды деп, біреу қастық ойға келген.
Кісі еді марқұм, алған қатынды көп:
Елде өсек болып жүрді солардан деп.
Сол сөзбен жүре-жүре бір қыстан соң,
Тезінен шыға қалды мынадай кеп:
Марқұммен ауылнайлас Қарт деген бай,

¹ Бұл арада бірталай сөздері жоғалған. Кейінгі сөздерінде өзінің өшіріп тастағаны да бар. Б. К.

Кісі еді аңқау, момын, әншейін жай,
Кісіге тиер пайда, зыяны жоқ,
Бек сарап жайшылықта тап Қарынбай.
Сол баймен тірісінде болған араз,
Араздығы: «Бермедің, мен малым аз,
Қарындассың, қашанда қараспайсың!»
Дегендей болады ғой жай кемпір наз.
Елдегі жемқор билер атқа мінген
«Қарау» деп Қартқа азуын басып жүрген:
Марқұмның аға, інісін желіктіріп,
Өсектеп күн даулатқан, өшіктірген.
Мирасқорлар бұл өсек сөзге нанған,
Барымта алып, қиратып, бүлік салған.
Байболдан басқа елінің жақсылары
«Бұл істі жайлаймыз деп, қолына алған.
Байболдың жұмысы боп басқа жақта,
Тапсырды бармаса да, деп «жылатпа!»
Тыңдар ма айтты екен деп, өншен құлқын.
Байбол кетті, қаһарын тікті Қартқа.
Қырық жылқы, алты жамбы күнға салды,
Өздері қақ жартысын олжаланды.
Сойылған барымтамен он ту бие,
О дағы Қартқа тимей, отказ қалды.

Дәулетті көптігімен төпей беріп,
Дендеді партияда Әжібай жеңіп,
Күн сайын мұны көріп Байбол жағы,
Кеміді жазғытұрғы қардай еріп.
Байболға осы кезі ауыр тиді,
Шаршады кетіріп ап ішкі күүді.
Бұл жайын білдірмекке құлын сойып,
Баяғы таластырған досты жиды.
Достардың, бірақ көбі келмей қалған,
Қырын қарап, құйрықты сыртқа салған;
Келген достың бәрінің жүні жығық,
Баяғы күріл де жоқ, дүниені алған.
Әзер отыр, сыныққа сылтау іздеп,
«Қит етсе екен, он жаққа кетеміз» — деп,
«Талассаң, басым, малым құрбан» деген
Қажыға Байбол айтты мұңайып бек:

«Ағайын, талас дедің, таластырдың,
Жолына партияның мал шаштырдың,
Өзіме өз обалым, өзіме сот,
Демеймін мен сіздерді адастырдың.
Аударып жұртты, міне, мал әкетті.
Бес айдай аянбадым, титық жетті.
Құран сүйіп, сендірген кісілердің
Бірі жоқ, бүгін көрсең, бәрі бітті.
Ең шыны, енді хал жоқ таласарға,
Жөн бар ма татуласып жарасарға?
Не болмаса, бәрің де айтып едің,
Мінекей, орын келді қарасарға...»
Күбілжіп, үндей алмай, түйді қабақ.
Су құйылды, ет келді табақ-табақ.
Суырып жандарынан бір-бір пышақ,
Қонақтар келген етті алды қамап.
Бір кісі бір табағын лақтырды итке:
«Байбол, сірә аруақты қорлап бүйтпе!
Ішінде жаясы жоқ тартқан етің,
Көзіңді аш!.. мені қара! кісі ме, ит пе?!
Соңыңнан біз жүрміз бе қорқып еріп...»
Сол жерде көп жалынды Байбол келіп,
Қарамай жалынса да, боқтап-боқтап,
Жөнелді атқа мініп, атой беріп.
Бұл істі қалған қонақ жақсы көрді.
Сол уақытта мынадай бір іс болды:
Қазаннан ет алам деп, аты тулап,
Жығылып, астында қап Жұман өлді.
Тезінен құлақ түріп бұл дыбысқа,
Жүгірді кісілердің бәрі тысқа.
Ит қуып, ер-тоқымын баурына алып,
Мөңкіп жүр тор төбел ат, шықса тысқа.
Бір қара анадайдан қалған жатып,
Байқаса, дем алыс жоқ, қимылдатып.
Қайқайып құйрықтары балп-балп үрген,
Жанында иттер жүр жер шаңдатып.
Бұл жығылған Байболдың қоңсысы еді,
Жасында қойын баққан қойшысы еді,
Беті жара, сөйлерге тіл-ауыз жоқ,
Бишара талып жатыр, шықпай демі.
Байбол айтты, қолын сап өкпесіне:

«Мінекей, жаны жатыр кеудесінде»
Қасында бір ақсақал Байболға ұрысты:
«Айтасын жаны бар деп, сен несіне?
Кетпен-шотпен бір салып, жайлап жатқыз.
Құдай берді, қалаға жылдам шапқыз!
Біздерден үш-төрт кісі куә қойып,
«Әжібай өлтірді» деп, жайын тапқыз.
Орысқа анау күні куә болып,
О да мал тартқызды ғой... біз нақақпыз..»
Өзгелер: «ақсақалым, таптың!—деді,
Көрдің бе, міне, орнауын бақтың! — деді —
Олар да талай жала салып еді,
Кез келтіргені осы ғой ақтың» — деді.
«Өлтір!» деп, сүйдеп бәрі шуылдасты:
Өлтіртпеді Байболдың ақылы асты.
Қойшыны үйге апарып, жақсы күтіп,
Жұрт сөзін естіместен аулақ қашты.
Өкпелеп: «өлтірмеді» деп, бишараны,
Кеткен соң Байбол үйге, жұрт тарады,
Онаша тағы бірі шығарып ап,
Байболды былайынша колға алады;
— Шырағым, мен әуелден сенің кісің,
Менің інім — Қасымды білемісің?
Тілімді алмай, анжақта бұлғақтап жүр,
Аз берсең де, бірдеме қылмаймысың?
— Ойларың біржолата құртпақ па енді?
Күні кеше бір ат ап, сенім берді...
— Жоқ, шырағым тоқтай тұр!— десе дағы,
Байбол үйге жөнелді, үндемеді.
Бұдан соң Байбол келіп Тасболатқа,
Ағасын риза қылды шапан, атқа.
Сайлауда «Әжібай болыс болды» деген
Естілді құлақ түрген жамиғатқа.
Әжібай шашса дағы неше мыңды,
Әйтеуір болыс болып, көңілі тынды.
Қосылып Байболменен шығын жиып,
Момынды әлі жеткен тыйпыл қылды.
«Табайын, малым сатып...» дегенінше,
Ұрылып бишараның жағы сынды.
Шытырайған болыс, билер күңгірт түспен
Топ құрып, әр ауылға барып түскен,

Кеуденмен партияда тау бұзушы ең,
Ел енді, кедей сорлы, құтыл күшпен!
Тұтылып «шелек жалап», тамам нашар,
Әлділер құтылысты «айран ішкен».
Әлділер, неге десең, тағы керек,
Жарай ма, партия енді болмас десек?
Залымға сол турадан бата алмаса
Момынды жемеген де, кімді жемек?
Қылған соң өзін азат залымдар да,
Момынды жегізуге болар көмек.
Көңілін тоқтатпаққа Әжібай енді,
Өзіне таңдай жүріп, қалың берді.
Өзіндей қайыны да жуан тұқым,
Жастанды, құда болып, бір бай жерді.
Ажары қалындықтың сұлу еді,
Дегізді: «Жарар осы»! көргендерді.
Мал берілді, кешікпей келін келді,
Той болды, дүрліктірді тамам елді.
Қыздың аты Зылиқа (Зықыш) еді.
Әжібай шат, таптым деп, өзі теңді.
Өткір, пысық, айыбы — өте надан.
«Әжібайды билер-ақ» деп халқы сенді.
Онысы рас, Әжібай мен Зықыш тату,
Болмады ұру, ұрсу, не мұқату.
Бұларға жеңіл-желпі есебінде;
Көнбесе, ұрып-соғып мойындату.
Жәмилә көптен үзген байдан күдер;
Болмай тұр Жаңылға да кезек жату.
Жүре-жүре Жаңылдың балалары,
Азғантайлап ес біліп, өсті бәрі.
Әжібай да бала қадірін біле бастап,
Дейтінін қойған еді: «әрмен... әрі!»
Жаңылға бұрынғыдан тәуір қарар,
«Шешемді ренжіттің дер» деп әлі.
Жақтырмай Зықыш, бірақ, бұл жұмысты,
Баяғы күндестікпен тарылтты ішті:
Әжібайдың олай-бұлай айтқанына,
Көнбеді, от басқандай ыршып түсті,
Араға жүре-бара өсек еріп,
Ең басы мынау істен бұзылысты.
Баяғы желбастығын Әжібай қоймай,

Жүретін кезі келсе, оны да ойлай.
Ер, әйел арасына өсек енсе,
Қоя ма махаббаттың отын жоймай?
Зықыштың үш жыл өтті, баласы бар.
Байына сенбей, ұрыс-таласы бар;
Сол үшін өз-өзінен қуыстанып,
Қөңілінде тыншытпайтын жарасы бар.
Әжібай көп уақыттар үйде тұрмас;
Жұмыс көп, қаласы бар, даласы бар.
Былайша Зықыш, кейде, ойға кетер:
«Ол мені неге әрдайым ұрсып, кетер?
Үндемей ырқына оның көне берсем,
Жаңыл мен Жәмиләдай мені де етер.
«Бұл сені жуас болсаң, жан деп білмес»,
Айтқаны кемпірлердің емес бекер».

. " " ' .

Даладан келсе Әжібай, түйді қабақ,
Жылатты балаларын қарғап, сабап,
Шай құйса, шынаяқты тарс-тұрс ұрып,
Сүт төгілді, қирады шыны, табақ.
Сөйлесе одан жаман екіленді,
Қарамай, отыр-ау деп, үйде қонақ.
Белбеуге түйіп алып беттің арын,
Жазықсыз кекеп, шалды жұрттың бәрін;
Бәріне келген жұрттың тағы көйтті,
Әжібайдың не жасырын қылғандарын.
Басқа ұрып, балағаттап, шаң-шұң қылды,
Мұбада араласса, шаруа малын.
Көтерер Әжібайда мінез қайда?
Бермейді ұрып, ұрсу ешбір пайда.
Деді Әжібай: «Мен жуыман енді саған,
Көнсең көндің, көнбесең жөнел, айда!»
(Максұты біржолата безу емес,
Көңілін тоқтатайын деген айла).
Көрмеймін десе дағы көріп жүрді,
Құр қызғаныш екен деп сеніп жүрді.
Зықыш та өз жұмысын өзі біліп,
Не қылған жазасына көніп жүрді.
Елеусіз кісілермен ептеп ойнап,
Іздерін ұрлығының көміп жүрді.

Жамандық жасырынбас, түсті үстінен,
Бір күні Жаңыл көріп бір кісімен.
Әдейі аңдып жүрген өзі күндес,
Ел-жұртқа жариялады білісімен.
Зықыштың сонан былай құты ұшып,
Ұялды қорғаншақ боп өз ісінен.
Зықышқа Әжібай болды ешбір жатпас,
Жатпақ түгіл, қарамас, жауап қатпас,
Жағам деп, қылған ісін, не жүрісін,
Атады оқты көзбен еш ұнатпас.
Байына бұрынғыдай тиісуге,
Зықышта сөйлер тіл жоқ, көңілі батпас.
Бұл қалып айға кетті, жылға кетті,
Зар еңіреп Зықыш солай азап шекті.
Зықышқа үш жыл ұдай жуымасқа
Ішінен қылған еді Әжібай сертті.
Құрсағы жыл өткен соң жуанданып,
Қарайтты онан жаман Зықыш бетті.
Бұл іске Жаңыл күндес қуанады,
Кер кетіп, Зықыш байғұс суалады:
Қайтерін білмей Әжібай күйіп, пісіп,
Жүрегін ащы қайғы у алады.
«Болған соң өз қатыным не сөгіс бар?
Қай кісі бөтен санар бұл баланы.
Қаламын үйден қусам жұрт сөзіне,
Сырт шулар, айтпаса да, өз көзіме.
Баласын табар, жүрер, жас қыз алам,
Маған еш өкпелемес енді өзі де».
Деп ойлап, Жаңылдардың аузын тыйды,
Көруге не болса да өз кезінде.
Жаңылға Зықыш байғұс жалынышты;
Жалынды апатайлап, мойнын құшты.
Баласын малайының шырақ қылып,
Жасыр деп қате болған бұл жұмысты.
Шошытып әлде немен азаптанды,
Мезгілсіз жіңішкертуге жуан ішті.
Кісіге көріне алмай, бұл күйінде
Шығарды төр үйінен ас үйіне.
Егіліп, бордай болып, ол жыласа,
Күледі Жаңыл іштен сүйіне-сүйіне.
«Бай мен де, басқаларды санға алмайтын,

Дәуренім қайда кетті, шіркін дүние!
Дегенмен, мен байғұсқа енді күн жоқ»,—
Деп ойлап жас төгеді оқтын-оқтын.
Ойламай өткен күнін Зықыш қайтсын,
Шамы жоқ, жатқан үйі қараңғы түн,
Ашамай баста жастық, жабу төсек,
Ішінде зар еңіретер тамам боқтың.
Ол үйде Зықыш пенен бірге қонақ:
Байланған қотыр бұзау, арық тоқтың.
Есіне түсуші еді өткен күндер,
Көңілді сүйген жармен сөйлесулер
Сүйіскен, құшақтасқан, әзілдескен
Ағаштың саясында жазғы түндер.
Қаша алмай қапияда қалғандығы:
Сол үшін ол байғұстың жанғандығы,
«Айырар бір қара жер, сен қалқам!» деп,
Мал беріп Әжібайдың алғандығы.
Басында сәжде еткен болып жүріп,
Сөзінен жүре-бара танғандығы;
Сонысына ерегісіп, суық жүріп,
Өз-өзін бұл қорлыққа салғандығы.
Көк тұман төңіректің болып бәрі,
Жас болып, бетін жуып тамшылады;
Ес те жоқ, қуат та жоқ, үрей де жоқ;
Кеудеде бар демесең шыбын жаны.
«Ішінді жеңілтем» деп сұм кемпірлер
Қинайды бишараны одан әрі.
Жеңілер ауруынан уақыты болды.
Сұп-суық қараңғы үйге қатын толды;
Дауысы жас баланың шыр еткенде,
Үстіне жата қалды Зықыш сорлы.
Қатындар: «Мұның не?» деп ұрсып еді,
Зықыш айтты: «Қайғырма, сонысы оңды».—
Бір кемпір орап алып, кетті шығып,
Аздан соң қайтып келді, қарға тығып;
Қараса көмдіруге ертеңінде,—
Бала жоқ!.. ит жеді ме?.. неткен қылық?
Көрінбей тағы он бес күн Зықыш байғұс,
Баяғы сасық үйде жатты бұғып.
Өн-бойын суық үйде шаншу алған,
Сау жер жоқ, бейне қурай қатып қалған.

Сол үйдің сасығынан жиіркеніп,
Ешкім жоқ оны күткен, оған барған.
Тұрса да көріне алмай жұрт көзіне;
Өлімнен ұят күшті дүние жалған.
Барады шай ішуге ауыз үйге,
Кісі жоқ бола қалса, зәуіде үйде;
Бір үйді кеше билеп жүрген кісі,
Амал не кез келген соң мұндай күйге?
Әжібайдан қорықса да, бойы үйреніп,
Жататын болып еді ауыз үйіне.
Әжібай жүрсе дағы бәрін біліп,
Ешкімге сыр ашпады, жария қылып,
Бір күні есікті іштен бекітіп ап,
Зықышты жаман ұрды, шашын жұлып.
Тұра алмай Зықыш сонда үш күн жатты,
Аузы қан, күрек тісі бірі сынып.
Әжібайдың қыз айттырмақ — енді ойы;
Болыс қой, әркімге де сыйлы бойы,
Малы да бағыменен таласа өсіп,
Ақша көп, өріс толды жылқы, қойы.
Үйінен көруші еді түзді қызық,
Қыз аулап, қымыз ішіп, жүрер қызып,
Өз үйі жаһаннамдай көрінуші еді,
Келсе азап тартушы еді, қанын бұзып.
Өйткені қатындары тұрмас тыныш,
Бірін-бірі түрткілесіп қылар ұрыс
Кеткен соң құлақ тынышы, шыдай алмай,
Ал бірін сабау керек дүріс-дүріс.
Сабаса, одан жаман кетті ұлғайып:
Күндікке жылар түге шашын жайып;
Үйіші ұрыс-керіс болғаннан соң,
Жылайды балалар да бек мұңайып.
Берілмес мезгілімен малшыларға ас,
Сол үшін олар ұрсып, қылар талас.
Қатынның қарастырар сыйқы анау,
Қайғымен әлде жынды, немесе мас...
Жәмилә, Жаңылменен көптен мәңгі,
Мәңгі емес Зықыштың да жайы әлгі;
Ұру, ұрсу, даң-дұңмен милары ашып,
Бастары болып кеткен әңкі-тәңкі.
Үйіші, шаруасы жайрап жатқан;

Адам жоқ бас-көз болып оны баққан.
Шешесі айғайшы боп жүруші еді,
О дағы жазғытұрым қаза тапқан.
Келмейді бұл қалыпта еш көргісі,
Қайтерін білмей құрыр әбден мысы;
Сол үшін болыстықты сылтау қылып,
Көп уақыт үйде тұрмас жазы-қысы.
Әкесі сөзден қалған, жасы жеткен,
О да ауру: ұйқтай алмай, күрк-күрк еткен.
Ендігі Жәмиланың есі-дерті:
Жақпақшы соны күтіп, қызыметпен.
Әуелден Жаңыл жаман Әжібайға;
Жүреді кекеп, мұқап әрбір жайда:
Зықышта бір бала бар; соны күтіп,
Алданад, көңілі жоқ оның байда
Зықыштың мәлім емес осы жайы,
Сырт кісі ойлар Әжібай деп, оның байы.
Айтпаса өз ойын шын сырласына,
Білетін сырын оның бір құдайы.
Жаңылдың бір қызы бар Күлтай атты
Жас бала болса дағы, артық затты;
Тәуірі баласының сол дегізіп,
Жасынан көрген жұртты таңырқатты.
Бұған да біреу қойған құда болып;
Құданың мал жағынан жері толық;
Қытайға қараған ол Керей елі,
Қарғы бау беріп қойған, келіп қонып.
Керей де Тасболаттың бір құдасы
Бар еді алыс-беріс, араласы.
Екі шал атастырған немересін,
Артқыны жақын қылмақ ел арасын.
Баланы онда Әжібай білмейтұғын:
Маңында қатын, бала жүрмейтұғын;
Бар баласы баурында кемпір, шалдың,
«Аға!» десе,—әрі, аулақ жүр!— дейтұғын.
Бұ күнде ондай емес, алдына алар;
Үсті-басын, күтімін байқап қарар.
Көрмеген байдан қызық шешелері,
Тағы емес баладан да қызық табар.
Қатындар, неге десең, ызаларын
Алатын балалардан, ұрып бәрін.

Қолдан келер—қос көз бен баласы боп,
 Суытқан балалардың ерте қанын.
 Шешені сол себепті көрмес жуық,
 Бармастай, шақырса да, оған жуып;
 Жалғыз-ақ шешем дейтін Күлтай ғана
 (Шешеге жуық келер әйел бала),
 Әжібай қатындарды сабағанда,
 Алады арашалап:—«қой!»—деп,—«аға?»
 Күлтайын жақсы көрер басқасынан:
 Түсірмес үйде отырса арқасынан;
 Керейден атастырған мал алмай жүр,
 Ассын деп, тым болмаса он жасынан.
 «Мал ал» деп, тығыздайды Керей келіп,
 Жүз қойды қарғы бауға қойған беріп.
 Әжібай ешкімнен мал алмақ емес,
 Баласы ер жеткенше, ақылы еніп.
 Балаға тағы айттыру жастай қатын,
 Зор қате Әжібайша, емес мақұл.
 Тигізіп заман, ғұрып мандайына,
 Білгізген тәжрибесін, бұл бір ақыл.
 Деуші еді: «Қыз теңіне сүйіп барсын,
 Қатынды ер балалар өздері алсын!
 Балаға жастай қатын айттыратын—
 Іс емес, сол ғұрыптар отқа жансын!»
 Жетпеді Әжібай, бірақ, бұл сөзіне,
 Тағдыр ма, жеткізбеген, әлде өзі ме?
 Әжібай не себепті сертін бұзған,
 Оқушым, көрсетейін ой, көзіңе.
 Күпшектей айналмады дәулет пен бак:
 Тұрмыстың кейі қоңыр, кей жағы ақ.
 Кейде күліп, кей-кейде қабақ түйіп,
 Дүние бір қалыпта тұрмайды нақ.
 Сол кезде Әжібайдың қайтып бағы,
 Күпшектің айналды оған күнгірт жағы,
 Күпшекті бұрып алу тағы өзінен,
 Айтайын оның мәнін, тыңда тағы.
 Ең басы Әжібайдың әкесі өлді;
 Шығартып жаназасын, жақсы көмді.
 «Атаусыз атақты адам қалу ұят;
 Үлкен қып, ас бер» деген сөзге көнді.
 Қонған соң, жүз үй тігіп, Марқа көлге,

Қалдырмай сауын айтты маңдағы елге.
«Асы бар Тасболаттың, ат жарат» деп,
Сөйленді көп күн бұрын мәжлістерде.
Жиылды асқа саулап, Арғын, Найман,
Керейге, Қалмаққа да хабар жайған.
Шыңғыртып асқа сойған жылқылардың,
Қандары бұлақ болып ақты сайдан.
Бәйгеге жіберілді үш жүздей ат.
Бәйгесі алдыңғы аттың — он жылқы нақ.
Одан соңғы жүз теңге, бір топ шұға,
Қой-қозы артқылары мақпал мен бәт.
Сойылған екі жүздей малдың саны,
Балуан бәйге... моллалар жатыр әлі...
Ауызша көлденең жұрт есеп қылып,
Он бес мың сом десті ғой шығындары.
Табылды өкпелеуші сонда да етке:
Лақтырды талай кісі етті бетке;
«Ол баста қонақ тойғыза алмасың бар,
Неге айттың, ас берем,— деп қыйыр шетке?»
Қолымен ерегесе, ұстап сойды,
Жуандар көрсеткенсіп жұртқа бойды.
«Бір жолға не қылса да шыдадық» деп,
Әжібай жақ ауыздарын жауып қойды.
Өлген бар, жығылған бар, төрт-бес бала...
Дау-жанжал ат бәйгеден шықты және...
Жазудың бәрін тегіс орыны жоқ,
Бұл істі аңғарарсыз солай ғана.
Бұл жаздың жайлы тимей келер күзі
Бұзылды күзді күннен күннің түсі;
Мұз жауып, қарашада қар бекіп қап,
Жерден шөп жей алмады малдың тісі.
Жазды күн қазақ байғұс шөп шаппаған,
Қыдырып қымыз ішіп қылжақтаған,
Шапса да омбы қарда шар тарапқа,
Қалғандай мал асырап, шөп таппаған.
Соғады үдей-үдей боран қаптап,
Қар көмген қара жерді қылып аппақ,
Қатайып қыстың арты барған сайын,
Күйзелді шаруа жаман сасқалақтап.
Шапса да тамыр-таныс орыстарға;
Арбасы күзді күні отыз тиын,

Не дерсің сонда алмаған қазақ сорға?
Шөп жұлды кейбіреулер қарды қазып,
Жұлмаған қар жоғында кімде жазық?
Кедейлер байдан келіп азық сұрар,
«Мал түгіл, кісіме де жоқ,—деп,—азық»,
Бай ұрысты: «дендерің не деген сақ!
Осы ма сұрауға ақша табылар шақ?...
Жасығын асып жерлік отын да жоқ:
Ал кедей, қораңды бұз, ашаңды жақ».
Шұбырып, тері арқалап, қалаларға,
Орыстан нан сұрады балаларға,
Тақтайын Андрейлер былғадың деп,
Шығарды желке беріп шара бар ма?
Аты жоқ бұт көтерер байғұстардың,
Ішінде жаяу малтып аппақ қардың,
«Обалым шөп шаппаған иеме»,— деп,
Қандары сел боп жатыр хайуан малдың.
Жіберді шөп сұрата, байлар досқа,
Барса шөп жоқ, арбалар қайтты босқа.
Күдерді қолдағыдан үзгеннен соң,
Шапкызды жылқыға адам, бар деп қосқа
Көп жылқы әлде қашан ығып кеткен;
Қолынан жылқышының шығып кеткен,
Бұйырмай тарамысы несіне,
Жануар қар астына сапар еткен.
Төгіліп бір боранда барлық құты:
Мал тұрсын, кісі өлтірді тамақ жұты.
Көтермей бір-екі айды, ақ сүйек боп,
Жүгенін ұстап қалды қазақ жұрты.
Қыс қылып қылатынын, жазы жетті,
Кедейлер қақтап жатыр жасық етті:
Не жесін жасық жемей: сауыны жоқ:
Бұрын тар, кеңейтер ме байлар ниетті?
Жұтатқан жұртпен бірге Әжібай малды,
Үш мыңнан екі жүздей жылқы қалды.
Қалғаны да өз кұнын өздері жеп,
Босатты ақша салған сандықтарды.
Көбі өліп тең жарадан қой мен сиыр,
Әр жерде жемтік болды үйір-үйір,
Бұрынғы ен дәулетке көзі үйренген,
Амал не? Әжібайға болды-ақ қиын.

Жұтаған малдың орны тырнап ішін,
Бұзылар ойлағанда сыртқы пішін.
Орынын немен болсын толтыруға,
Жұмсады барлық ақыл, айла, күшін.
Шөп жиған, неге десең, Байбол аман;
Аққұла амандығы бұған жаман.
Әжібай ойлар: «айрылам болыстықтан».
Тұрмаса малым асып, деп, анадан.
Байболды шөп жинад деп қылып мазақ
Айтатын: «Жер қарада неткен азап?»
Басына заман келіп, тигізген соң,
Шулап жүр: «Ақылды» деп, енді қазақ.
Сол оймен Әжібай бұзып ішкі ниетін,
Бұрынғы адалдықтан бұрды бетін,
Аударып, төңкерді де елін жеді
Демеді мынау нашар, мынау жетім,
Билердің ауыздығын алып қойды,
Әркімге қаршыға қып салып қойды.
Пайдасын ірілердің солай тапсам,
Ел менен кетпейсің деп, танып қойды.
Төлетті асыратқан жылқыларын;
Таңдады билерді өңшең жуан қарын
«Бірге өлді малыммен қайтейін?» деп,
Момынның тыңдамады айтқан зарын.
Маңында бір ауылдың жемтік жатса,
Ішінен Тасболаттың енін тапса,
«Міндің...» деп, момындардан төлеу алды.
Амал не? Мейлің жыла, мейлің қақса,
Момынға жұрттан бұрын мынау батты:
Байболға бәрі жылап, барып шақты;
«Обал жоқ не қылса да сендерге!» — деп.
Бермеді Байбол жауап, бойын тартты.
Себебі, Байбол енді жұртқа нанбас,
Нанбақ тұрсын, сөзіне құлақ салмас,
Алдыңғы партиядан зәрде болған,
Жұрт әкеп болыстықты берсе де, алмас.
Көбейді Әжібайдың елінде ұры;
Ұрлықтан ауыл басы емес құры,
Тап өзі болмаса да олжаға ортақ,
Қорғайды, тыю қайда Әжібай мұны.

Жіберіп билер «ходқа» бұл жұмысты:
 Ұрының дауын сөйлеп, қылды күшті.
 Әжібай сүйеп жүрген бір ұрысын,
 Уезден: — ұстап бер,— деп бұйрық түсті.
 Әжібай ұстап бермей, жасырды оны,
 Өтірік қытай жаққа қашырды оны,
 Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па?
 Шатылды, жасырам деп жүріп соны.
 Уезге «заграницаға» қашты деген;
 «Біледі жұрттың бәрі, тақсыр,— деген —
 Бас салып, елге келсе, ұстап берем,
 Ол иттің залымдығы асты»,— деген.
 Тып-тыныш, ол қашқан жоқ, үйінде еді.
 Баяғы ұрлық қылған күйінде еді,
 Әжібайдан зорлық көрген бір бишара,
 Уезге «домалақ хат» түйіндеді.
 Урядник тез жарлықпен елге шығып,
 Ұрыны тауып алды, тінтіп жүріп,
 Әжібайды болыстықтан түсірді уезд.
 Ұрыны сүйейсің деп, үйге тығып,
 Ақыры сотқа кетіп бұл зор жұмыс;
 Әжібайды ұстап алды он шақты орыс
 Адвокат, төрелерге ақша төгіп,
 Кепілге шықты біраз Әжібай болыс.
 Ізденіп Байбол қабат, Омбы кетті;
 Жалдады нелер жүйрік адвокатты.
 Ақырда, адвокаттар жөнін тауып,
 Істерін окружной сот отказ етті.
 Еліне келсе, елі жүр қорқып, шауып,
 Қытайға қақ жарымы кеткен ауып,
 Ең мықты Әжібайға қылғаны анау:
 Қырар деп, бізді мүлде қылып хауіп,
 Ұлықтан «тоқтат» деген бұйрық алып,
 Соңынан ауған елдің әскер барып,
 Өлтіріп өлтіргенін, қырып-жойып,
 Қайтадан айдап келген қанға малып.
 Келген соң, қазақ болып, бұлар елге,
 Әуелгі орнықтырды мекен жерге,
 Бұл ісі Әжібайдың, елдің жайы,
 Сөйленді көпке дейін маңдағы елде.
 Шығыны Әжібайдың бастан асты:

Еңсесін көтерместей, борыш басты.
Қалғанын тақыр болып сезгеннен соң,
Аударды ел тоқыратуға ықласты.
Табылды табалаушы айтпай көзге,
Халқының бұрынғыдан қарасы өзге.
Ниеті бұ шіркіннің бұзылып еді,—
Естілді: «көрінді ғой» деген сөзде.
Тілеуқор, қошеметшіл ағалары
Әжібайға қырын жақты сағалады;
Жолында өлем дейтін достары да,
Көзіне күліп, сырттан табалады.
Әжібайға оқ боп тиді бұл көрініс,
Тамағын ыза буды, бермей тыныс,
Талайлар айтқан сөзін жүре тындар,
Құртуға қолында жоқ бұрынғы күш.
Мінекей, сайлау болса келе жатыр,
Тұр әне құлақ түріп алыс, жақын,
Елі жүр Әжібайды ыңғайламай,
Алуға күшпен тартып, қалта тақыр.
Құр қалу Әжібайға қатты намыс,
Қалай қылар? Елінің түрі шалыс.
Баласы Тасекеңнің шынжыр балақ,
Не сұмдық, ел билемей, шардан қалыс?
Бақ, дәулет жеті атадан арылмаған,
Өмірі қарны ашып, тарылмаған
Естуден, сөйтіп жүріп, өлгені артық,
Дегенді: «Сөзі жұртқа алынбаған».
Әжібай ойлап-ойлап, амал тапты,
Өзінен кетірмеске ескі бақты;
Бұрынғы айнып жүрген Керейіне,
Күлтайды бермекші боп, малға сатты.
Керейлер аман қалған өткен жұттан,
Қорлады деп өкпелейтін бұрын сырттан.
Сұраған сонда дағы малын беріп,
Өкпені ескі-құсқы болды ұмытқан.
Суысқан Керей құда қайта келді,
Күлтайға қызыққаннан көп мал берді.
Әжібай сол-ақ екен ауқаттанды,
Үш қызға тағы құда болып салды.
Балаға жастай құда болман деген,
Сертінен, баяғы айтқан, мүлдем танды.

Калмады ұл, қызының басы босы,
«Жез» үшін Әжібайдың қылғаны осы,
Қиқаңдап, ел азғырып жүретұғын,
Екі-үш жер құдалықпен болды досы.
Жебеді құдалары, болыс болды;
Баяғы кеткен бағы қайта қонды,
Немене, бес-алты жыл өтпестен-ақ,
Қораға мал, қойынға ақша толды.
Ортада заман өтті әлде қандай
Елі де болды жұтты ұмытқандай.
Кең жердің арқасында тез жетіліп,
Береке қайта кірді бас пен малға-ай.
Әжібай көп тәжірибе, көп іс көрді:
Бұзықтық мінезінен сотқа да енді.
Көңліне соның бәрі ғибрат болып,
Залымдық баяғыдай қылмайды енді.
Халықтың тұрмысы аллы ескі қалпын,
Басқарды жақсы ғана Әжібай халқын.
Өткірлік, пысықтықтың арқасында,
Шығарып басқа елге де жүрді даңқын.
Берумен жақсыларға қонакасты,
Жарыққа бірте-бірте аяқ басты,
Бастаушы болса қостап еретіндік
Көңілінен өз-өзінің есік ашты.
Болғанмен өзі сондай, халқы кара,
Айта алмас бата торып оған және
Халқынан түсіретін олжасы көп,
Білдірмей жүрер еппен істеп қана.
: : 1

Үндемесе, қақай бас, неткен жан деп,
Тағы айтса ашуланар ақиқатын.
Кейбірі дұрыс па деп қылған ісін,
Жоры деп кейбіреулер көрген түсін.
Кіжінді сырттан тентек шалдар біліп,
Көнді деп, әттең Әжібай! Қайрап тісін.
Болған соң ас беретін ыдыс кірлі,
Әнүәр өзі тұрып жуып жүрді.
Жиіркенсе біз шақырып келдік пе? — деп,

1 Бұл жерде көп сөз жоғалған Б. К.

Мінгізді ағаш атқа неше түрлі.
Қонақтар келіп, кеткен, көңілін бұрып,
Баланы оқытуға бермес ырық,
Қонады кейде келіп Керей, Қалмақ,
Сасытып, үйдің ішін тұман қылып.
Әнуэр бұл тұрмысқа қарап салқын,
Тыпыршып жүрді біраз бұзбай қалпын,
Өз кебін жүре-жүре кимей қойса,
Білді енді үркітерін келген халқын.
Ойлады тәжірибе ғып көрейін деп,
Халықтың ыңғайына көнейін деп,
Табылмас не қаражат, не түзелмес,
Ойды енді басқа жаққа бөлейін деп.
Ол қылды шу дегенде басты тақыр,
Демеске «қажы, сопы азғын, күпір!»
Тұрса да терістікке іші күйіп,
Дей берді жұрттың қылған ісін мақұл.
Жүрмеді сопыларға тілі тиіп,
Жолықса, сәлем берді басын иіп,
Өзгертті сыртқы түрін түгелімен,
Қалыпты миссионерлік кебін киіп.
Халыққа сүйте жүре нандырды өзін:
Алғыза бастады ептеп айтқан сөзін.
Әнуэр онан сайын қылды іждиғат,
Үміттің көргеннен соң жылы жүзін.

Қаладан ойнас байын білу керек,
Басына, қолға түссе, міну керек,
Өгізге теріс мінгізіп, ел қыдыртып,
Мойнына құрым кигіз ілу керек.

Қабыштың ақша салған жоқ сандығы.
Мағлұм енді Әнуэрдің алғандығы,
Тай тұяқ жамбы, бұлғын, торғындармен
Белгілі еді, екі мыңдай сом барлығы.
Деді жұрт: «Білдіріңдер, оны уездге,
Екі мың тұрсын, бір мың болса да, аз ба?
Апыр-ай, бұл адамға сенім жоқ-ау!..
Тағы ұстаймын деп жүрсек осы жазда».

Дегенде, молла сүйтті, нанбай тұрдык
Жымиып жүрсе де, ішінде екен сұмдық.
Моллаға, пайғамбар мен, десе сенбе,
Көрдiң бе, ақырында қылғаны ұрлық...
Манадан Күлтай тұр едi есiн жаңылып,
Алақтап, не айтарын бiлмей аңырып,
Әнуәрға жауып отырған жаласына,
Ашумен кете жазды ішi жарылып.
Дедi: «Әжеке, сандығыңыз анау үйде,
Бiрге тұр жүкпен бiрге жиған күйде,
Нәрсенi көзiңiзге көрсетейiн,
Кұдайдан қорық, Әнуәрға нақақ тиме».
«Оңбасын қызды балам деген кiсi,
Қылығын қара мұның жаудың iсi» —
Деп, Әжiбай Күлтайға ашуланып,
Шатынап құп-қу болды өңi-түсi.
Именiп Күлтай онан тайсалмады:
«Айтармын, керек болса, шынын тағы,
Жазықсыз Айшаны да күйдiрмеңiз
Сөзiмнiң аңғарылсын түпкi жағы.
Сөзiмдi алмай-ақ қой, пайда болса,
Аталық жүрегiмде қадiрiңiз бар,
Алмаңыз соны жойып, айла болса.
Айтамын сiзге, өзiме жаным ашып,
Аузымды тұра алмассыз қолмен басып.
Өрттi сөндiр, балаңмын, барамын да,
Болмаса, бiреу сөндiрер, қанын шашып».
Аңырды сонда үйдегi жиылған топ,
Ешбiрi төмен қарап, үндеген жоқ;
Әжiбай қарауытып, түтiн болып,
Қалшиды кеудесiне тигендей оқ.
Шыдамай үйдегiлер кеттi шығып,
Күлтайды шығысымен аңыз қылып,
Төркiнге Айша, әйтеуiр, айдалған жоқ,
Бiлмеймiн аяды ма, iшi жiбiп.
Әнуарға ұрлады деп күйе жақпай,
Не себеп, ол жаласын қойды жаппай:
Тергеттi оны бiрақ пристәвка,
Үкiметтi жамандап жүр, деп ұнатпай.
Байбол мен кей адамдар десiп жалған,
Әнуәр сол себептi, аман қалған.

«Бұл жерден жаз шығысымен кетесін» деп,
Пристав Әнуэрдан қол хат алған.
Әжібай араз болды Байболменен,
Көрдім деп, бұл турада қастық сенен,
Қаймығып Әжібайдың сұмдығынан,
Қалаға кетті Әнуэр Құмкөл деген.
Күлтайдың әл жеткені екі көзі,
Болса да не қайғысы тартты өзі.
Жанына жаман батар: еліне Әнуэр
Комбоймен кетті,—деген, жұрттың сөзі.
Біржола түңілсін деген ниетпен,
Айласы ед Әжібайдың бұл көрсеткен.
Айтқан боп жай біреуге Күлтай барда,
Деуші еді: ол комбоймен мүлдем кеткен.
Мұны естіп Күлтай әрең, өлмей жүрді,
Үйдегі тілмаш Петка Күлтайды аяп,
Әнуэрдан әкеп тұрды хат пен тілді.
Ол Петка Әжібайдың тілмашы еді;
Сөйтед деп, оны ешкім парқ қылмас еді.
Сұмдыққа көңілі әзір былғанбаған,
Жас еді, Әнуэрмен күрдас еді.
Әнуэр тұрған күнде Әжібайда,
Екеуі қыдырар ед әлде қайда.
Үйреніп өзі орысша, Әнуэр оны
Үйретер қазақтағы қалып жайға.
Әнуәрді мінезінен көріп жанындай,
Болып ед жат та болса, туысқандай,
Әнуэр да көргендіктен сонша жақын,
Сөйлеуші ед Күлтайменен өзі қандай.
Үйдегі қатындардың көріп халін:
«Емес қой адамшылық мынау, жаным!»—
Деп тілмаш Әнуэрмен бірге аясып,
Жүрер еді Күлтай, Айшаны айтып бәрін.
Әкеліп сол Әнуэрдан жасырын хат,
Күлтайдың етіп жүрді көңілін шат.
Сезбеді бұл жұмысты ешбірі де,
Үйіші, не басқа бір жақын мен жат.
Күлтай бұл жақсылықты іштен күтіп,
Кеткенде жұрты Әнуәрді, мүлде, ұмытып
Ұялып бір ісінен жүрген жанша,
Болады жуып-шайған айла жұтып,

Деуші еді, енді оны кім есіне алсын,
Жастықпен бір іс өтті кетсін, барсын.
Періште болса дағы жолдан таяр,
Қасында біреу күн-түн азғырған соң.
Баламның өз ұяты өзін жеңіп,
Түзелген басқа ой жоқ өңі еніп.
Әжібай Күлтай жақтан хауіп қылмай,
Келмес деп, Әнуэрға да қойды сеніп.
Қар кеткен, наурыздың аяқ кезі,
Жайған ед жерге шуақ күннің көзі,
Әжібай өлгендей-ақ үш қатыны,
«Ойбай да, ойбай» еді барлық сөзі.
Ардақты әлде мұның баласы өлген
Атасы, не інісі, агасы өлген.
Жоқ аман, ауырмаған ешбірі де,—
Алды деп Әжібай тоқал хабар келген.
Әжібайдан бір кісі әкеп Күлтайға хат.
Жылап ед сол кісіні көргеннен-ақ,
Хатында жазған екен «келеміз» деп;
«Қарағым, жыламасын, шешенді уат!»—
Күлтай айтты шешелеріне ептеп барып:
«Не пайда іс өткен соң, ойбай салып?»
Күлтайды өз шешесі қарғап-сілеп,
Қасынан қуды қолға бақан алып.
Аптығып, алқымына ашу тығылып,
Қуам деп, бір дөңбекке қалды жығылып;
(Балалар соны көрген осы күнде,
Мазақтар әндерін сап, жылап тұрып).
Қатындар қуып сонда әр баланы,
Қарғап-сілеп, у-шу қып ай даланы;
Өйткені, Әжібай келіп бүгін жармақ,
Жүректе көптен бітеу бір жараны.
Қалмады сықақ қылып, күлмеген жұрт,
Қайтеді сүйтпегенде, білмеген жұрт,
Кешке ойын, келін түсіп болады деп,
Қыз, қатын сапырылысқан күліп жырқ-жырк.
Алдынан келіншектің олар бармақ,
Түземек Күлтай үйді, көрпе салмақ;
Күлтайға шеше қайда, үй жөндетер?
Ұрсады:—Жетіспе!—деп,—Арсыз салдақ!
Лақтырды көрпелерін шаңырақтан,

Кілемді, жүкті бұзып, бұрқыратқан;
Бұлар бүйтіп арам тер боп жатқанда,
Сау етіп Әжібайлар кеп түсті аттан.
Қасында қайын ағалар, қайындары:
— Қош, үйге жүріңіз!— деп кірді бәрі,
Кірсе — қатын беттерін алып салған,
Секілді жын ойнаған үйдің мәні.
Біле алмай сабауға да қайсы бірін,
Ішінен қан ішердей тартты сұрын,
Естілді сатыр-сұтыр таяқ даусы —
Жаңыл шықты жаудығы жырым-жырым.
Қолға ұстап сыйрағынан кішкене ұлын,
Жайылып, дударланған, екі бұрым,
Бар сөзі: «ойбай, ойбай, ойбай да, ойбай!»
Жуылып қызыл қанға бет пен мұрын.
Шулаған арашашы, қоршаған жан.
Зықыш шықты басынан сорғалап қан,
Әжібай: «Кет, талақ!»— деп тепкілеп жүр,
Не дерін қайын ағалар білмей аң-таң.
Жаңыл жүр шырылдатып сәби бала,
Баланы Әжібайға шоқпарға ала,
Біреу кеп, өлтірер, деп тартып алды,
Кеп қалды келіншек те сол арада.
Келіншек көрді мынау тамашаны,
Тұрса да көзін жауып жібек шәлі.
Қапыда душар болған бұл жұмыстан,
Шошыды дір-дір етіп қорқып жаны.
Ісі емес, бұл Әжібайдың жаңа көрген;
Мұндайға қатындардың да еттері өлген,
Мұнысы өздерінше күндегі әдет,
Тоқалға ауыр тиді жаңа келген.
Болыстың жас келін ед қарындасы;
Аты Ырысты, он жеті жас шамасы,
Жиылып қыз, бозбала ойнағанда,
Мөлтілдеп неге отырды көздің жасы.
Алдынан көрінген соң әлгі форым,
Білді ғой бұл келгені қандай орын,
Үйінен әке, ағасын қимағаннан,
Бұза алмай келіп еді ресім-жолын.
Көңлі әкеп көз алдына құбыжық елес,
Қайғыға көмілгендей не барлық іс...

Өзін бір тұтқындағы кісі көрер.
Төркіні Ырыстыны сөзбен жұбатып,
Әжібайды мақтап-мақтап көңілін уатып,
«Байыңа жақсан, кем-қор болмассың» деп,
Ат, түйе жолын алып кетті қайтып.
Қалғандай болды Ырысты жау ішінде,
Құлағы керең болып дау ішінде,
Бұл өзі тимесе де күндестері,
Жамандап, килігеді әр ісіне.
Мақсаты күндестердің билетпеске,
Қамтуды осы бастан алып еске,
Тоқалын жақсы көрген бұйткеннен соң
Оларды Әжібай шаштан сүйретпес пе?
Ырысты жаңа түскен уһ-аһлап,
Жүреді томсырайып ізін бақылап,
Көңілден қапырық кетпес, бой сергімес,
Тау басып тұла бойын тұрғандай нақ.
Қолына Әжібайдың түскен кісі,
Аюдай болу керек тырнақ-тісі,
Жеңбесе үш күндесін арсыздықпен,
Өмірде оңға баспас ешбір ісі.
Бұл іске күндестері әдіс алған,
Оларда баяғыдан ар жоқ қалған,
Ұрсысып, шаштасудан жалықпайды,
Әйтеур, тоным ғой деп суға малған.
Әжібай қастарында тұрмас аңдып,
Кетеді қайда болса, сонда қаңғып.
Күндестері соқтығып еш жазықсыз
Ұрыс-керіс шығарар басын даңғып.
Бар қадар таппақ тұрсын, көріп қызық,
Жылаумен көзге салды әжім-сызық,
Бар-жоқты Әжібайды сүйіп де,
Тура кеп мынадай іс, кетті бұзып.
Бір күні Жаңылдың аузы бұлтиып,
Әкесі өлгендей-ақ тым қыртыып;
«Бір жеген соқтасын ит қайта жеді» деп,
Долданды қалың бетке ашу жиып.
Зықышқа жеп қойғандай төніп-төніп,
Баяғы айыбын да ашты төгіп:
«Ойнас қып, бала тапқан, бала өлтірген,

Қаншық!» деп балағаттап, ұрсып-сөгіп,
Солайша отырса да Жаңыл бүлініп,
Зықыш шат, күңгірт бетке шырай жүріп,
Бұрынғы кекесіннің бірі де жоқ,
Ия, ия!— деп төмен қарар, көзі күліп,
Зықыштың күндегіден жүрісі жат,
Істеген ісіне де көңілі шат,
Еріксіз ішкі шаттық жымындатар,
Жазадан құтылатын кісідей-ақ.
Бір жаңа шырай кірген денесіне,
Япырым-ау, жетіседі бұл несіне?
Буына қуаныштың мас болғандай,
Жаңылдың ұрысқанын алмайды есіне.
Сүзілген күнде үмітсіз көз қарастар,
Тұратын сорағытып көзден жастар.
Бірі жоқ, бүгін қайда қашып кеткен,
Еңсесін көтертпейтін ауыр тастар.
Зықышқа қайдан келді бұл несібе,
Оқушым, түсірейін мен есіңе.
«Зықышты Әжекеңе айтып кешірт» деген
Күлтайдың Әнуэр сөзі бар да есінде.
Сондықтан, Күлтай алып әке тынышын,
Жадыратқан арадағы құрыс-тырысын.
Әнуэрдың аманатын орындаған,
Сөксе де өз шешесі бұл жұмысын.
Ашар деп бүркеулі істің жұртқа бетін,
Жаңылдан бұрын Әжібай именетін,
Қамшы боп өз ойына Күлтай сөзі,
Міне, енді бұл жұмыстың тапты ретін.
Әзірше сонда дағы жүрді жасырып,
Жаңылға білдірмеуге бой қашырып,
Үстінен татулықтың Жаңыл түсіп,
Әжекең абройы қалды ашылып,
Жаңылдың бүгін сол ед қыртиғаны,
Зықышқа ұрсып аузы бұртиғаны;
Игендей көздің жасы болғаннан соң,
Зықыштың сол қуанып жымпиғаны.
Долданып Жаңыл жұртқа әйгілетті:
«Алды,—деп,—тастап кеткен қара бетті,
Ана жыл Зықыш қылған жамандықты,
Бала тауып ол пәлен-түген етті».

Жас тоқал «қор болдым» деп, жылап жүрді,
Ой ойлап шым-шытырық неше түрлі.
Сөйлескен кісілерге мұңын шағып,
Былайша ағытушы еді ішкі сырды:
«Қор болдым, көп күндесті білмей келіп,
Табар ем, үйде білсем, басыма ерік;
«Олар күң, сенен басқа қатыным жоқ»,—
Алдандым деген сөзге нанып, еріп.
Қайта алды, мен келісімен, тастағанын,
Білмеймін құдай неге бастағанын,
Мұндайын үйде мұның білген болсам,
Жақсы еді бұлай қарай баспағаным».
Ырысты өз ісіне болмай риза,
Сөйледі келген, кеткен қатын, қызға,
Ол ол ма, сөз жайылды шын ба, өтірік:
«Алмақ,— деп,— тағы қатын Әжібай мырза»—
Өйткені, жанада өлген бір ноғайдың
Қатыны танысы еді Әжібайдың,
Жас қатын, баласы жоқ, заты қазақ.
Мүлкіне өзі не өлген байдың.
Қызығып оған Әжібай дүниесі үшін,
Алуға жұмсап еді айла-күшін;
Екенін дүниесі үшін о да біліп,
Әжібайдың тимей, бірақ, құртты мысын.
Бұл хабар естілген соң Ырыстыға,
Неше рет Әжібайменен ұрысты да,
Ырысты иланбады, тыңдамады,
«Олла!» деп Әжібай айтқан дұрысты да,
Жиырма тоғызы міне енді апрельдің,
Көк торғын жамылғаны қара жердің,
Әжібайдың қыз ұзатар тойы ертең деп,
Тиген ед құлағына мандағы елдің.
Қорадан оқшау тіккен оюлы отау,
Салбырап әшекейлі тұр салған бау,
Тігілген оған таяу ақ боз үйлер,
Сыртында нұрға қалқып көгерген тау.
Кініп ағаштарда жасыл тонын,
Жоғалған жер жүзінен қысқы форм
Жасыл шөп, көз жасындай аққан бұлақ,
Бассаң да қай жерге аяқ, жүрген жолың
Дүниеге күннің көзі күле қарап,

Майда жел табиғатты сүйіп, жалап,
Жазды мақтап, құттықтап, ән салысқан,
Адамдар бұлбұл даусын тамашалап,
Қысыр алып, қымыз ішіп, Әжібайлар;
Күмпиген, күпі тастап, құнан тайлар;
Көркіне табиғаттың көңіл қосып,
Көл қылған көз жастарын, терең сайлар.
Мынау той, ауыл үсті толған кісі;
Бықырлап оқшау тіккен отау іші;
Шаңқылдап ауыздарын кере сөйлеп,
«Той құтты болсын» десті әрбірісі.
Басына бозбалалар үкі таққан,
Мақтанып құрбысына бұлғақтатқан;
Білгендер екеу-екеу ән салысып,
Саусақтар домбыраның шегін қаққан.
Жарысқан, көкпар алған, тарыс-тұрыс,
Ойнасқан, әзілдескен, алыс-жұлыс,
Топтанған отау жақта қыз-келіншек,
Естілер ду-ду әзіл, сық-сық күліс.
Шай жасап, табақ-табақ тартылған ет,
Бұл келген қонақтарды қылып құрмет,
«Тиед,— деп,— енді Күлтай біздің қолға»,
Көңілі құда-күйеу орныққан ед.
Жиылған отау тола жасау-бұйым;
Ілінген көз тартарлық асыл киім.
«Ұзатқан мұндай қылып адам жоқ» деп,
Мақтасты жасауларын көрген жиын.
Той өтті кешке таман тарқап қызық,
Таңғызды отау жығып, жүгін бұзып,
Еліне Көңбай құда ат шапқызды,
Сүйінші сұратуға қаны қызып.
Әжібай құдасымен кешке таман,
Отыр ед көңілдегі бітіп алаң:
«Білмеймін бізден сізді іш тарта ма,—
Деді — үйге түк қалдырар емес балаң»
Қуаныш кернеген соң бойын буып,
Жымыңдап, езу жимай мұрттан күліп.
Шаттығын көкірегіне сыйғыза алмай,
Көңбайдың көзінен жас кетті шығып.
Ол айтты: «Мен ризамын, құдай риза,
Риза шығар бабамыз, бабаңыз да,

Қылық жоқ жасыратын мың шүкірлік,
Айтпады жұрт не өсек арамызға.
«Шұлғау күң Шөмтік Әжі,— деді өзіме:
Алданба Әжібайдың сен сөзіне!
Жеп кетед, қыз бермейді» дегендердің,
Көрсетсем, арманым жоқ, бір көзіне.
«Біреумен қойыпты-мыс уәде етіп,
Қапты-мыс бала молда сонда кетіп...»
Деп алыс та, жақын да таба қылып,
Мазамды алып еді дүңк-дүңк етіп.
Солардың шақырып тұрып тойға бәрін,
Көрсетіп келген жасау, үй сайманын...
Құдайым жеткізген соң бұл тілекке,
Өлсем де енді менің не арманым?
Көкірегім, Әжібай мырза сізге мәлім,
Болмайды менің, сірә, қалт қылғаным.
Өзім тірі тұрғанда бұл дүниеде,
Не болсын сенен аяр басым, малым»,
Бірталай Әжібайдан да сыр ашылды,
Күлтайдың риза еместігін ол жасырды.
«Дұшпанның көтіне от басылды» деп,
Мақтауын жолдастары тағы асырды.
Құда сөзі ойына тура келіп,
Отыр еді Әжібайдың жаны еніп,
Қуанып міндетімнен құтылам деп,
Аброймен есенінде қолға беріп.
Күйеуін, құдаларын жақсы сыйлап,
Нәрсесін жөнелтетін ыңғай жинап
Сембіге бүрсігүні жүк жөнелтіп,
Указной молда ертең кеш неке кимақ.
Күлтайдан көрмеген соң мінезді жат,
Барад деп Әжібайдың көңілі шат.
Жүрегі неге, бірақ, күп-күп етіп,
Қсрқады еститіндей бір жаманат.
Көңілінде Әжібайдың бар бір түйін;
Ол — Қабыш, қарамауы шаруа күйін.
Осындай тым болмаса жабдық барда,
Жүргені үйді көрмей болды қиын,
Қаңғырып қалада жүр көрмей үйін.
Өйткені, той болардан көп ілгері,
Кеткен ед атқа мініп Қабыш сері:

Қалада жүрмес енді бұрынғыдай,
 Өлімші боп таяқ жегеннен бері.
 Анау күн алмақ болып орыс қызын,
 Барғанда біліп қойған суық ізін;
 Орыстың жігіттері аңдып тұрып,
 Шиедей аузы-басын қылған қызыл;
 Ақшасын ұрып-ұрып тартып алған,
 Мастықпен Қабыш бірін білмей қалған.
 Әйтеуір, өлмеуіне себепші боп,
 Көрші ноғайлар көріп айқай салған.
 Алған соң олар өшін қол іспенен,
 Соттасып, тонадың деп, орыспенен,
 Келуден құдалары он күн бұрын,
 Шатасқан Әжібай сондай зор іспенен.
 Қабышқа тыюшылық беріп құдай,
 Қалаға жуымайтын содан былай;
 Үстінен таныс қызы арыз берген,
 «Кетті,— деп—Қабыш алдап, арын сұрай».
 Ол жұмыс шым-шытырық дауға кетіп,
 Екі жақ арыздасқан дүрілдетіп,
 Әжібай төрелерге ақша төгіп,
 Іздеткен адвокатқа іске жетік.
 Бұл қайғы Әжібайды басатұғын,
 Сырты бүтін, ішінен сасатұғын...
 Қабыштың басы сотқа кете ме деп,
 Шығынды ақша төгіп, шашатұғын.
 Ол ол ма?

Анау күні жарменкеде,
 Ұтқызған Қабыш қартқа бір мың теңге.
 Үйінен Қабыш оны жасырса да,
 Сөйленген сол маңдағы мәжлістерде.
 Әжібай сол себепті Қабышқа ұрсып,
 Өзіне ұрысқаны болып қырсық:
 «Сөзіңмен дәл... сүртейін!»— деп,
 Жөнелген атқа мініп,

Қабыш ыршып.
 Келген жоқ қайтып үйге сонан әлі,
 Ол жоқта өтіп жатыр той мен жыры,
 Сол тағы бірдеңеге шатасар деп,
 Жүр еді Әжібайдың қорқып жаны.
 Ел-жұрты білгендіктен Қабыш сырын,

Сұрамас, сөзде қылмас оның жырын,
Жолдастары:

«Дәулетіңнің арқасында,
Жүре бер!»—деп, жел берер,
қозғап жынын.

Әжібай айтты отырған құдасына:

— Қабыш не болмады өз басына,
Қайда жүр? Жабдықпен де жұмысы жоқ,
Мен соның болыс болдым сол жасында.

Асса да жиырма жастан әлі бала
Айтқан сөз, ақылға да көнбес және,
Адам болудан кетті шығармасам,
Қолына тиесісін беріп қана.

Содан соң не қылса да ықтыяры,
Шоқынып кетсін мейлі, одан әрі...

— Жоқ, мырза! Үйдемеңіз, жаман сөзді,—
Деп шулап,

тоқтау салды құдалары,—

Қолында әжесінің ерке өсіп,
Жасынан ен дәулетті жүрді кешіп:
«Малыңды балаң таласын» деген бар ғой
Бағына біткен шығар осы нәсіп,
Онымен, құдай берсе, ол тауыспас,
Ондайға жас күнінде кім ауыспас?
Еркелік шығар,

онысын әлі-ақ қояр,

Бала ғой, қанша айтқанмен әлі де жас.
— Өй, тәйірі-ай, бұл күнгеше не балалық?
Тартқаны нағашыға дуаналық,
Айтқанда сондайымда дауға билік,
Қалып ед шөмекеңдер таңырқанып.
Баласы пәленшенің дейді халық,
Боп жүр ем болыс қоймақ шарға салып.
Өзгесі басымыздан өткен іс қой,
Жүрмейді сол арасын есіне алып.
Боламын соған ыза, әсіресе,
Байқаңыз сіздер айтып өзі келсе.
Енді өзі адам болсын, мен ұлғайдым,
Берейін қатын алып, «қатын» десе.
Жүргені, құдай өмірі, мұндай жан боп,
Көнбесе кеткені ғой басы даң боп,

Болмай ма шыдай тұрса біраз күнге,
Қатыннан менен бейнет көрген жан жоқ...
Деп Әжібай күле сөйлеп, сырын ашып,
Серпіліп қайғысынан жүрген басып,
Шу етті қатын-қалаш, бала-шаға;
«Кәмиланы Қабыш, келді,—деп,—алып-қашып,
Қарады отырған жұрт қозғалысып,
Екенін не оқиға көрді барысып;
Үн-түн жоқ, қарауытып Әжібай тұрды,
Бетінен түтін шығып, түгі басып,
Әжібай ренжімес еді бұған
Өзі де келіншек әпермек болған,
Әкелген жесір, бірақ біреудікі,
Ұзатпақ, мал төленген неше жылдан.

.
.
.

1914—1915



ӘНГІМЕ, ОЧЕРК
ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАР

113. ЗАРЛАНДЫМ

әңгіме

Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібінше әрбір сөзі.
Құрылған надандарға мысал айна,
Не шара соқыр болса көңіл көзі!
Қаны бір, мұны оқыған қарындастар.
Қалып тұр қараңғыда ғазиз бастар.
Өзі мас, көңілдері тас болмаса,
Ағызар, халін аяп, қанды жастар.

Иесі білім, өнер туысқаным,
Жан қиып жұртың үшін ту ұстадың.
Тез, жылдам бар шамаңша ұмтылып қал,
Барады отқа күйіп туысқаның.
Күл болып, қарасы өшіп жойылған соң,
Артынан не болады қуысқаның?

I

Сахарада өмір кешіріп жүрген қазақ балалары үш түрлі жолда болады.

Біріншісі: Жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, өсек аңдып, айтуға ауыз шошитын неше-түрлі бұзық мінездер менен қараңғылықта күнін өткізіп барады.

Екіншісі: Бұрынғы аян молда, надан қожа-ишандардың жолымен кетіп, атсаң оқ өтпейтін, айтса сөз ұқпайтын, миларын шатастырған, қыяли болады.

Бұл екі түрлі дертке мұптала-кіріптар болған туысқандарымыздың дауасына рахметі мол алла өзі мейірбаншылық қылмаса, басқа тәуіптердің қолынан келмейтіндігі көңілінде ойы болған, әркімге күн секілді әшкере болса керек.

Үшіншісі: Біздер дағы сахарада өмір өткізген қақтың көк өмір, қыршын жастарымыз. Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кіншкенелерімізге «әліп секүн-ан» мен «өбжет» таусылмай, тәуірлеріміз «Кесік бас», «Такый ғажап» секілді пайдасыз кітаптардың санын түгесе алмай, миымыз шіріп, алтыннан аяулы, асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа кетіріп, әбден шатасқан едік. Сол уақытта ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, оқығымыз келмей, есалаң кісі секілді, не ғып, не қойғанымызды да аңғармайтын едік. Мұның себебі молдадан ба, яки, өзімізден бе, оқыған кітаптан ба, әйтеуір, нешік болса да, думан шәкірт атанып жүре беруші едік. Солай болса да бұл уақытта көзіміздің жасын құдай иген секілденіп, тәртіпті медреседен тәртіпті оқу оқып, «Ұсул тағлім» көрген молдалар еліміздің әр жеріне келе бастады.

Баяғы қазекеннің түзулікті, түзулік айтқан кісіні жек көріп, ынтымақ-бірлікке келмей, қалшиып қалатындығы бұрыннан-ақ әркімге мәлім ғой, бұлар тән, жандарын сарып қылып, халықты ұйқыдан оятып, түзулікке шақырып, тәртіпке салуға қандай қызықтырып, жақсылыққа сүйреп уағыздаса да, туғаннан бері, ата мұрасындай болып, сүйегіне сіңіп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? Не қылса да, мыңнан біреу болмаса, түсіне алмаған, жазаласа дұшпан тұтып, сөз жүргізіп, өсектей бастаған. Сол себепті тәртіпті программа түзелмеген болса да, барлық еждиғатын сарып қылып, қандай ауыр машақаттарға шыдап, мүмкін қадар, тәртіптеп, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, азда болса, ғылым өзіне тарта бастады.

Және біздер де тәлім алуға кірісіп, біраз оқыған соң, бұрынғы машақаттанған күндерімізге қарағанда көзіміз ашылды. Бұрын мұндай жақсылықты мың

ұйқтасақ, түсімізде бір көре алмай, мың иіскесек бір сезе алмай жүрген сорлы басымыз-ай, енді несін сұрайсың! Көңіліміз тасып, қайратымыз асып, күн сайын ілгері басып, қараңғыдан жарыққа қарай ұмтылып, надандықтың тұманын серпіп тастап, алдыартымызға қарамай, зырқыратып бара жатқанда, надан бір кісіге жолығып, көңіліміз жасып, аһ дариға-ай! Тоқталып қалдық-ау! Құдай көз жасымызды иіп, тағы да ілгері жүргізе ме? Яки, сорлы болып, қараңғылықтан шықпай қаламыз ба? Ақырын бір аллаға тапсырып тұрсақ та, бізге жолыққан апаттың түсі суық, рақымы жоқ, ыңғайы тым жамандау: ақыры қорқыныштырақ көріне береді.

Құрметті білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір туысқандарым! Басымызға келген жақсылық, жамандық, аянышты халдерімізді айтып, кемшілік, қоршылықта болып, қараңғылықтан шыға алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда, тым болмаса, қапамызды шығарып, зарланып қалайық та!

«Ердің халі білінер лебіз айтса,
Кімнің халі білінер қарап жатса»,—

деп атақты Ақмолда шағыр (ақын) айтыпты ғой.

II

Біздер жаңа пікірлі қазақ шәкірттеріміз; әрқайсымыздың ғылым оқуға еждиғатымыз зор, ықыласымыз мол, молдамыздың жеңіл түсіндіруі себепті көзімізді жаңа-жаңа тырмалап ашып келеміз; күн сайын надандықтан қашып келеміз; әрбір сөзді ұғарлық зейініміз де бар; надандықтан болған ұлы апаттардан сақтаса, ғылым, өнер үйреніп, алдағы күнде халқымызға, міллетімізге пайдалы адам боламыз ба деген зор үміт пен таудай талабымыз да бар.

Неге десең, бұл уақытта, бағымызға қарай, үйретушіміз түзелді және тәртіптеліп ғылым да түзелді. Түзу ғылымнан, түзу молдадан оқыған шәкірт не ғып түзелмесін?

Бірақ, біздерді оқытуға ата, ағаларымыздың ықлас, ниеттері түзелген жоқ. Олардың бізді оқытуға ықласы жоқтығын мынадан білеміз; біздерді ең әуелі оқуға бергенде молдаға өздері апарып тапсырмайды. Бірақ, бізге айтатыны мынау:

— ...Пәленше сондай бір оқуы терең, үлкен молда ұстапты; шырағым, күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта, анда-санда ғана барып сабақ алып жүр. Әзір малға қарап жатқан жоқсың. Мұнда жүріп, текке ойнап, етігіңді жыртқанша, намаз сабағын пысықтасаң да, барғаның тәуір ғой. Жұмыс реті келгенде бармай да жүрерсін...

— Аға, мен қалай барам? Өзіңіз қолдан апарып тапсырсаңыз болмай ма? — десек:

— Оңбайтын антұрғанның сөзін қарасайшы! Жалғыз қорқып барасың ба? Сені ешкім жемейді! Қорықсаң, пәленшемен бірге бар; сол айтар сені молдаға: мынау пәленшенің баласы, сізден сабақ ала тұрайын деп келді деп. Әкең қайда десе, үйде жоқ: сондай жұмысқа кетті; өзім барып батасын алармын деп айтты дей сал; егер, сұраса, сұрамаса үндемей-ақ қой. Бұл молда берсең алып, беремесең ешнәрсе сұрамайды дейтін... Өзім барып-ақ молдаға мәнісін айтар едім, бірақ бүгін басым ауырып отыр.

— Аға, бізге қандай кітап оқу лайық болады? Молдамызға ақылдасып, өзінде бар болса, кітап сатып аламыз ба? — десек:

— Қарашы, мынаның ақмақтығын. Оқитын болсаң, шығынданып кітап алмай-ақ, осындағы барын сқып бітірсең де жетер. Тап бес жыл оқуыңа жарайтын кітап тауып берейін... Баяғыда атамыз жарықтық Қара қожадан қоярда-қоймай жүріп, қалау қылып, ат беріп алған екен... Қожа-екең, жарықтық, көзілдірігін киіп оқып отырушы еді; балалау күнімізде біз де көріп едік... деп, миымызды шатастырып, мәңгі қылудан басқа, пайдасы болмаса да, мақтауын жеткізіп, бес жыл тұрсын, он жылда таусылмайтын, бір кісі әзер көтеретін, басы-аяғы жоқ, арасынан көгерген исі кеудемізді ататын, қырық бөлек жазба кітап арқалатып қоя береді...

Мұны оқып қайда барып оңамыз?
Миымыз шіріп, жуадай соламыз.

III

Егер өздері апарып бере қалса, етіктерін шешпей, «Ассалаумағалайкүм» деп, саусағының үшін беріп, молдамызға амандасады. Әрі-бері көсіліп, шіреніп, қақырынып, ешкімді елемеген секілденіп, мал біткен қас маңғаз екендігін білдіріп болып, біраздан соң:

— Е, молда-еке, мына бір баламызды, ойын ойынап, киімін жыртқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын. Бұрынғы оқып жүрген кітабы мынау еді, жарықтық Арқар ишан: балаңа ырым қыл деп бергенде, бір қошқар беріп батасын алып едім. Шүкір! Лепесі теріс болған жоқ, құдай мұны оқуға жеткізді, сау-тамтығы қалғанша, тастамай осының өзін оқытасыз ғой...— дегенде молда:

— Мұндай босқа өмір өткізетін хикая (әңгіме) кітаптың баланы көк ми қылып, шатастырудан басқа, пайдасы болмайды. Өзінің білген шамасынша, әуелі зәрулігі болған «Иман уа әдеп, дін үкімдерін» һәм зейнін ашып, ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп. Соларды оқыту керек. Болмаса, құр дауыстап, мәз болып, аузы айтқанын көңілі білмей сарнағанды оқу деп айта алмаймын, дегенде айтатындары:

— Ой, тәйір-ау! Жас молдалардың осындайы бар. Біздің бала кітап талғамайды. Сәндемей-ақ, оқыта бер. Пайдасыз болса, бұрынғы қожа-екемдер білмей оқытып па? Кітап жақтырмайтын молданы осынша жасқа келіп көргенім жоқ... Қайыр әдейі сіз айтқан соң, бес-он тиынды аяймыз ба... әуелі осыдан шыққан соң, ыңғайына қарай көре берерсіз. Болмаса, біздің бала кітапты жырттып, оқуға жаратпай тастайтын жас бала емес. Бұрын да мектеп көрген. Жасы да едәуірге келген бала. Кітабыңызды кірлемесін, жыртпасын, оқып беруге беріңіз.

Қысқасы, молда айтып түсіндіргенше, ақыры бір қатар дау-жанжалға кетеді. Мұнымен күн кеш болып,

сол күн басқалар сабақ ала алмай қалады. Молдамыздың сөзіне түсінгені:

— Молда-еке, олай болса, өзіңіздегі бар кітапты оқыта беріңіз. Ақшасын соң ала жатарсыз. Кәнекей енді, молда-еке, ай мүйізді, аша тұяқты бір боз қасқаға бата қылыңызшы. Омин-омин,— деп, аузын толтырып, бетін сыйпап, мықтап тастаған кісіге ұқсап, әйетуір тілеулес болып оқыта беріңізші деп, маңызданып, күпісіне сыймай, қорбиып шығады.

Түсінбегені:

«Ойбай, мына заманақырдың молдасы қалай еді? Тіпті, басы қақиып, икемге көнбейді ғой»,— деп қолымыздан сүйрей жөнеліп, шыға беріп, молда мен оқуымыздың аузын, барғанша, сөкпеген жерін тастамайды. Мұнымен қоймай, жүрген, тұрған жерінде:

— Пәлен молда... солай болып... бұзылған екен: Сондай... бұзық шарифат айтты... деп, айтуға ауыз шошыйтын шіп-шикі өтіріктер мен нешетүрлі жала жапсырып, халықты даурықтырып, ақмақтығы арбаға сыймайтын өңкей мұрындықсыз надандарды молдамыздың соңына салып қояды.

Бес-он тиынды қиынсынып, молдамен ұрысып: «Енді желкеміздің шұқыры көрсін!» деп, қолымыздан сүйрей жөнеліп, үйге әкеп асық, доп ойнатып, қой бақтырып, нешетүрлі бұзық мінездерге үйреткен өздері жазалы болмай, баланың көңіл, көзін ашатын қыршын жасын «дарару» мен босқа өткізбей, адам санына қосатын, пайдалы кітаптар оқытамын деп, ақылын айтқан молдамыз жазалы болған соң амал бар ма?!

Бұл адам суретті жарықтықтарға жасаған өзі ынсап беріп, түзулікке салсын деуден басқа, айтар сөзіміз аз секілді көрінеді.

IV

Егер кітап әпер деп, тіпті қоймай, жалынып, жылап, тынышын ала берсек, қабағын аузына түсіріп, бір тиын шықса, жаны шыққандай көріп, 10 тиын, 20 тиынды бір қарадан артық көріп, ызбарланып, көзін аларта қарап, зәремізді ұшырады. Бір баланың

оқып шыққан кітабы бар деп естісе, өлердегі сөзін айтып, жалынып-жалпайып, қоярда-қоймай, оқып беруге деп, сұрап әпереді... Бермесе: «Қап бәлем, тұра тұр. Сенің де бір ісің түсер» деп, көргісіз болып, өкпелеп кетеді. Атқа мініп, баяғы Ақ қожа, Ишан, Қожамберді молдалардың қырық парша болып, көгеріп кеткен, бас-аяғы жоқ, бытпыраған жазбасын тауып әкеліп: хаты қалай ірі. Қағазы қалың... жарықтық қып-қызыл әулиелерден қалған кітап қой,—деп, баскөзіне сыйпап: ырым болар, шырағым осыны оқы!—деп, басымызды құтылмастай пәлеге салып, әурелендіріп қояды.

Егер молдамыз мұндай кітап қолайлы емес деп айтты десек:

— Ой ақмақ, надан! Көрінбе көзіме! Бұрынғы ишекемдер, қалпекемдер білмей оқытып па? Сұм заманның баласы да бір түрлі. Ептеп кітабын өткізгісі келеді. Оны білмейтін мұнда бала жоқ. Молданың малы жұтап бара ма? Өз пайданды білмейсің, осындағы оқуды білсең де жетер. Бұрынғылар осыдан оқып ақ молда болған. Оқытпаса, қайтып кел. Мен де молдаңның оқытқанына дым-ақ риза болып жүргенім жоқ. Құдайдың шығарған «Әлібін» оқытпай, сауысқанша «ата, тата» деген бірдецені тез хат таниды деп, оқытып, бұрынғы білетін, «Әбжет» пен «Әліп секун-әнді» ұмытып қалыпты. Үйтіп хат танығаны күрсын! Мен осынша жасқа келіп, «аға, жаға» деген оқуды естігенім жоқ. Сұм заманға қарай не шықпас дейсің! Заманақыр боларда молда көбейіп, «екі үйдің бірі молда болады» деп, қожа-екем, ишекем жарықтықтардың қақсап, зар қағып жүретіні осы екен ғой...—дегенде, қасындағы көңіл көзі ашықтау, «Ұсулжәдит» тің пайдасына түсінген біреуі:

— Қой, пәленше... олай деменіз, мұнан бұрын балаларымыз Қарабай молда, Қоңыр қожалардан оқып, төрт-бес жылда «Әптиектің» қарасын жөндеп оқи алмай, тәлтіректеп, мыжып жүрмеуші ме еді? Есептесем, бұл молданың оқытқанына үш-ақ ай болыпты. Осы күні баламыздың жазуы баспадай, кітап, құранды оқығанда, тіпті, өзімізді жаңылтады. Жаңада оқыған сіздің балалар да жазып, хат тануға айланып

қапты. Жұдырықтай бес-алтыдағы Жұмай, Шалабайдың балалары да жаз десең мүдірмейді, жазылған хаттарды оқығанда бөгелуі жоқ. Бұл оқудың жеңілдікпен тез білдіретін пайдалы оқу екенін мен осыдан да аңғарамын. Бұрын балаларымыз оқуға бар дегенде, аза бойы тік тұрып, көзінен жасын төгіп, жаны шошушы еді. Енді тамағына да қарамай, оқуға барам деп, лыпылдап, өліп тұрады. Сен жек көрген; «аға, ата, қата...» деген оқуда, намазда соны айт демейді. Болмаса, осыны айтып, иман қыл деп тұрған жоқ. «Әптиек», «Құранға» жолама, намаз оқыма, ораза тұтпа деп айтпайды. Қайта, соларды тез үйреніп білуімізге шығарған, төтесін тапқан сайман емес пе? Дін жайын балаларымызға ұғындырып, үйретуіне қарағанда, бұрын он жыл оқып, «Мұхтасардан» шыққанмен де иманды жөндеп білемін деп айта алмаймын. Аузымыз айтқанды ойымыз білмей, текке лағып, сарнаумен күн өткізіп жүрсек керек. Ишан, қожа, халфелердің тайынша-тұйыншамызды алу үшін өтірік алдап, дым білмесе де шарифатты ыңғайымызбен соғып, баяғыдан бері де аздырып, шаршатқаны да жетер. Рас, молда көбейсе, халық олардың алдағанына көнбейді. Өздерінің шын дұшпаны солар екен деп біліп, батасын алып, сыйлап, малын беру тұрсын, бұрынғы алдап, азғырғандарын бетіне басып, ұрсып, сөгіп келемеждеп, бастарына заманақыр түсіреді. «Заманақыр боларда молда көбейеді» деп, өз бастарына түсетін, осы ақырзаманды біліп, айтқан ғой. «Лайым, білімділер көбейіп, солардың басына заманақыр тұсын» деп тілейік те, баяғыдан бері сарнап, қожаның да, әліптің де қызығын көрдік қой. Енді ынта, көңілімізді салып, шын ықласымызбен өзімізді оқытып білімді, өнерлі қылайық. Жоқ, жетік молданың керек деген саймандарын тауып берейік. Пішенші де шалғы, тырнауыш, көлік, азық-түліксіз шөп ала алмайды ғой. Бізден басқа білімді жұрт балаларын оқытуға малын, жанын салады: Ал енді, «құдай сүйген» біздің қазақ он тиынға кітап әпере алмай, елден сұрап, яки, молда мен оқуды жамандап, үйге әкеліп, қой бақтырып, асық, доп ойнатып, ақмақтыққа баулып

қоямыз. Анық айуандығымыз осы емес пе? Бізді құдай қалай оңдасын? — дегенде:

— Ойбай! — деп теріс қарап, ишекем, қожекем жарықтықтардың: оңай болса да, жуыма, осылай жеңілейтіп, дәндете-әндете зәдінді ұратын айла дейтіні тап осы ғой. Ата, бабамызға пір болған ишекемдердің сөзіне нанбай, оларды алдаушы деп, сөгіп отырғаны бұзылғаны емей немене! Астапыралла! Тәуба, құдай сақтайгөр! Бірдеңесіне ұшырап кетерміз. Бар, кімге оқысаң, оған оқы, бұзылмақ тұрсын, шайтан болып кет! Оқуды бүгін бітіріп, ғылымды хатим қылсаң да, бір тиын шығарып, әперетін кітабым жоқ. Өз жөнін түзей алмай жүріп, әлгі бір орыс сыяқты қақайған неме маған білгіштеніп, үлгі айтқысы келеді. Ешкімнің де шатқан сөзінің бір тиынға керегі жоқ. Мен баламды содан үйреніп оқытам ба екем? Білімді болса, бишара әуелі өзінің пәленше-түгеншелерін түзесейші. Ақшасын газет дей ме, журнал дей ме, орыстың алдауыш бірдеңесіне шашкызып, өз балаларын әуейлендіріп, ақмақ қылғанымен тұрмай, мені айналдырып, менің балаларымды әуейі қылғысы келеді. Оны білмейтін, байғұс, мені жынды деп ойлады ма екен? Қой, балам, Жілке сені көре алмағандықтан айтады. Болмаса менен басқа саған кімнің жаны ашиды дейсің?...—деп дандайсып, батпақтан шығады десе, шалқалап жығылып, түбіне кетеді. «Жаны ашығаның мынау болса, мұнан да жарылып өлгенім жақсы» деп ойлап, ішіміз қайнап, көзіміз жайнап, іштегіні сыртқа шығаруға дәрмен жоқ, айта берсе арман көп, амалсыздан үніміз өшіп, жүйкеміз құрып, дымымыз шықпай қала береміз.

Қайтейік?!... Талапсыз сорлы болған соң амалымыз бар ма?

V

Тағы біреуі, бір жағынан, кеңірдегін созып: «Ғылым қисап деген, сан ба, немене, бірдеңесі бар екен; соны оқытып, балаларға бір қатар есептетіп, әурелейді екен. Түк оқымағанмен де, ақша табылса, есептей алмай, ақымды ешкімге жегізбеймін және тәртіпке

саламын» деп, балалардың бірін-біріне сабақтас қып қояды екен дегенде, қасындағы қампып, мырзасынған біреуі:

— Ия, пәленше, оның рас. Біздің Қалижанды да әлгі жаман, өлейін деп жүрген Тұяқбайдың баласымен сабақтас қылып қойыпты. Со да рет білмейтіндігі емес пе? Бүгін бөлек оқытсын деп айтып жібердім. Болмаса, мен де жібермеймін. Бұл қай қылған мазағы екен? Қарағыма молда табылмай жүр дей ме екен? Болмаса, байғұстың білгені-ақ осы ма? — дегенде, есік жағынан біреуі:

— Кейбір молданың шәһәрден жаңа келгенсіп, басы қақиып кететін әдеті емес пе? Әйтпесе, біздің бала мен жығылғалы жүрген пәленшенің баласы арасындағы парықты дым оқымаған мен де білемін. Сабақтас болсын-ақ; сонда да Жұмабайдың қасына отыруы, сіз бен бізден бұрын, молданың өзіне ұят қой,— дегенде:

— Сен құрлы соны білмеген соң, амал бар ма? Тегінде шәһәрде оқығандардың көбі ел ішіндегі жақсы, жаманның парқын айыра алмайтын көрінеді. Жарықтық Досбай қазіреттер бала секілді елпілдеп айтқаныңнан шықпаушы еді; тәуір баланы жөндеу балаға күттіріп қоюшы еді; баламызды жанындай көріп, қалтасынан бауырсақ, қант беріп жұбатып қоюшы еді; «Қітапқа ақшанды шығарма» деп, жазып оқытушы еді; жарықтықтардың оқуы үлкен болса да кішпейілдігі қандай! Енді «тәртіп-сәрттіп» деп сіресіп, қақайып қалатын молдаға қалдық. Есепті оқытып не керек? Оны қалдырыңыз деп едім. «Ата-бабаларыңыз да айтқан екен: «Есеп білмеген есек» деп,—өзіңмен тұрмай балаларыңды да есек қылғың келсе, тіпті, оқытып не қыласың?»—деп көптің көзінше ұялтып, сөгіп тастады. Анау күні пәлен мырза да: «Баламды бөлек оқыт, жаман Жұмабаймен сабақтас қылғаның не?»—деген екен:—Мырза-еке, Жұмабайдың балаңа үйреткеннен басқа зыяны жоқ: оның ықласы бар; сіздің балада ықлас жоқ. Әр қашан бала да әкесіне қарап ықласты болады,—депті ғой.—Оқу бай, кедей, жақсы, жаман деп таңдамайды; кім еждиғаттанып ықласын салса, оқу соған та-

былады. Егер, таңдаса, сіз секілді мал біткен адамдар ғылымды болып, мұндай ақмақтық сөздерменен бізді ренжітпек тұрсын, олай-былай деген надандарды ауызға ұрып, жөнге салмас па еді. Тегінде малым көп деп басты қақайтқанға оқу, білім табылмаса керек. Бір аяқ саумал бермей қояр деп, қорқатын, оқу байлардың қасындағы көршісі емес қой. Маған бай, кедейдің баласы бәрібір. Мен бірінен-бірін артық көріп, құдайға дұшпан бола алмаймын. Бұрынғы молдаларыңша тайынша-тұйынша бермей қояр деп, қорқып, ыңғайымен жүріп, мырза болмақ тұрсын, патша болсаң да, саған бенде бола алмаймын. Қысқасы, итшілеп күн көрсем де түзуліктен безіп, надандардың ыңғайымен жүре алмаймын. Құй, оң құлағыңмен есті, құй сол құлағыңмен есті,— деп, жаман қатты сөгіп, сол мырзаның екпінін басып тастапты. Сонан бері пәленше... молда бар жерде жымдай болып отырады. Қайта, бұрын молданың сөзін күлкі қыла беруші еді, сонан бері жамандауын да қойыпты. Бірақ, дос, дұшпанымның көзінше ұялтты деп, өкпелеп жүрсе де, молданың қолын ұстап, жарасыпты. Енді молданың сөзін қостап: — өзімізге пәле болған секілді көрінеді, әйтеуір, осы молда икемге көнбей, сірескектігімен жұрттың бірсыпырасын аузына қарататын,— деп, әңгімелерін тоқтатты.

VI

Жөнді жарытып қалам, сыя, қағаз, қарындаш та әпергісі келмейді. Осыдан біліңіз; әлде қалай жазуымыз бытыспасын деп, жолын кеңдеу қылып жазсақ:

— Молда-еке, мынау шәкіртіңізді байқап та отырмайсыз-ау, жолын тым кең қылып жазып, анау күнгі жұмада әперген бір табақ қағазын таусып тастапты. Міне, қарашы, жолының арасына кісі сыйғандай, алла сақтасын, бұған не шақ келеді? Тегінде ескеріп отыруыңызға керек қой,— деп, бірқатар маңдай терісін аузына түсіріп, ренжіп қалады.

Надандық себепті, білімсіздіктен осындай болады ғой деп ойласақ, жоқ олай емес, білсе де, көзі тар, көңілі қара, қорыстығынан екендігі көрініп

тұрады. Қалайша десеңіз, егер, өзінен басқа біреу баласына қағаз кетірдің деп ұрсып, молдаға ренжиді дегенін ести қалса, өз қызығына осынша сараң болып, итке не көрінді екен деп, жамандағанда, дүние жүзіне сыйғызбайды. Өз бастарына келген уақытта онан жаман құдай атады, екі тиынға арын сатады, батпаққа батады да қалады, қорыстықты салады, мырзалықты танады...

114. АУЫРМАЙ ЕСІМНЕН ЖАҢЫЛҒАНЫМ

5 июльде кешкі шайды ішіп бола берген мезгілде, бір бала ентелей басып келді де, қақалып, шашалып:

— Молда-еке, кітап! Неке қыяр!... кітап сұрайды... деді.

«Неке» деп құлағыма тиісімен-ақ, сасқандығым сонша: үйден ата шығыппын. Себебі: алдында естігенім барда: «Жақын ауылда бір келіншектің 18 жасында күйеуі өліп, тиерлік жөні түзу кісі болмаса да, алты жылдан бері балаларын қимай шыдап-ақ отырып, еді; биыл оның үстіне соры қайнап, сүйеніп отырған жалғыз ер баласын қызылша алып кетіпті. Апырмай! Бишарадан әлі күнгі үйтем-бүйтем деген сөз шыққан жоқ еді; солай болса да, жақын ағайындары: «Енді бізде қарайлайтын нәрсесі қалмады; бір күні орнын сыйпалап қалармыз: қызға алданып отырмас» деп, өздерінен өздері қобалжысып, қайын атасының інісі саңырау Жүсіп деген жануарға ықтыярсыз басып тигіземіз деген соң, қорадан қораға қашып, тығылып, зар еңреп жүр деп.

Мына зұлымдықты ести тұра, күймесің бар ма?

— Некені де, кітабыңды да білмеймін. Тұр, аулақ жүр,— дедім. Бала дүрсілдетіп ала жөнелді.

Артынан тағы тиыштап отыра алмадым. Бір замандасым келіп, сонымен: «Ай қазақшылық-ай! Обалай!» деп, сондай бишаралардың халдерін қайғырысып, әңгімелесе-әңгімелесе жүріп, ауылдан бір талай ұзап кетіппіз. Артымыздан: «Молдашы, молда!» деп, бүкіл елді көшіріп айқайлаған дауыс шықты. Апырмай, бірдеңе болып қалған екен. Ауыл отағасыларынан ұят болды-ау: Молданы шайтан қуып кетті дейді-ау деп, қыпылдап, ысқара-ысқара жүгіре басып келсек,—ба-

яғы қатын алатын сабаздың дәл өзі екен. Омырауы ашылған, етек жайылып кеткен, жайдақ атқа мініп, алдымнан қарсы шықты. Есі-түсі жоқ, кеудесімен жер соққандай:

— Ет пісіп тұр. Жүріңіз. Молда-еке, жүріңіз. Қатты, қатты оқыңыз! Қасіретті адам ғой,— деп, атымен ентелетіп, мүлде үстімді басып кете жаздады.

— Баруға уақытым жоқ... олай, былай...—деп едім:

— Апырмай! Тіпті білмесеңізде, төбеңізді көрсетіңіз,— деп ішіп-жемге қоймады.

Енді барып ықтыярсыздықты көзіммен көріп, неке оқымай білгенімді қосып, бишараның көңіліне медеу болып қайтайын деп ойладым. Нақақ біреудің көз жасына қаламысың деп айтушылар болса да, әлгі жолдасымды ертіп, жаяу жүріп кеттім. Бара жатып:

— Жүсеке, жеңгей рұқсат бере ме? Келініңіз ықтыяр ма? Күйеуі өлгелі қанша болып еді?... деп сұрастырмақ болып едім:

— Қатты-қатты оқыңыз. Сіз барған соң болды да,— деп, даурыққан жарықтықтың өз сөзінен басқа сөзді ести алмадым, сөзімді де естірте алмадым.

Барсақ, ет пісуге тақалған, жер ошақ басын айнала қамап алған қатын-қалаш, үй ішінде де аяқ басарға орын жоқ; пышақтарын алақандарына жанып, кеңірдектерін соза күрілдесіп отырған сақалдылар:

— Бәрекелді! Қайрымен болар; молда-екең де келді. Жоғары шық,— деп, шу ете түсті.

Келін біз отырған үйде болмағанға, бұл бишараны қай көріне тығып булықтырды екен деп, басқаға құлақ қоймай, онда-мұнда қарай-қарай, еттен де құр қалдым. Бір жағынан ана жерде отырған қатындардың: оған тигенше жарылып өлемін; алты жыл күттім, менен не күнә таптыңдар деп, кеше ойбай салып, дауыс қылып еді. Пәлен қайын ағаға байлаймын деп, түгеншенің байы да ақырып қорқытқан болды. ...Ойбай! Көнетін емес. Бүгін некесін басып қиғанмен тұрар деймісің... деп, бір-бірісін түртісіп, сөйлескен пыш-пыштары құлағыма келіп, одан жаман құтымды ұшырды.

— Неке суын әкел! — деп, даярлап, екі сым борбайды қуалікке сайлап, Қалиядан сұрап кел деп жі-

берді де — Ал, молда оқитыныңды оқый бер,— деді, Мен:

— Су да керек емес, оқу да керек емес, көзбе-көз тиемін деген сөзі керек,— дедім.

Сол-ақ екен ақсақалдар бәрі маған үрпиісіп:— сен қайда оқығансың? Мүйізі қарағайдай жуан-жуан молда да, қызыл молда да басқа үйде отырып-ақ қуәлерден сұратып, оқи беретін деп, ал келіп, дауылдасты.

— Бұл үйтетін қыз емес, байы өлген қатын...— деп, қанша әуреленсем де, онан жаман шабаланып, лаға берген соң: — Сырттан басып некесін қыюға уақытым жоқ— деп, кете бастадым.

Біреулері:

— Қой. Молда шарифаттың жөнін айтатын шығар. Басқа кісі кіргізбей, молдамен үшеу-төртеуің барып келе ғой десті.

Қотанның ар жақ шетінде жатып қалған бір қараңғы үйге бардық. Шам жаққан уақытта үйдің сол жағында бір жаман шапанды бүркеніп, теріс қарап, басын жүктің жер астына кіргізе, тазы қуып, кебекке қысылған көжекше, қайтсем жан қалады дегендей, аяқ-қол жоқ секілді, домалақ бір уыс болып, қарлыққан дауыспенен бишараның ішін тарта-тарта, булыға зарланып жатқан формын көріп, жүрегімнің қайда кеткенін білмеймін. Иманым тітіркенгендей болып, тұла бойым қалтырап кетті. Қасына барып, басынды көтер деуге ғана жалғыз адамның батылы барсыншы. Еркектердің тықпалауымен бір-екі қатын барса да, қақпандағы қасқыр секілді жұлып-жұлып тастаған соң, қайта баруға бата алмады ма, немене. Қайтадан екі қатын бас жағына қарай шегініп, қабырға құран оқытын молдаға ұсап, екі жерде шошайды да отырды. Бір отағасы: «Апырмай, шымылдық құрмадың ба?» деп, безектеп барып, анау жерден шымылдық әкеліп құрды.

Бір мезгілде, менің қуәлерімнің разымысың деп, баспалатуларына қарсы, бір түрлі зығырланып, күйген дауыспен;

— Құдай біледі, олда, ризалығым жоқ. Дүние ахиретте ризалығым жоқ, жоқ...— деп өксіген, мұңсыған дыбыс естілді.

Бір жағынан мынау күйдіріп, бір жағынан екі куәнің өтірік «разы», «разы» деген сөзіменен, ақсақалдардың алдыма су толтырып қойып, «құтпа оқы!» деп, бір теңгені алдыма қойып, сылдырлатып, қамаласуы, ай, не керек! Көрге қысылғандай-ай қысылдым-ау! Разы болса, бесті-он тиынды олжаланып, әйтпесе, неке оқымай залымдығына тоқтау айтып, материал алып қайтайын деп ойыншық көріп келген молда-екең көптің талқысына түсумен не қыларын білмей, бір олай, бір былай алақтап сасқандықтан көз шарасынан шықпасын ба...

Жаңа келген мені осынша састырып, шығуға тесік тапқызбай отырған жұрт ана зарлап жатқан бишараның не жанын қалдырды екен деп ойлап, мүлде есімнен айрылыппын. Әр қайсысынан дабыл түйді болып қалған сорлы құр жатып егілгені болмаса, бас көтеруге шамасы келе алмады. Мен шыдай алмадым:

— Бұл не деген сұмдық... Қазақшылығыңды қойсаң, әкелерің өле ме? Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, ықтыярсыз неке қыяйын деп жатқандарың мынау. Оның үстіне мені шақырып былғамақсыңдар? Біреудің көз жасы, обалына қала алмаймын... деп, бақырып тұра келгенімде, бәрі жабылып:

— О не қылғаның молда-еке? Разы, разы, көп разы... Әншейін қасіретті кісі, бұрынғы күйеуін қайғырады. Құтпа білмесеңіз де батаңызды беріп кетіңіз, отырыңыз!— деп, тағы бір теңге салып, қолдарын жайысып, қамалап отырып алды.

— Қол да алмаймын, мың теңге берсең де алмаймын, көз жасына қалмаймын...— деп, керілдесіп жатқанымда:

— Айт, оқылмаса да неке суын ішкізу ырымы,— деп, күйеуге ішкізіп, шымылдық ішіне апарса керек.

Су-муымен аспанға шыққан аяқ пен мынадай зарлы дауысты естіп, тағы салғыласуға дәтім шыдамады, басымды ала қаштым. Дауыс мынадай еді:

«Алты жыл қимай күткен, қайын атам!
Мынау ма сонда берген алғыс батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Қойнына мылқау иттің қайтып жатам?»

Алты жыл қымай күткен, қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңілің менен?
Қайныңның өзі түгіл, атын айтсаң,
Шошыйды селк-селк етіп барлық денем.
Алты жыл қымай күткен, құлыным-ай!
Он үзген омыртқамды, жұлыным-ай!
Қарбандап, сүйіп мауқым басатұғын,
Айрылып сенен дағы ұлыдым-ай!
Алты жыл қымай күткен, ауыл аймақ!
Алдыңнан кесе өткем жоқ, құдай айғақ.
Күйіп тұрған жанымды отқа сал деп,
Көтердің тұс-тұс жақтан бәрің сайғақ.
Ал енді менің қайда басар тауым?
Нәрсенің көз алдымда бәрі жауым.
Ініңді алтындасаң, құлқым сүймес,
Басқа жоқ, онан өзге айтар дауым.
Жазанды ақыретте құдай берсін,
Жер болып, жетім-жесір жылай берсін
Жнылып бәрің бірдей мені жеңген,
Ел-жұртым, қалай ерсін, қалай ерсін!

115. ӨЛЕҢМЕН ЖАЗБАҚ ДРАМАНЫҢ МАТЕРИАЛЫ

13 августа Тарбағатай атанған таудың арғы бетіндегі Қытайға қараған елде едім.

Тарбағатай жотасынан созылып түскен әрбір салалардың арасы сайын сарқырап аққан бұлақ, жағасындағы көгал жер, жырақтарда ақ боз үйлі қазақ ауылдары еді. Біз бұл ауылдарды аралап, біріне қонып, біріне түстеніп жүріп, бүгін үшінші қоналқаға Мәсәлім деген бидің ауылында едік. Менің еріп жүрген кісілерім бұл елдердің сыйлайтын ағайындары болғандықтан, олар көрген сый-құрметке мен де ортақ едім.


Түсе сала, қымыз құйылып, 3—4 қабаттап салынған таза көрпелерге отырған соң, аяғымызды көсіліп, қарнымызды керіңкіреп, жастыққа шалқайдық. Бір мезгілде үй иесі: «Малға бата қылыңыз» деген соң, үйден сөгіле далаға шығып, үш күннен бергі әдетімізше, бір тай, бір қойға бетімізді сыйпап келіп отырдық.

Кеш болды. Әлсін-әлі ішіліп жатқан қымыз, желініп жатқан ет. Қымыз денені қыздырған соң уайымсыз, қамсыз мырзаларға да әңгіме, ермек керек болып, біреуді-біреу түрте сөйлеп, қалжындасу басталды.

Мәжлісіміздің ақсақалы Құрбан қажы:

— Балалар, құр қалжың не керек? Газеттерің, қиссаларың болса оқы!— деген соң, әр жөнге жетікпін деген пысықшалау біреу:

— Біздің бұл Қытай елінің ондаймен әзір үйірлігі жоқ. Біреу ондайды айтып отырса да, құлаққа кір-



мей, домбыра тартып, бойразға айналғымыз келеді.— деді.

Бұл сөзге біздің мырзалар да қарап отырмай, тұс-тұсынан өздерінің орыс елі болып, оларға қарағанда, ашық пікірлігін көрсетті, ондай-мұндай айтқан болса да, жадағай тыңдаған соң, ұзаспай тоқтады. Сондағы біреу сүйгеніне тие алмай өлген бір қыздың әңгімесін айтты. Сонан соң манағы ақсақал Құрбан қажы:

— Құрғыр, осындай әдеттердің қате екені рас-ау; менің бала күнімде қыз алып қашқан, осындай бір жігітті түйеге асқызып өлтірді осы Мамытек; бейітін бағана жолда өздерің көрдің ғой,—деп маған қарады.

Мен оны қалайша өлтіргендігін сұрап, ескі қазақшылық мінездерді жаза жүруге көңілім бар екенін білдірген соң, ол бір қолымен тасбығын тарта-тарта, көсілген аяғын жинаңқырап, сөзге кірісті:

— Балам, бұл көріп жүрген елің Мамытек аталады. Мамытек осы күні 800 үй; үштен біріміз Қытайға қараймыз; көп болса, 30 шамалы жыл болды; кеше, мен болыс күнімде қолымнан бөлген ел осының бәрі. Мамытек ішінде ең жуаны — Атантай, Боратай: міне, Атантайы — біз. Жіңішкесі — Ешгі деген ел. анау күнгі Салқынбай ауылнайлар, көрдің ғой, солар — Ешгі. Біздің атамыз Кенже мырзамен туысқан.

Тана бидің тұсында сол Ешгінің менімен адас, Құрбан деген бір жақсы жігіті болды. Біз көрдік: қып-қызыл нарттай, жігіттің төресі, жанып тұрған от еді. Сол уақыттағы өз ағайындары Ережеп, Олжеке дейтін кісілер күншілік қылып, оны аяғынан алып жүрді білем. Сол жігіт пысықтық қылып, Тана бидің болып тұрған күнінде, біздің Атантай Шала деген кісінің Мәни деген қызымен көңіл қосып жүрітті. Осы күнгі:

Ұдай-ұдай сәлем де ақ Мәниге,
Сағынғанда зар болдым бір көруге;
Екі ортада сары бел, сары жон бар.
Әттең, ат шыдамайды сар желуге!

деген Құрбанның сондағы өлені.

Олар Ластыда, біз Терісайрықта отырмыз; арасы 25 шақырымдай, өзің көрген тау ғой.

Ақ Мәни десе, ақ Мәни, кісі жұтып қойғандай сұлу еді. Әлгі әңгімедегі қыздай. Бұл екеуінің де серттері қатты болса керек.

Бір күні барсам Мәнидің ауылы Жартасқа қонған екен; сезіктеніп, олардың да аңдып жүрген кезі болса керек. Үйге кіруге бата алмай, үйдің желкесіндегі жартаста әрі отырып, бері отырып, таң атуға айналған соң, отырған жерінен бір тасты алып, қыздың тұсына лақтырыпты. Әр-берден соң, Мәни шығып, келіп жолығыпты: о да ұйқтай алмай жатады екен деуші еді.

Мамытек мың үй болса да осы күнге дейін бірінен-бірі қыз алыспайды ғой. Және Мәни бұрын күйеуге беріліп қойған қыз. Құрбанға Мәниді алудың жалғыз-ақ жолы—алып қашып, елді, жерді көрмей, безіп кету еді. Құрбанды шын ғашықтық бұған да шыдатты.

Әке-шеше, мал-жан, бауырларын мұндағы Мамытектің талау-талқысына тастап, бір күнде Мәниді жабықтан шығарып алып, жол тартты. Құрбан бұл істі істерінде Ешгінің басты адамдарына да білдірген жоқ; бауырларына да ақылдаспапты. Ақылдасса, жуан атаның баласы малымызды жауға, басымызды дауға салады деп, қорқыныш айтатын болған соң оларға да білдірмепті.

Тананың хан болып тұрған заманы. Ешгіні қалай тентіретем десе де, қолынан келеді. Тананың сырт ызғарының өзінен қорқып, туысқандары Қалбаның арғы бетіндегі Матай ішіне қуып барып, қыз бен Құрбанды байлап алып келді. Қалба осы арадан 150 шақырым.

Елдің қыз алыспайтын ресімін бұзғанға һәм Ешгі бола тұрып, Атантайдың қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі қорланып, Құрбанды өлтіртпей, ашуы тарқайтын болмады. Мен өз тұсымда осындай қорлыққа шыдамаймын. Құрбанды да, Мәниді де өлтіріп, Мәни үшін Ешгіден құн, айып алмай бітпеймін деп жатып алды.

Қыз бен жігіт кісенде бір ай жатты. Жұрт жиылыс жасап: —

— Мұны қайтуші едің? — дегенде, Тана би:

— Маған салсаң, екеуін өлтірем. Болмаса, менің заманымда мұндай болды дегенше, мені өлтіріңдер! — депті.

Құрбанның ағайындары жұрттың өлтіреріне көзі жетіп, тентегімізді өзіміз өлтірдік дейік, оның қызы үшін құн тартпайық деп, Құрбанды түйеге асқалы, байлап, көзін тартып, алып келді. Кешегі өзекті Ши бастау дейді; соның ат шапқанда өзіміз отырған қырына жұрт жиылды. Мен сонда 16 дағы кезім бе екен; әкемнің қасында жүрмін. Бір жағына тас теңдеп түйеге асқалы жатқанда Құрбан қолы байлаулы, көзі тартулы, кісенмен өзектегі біздің жұртқа таман қашып:

«Жұртым-ау! Қаныма ортақ болмасандаршы! Мені, тым болмаса, өлтірем деген елдің қолына берсеңдерші! Енді Мәниді өлтіре көрмеңдер» — деп, зар иледі.

Сонда, ағайындары болмай, сүйрелеп әкеп, түйеге аса бастады. Мұны көріп өз әкем Кенже мырза Тана бидің қасына шауып барып:

«Асылғанды кесетін, түйілгенді шешетін, бұрын мұндайға ханнан қалған үлгі, қарадан қалған жол бар ма?» — деп еді. Тана би үндемеді.

Сонда Тананың қасында мына Тортуыл елінің ханы Әлібек дейтін кісі де бар; о да үндемеді. Екеуі бірден үндемеген соң әкем:

— Кесірі өздеріңе болсын! Жүр балам, былай жүрейік деп, мені тізгінімнен ұстап, топтан шығарып, ауылға қарай жүрдік. Қалай ауылға біз де жүрдік. Құрбанды асып, түйені желдіртіп жіберді. Түйенің басын жетектеген өзін күндеп жүретін ағайындары: Ережеп, айдаған Олжеке деген кісі. Осы күні екеуінің де тұқымы оңбай кетті.

Сонда қараңғылық түсіп, күн күйіп кеткен секілді, қызарып көрінді.

Әкем тағы шыдай алмай, жібін қиып жіберейін деп, қайта шауып барса, Құрбан аяғын бір иіріп, жиып алып, сылқ түсіріп жібергенде, жаны шыққандығын біліп, қимай қайтты. Мойны сала қарыс ұзарып, топыраққа былғанған беті быртыйып ісіп,

көзі қызарып, шарасынан айналып шығып кеткен екен, көргенде, жүрегім тас төбеме шықты деуші еді әкем. Өлді деп түйеден түсіргенде, аяғы арыстай болып ұзарып, жігіттің маңғазы аузын бір-ақ ашып: «уф!» деуге-ақ шамасы келді деседі. Кешегі өзің көрген бейітке апарып қойысты... деп, ақсақал сөзін тамамдады.

Мен:

— Мәниді өлтірді ме, қайтті? — деп сұрадым.

— Жоқ, оны өлтіргелі жатқанда, Шотай деген ағайынымыз барып, тартып алып қашып кетіп, бұрынғы берген жеріне солар ұзатты. «Күштінің... дмірмен тартады» емес пе? — деп, ақсақал төмен қарап, бір күлімсіреп қойды.

Мен:

— Өлтірткен Тананың тұқымы мына Сүлеймен қажылар болса, о да оңа қойған жоқ екен деп, қағазымды шығарып, жазып ала бастадым.

II

САҚЫП ПЕН ЖАНТҰРСЫН

Терісайрық өзенін жағалап жүрген кісіге Тарбағатай тауының алыстан аласара-аласара бейне өзенге сәлем берген секілді кішірейіп, тоқтаған салдарымен дүмін кейін салып паңдық, бой күйездік басқан балаларына мақтанып, одырайған жоталары көрінеді. Тағы біраз жүрсең, кейбір таулар бейне Терісайрықтың дамылсыз аққан суын шығарып салатын секілді, жанаса жүріп отырып, көлденең келген тағы бір тауға сөйлесіп қала береді. Тағы жүре түссең Терісайрықтың суға үңілген жарын кекеткен секілді, еңсесін өзенге қарай салып

116. ҚАЗАҚ ІШІНДЕ ОҚУ ОҚЫТУ ЖОЛЫ ҚАЛАЙ?

Қазақтың қай жерінде болса да, молда таралмаған, аз-аздап болса да, «төте оқу» жайылмаған жер жоқ есебінде. Сол молда атанған адамдарымыз, мейлі ескі жолдың қу мүйізді, құлқын өнештілері болсын, мейлі жаңа жолдың жарып салма — жарық ойлы «ғылым-педагогиканы» судай ағызатын, азуы алты қарыс атақтылары болсын, қазіргі қалыпта қазақ ұлтына пайда тигізіп, білім-өнер шашудың қиындығы, іштен тума соқырдың көзін ашу секілді, орайы жоқ, өткелсіздеу көрінеді. Міне, бұған қазақтың қазіргі молда ұстау формын көрсетемін.

Міне, сен оқу жөнінен жақсы ғана хабарың бар, жақсы жерлерден тәртіп, тәрбие алған молдасың. Ал, сені келді де қазақ мырзалары: «Мектеп басың мынадай... бір жерде екі-үш ауылмыз. Оқыйтын бала маңайымызда адам айтар емес, көп. Кемпір-семпір жығылып қалса, тағы өз бағың...» деп апарып, алдыңа 15—20 бала жиып беріп те қойды.

Ал енді, қалай оқытуға керек? Бұлардың саны қанша болса сабақтары да сонша, басқа-басқа әрқайсысынікі әртүрлі. Балаларының жайын түсіндіріп, реттеймін деуге көне қоятын қазақ па?! Бірінің баласы «жүйрік», бірінікі — «жорға», бірінікі — «шабан». Бәрінің бастарын қосып ұстайын десең, істің түбі жанға айналатын болған соң амалың бар ма? Онда да жігерлі болсаң, балалардың әке-шешелерімен талай қызыл кеңірдекке келісіп, ең азы алты-жеті бөлімге бөліп оқытуға көндіре алсаң сол. Осы күнде қазақ ішіндегі молдалардың қолында жеті бөлімнен кем шәкірт жоқ. Себебі: бір тәртіпше бірінші бөлімнің

балаларын ата-анасының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан, екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келеді. Олай болғанда, әрбір бөлім басына күніне екі мезгіл оқытқанда, ең азы үш түрлі сабақ үйрету керек. Бөлім басы үш сабақтан күніне жеті бөлімге 21 сабақ болады. 21 сабақты жақсылап үйретуге, 21 сағат уақыт керек. Міне, сонда, мейлің бұлбұл бол, мейлің дүлдүл бол, 21 сағаттың жартысы, 10 сағат оқытатын шамаң бар ма? Жоқ, оған сен де, балалар да, мырзаң да шыдамайды. Алдыңа келген баланы қуып, жеңілейтуге шамаң тағы жоқ. Онда мүлдем қара жүз атанып, елден қуыласың. Әрі жөндеп оқытуға шамаң келмесе, әрі шаманың жоғын айтсам, бұл күнің өзіңе көп болатын болса, «күл болма саң, бұл бол» деп, тез-тез суылдатып, бірін-біріне тіркеп, ескі қу мүйіздің ар жағында су мүйіз болмағанда қайтесің? Және сенде «ұят» деген нәрсе тағы бар; ол сенің бұл ісіңе разы болып, тыныштық бере қояр ма? Өз ісіңнен өзің жеркөніп, балалардың алдында, кісі өлтіріп, қылмысты болған кісі секілді, амалсыз жайлауда тұрғандай болып отырмайсың ба? Әрине, солай. Менің түсінуімше, қазақ ішінде оқудың таралмауы, таралса да ілгері баспауының бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрету тізгінінің қолдарына берілмей, осындай бәлелерге ұшырауынан деп білемін.

Биыл газеттерде әлденеше рет жазылды: «Қазақ оқығандары өз жұртының баласын оқытуға арланады; бойына теңгермей, ақмақтық қылады» деп. Олар не ақмақтық қылсын? Олардың көбі ел-жұртының табанына қадалғанын маңдайына қадаймын деп жүрген талапкерлер. Бірақ, қызмет қыла бастаса, әлгідей бәлелерге жолығып, заразап болғандықтан қашады. Онан қашқанда, басқа орынға кіріп, төре боламын демейді. Жалшылықпен күнелтсе де, жұрт баласын өз қолынан бүлдіруге беті шыдамайды да, көзіне күйік қылғанша, бойын таса қылып өлгісі келеді.

Қысқасы, біздің қазақ халқына тұрған молданың көрген күні мысалы мынау секілді. Бір кедей адам базарға жалғыз атын сатады. Аттың басындай екі есе

борыш болады. Оның үстіне бала-шағаларына киім, тамақ керек, анаған айна, мынаған тарақ керек, біріне болса, біріне жоқ; қайтерін білмей, бишараның басы дал болмай ма? Біздің мұғалімдеріміздің басына түскен жүк тап осыдан кейін емес? Осы жүкті жеңілететін жағын қарастыру керек.

1913

117. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨЛЕҢ КІТАПТАРЫ ЖАЙЫНАН

Белгілі, мұнан бес, он жыл бұрын хат біледі-мыс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып құмартып оқыйтын кітаптары: «Зарқұм», «Салсал», «Алпамыс», тағы солар секілді «қырды, жойды, қиратты... Жеті бас айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу...» дегендей, ұшы-қиыры жоқ, түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді. Міне, бұған қазақ отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып, кеңкілдей түсіп, шұлғысып-мүлгісіп отырғаны еді.

Сондай шөп-саламменен қандары ұйып, жандары ұйқтап, қалғығаннан қалғып, қаннен-қаперсіз отырған бір заманда бірді-екілі жаңа бағытты жинақтар шығып, тұр-тұрдан хабар келіп, ұйқыдан маза кете бастады. Бырқырап ұйқтай беруден жиренбеген, бұрын, мұндайға құлақтары үйренбеген халық: «Алланан ойбайым жақсы» дегендей қылып, әуелгі кезде одырандаңқыраса да, кейін көздері шалған соң көкіректері сезініп, құшағын жайысып, жабырласып түсісті.

Бұрынғы «Зарқұмдарын» құмға көміп, «Салсалдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырындап ескі достарына қош айтыса бастады. Содан бері қарай беттері бермен етпеттеуде, жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып иіскеуге мұрындарын даярлап тұрмақта.

Қазақ секілді қараңғы, көшпелі халықтың ішінде шыққан газет, журналдардың малтықпай, тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпеттеп тұруларының арқасы: әйтпесе, Самарқан, Түркстан, Бұхар, Ташкент жақта-

ғы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкеріліп қала берер еді. Олар мәдениетті болғалы қайда, атам заман. Ата-бабаларымыз өнер-білімді сол жақтан іздеген...

Бет бері қарап, қол оң жайылғаннан бері қарай, жыл сайын бестеп, ондап, «жас иіс», жаңа талап рисалалар да туып тұрды. Бірақ, бұларды туды деп, құр туғанына сүйінбесе: «Осы қарағым ер жетіп, ернім аққа тиер-ау» деп, үмітке кіріп, түшіркенерлік біреуі жоқ. Қой бұты, қозы саны дегендей, құраған-сұраған бірденелер.

«Бұрынғы киссаларымыздың ақ көңілге күйе жағып адастырудан басқа пайдасы жоқ, бас қатырғыш хикаят еді» дедік. Ал енді, адастырмай, жанға қуат, көңілге көрік беріп, алды түзуге қарай бұра бастайтын ақ үстіндегі қара қайсы? Ол жоғарғы айтқан, кейіп жоқ, келісім жоқ, құр қатын ойбай. Екшеп-екшеп қарасақ, «Ойбай-ойбай! Бетім-ау! Қайтермін-ау! Пәлен-ау! Түген-ау!» деп, құр зарланған ойбайдан басқа, дым да шықпайды.

Қайта, бұрынғыларымыз хикаят болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен, өзін сүйдіруші еді. Бұл «Жаңа ойбайда» шата тілдер көп араласқан. Кейде, шүлдіреп, кейде шолжындап, жығылып-сүрініп, жүрген жайы бар. Шүлдірге мысал:

«Қолыңа ал... қаламыңды,
Қайғырып қал — мұстақпал заманыңды.
Намуне әр нәрседен көшіргіш ал,
Яза бер ойыңа алған қаламыңды...

«Милли шиғыр»

Қалықты бүкүн құяш шығып шеттен,
Ыслақлық енді керек ертеректен.
Ашыққыл біздің ғазым атам...

«Әдебиет өрнегі»

Керексіз шолжындап алғанға мысал:

«Ойладың бір хикая шығаруға-ай,
Қалсын деп жақсылардың құлағында-ай,
Қазақтың өткен халін есітіп мен...»

Сүрініп, соқпағы қиыспағанға мысал:

«Хан болып, халықты билеп бағызлары,
Көрсетіп, әділшілік мінген таққа.
Қан төгіп, бағзылары қаһарлы боп,
Аямай, зұлымшылық еткен халыққа.
Ішінен дін үйренген ғылым шығып,
Үндеген ақ деп білген шарифатқа.
Үйреніп дүние ғылымын данышпандар,
Тырысқан шақыруға жұртты жарыққа;
Табылып арасынан жауызлар да,
Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа...»

Қараңыз, осылардың ішінде қайда қазақ тілі? Қайда қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?...

Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа боладымыс деген «жарып сал, жана әдебиетіміздің» нысайы нұсқаған қол, көрсеткен жолы жоқ, құр «қатын ойбайға» айналып, әркім соны сән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарына салып, айтып отырмын: құр «ойбай» дегенмен, ойбайдың да ойбайы бар ғой, жылаудың да жылауы бар ғой. Туыстағы тұрмыс дерті зығырыңды қайнатып, бармағыңды шайнатып, ықтыярсыз, ызалы ызғарын төгеді, сай-сүйегің сырқырарлық ащы, зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін тарқатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын «өлең» деп, «өнер» деп, соны айтамын. Сырт көрінісі «қатын ойбай» тұрсын «шайтан ойбай» болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар «ойбай» сол, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы сол. Соның үшін ондай «ойбай», ондай «бебеу» табыла қалса, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді. Басқаларға карағанда, пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан тарбарлық, аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері секілді. Қарасақ, бұл айтқанда өзін жұртқа әуез айтып көрсетушілік бар. Мәселен, марқұм Абайдың:

«Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас...
Судырсыз сары қамқаны...
Сөзімде жаз бар шыбынсыз...»

Бірақ, айтқандары артығымен шып. Шып жылаған көз жастың тамшысы, рас қайнаған сорпаның сөлі болғандықтарынан сезілмейді, сезілсе де басқалардікіндей көзге қатты, көңілге суық тимейді; қайта өздеріңізді сүйіндіріп әкетеді. Осы айтылған ретпен болмай, күндікке ізденіп, өзінше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан, керекті-керекеіз сөзді өлең деп қуанып жаза беру — дерті жоқ кісінің ыңқылдағаны, толғағы жоқ қатынның «бебеулерені» қандай жексұрын болса, бұ да сондай жексұрын болады. «Қисынсыз қышқырған иеткен таптық» деп Абай айтқанның кебіне ұшырап жүргендер көп.

Нағыз шынып айтқанда, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың неі де жоқ. Неге десен, тілдері бытбырақ; бытбырақ болмағандарының ағыны теріс, рухын тексерсек баяғы айтылған қатын «ойбай». Ал енді, қазақтықты сіріге жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз? Мен тілімізге шала тілдердің шатасуынан, тілдің ағыны теріске бейімделіп, өріс алып бара жатқанынан қорқамын. Біз бұралқы сөз кірмей, ұйысқан сөз болса, ойбай, мынау қазақша екен дейміз. Ескі сөздің қаспағына жаңа сөздің қаймағын апарып, қатарластырып қарасак, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылық алысқа кеткендігі көрінеді. Мәселен, мынау сөз:

«Абылқайырдың Россия кол астына кірудің мақсаты һәм де қазақ хандарының халық қасында күшсіз екендігі саяси істерде қазақ һәм басқа шарық халқының хайлакер, ант бұзғыш, су — қасыл екендігі орыс үкіметі қасында анық мағлұм болғандықтан. Абылқайыр ханының бұл өтініші жоғарғы дәйраларда қуанышыпен қабыл етілді. Неге десеңіз, қан төгусіз тек тұрғанда бірнеше миллион халықтың өзі тілеп қосылуы Россия үшін бір шарып еді».

Бұл мұсылманша оқумен жазушы атына кірген жастарымыздың тұңғышының сөзі. Мұның аты: тіліміздің орнын сыйпалап қалуға бейімдеп бара жату болады. Осы күні қазақша сөз болып жазылса да, қара бұқара жеңіл ұғынады. Егер, орысша оқығандардың аузынан шықса, ноғай мектебінде оқыған шәкірттердің аузынан шықса: «Құдай өзін жөн бер...» шәкірттер өзді-өзі ғана ұғынады да қояды. Қара бұқара құлағы саңырау, дәнеңесін аңғаруға болмайды. Бұ... қалай? Мен түсіне алмаймын. Жауап та бере алмаймын. Бұларды мен сыншы болып, сынап жазып отырғаным жоқ: сыншы болуға өзім сыннан өткен кісі емеспін. «Сабасына қарай піспегі» деп, көргенімізше көзге шыққан көсеудей-көсеудей сүйелдерін ғана көрсетіп отырмын. Шын «тездің» қолына түсіп, түзете бастаса, бір журналды бір кітаптың «сыңы» толтырар әдебиетімізді бар деп айтуға болады. Бірақ, жетілген жұрттардікіндей азуы алты қарыс емес. Соған қарай, сыншы да балаң. Бар моншағымызды бай қызының қолындағысына апарып салыстыра берсек, біздің бұлбұл дегеніміз қарға болып, дүлдүл дегеніміз есек болып шыға бермес пе екен?

118. ӨЛЕҢ МЕН АЙТУШЫЛАРЫ

Заманның айдауымен күн асқан сайын, қазақшылықтың «шылығы» жылжып кетіп барады. Байқаймын: сірә «шылық» кеткенмен, жай кетпесе керек; қазақтың бұрынғы сән-сәулетінің бәрін түп көтере ала кетсе керек. Айхай! Көк шалғынға боз үйді шаңқайтып тастап, шалқыйып жататын сән-салтанат қайда? Оған, аузымды ауыртпасам да белгілі. Ол енді көрген түс есебінде. Жер бауыры суық деп қоюға лайықты нәрселер. Көрдің бе? Ең арты домбыра, сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып, қара күңгірт қапаға булыққан заманға қарай дедектеп барамыз. Мұнан біраз бұрын анда барсаң — әндеткен, мұнда келсең — домбыра, сауық; ең арты малшы-құлшыға шейін ұлып, даланы жаңғыртып, мазанды алушы еді. Топтан озған ақыны былай тұрсын, ауыл басы сайын болмаса да, мырза басы бір-бір сауыққой әншісі болушы еді.

Міне, осы күні болыс басы ілуде біреуді-ақ таба-сың. Енді бір азда «ау» деп дыбысын шығарған кісі көре алмассың десек те қате болмас. Кемпір, шалдарымыздың да: «Айхай, заман-айдың» біреуіне қосылып жүрген осы әндеріміздің жоғалып бара жатқандығы.

Бұл не дейсің? Баяғыдан бері жыр жырлап, ән салғаннан болатын болса, болды. Қайта біткені игі дейсіңдер ме? Жоқ, жоқ. Көңіл қарайтып, рух бұзатын, ескі балдыр-батпақ өлеңдердің тұсында әннің базары аспанға шығып, мынадай жана рух, таза қан, түзу кеуілді халқымызға қолмен жұлып тыға алмай жүрген, тарылмалы заманда сөне қалуы баяғы ашылмаған қазақтың соры дағы. Соры дейтініміз: бір ха-

лықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара «кеуілдерін» аршып, жаңа рухпен нандыратын, таза бейілмен жандандыратын машина шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады

Көңілді түзейтін машина өлең-жыр дедік; ол машинаның тетігін біліп, сайратып, естігендердің аузынан суын ағызып, көңілдерінің уын шығаратындар кім? Ол — нешетүрлі әуез білетін әншілер, жыршылар. Халықтың көңілі, машинаның тетігін білетін әнге ұста адамдар сайраса, жібиді. Қысқасы, сырнай, домбыраны тарта білмей, құр перне басып барқылдату қандай сүйкімсіз болса, әнімен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады. Маған десе, майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өзіңнен бездіріп аласың. Соның үшін бізден басқа, бақытты, талапты жұрттардың әнпәздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шәһар-шәһәрге жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап, буын босатады. Халық оған қалыпты театрға кірген секілді билетпен жиналады. Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтажын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауыспен құйқылжытып тұрған да қандай тас көңіл болса да жібімеген еркіне қоймайды. Халықтың қайдағы, жайдағысы ойына қозғалып түсіп, қандары қайнап, тіпті, арқалары қызып кетеді. Әркімнің көңіл көздерінен жастар моншақтап, бойлары балқығандай, сартта-сұрт қол шапалақтасып, ақшасының үстіне мың қайтара «тәңір жарылғасын» айтып, тарқайды. Медреселердегі әдебиет кештері де осы мақсатпен жасалады.

Аса суырып әкетерлік бола қоймаса да, тәуір-тәуір ой қозғарлық өлеңдер бізде болып келеді. Бірақ, болғанымен жүргізе білуші жоқ, айтушы жоқ, жесір тұр.

Байқаймысың, біздің қазақ ән құмар халық. Газет оқып, не шарифат, не насихат айта бастасаң, құлағын салар-салмас шеттеп кетеді. Біреу қолына домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы, қырдағысы жиылып, 8 дегі бала, 90 дағы шалына дейін қалмай қамалып: «айтшы-айтшылап» жанын жағасына келтіреді. Мағынаны керек қылмаса да, әнге бола жиылады. Бара-

бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сінеді, құлағында қалады. Соның үшін ескі кісілердің: «Пәленнің өлеңінде бар ғой» деп, келтіріп отыратын, не ғажап, баяғыдан бері жыр жырлап, тойдық деп, қол сермейтін сәулелі деген адамдарымыздың өзі де бар.

Сендердің мақсаттарың қазаққа жан кіргізу болса, бұлардың лаққандық, әдебиеттің не екеніне түсінбегендік, тым болмаса «Тақый ғажап» оқып шықпадыңдар ма? Онда да айтады: «Дажал деген біреу шығып, халықты күрілімен, дүрілімен ерте алмайды, әншісі, сырнайшысы, сауықшысымен қызықтырып ертеді» дегенді көрмедіңдер ме? Қысқасы бір халықтың әні кетсе, әдебиет жесір қалады, сәні кетеді; сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар.

Молдалар, жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар. Жаңа шыққан өлеңдердің жүрек жандыратындарын үні жақсы балаларға әнге салғызып қойсаңдар-ау шіркін, қандай өтімді! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар. Болмаса, жым-жырт... деп, сөйлегеннің аузына қарап қалатынымыз ақ. Дұрыс, басқалардан шамамыз келмегендіктен айрылдык дейміз, міне, бұған не деп сылтау табамыз? Масқаралық емес пе?

119. СОЦИАЛИЗМ

Адамның жаратылғанынан осы минутке шейінгі өмірі тәжірибесімен жасалған дария болса, тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі біздің қазақ. Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек, көбірек тұрсын, бәріне танысып жетілген жұрттардың қатарына қосылу керек. Олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп ат салысу керек. Жол іздесіп, ат салысу сол жетілген жұрттардың қатарына келіп алғаннан кейінгі болатын жұмыс. Әзірге бізге керегі: қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу. Мұны болдырайық десек, болдыра алуымыз оңай және тез. Сіз айтарсыз: «Біздің қазақ ұғысы, қазақ күн көрісі сол ер жеткен жұрттардың мұнан неше жүздеп емес, неше мың жылдар, көп уақыттардың бәрін аттап, қалай тез қатарға кіре қояр екен?» деп.

Бұған біраз мысалдар көрсетейін:

Адам пайғамбармен құрдас бір бала осы күнгі ер жеткен жұрттардың жігітінің білгеніндей білімінің бір тарауын (айтайық дәрігерлікті) білуге осы минутке дейін өлмей, тірі жасауы керек. Айсә пайғамбардың құрдас баласы 1918 жыл жасап үйренуі керек. Осы заманда, 1895 жылда туған бір баланың туған күндегі білімі, Айсә пайғамбардың құрдас баласының туған күндегі білімінен артық емес. Бірақ, сол баланың Айсаның құрдас баласының біліміндей білім алуы үшін 1918 жыл жасауы керек емес, 23 жыл-ақ жасауы керек. Адам пайғамбармен құрдас баланың білімін білуге 23 жыл-ақ жасау керек. Шынында, осы заманның

баласы 8 жасында оқуға кірсе, 16 жасына дейін гимназияда оқып, әртүрлі ғылым жайларынан хабардар болады. Ар жағында 5 жыл университетте оқып, дәрігер болса, 21 ге келеді. 22—23 жасы тәжірибе көріп, іске қолы, көңілі жаттығуға кетсін дейік.

Бұл неліктен? Бұл, әрине, жаралғаннан бері миллион-миллион ата-бабалардың мыңдап-мыңдап жылдарды басынан өткізгендері, миллиондап құрбандықтар беріп, осы күнгі буындарына піскен астай даярлап беріп кеткендіктерінен.

Осы адамшылық ата-бабаларының миллион жылдар даярлаған нәрсесін, осы күнгі бір баланың 10—15 жылда біліп кететіні сыяқты, Европа жұрты да қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып кеткен. Осы күнгі біз сұқтанатын халіне қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырма-лап, көп болса, отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз. Себебі: олардың салып, даярлап қойған жолымен барамыз: олар секілді жол салуға айналып кешікпейміз; жол салғандағы көрген бейнеттерін біз көрмейміз: ада-сып айналмаймыз. Неге? Олардың мыңдаған жылдар ішінде жүздеген буындарының еңбегімен салулы, даяр жолдарынан жүруді ғана білеміз. Егер қазақ Европаның даяр жолдарына түспей, өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді. Сол уақытта, қазаққа осы күнгі двух классныйлардың қабырғасында ілулі тұратын жердің бас картасының өзін жасау үшін қанша жылдар керек болар еді?

Енді қазақтың алдында «адам боламын» деп, ұшып келгенде, желкелеп шығып, орға лақтыратын Николай тұсының чиновниктері жоқ. Солай болған соң тегіс, жұмыла іске кіріссек, 20—30 жылдарда Европаның білгенін біліп, Европа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан жапондар мысал бола алса керек.

Мұнан 58 жыл бұрын, 1860 жылдағы жапондар жайының осы күнгі біздің қазақ жайынан неменесі артық еді? Қайта, ол кездегі жапондардың есуасы болса да, атадан баласына мирас болып көшіп отыратын Даймюс (губернетор), Шогондеріндей (наместник)

кесел біздің қазақта аз. Жапондар осындай халінен 35—40 жылдарда ер жетіп, Европа халіне кірді. 1904 жылғы соғыста бөрікпен ұрып жығамын деген Россияны шалқасынан түсірді. Әрине, жапон осы халіне Европаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті.

Біздің солай жылдам жетуіміз үшін тегіс, жұмыла үйренуге кірісуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарымыз көбейіп, Европадағы адам баласының ауыр күн көрістен құтылып, бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрете беру керек.

Адам баласының ауыр күн көрістен құтылуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын: бірі — дене азығы, бірі — ар азығы. Дене азығы дегеніміз: осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар ғылымы. Мысалы: параход, отарба, телеграф, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электр, яки, пар қуатымен жұмыс атқаратын машина... тағы-тағылар. Телеграф арқасында, атпен кісі жібергенде, бір жылда алатын хабарымды сағат ішінде аламыз. Неше мың шақырым жердегі керекті кісілермен бір күннің ішінде тілдесеміз. Бұл күн көрістің жеңілдеуі емес пе?

Қалғандары да осы телеграф секілді. Түрлі күн көрістің түрлі жағын жеңілдетеді.

Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз—әділдік. Осы соңғы ар азығы табылмай, басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілеймейді: бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды. Ар азығының ержетпегендігінен Европадағы «адам баласының күн көрісін жеңілейтеді, бақытты қылады» деген өнерлердің бәрі адам баласының бірінің етін бірі жеуіне, бірінің қанын бірі ұрттауына жұмсалып жатыр: неше миллион жастардың мүшелерінен айрылып кем болуына, неше миллион адам кеуделерінің тау-тау болып қара құс пен қасқырға жем болуына, кәрі ата-ананың баласынан айрылып, жәрдемсіз жас келіншек, жас балалар панасынан айрылып көз жастарының сел болуына:

Неше қыршын жастардын
Кеудесінен оқ өтіп,
Ауыздарынан қан кетіп,
Ішіне тартылып көздері,
Ыңырану болып сөздері,
Шытынап көкшіл көздері;
Елестеп көзіне арманы,
Жетем деп ойға алғаны,
Елдегі қатын-баланың,
Әке-шеше ағаның
Көрмей жылап қалғаны.

Қар астында, қараңғы халде, жермен тең болуына
жұмсалып жатыр.

Міне сондай заманда,
Жау әскері қалаңда;
Мал, мүлкіңнен күдер үз!
Ажары тәуір қатын-қыз
Зорлау менен талауда.
Талай милар бұрқырап,
Сар балшықтай табанда,
Адам күші жетер ме,
Мұнан да әрі жаманға?!
Сондайларды ойламай,
Қосармысың адамға...
Больницаға барғанда,
Сай-сүйегің сырқырап,
Кейбіреулер қорқырап,
Кейбіреулер қырқырап,
Дәргер пышақ салғанда,
Кейлері шыңғырып, шырқырап,
Кейінің ерні кезерер;
Ымдап, жұтым су сұрап,
Өкпе тұсы жан жерден,
Жан тұратын әр жерден,
Кейінің қаны бұрқырап.
Қайғыланып отырар,
Көзден жасы жылтырап.

Міне, осы айтылған пәлелерді адам баласының ба-
сына ондай ғып түсіріп отырған ар азығынсыз дене

азығы өнерлерінің өскендігі. Өнерлердің өскендігі түсірді дейтінім: бұрын мен қанша қанға шөлдеген жауыз болып, адам өлтіргім келсе де, бетпе-бет келмей, өлтіре алмаушы едім, ең мықты болып кеткенде екеу, үшеуді-ақ өлтіруші едім; енді мен неше шақырым жерлерден пулеметіммен, снарядыммен неше жүз кісіні бір жолата қиратамын, шайтан қолдап, жел жау жағына қарай ыға қалса, у жіберіп те қиратамын. Жау жұрттың қаласына ұшып барып, көшедегі қатын-балаларды да бомбы тастап қирата аламын. Поезым, пароходом, телеграфым, телефоным, тағы-тағы сондай өнерлерім бәрі—адам өлтіру жұмысының тез болуына жұмсалады. Жау жағы да менің жағыма осыны қылады.

Ал, осы екі жақтың дене күші емес, өнер күшімен соғысқанынан не нәрсе келіп шықты? Дене күшімен соғысқан апаттан өнер күшімен соғысқан апат арқасында адам баласының көбірек өлуі, көбірек қуырдақ болуы, көбірек азап тартуы, көбірек көз жастың төгілуі шықты.

Және осы дене өнерлерінің мұнан да жаман бір бәлесі: адамды өмірлік құл қылуға себеп болуы. Дене азығы өнерлерді бұрын иеленген жұрт, кешірек қалған жұртты «аңым, тамағым» деп білді. Өнер күшін игіге, жаратылыстан күн көруге, керекті нәрселер шығаруға жұмсау орнына, кешірек қалған жұрттың үстінен күн көруге жұмсады. Кешірек қалған жұрттың өнер үйренуіне, ілгері басуына жол қоймады. Қайта, неғұрлым кейін кетіріп, бірін сойғанда, бірі оттап тұрған малы секілді жасатуға жаһат қылды.

Осыны «Мен үйренген өнерді үйреніп қойса, маған оңайлықпен тамақ бола қоймайды, қарсы тұрады» деп істеді.

Бишара жұрттар өздерін біреудің малы болуына хақы жоқ екенін, біле тұра, малы болды. Неге малы болды?

Мылтыққа, поездға, пароходқа, телеграф, телефон, завод, фабрик, электр сыяқтыларға аналар бұрын иеленгендіктен малы болды.

— Олар неге иелендірмейді?— Иелендірмейді.

— Неге? — Малы болушылықтан шығады.

Бұған осы күнгі өмір жүзінен де мысалдар көп. Айтайық, өнерге ертерек иеленгендер басқаларды адамшылығы жоқ, «тағы» деп тітіренген болатын. Европа халқы кешірек қалған Америка, Азия, Африка, Австралия тұрғындарына не көрсетпеді? Малы тұрсын, адамдарын кемелеп әкеліп Европа базарларына сатпады ма? Европаларға барғандарына, періште-сінген хайуандар, у қосып беріп, қиналғанын қызық көрмеді ме? Жұмысқа өгіздеріндей жегіп, олардың маңдай тері, табан ақыларымен семірмеді ме?

Мысалды алыстан іздемей-ақ, кешегі Николай тұсындағы чиновниктердің өзімізге не қылғанын еске түсірсеңдер жетеді, арқаларымызда қамшыларының табы әлі де тұрған шығар. Қазақты көргенде жыланды көргендей құшырланып ұратын, яки, ұрғысы келетін, салтқылы пристовтар, маңдайындағысы жалмауыздың жалғыз көзіндей жарқырап, «таксыр» деп, құлдық ұрып тұрғанда, қан ішер түсін бұзып, бір минут қазақ бетіне қарамайтын түрлер, қазақтың мың игі жақсы бұршағын салып айтқан мың ауыз сөзінен, жалғыз араққор тілмәштің айтқанын шын көріп, соған қарап үкім қылатын әкімдердің елесі әлі көзімнің алдынан неге кете қойсын? Осының бәріне, қазақ «соған лайық жазығым бар» деп көнген жоқ: «көнбесең бізді қырып тастайтын қолдарында қару бар» деп көнді. Міне, көршіміз орыс патшалығында бізден көрі өнердің ержеткендігінен тапқан пайдамыз.

Соңғы кезде Европа халқы, бұрынғы Америкадан Сойылия базарына кемелеп құлдар жіберіп сатқызған калумбыларды теріс көріп, құлдықты бітірдік десе де, құлдық жыл сайын көбеймесе, азайған жоқ.

Адамзаттың 100 ден 99-ын, яки 1000 нан 999 ын қалғандары өгіздей жегіп, терлерімен семіру: осы ХХ ғасырдың ең алға кеткен бір нәрсесі: 100 ден 99, яки, 1000 нан 999 кісі өмір бойы күніне 12 сағаттан тері ағып, айтайық, жер астында, көр ішінде денсаулығын бұзып, жұмыс істеп жүріп, өлгенше киім, тамаққа жарн алмай кеткенде, қалған бір кісі туғалы жұмысқа қолын тигізбей, сайрандап жүріп, жылына пәлен мың, пәлен миллион пайда табады. Міне ғажап! Өмірін дамылсыз жұмыста өткізген 99, яки, 999

кісі өлгенінше тамаққа жари алмай кеткенінше, дене істемей жүрген біреуіне жылында мың, миллиондап пайда келтіреді. Бұл туралы төменде, социализм мәселелеріне кіргенде жазармыз.

Міне, Жан-Жак Руссо, Толстой секілді данышпандардың «мәдениетті жер жұтса, е, демеймін!» деп, мәдениеттен көңілдері қарайған себебі осы. Неғұрлым дене азығы, өнер өскен сайын адам баласының бақытсыздығы өскендіктен.

Міне, осыны жазған сағатымда да, ар азығы ер жетпегендігінен, қазақ секілді жаңа тірілейін деген жұрттардың көріп отырған зыяны аз емес.

Кеше ғана, Николайдың мысалы:

Николай чиновниктерінен арқасы босаған минутінен бері қарай, біздің қазақтың бір тамашы күш, бір тиын ақшасы, бір минут уақыты болса, бәрін ауыр күн көрістен, жеңіл күн көріске айдайтын өнер, ғылымдардың тура өзіне ғана жұмсалы керек еді. Жоқ, маңайымыздағы жұрттар ар азығының ер жетпегендігінен бізге оны қылғызбай отыр. Біз ең бұрын бар күшімізді, бар тиынымызды, елімізді қасқырлардан қорғауға жібергелі отырмыз. Соның үшін 15 мың милиция ұстауға 70 миллион ақша жұмсағалы отырмыз. Маңайымыздағы жұрттарда ар азығы ер жетіп, қасқырлар жоқ болса, біз 70 миллион теңгені халқымызда жалғыз өнер-ғылымның ержетуіне ғана ұстасақ, осы жылдың өзінде-ақ, қандай көтеріліп қалар едік. 70 миллион ақшаға қазақ ішінде 70 жерден гимназия секілді орта мектептер ашып байқа. Шу дегеннен 15 мың жас буынымызды, басқадан офицер шақырып, адам өлтіруге үйретпей, ғалымдар шақырып, ғылым, өнердің тура өзіне үйретіп байқа. Газеттеріміз, оқығандарымыз, жас буындарымыздың көбі адамшылыққа қарсы кісі өлтіруді үйренуіне жұмсаған ақылдарын, халыққа қалай ғылым орнығуын зерттеуге жұмсап байқа.

Міне, жоғарыда жазылғандардан ар азығынсыз құр дене азығы өнерді үйренгенмен ауыр күн көрістен құтыла алмайтыны білінсе керек. Соның үшін қазақты бақытты қылуға кірісе бастаған біздің мектептеріміз, матбұғатымыз осы бастан жас буындарымызға Евро-

паның дене азығы өнерлерімен бірге ар азығын да беру керек. Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағандығы секілді, қазақ та бақытты бола алмайды.

1918

Ілгері кеткен жұрттардың тарихының қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре, біле отқа түскендік болады. Тарих ғылымының пайдасы да алдыңғының қатесін кейінгінің істемеуінде.

Ия, манадан бері қақсалды: адамды бақытты қылатын ар азығының ержетуі деп. Бұл ар азығы не нәрсе? Еуропа жұртында қандайлық өскен нәрсе? Қазақта қандайлық бар?

Енді мен сөзді солай қарай аударып, білгенімді баяндасам керек...

1918

**СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ОСЫ ЖЫЙНАҒЫНДА БАСЫЛҒАН
ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТҮСІНІКТЕР**

ӨЛЕҢДЕРІ

1. *«Секілді өмір қысқа жарты тұтам»* (1907). Бұл Сұлтанмахмұттың ескі мектепте оқып жүрген кезінде, тұңғыш жазған өлеңі көрінеді. Мұны жазуына себепші болған сол кездегі Сұлтанмахмұттың оқытушысы молда Мұқан деген ақын екен. Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың «Сұлтанмахмұттың өмірбаяны» атты қолжазбасынан алынды (ол қолжазба Тіл және әдебиет институтында сақтаулы, 247—249 беттері).

2. *«Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын»* (1907). Шаймерден Торайғыровтың айтуына қарағанда, Сұлтанмахмұт бұл өлеңді 1907 жылы жазған. Оны молда Мұқан ұнатып, ақырына мынадай екі жол сөз қосыпты.

«Қызарып тесік моншақ жерде қалмас,
Қояр ма дүние үшін біреу алмай».

Өлеңнің көлемі бұдан мол болса керек, бірақ көбі жоғалған. Өлең Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан алынды.

3. *«Таңқы мұрын, бұртқан қара бұжыр»* (1907). Өзінің байлығын мақтаныш етіп, жас қызды зорлап алмақ болған келбетсіз бір жеке кісіні сықақ етіп жазған. Өлең әуелі ұзақ болған сыяқты, кейін біразы ұмытылып қалған. Бұл өлең де Шаймерден Торайғыровтың «Сұлтанмахмұттың өмірбаяны туралы» жазған қолжазбасынан (251—252 беттері) алынды.

4. *«Орнымыз медресе оқып жатқан»* (1908). Сұлтанмахмұт бір жылдай өлең жазбай жүреді. Оның себебі әкесі молда Мұқанға оқытпай, молда Мағзұмға оқытуға береді. Молда Мағзұм өлең жазуды күнә деп, тиым салады. Соған арнап осы өлеңді жазады. Бұл да Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (253—254 беттері) алынды.

5. *«Күншіл, ақ кірпік»* (1908). Сұлтанмахмұттың өзімен бірге оқып жүрген бір жолдасы өлең жазғанын күндеп, оның осы өлеңін молда Мағзұмға ұрлап береді.

Молда Сұлтанмахмұтты өлең жазудан тыяды: өлең жазсаң оқудан шығарам деп қорқытады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасының 255 бетінен алынды.

6. «К...ға сәлем» (1909). Сұлтанмахмұт бұл өлеңін Мағзұмның қызына арнап жазады.

Шаймерден Торайғыров қолжазбасынан (256—257 беттері) алынды.

7. «Жан қайда әділдікті іздейтұғын» (1909). Сұлтанмахмұт бұл өлеңінде молдалардың айтқан сөзінде тұрмайтындығын, дүниеге сатылатындығын айта келіп, Мағзұм молда өзінің қызын Мұқаметжанның баласы Халиоллаға бермек болып, кейіннен сөзінен тайып, қызын Лекер қожаның баласы Жақыпқа бергендігін айтады. Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (258—259 беттері) алынды.

8. «Бір адам көп жасады жер бетінде». Шаймерденнің айтуына қарағанда, бұл өлеңді Сұлтанмахмұт Мәшһүр Жүсіпке еліктеп жазған секілді. Өлең Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (260—261 беттері) алынды.

9. «Балалық күн». Сұлтанмахмұт бұл өлеңінде жастықтың бір қалыпта тұрмай, өтіп кететіні туралы арман етіп жазады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (261) алынды. Шаймерденнің айтуынша, бұл өлеңді Сұлтанмахмұт 1909 жылы жазған.

10. «Байлық» (1910). Сұлтанмахмұт байлардың жауыздығын, байыған сайын адам еңбегін қанай беретіні туралы жазған.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (268) алынды.

11. «Кедейлік» (1910). Сұлтанмахмұттың бұл өлеңі Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (269) алынды.

12. «Жылы кеш» (1910). Бұл Сұлтанмахмұттың алғашқы жазған табиғат лирикасы.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (271—272) алынды.

13. «Жарқынбай» (1910). Байлығын мактан етіп, жас қызға үйленгендігін сықақ етіп жазған. Мұны уақыйғалы, сюжетті болғандықтан поэма деп атауға да болады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбадан (284—293) алынды.

14. «Дін» (1910). Сұлтанмахмұттың әкесі бұл өлеңді жазуға өте қарсы болады. Әкесінің тілін алмай, молдалардың «Дін» арқылы халықты алдайтындығын, олардың азғындығын жазады. Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (294—295) алынды.

15. «Сарыбас» (1911). Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт Сарыбастың қойшысы болып жүргенде жазған.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (297—298) алынды.

16. «Соқыр сопы» (1911). Сұлтанмахмұт молдалардың айтқанына ерген бір соқыр сопыны сынап жазады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (298—299) алынды.

17. «Оқу» (1911). Сұлтанмахмұт халықтың байларға жем болып, қорлықта өмірі өтіп бара жатқанына сын айтады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (300) алынды.

18. «Төре көрсе, жалаңбас шұлғып билер» (1911). Бұл өлеңінде Сұлтанмахмұт байлардың төреге басын иіп, қорқатыны туралы жазады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (301) алынды.

19. «Қыйсық қабырға» (1911). Молдалардың әйелдерін «қыйсық қабырғаға» теңеп айтқан талақ хат шаригатын сынайды.

Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (302) алынды.

20. «Неке қыяр» (1911). Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (299—300) алынды.

21. «Кезек қашан келеді?» Бұл өлеңнің мазмұнына қарағанда ол, 1912 жылдан гөрі, революциядан кейін жазылғанға ұқсайды.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (310—311) алынды.

22. «Әйел» (1912). Байлардың әйелдерді малға теңеп, қорлықта ұстағанын айта келіп, келешекте ерлер мен әйелдердің теңелуі туралы жазады.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (312) алынды.

23. «Дүние» (1912). Сұлтанмахмұт еңбексіз адам тұрмыста тұра алмайтынын айта келіп, бай мен кедейдің өмір бойы бірікпейтіні туралы жазады.

24. «Оқып жүрген жастарға» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (20) басылған. Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт Троицкіде оқып жүргенде жазған. Ауылдағы бұрын өзімен бірге оқыған, жолдастарына хатпен жіберген.

25. «Талаптыларға (шәкірттерге)», (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жыйнағында (21) басылған. Бұл өлеңін Сұлтанмахмұт Троицк қаласында оқып жүргенде оқушы жастарға арнап жазған.

26. «Оқуда мақсат не?» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жыйнағында (22) басылған. Бұл өлеңінде ақын орыс тілінде жоғарғы дәрежелі мектеп бітіріп келіп, тілмаш, урядник болып, ру таласын қоздырып жүрген оқушы жастарға арнап жазған.

27. «Достыма ұмытпастық үшін хат (көңілдегі махаббатым)», (1912). «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармаларының толық жыйнағында» (Қазақстан баспасы, Алматы, 1933 жыл, 18 бет) басылған. Бұл өлеңді әуелде Сұлтанмахмұт «Зарландым» деген әңгімесінің ақыры ретінде, сол шығармасын жіберіп отырған досына арнап жазған. Әуелде едәуір ұзақ болған, кейін аяқ жағының бірталай жері жоғалып қалған.

28. «Түсімде көрген бір аяныш хал» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (19) басылған. Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт өз аулындағы Несіпжан деген қызды әкесі әйелі өлген, ауру, 50 жастағы шалға зорлап беріп, соның зарынан Несіпжан ауруға шалдығып, хал үстінде отырғанда шығарған екен.

29. «Анау-мынау» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (24), «Қазақ әдебиетінде» (Хрестоматия, 9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1940, 1941, 1942 жылдар; 130, 130, 174 беттер) басылған.

30. «Арыстан мен тышқан» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (26) басылған.

31. «Қандай» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (26) басылған.

32. «Арабшадан» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жыйнағында (27) басылған.

33. «Мағнасыз мешіт» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (27) басылған. Баянауылдағы қазақ мешітіне арнап жазылған. Ақын сол мешітті көргенде: «Осы мешіттің айналасында мен де мәңгіріп бірнеше жыл жүрдім. Ол өмірім жолдан жолсызға қарай бұры-

лып, жарық таба алмай, қараңғы тұманда адасумен өтті» дейді екен.

34. «*Екі тышқан*» (Ғ. Тоқаевтан), (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (28) басылған.

35. «*Көк өгіз*». (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (29) басылған. Ақын бұл өлеңінде қазақтың патша заманындағы кейбір оқығандарының тілмаш, чиновник болып қалада тұрып қалғысы келетінін, өзі қазақ бола тұрып, қазақ халқын менсінбейтінін мысқыл етеді.

36. «*Зарлау (жұртыма)*», (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (30) басылған.

37. «*Мысал*» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (30) басылған.

38. «*Бір баланың тілек батасы*» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (33) басылған.

39. «*Алғыс*» (1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (33) басылған. Сұлтанмахмұт Троицкі қаласында оқуға кетерде оған шамасына қарай жәрдемдесіп ақша берушілер болыпты. Ақын Троицкіге барып оқуға түскеннен кейін елге жазған қатының аяғына осы өлеңді жазып жіберіпті. Өзі: «Бұл өлеңді екі себеппен жаздым: 1. Қарлығаштай достық суып сеуіп, игілік ісіме шаруашылық жәрдемін көрсетіп, қолғабыс істегендерге алғыс айту борыным еді. 2. Біреуден біреу көріп, мұқтаж оқушыларға атақ, аброй үшін жәрдемдессін дегендік еді» дейді екен.

40. «*Қандай басшы*» (1913). Бұл өлеңінде ақын «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы арасында қызу айтыс болып жүрген кезде, буржуазияшыл ұлтшылдардың шашбауын көтерген адвокат, тілмаш сыяқты кейбір ақындарды сынап жазған. Шаймерденнің айтуына қарағанда, өлең «Кешегі көрген түс, бүгінгі іс», «Итаршыға» деген атпен жазылған өлеңдерімен идеялық жағынан тамырлас көрінеді.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (315—317) алынып, тұңғыш рет баспаға жіберіліп отыр.

41. «*Көңілім неге жасыйсың?*» (1913). Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт 1912, 1913 жылдары Троицкіде жүргенде жазған. Татар медресесінде оқып жүргенде көзі ауру болып, оқудан шығып қалады. Танысы жоқ, қаржысы кем Сұлтанмахмұт тарығады. Осы кезде оған тағы жөтел пайда болады. Өкпесін дерт шал-

ғаны байқалады. Бұл өлеңде ақын сол ауыр халін көрсетеді. Сұлтанмахмұт жинағының 1933 жылы басылғанында бұл өлең жоқ, сөзбасында тек екі шумағы ғана келтірілген. Біз бұл өлеңнің толық текстін Тіл және Әдебиет институтының 1941 жылы Баянауыл жағына барған экспедициясы жинап әкелген материалдардан алдық.

42. «Соқыр ағаш» (1913). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (18) «Песни степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 г., стр. 329, орыс тілінде) деген жинақта басылған.

Сұлтанмахмұт бұл өлеңді өз аулындағы оқымаған, әліпті таяқ деп білмейтін надан, сонымен бірге өзінше әрі тақуа, әрі сопы, ишан-қожалар не айтса соған нанып, бәрінде пір тұтатын бір қажыны сықак етіп жазған. Қараңғы, діншіл адамдарды сынаған.

43. «Достыма хат» (1913). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (33) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңді өзі Троицкіде оқып жүргенде аулындағы бала күнінен бірге өскен, бірге оқыған достарына хат етіп жазған екен.

44. «Шығамын тірі болсам адам болып» (1913). Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт баста, Троицкіде оқып жүргенде өз аулындағы досына жіберген суретінің сыртына жазған. Ақырына «Сұлтанмахмұт Торайғыров 19 жастамын, 1 январь. 1913 жыл» деп жазған. Сонан Сұлтанмахмұттың 1922 жыл Қазанда шыққан поэмаларының жинағына жазған сөзбасында Бернияз Көлеев келтірген. Бұл өлең Сұлтанмахмұттың 1933 жылғы толық жинағында (33) басылған. Онда жеке өлең боп басылмай, «Достыма хат» деген өлеңінің жалғасы боп басылған.

45. «Түсімде» (1913). «Айқап» журналында (1-сан, 1913 жыл, 14 бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (35) басылған. Бұл өлең «Айқап» журналындағысына қарағанда ақынның 1933 жылғы толық жинағында кей жері біраз қысқартылып, өзгертіліп басылған. Біз бұл жинаққа «Айқап» журналындағы нұсқасын енгізіп отырмыз. Ақынның өз қолынан өткендіктен, көзі тірісінде шыққандықтан сол дұрыс деп білдік. Өлеңнің аяғына «Сұлтанмахмұт» деп қол қойған.

46. «Бұлар кім?» (1913). «Айқап» журналдында (9-сан, 1913 жыл, 207 бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (36) басылған. Ақын бұл өлеңінде қазақтың өз тұсындағы ру тартысын қоздырып, елдің береке-сің кетіріп жүрген ру басшыларын, би, болыстарын, шенқұмар оқығандарын сынайды.

47. «Көңілді көндіретін тағдыр» (1913). «Айқап» журналында (12-сан, 1914 жыл, 202—203-бет, «СМ. Т» деп қол қойылып), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1913 жылы шыққан толық жинағында (37) басылған. Бұл өлеңнің біраз жер жоғалып қалған сыяқты.

48. «Жазғы қайғы» (1913). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (38) басылған.

49. «Қымыз» (1913). «Айқап» журналында (18-сан, 1913 жыл, 397—399-бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (40) басылған.

50. «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» (1913). «Айқап» журналында (20-сан, 1913 жылы, 427—249 беттер), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (42) басылған.

«Айқап» журналының осы санында Сұлтанмахмұттың «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» деген өлеңінен кейін «Итаршыға» деген мына өлең басылған.

Көрсетсін кара шекпен еккен ісін,
Қиналып жан аямай жеккен күшін.
Шекпенге жұрт айтқаны қандай алғыс,
Көрсетіп көз алдыма ашсын түсін.
Сонан соң маймыл тұрсын кім десе де,
Ықтыяр итаршының өзі білсін.

Өлеңнің ақырына «Әлгі» деп қол қойған. Тегі бұл өлеңді де Сұлтанмахмұт жазған болу керек. «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» деген өлеңінде де, «Итаршыға» деген өлеңінде де Сұлтанмахмұт «Айқап» журналының жалпы қазақ съезін шақырып сонда қазақ халқының көкейтесті мәселелерін, алдымен жең мәселесін қарайық деген ұсынысына қарсы болған ұлтшылдарды сынайды. Оларды патша үкіметінің итаршысы дейді. Сұлтанмахмұт ұлтшыл-алашордашылар қатарында жүргенде, олар Сұлтанмахмұттың алдына оның осы өлеңдерін көлденең тартып, бетіне басатын сыяқты. Мұны ол өзінің жақындарына, достарына айтады екен.

51. «Бір балуанға қарап» (1913). «Айқап» журналында (21-сан, 1913 жыл, 443 бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (45—46), «Қазақ әдебиетінде» (Хрестоматия, 9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1940—1941 жыл, 131—132 беттер) басылған.

«Айқап» журналының осы санында Қажымұқанның Троицк қаласындағы циркте ойын көрсетіп, французша күресіп, өнері, күші асқандығы жайында мақала басылған. Ақын өлеңін сол Қажымұқанның күресіне арнай отырып, оған қоғамдық мән береді. Қазақ оқығандарын патша үкіметінің айтқанына жүріп, айдауына көне берме, күреске түс, халықты баста, күрессіз тендік, ұлт бостандығын ала алмайсың деп үгіттейді.

52. «*Міне алақай*» (1913). «Қазақ газетінде (4-сан, 1 март, 1913 жыл) Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (46) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңін қазақ тілінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің қатар шығып тұрғанына қуанып жазған.

53. «*Ендігі беталыс*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (5) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңінің алдыңғы тармағын 1914 жылы, Троицкіде оқып жүргенде жазған. Өзінің оқуын, іс, тіршілігін— бәрін шындықты іздеу, табу жолындағы әрекет деп біледі. Ол өлеңін: «Шындықтың аулын іздеп түстім жолға» деп аяқтайды. Соңғы үш тармағын кейін, ұлтшыл-алашордашыл бағытқа түсіп адасқанын уайымдап, үмітсіздікке түсіп жазған. Шындықтың аулын «Ізедім, іздесем де таба алмадым» деп бастаған.

54. «*Тұрмысқа*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жыйнағында (6—7) басылған.

55. «*Жақсылық көрсем өзімнен*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (7—8) басылған. Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт «Тұрмысқа» деген өлеңінен соң бірнеше уақыттан кейін жазған. Бірақ, өз алдына ат қоймай, соның жалғасы ретінде жазған.

56. «*Альбомнан*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (8) басылған. Ақын бұл өлеңін ауылдағы орыстың бастауыш мектебінде оқып жүрген Мәлике деген қыздың альбомына жазған. Кейін, 1919—1920 жылдары ақын осы Мәликеге үйленбек болған екен деседі.

57. «*Жапырақтар*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (8—10) басылған.

58. «*Айт*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жыйнағында (10—11) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңді 1914 жылы жаздығүні өз аулында жүргенде жазған.

Айт күні, жиында ән салынады, өлең айтылады. Сонда біреу Шөже ақынның:

Он екі айда бір келген жалғыз құрбан,
Егіз екі оңбасын сені қуған.
Құрбандықтың етінен үнем қылған,
Қара шерін имансыз, құдай ұрған,—

деген өлеңін айтады. Сұлтанмахмұт жақтырмайды; бізге мұндай өлеңнің керегі жоқ дейді. Көпшілік ендеше өзің өлең шығар деп тілек етеді. Сонда Сұлтанмахмұт осы өлеңін жазған екен.

59. «*Бақыт*» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (11) басылған.

60. «Кеш» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (11—12) басылған.

61. «Кешегі күндей түсті бұлт басқан» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (12) басылған. Аулындағы Рахима дейтін әрі сұлу, әрі ашық және қызды ағалары малға қызғып, 60 жастары малға береді. Ол Сұлтанмахмұтқа мұны тағады. Сұлтанмахмұт ара түсіп, жәрдем ете алмайды. Тек осы өлеңді шығарады.

62. «Көшу» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (12—13), «Қазақ әдебиетінде» (Хрестоматия, 9-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1940, 1941, 1942 жылдар, 132, 132, 176 беттер) басылған.

63. «Шоң серіктігін ашардағы бата, баяндама» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (14—15) басылған. Сұлтанмахмұт 1914 жылы, жазығүні өз елінде жүргенде әрі ел жастарын оқытпақ, оятын мәдениетке ұйтылдырмақ мақсатымен, әрі күз оқуға кету үшін өзіне қаржы жыйнап алу мақсатымен «Шоң серіктігі» деген ұйым ашады. Ақынның бұл өлеңі сол серіктікті ашарда айтқан батасы, баяндамасы, қортынды сөзі.

64. «Күнделік дәптерінен» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында басылған. Бірақ, екі бөлініп, бірі «Күнделік дәптерінен» болып, екіншісі «Мұнан былай» болып, екі жерде басылған. Алғашқысы кітаптың 16-бетінде, соңғысы 133-бетінде басылған. Және онда келтіріліп отырған алғашқы өлеңнің соңғы екі жолы түсіп қалған.

Бұл өлең Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы басылуында жазылған ақын өмірбаянында тұтас, толық келтірілген. Оны біз жинаққа сол бойынша енгіздік.

65. «Бір адамға» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (134), «Әдебиет хрестоматиясында» (6-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1938 жыл, 172 бет), «Әдебиет оқу кітабында» (7-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1941, 1942, 1946, 1947 жылдар, 84, 70, 106, 114 беттер), «Песни степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 год, стр. 327, орыс тілінде), «Өлеңдер жинағында» (ҚБМБ, Алматы, 1945 жылы, 51 бет), басылған.

Сұлтанмахмұт Шорман аулына барғанда Садуақас әкесінің дуанбасы болып тұрғанда сыйға алған шен-шекпендерін, жылтыр түймелерін, алтын-күміс ыдыс-аяқтарын қонақтарына көрсетіп мақтанады. Оны Сұлтанмахмұт жақтырмайды. Осы өлеңін соны сықак етіп шығарған.

66. «Туған елім» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (135), «Қазақ әдебиетінде» («Хрестоматия», 9-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1940,

1941, 1942 жылдар, 133, 133, 177 беттер), «Туған жер» (өлеңдер жинағы, ҚМББ, Алматы, 1945 жыл, 52 бет) басылған.

Сұлтанмахмұт бұл өлеңін 1914 жылы өз аулында жүргенде жазған. Ол бала оқытып тұрғанда елдегі байлар, мырзалар, дін басы қажы-молдалар, ру басы атқа мінерлер оны жек көрді. «Ораза ұстамайды, намаз оқымайды. Ескі дін оқуын аяққа басады, қожа-молдаларды бетке соғады. Орыс болып кетіпті» деп оны түрлі өтірік, өсектермен ағаш аттың басына мінгізіп, үстінен құс, астынан ит жүгіртеді. Осы сыяқты надандық мінездерін көрген, естіген Сұлтанмахмұт оларға қатты ренжиді. Бірақ «Битке өкпелеп тоңыңды отқа салма» деген сыяқты, Сұлтанмахмұт бай, мырзаларға, қожа-молдаларға өкпелеп, тұрған елінен, қазақтың еңбекші бұқарасынан жерімей, қайта оларды қатты сыйлайды. Бұл өлеңін ақын соларға арнап жазған.

67. «Достыма» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (135) басылған Ақын бұл өлеңін күнделік дәптеріне жазып, үстінен сызып өшіріпті. Толық жинағына содан көшірілген екен.

68. «Мұның арты өш алу» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (136) басылған. Сұлтанмахмұт бір күйеумен қайнына еріп барғанда, құдағи өлең айт деп, жақаурата беріпті. Сонда Сұлтанмахмұт осы өлеңді айтыпты. Сұлтанмахмұт күнделік дәптерінде осы өлеңнің ақырына: «1914 жыл 1 октябрьдің есте қалдырған бір ісі» деп жазып қойған.

69. «Сымбатты сұлуға» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (136—139) басылған.

70. «Қыз сүйю» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (139) басылған.

71. «Гүләйім» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (140) басылған. Өлеңнің мазмұнына кейбір материалдарға қарағанда бұл әуелде ұзақ өлең екен. Көбі жоғалып қалыпты.

72. «Лағнат бұлты шатырлап» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (140) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңін 1914 жылы өз елінен Семейге келген кезде жазған. Семейде ол оқуға кірмек, қызметке тұрмақ болады. Бірақ, ол мақсатына жете алмайды. Қаржысы тапшы болады. Тарығады. Сол кезде осы өлеңін жазады.

73. «Жаңғырып Алтай тауы саласынан» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (141) басылған.

74. «Өмірімнің уәдесі» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (142) басылған.

75. «Нешелер көзжасы төгілді» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (142) басылған. Үшінші жолы «Қанша аясаң да, талпынсаң да» болып басылған. Дұрысы «Қанша аянбай талпынсаң да» екен.

76. «Келді хатымен шаршап» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (142) басылған.

77. «Алты аяқ» (1914). «Айқап» журналында (3-сан) 1915 жыл, 43-бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (144—145) басылған.

78. «Күңгірт түспен ойға батып» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (145—146) басылған.

79. «Ей махаббат, ей достық!» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (146) басылған. Оған күнделік дәптерінен көшірілген екен.

80. «Дүниедегі қызықтың» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (146, 147) басылған.

81. «Жан қалқам» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (147—148) басылған.

82. «Ж...». Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт 1915 жылы Зайсан жағында Әбдікерім үйінде бала оқытып жүргенде жазады. Әбдікерімнің қызын аламын деп көп әуреге түседі

Шаймерденнің айтуына қарағанда, қызбен екеуінің жазысқан хат, өлеңдері тіпті көп еді дейді және «Көрген сайын көңілді қозғап әуреге салады» деп Сұлтанмахмұт барлық өлеңін жыртып тастайды, осы өлең жыртылғаннан алынған көрінеді. Өлеңнің қанша жолы жоғалғаны мәлім емес.

Шаймерден Торайғыров қолжазбасынан (320, 321, 322) алынды.

83. «Орамалға» (1915). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (149—150) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңнің алғашқы алты жолын Әбдікерім қызы Жібекке жазып берген екен, ол мұны орамалға кестелепті. Өлеңнің қалған жағын Сұлтанмахмұт кейін сол орамалды көргенде жазыпты.

84. «Маңайымнан армен кет» (1915). Бұл өлең Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (150—151) «Қазак қызына» деген атпен басылған. Бірақ өлең

бүкіл қазақ қызына арналмаған, сондықтан оны жоғарыдағы атпен жіберіп отырмыз.

85. «*Жүрегім тулап шабасың*» (1915). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (151—152) басылған.

86. «*Мейірімсіз ажал*» (1915). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (153) басылған. Сұлтанмахмұт бұл өлеңді жақын, жаны ашыр туысқаны өлгенде шығарған екен.

87. «*Шал алған қызға*» (1917). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (154—155), «Әдебиет хрестоматиясында» (6-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1937 жыл, 90 бет) басылған. Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт 60 жасар шалдың 17 жасар қызды алғанын көргенде жазған екен.

88. «*Шәкірт ойы*» (1917). «Сарыарқа» газетінде (19-сан, 1917 жыл), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (155), «Әдебиет хрестоматиясында» (6-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1940, 1941, 1942 жылдар, 133, 133, 177 беттер), «Песни степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 год, стр. 328), «Өлеңдер жинағында» (ҚБМБ, Алматы, 1945 жыл, 52 бет) басылған. Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт Томскіде оқып жүргенде жазған екен.

89. «*Гүл*» (1917). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (155) басылған. Бұл өлеңнің жалпы сарыны Пушкиннің «Гүл» («Цветок») деген өлеңіне ұқсайды.

90. «*А, дүние*» (1917). «Сарыарқа» газетінде (17-сан, 19 октябрь, 1917 жыл), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (158) басылған.

91. «*Сарыарқаның жаңбыры*» (1917). «Сарыарқа» газетінде (16-сан, 10 октябрь, 1917 жыл), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (17—18) басылған. Бұл онда Сұлтанмахмұттың 1913 жылы жазған өлеңі деп басылған. Біз оны бұл жинақта Сұлтанмахмұттың 1917 жылы жазылған өлеңдерінің қатарына қосып отырмыз. Себебі: бұл өлеңде Сұлтанмахмұт 1917 жылғы жағдайды суреттейді және өлең 1917 жылы жарыққа шыққан.

92. «*Жас жүрек*» (1917). «Сарыарқа» газетінде (15-сан, 29 сентябрь, 1917 жыл), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (259—260) басылған. Бұл өлеңінде Сұлтанмахмұт өзінің 1917 жылдың басында ұлтшылдық бағытқа түсіп, алашордашыларға еріп адасқанына өкінеді. Хатесів мойындайды.

93. «Неге жасаймын?» (1913). «Абай» журналында (3-сан, 1918 жыл, март айы, 16 бет), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (160), «Қазақ әдебиетінде» (Хрестоматия, 9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1938, 1939, 1940, 1941, 1942 жылдар 134, 104, 133, 133, 177 беттер), «Песня степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 год, стр. 330), «Туған жер» (Өлеңдер жинағы, ҚМББ, Алматы, 1944 жыл, 122 бет), «Өлеңдер жыйнағында» (ҚБМБ, Алматы, 1945 жыл, 53 бет) басылған.

94. ...ға (1918). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (161) басылған. Ақбеттауда өжеттігі, шешендігі, сұлулығымен ауызға ілініп жүрген Жаңыл деген қыз болады. Сұлтанмахмұттың замандастары осы қызға арнап, ойланбай өлең жазып бер дегенде, Сұлтанмахмұт бір әріпін өшірмей, кенеттен осы өлеңді жазып беріпті.

95. «Сорыстың кесірі» (1918). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (162) басылған. Сұлтанмахмұт: «Бұл өлеңді жазуыма Л. Н. Толстойдың «Жауынгершілік және бейбітшілік» дейтін романы себеп болды» деп айтады екен.

96. «Мұңдылардың жолыққаны» (1918). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (182—183) басылған. Бұл өлең әуелде ұзақ болады екен, кейін аяқ жағы жоғалған сыяқты.

97. «Осы да әділдік пе?» (1919). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (266) басылған.

98. «Өң бе, түс пе?» (1919). Бұл өлең Шаймарден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (336, 337-бет.) алынды.

99. «Дауылдағы әбігер» (1919). Сұлтанмахмұттың бұл өлеңі де Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасынан (337, 338, 339) алынды.

100. «Балалық жасым өтесің» (1919). Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (346) алынды.

101. «Ғайса кім?» Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың қолжазбасында (412, 413, 414, 415) жазылған және мұны Б. Қенжебаев өзінің «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген кітабында (1949 ж, 46—47) жариялаған

Қенжебаев сол еңбегінде, 1919 жылы Сибирде Колчак пен алашордашылар үстемдігі орнап тұрған жағдайда, Сұлтанмахмұт Ленинді ашық жырлауға бата алмай, оны Ғайса деп жырлағанын түсінуіміз керек,— дейді.

102. «Өмірді үзіп алуы» (1919). Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (349 б.) алынды.

103 «Қожа-еке келдіңіз бе көңілім сұрай?» (1920). Өлерінен алты күн бұрын, Сұлтанмахмұт қатты ауырып жатқанда өзімен 1909—1910 жылдары бірге оқыған жақын жолдасы Жамалқожа деген кісі оның көңілін сұрап келеді.

Сұлтанмахмұттың онымен бас көтеріп отырып сөйлесуге шамасы келмейді. Тек хат жазып береді. Хатқа жазғаны осы өлеңі екен.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (351) алынды.

104. «Қарағай да қайғырып». Бұл өлеңінде Сұлтанмахмұт бұрынғы зұлым заманнан халықтар, қайғырып, жана заманды аңсағандығы туралы жазды. Қай жылы жазғаны белгісіз.

Шаймерден қолжазбасында да анық түсінік берілмеген.

Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (354, 355) алынды.

105. «Шұбарқожа». Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (355, 356 б.) алынды.

106. «Ағайынның азғандығы». Бұл өлеңінің жазылған жылы белгісіз. Бірақ мағнасына қарағанда 1919—1920 жылдары Сибирьде Колчак үкіметі өмір сүріп тұрған кезде жазылған сыяқты. Елде кейбіреулердің совет үкіметін жақтап, кейбіреулердің Колчак үкіметін сөз ететіні фактысына сүйеніп жазылған секілді.

107. «Жалыну». Бұл өлең Шаймерден Торайғыровтың аты аталған қолжазбасынан (536, 537) алынды.

ПОЭМАЛАРЫ

108. «Адасқан өмір» (1918). «Адасқан өмірде» (Поэмалар жинағы, Татарстан баспасы, Қазан, 1922 жыл), 1933 жылы шыққан толық жинағында (298—322 беттер), «Әдебиет хрестоматиясында» (9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1939, 1940, 1941, 1942 жылдар, 144, 145, 189 беттерінде, поэмадан үзінділер), «Песни степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 год, стр. 329, үзінді), «Туған жер» (Өлеңдер жыйнағы, ҚМББ, Алматы, 1944 жыл, 112 бет, үзінді), «Адасқан өмір» ҚМББ, Алматы, 1944 жыл, өз алдына жеке кітапша болып басылған.

109. «Кедей» (поэма, 1919). «Адасқан өмірде» (Поэмалар жинағы, Татарстан баспасы, Қазан, 1922 жыл), 1933 жыл шыққан толық жинағында (322—343), «Әдебиет хрестоматиясында» (9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1938, 1939, 1940,

1941 жылдар. 145, 115, 157, беттерде, поэмалардан үзінділер), «Әдебиет оқу кітабында» (6-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1939, 1940, 1943, 1945, 1947, жылдар, 46, 119, 163, 156, 151 беттерде, поэмадан үзінділер), «Песни степей» (Антология казахской литературы, ГХИЛ, Москва, 1940 год, 334. үзінді), «Өлеңдер жинағында» (ҚБМБ, Алматы, 1945 жыл, 54 бет, поэмадан үзінді), «Кедей» (ҚМББ, Алматы, 1942 жылы) өзалдына жеке кітапша болып басылған.

Бұл поэманың басында эпиграф ретінде келтіріп отырған орысша сөздерді қолжазбасында Сұлтанмахмұттың өзі осылай етіп жазған екен. Ол поэманың бұрынғы басылуларында түсіп қалған. Бұл жөнде осы поэманы бірінші бастырушы Бернияз Көлеев оның сөзбасында былай дейді: «Кедейдің» қолжазбасында, бірінші бетінде жазылған орысша сөз бар еді. Бұл сөзді әрине Сұлтанмахмұт өзі жазған болса да, кітаптың басында бастыруды мақұл көрмей, мұнда ғана көрсеттім... «Кедейде» жазылған орысша сөз мынау:

«Все, что существует в мире, есть результат известных действий условий и среды. Человек может творить эти условия, что и отличает его от животных. На этом основано все, что изобретено человеческим умом. Отсюда цель моего произведения может быть, пожалуй, ясна.

1919 год

Сұлтанмахмұт.

Мұның қазақшасы былай:

«Дүнидегі нәрсенің бәрі белгілі бір жағдай мен орта әсерінің нәтижесі. Бұл жағдай, ортаны жасау-жарату адамның қолынан келеді, адамның хайуанаттан өзгешелігі де осында. Адамның ақыл, ойымен табылған нәрсенің бәрі де осылай жасалған. Осы тұрғыдан менің шығарманың мақсаты айқын болса керек».

Асылында, мұны Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» деген поэмасының мына үзіндісі деуге болады:

Ойласам, дүниеде қанша жан бар:
Адам бар, ағаш, шөп бар, мал мен аң бар.
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі дағы,
Әр себептің жемісі байқасандар...
Адамға бұл себептің көбі мәлім,
Біледі салған сайын мидың әлін —
Себебін біле-біле бір кездерде,
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.
Себепті жарата алар адам қолдан,
(Жері осы хайуандардан артық болған).
Себепті жарата алу арқасында,
Адамзат еңбегінен егін орған.
Ормаса өнер, ғылым қайдан шықты,
Бұл күнгі тіршілікте болған қорған.

Бұл Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасы мен «Кедей» поэмасының идеясы жағынан бір-бірімен тығыз байланысты еке-

мін, алдыңғысы кейінгісінің кей ретте қортындысы екенін аңғартады.

110. «Қайғы» (1919 жылы, 26 апрель). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (343) басылған. Бұл поэмаға Сұлтанмахмұттың 1933 жылғы толық жинағында мынадай түсінік берілген. «Бұл поэма үш күнде жазылған. Барлығы 23 бет екен. Біздің қолымызға басқы бір-екі беті мен аяққы бір жарым ауыз өлеңі түсті. Өзгесі жоғалған. Теруші».

РОМАНДАРЫ

111. «Қамар сұлу» (1914). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (197—263). «Әдебиет хрестоматиясында» (9-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1938, 1939, 1940, 1941, 1942 жылдар, 134, 105, 133, 177 беттер, романдан үзінділер) басылған. «Қамар сұлу» Сұлтанмахмұттың 1933 жылы шыққан толық жинағында 1917 жылы жазылған болып басылған. Ал, сол жинақтың алғы сөзінде бұл роман 1914 жылы жазылған деп көрсетілген. Біз бұл жинаққа «Қамар сұлу» 1914 жылы жазылған деп жіберіп отырмыз.

112. «Кім жазықты?» (1914—1915). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (47—99), «Әдебиеттік оқу кітабында» (7-класқа арналған, ҚБМБ, Алматы, 1941, 1942, 1946, 1947 жылдар, 85, 71, 107, 115 беттер) басылған.

Бұл романды Сұлтанмахмұт 1914—1915 жылдары Зайсан жағында жүргенде жазып, «Қазақ» газеті жариялаған роман бәйгесіне жібереді. Ол қолжазбасы жоғалып кеткен. Мына басылып отырғаны әркімнің көшіріп алғандарынан құрастырылған, сондықтан бұл роман түгел емес.

ӘҢГІМЕ, ОЧЕРК, МАҚАЛАЛАР

113. «Зарландым» (әңгіме, 1912). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (103—114) басылған. Осы әңгімесінің аяғына Сұлтанмахмұт мына хатты жазған:

«Хұрметті Ш туысқаным,
Сөзінде тұрмады деп өкпелей көрмеңіз, түгел жазып беруге уақыт болмағандығын жазылған қағаз, қалам, сыя формасынан да аңғарарсыз. Және оразадағы уақытым қазақ шаруасынан аса алмайтындығы мәлім ғой. Неге десең, бала оқыту, құран, тарауық, рекағат... тиын-сыйын, пайда... қарастырумен болады ғой. Және мұны да біліп қойыңыз. Өзіңіз көргендегіден біресе көбейтіп, көп сөздер қосып түзедім. Осындай тетрадь қағазы-

мен отыздан аса қағаз шамасында болар, бәлкі, қырық болуы да мүмкін. Сөз жобасы осы жеті бөлімнен де белгілі болар.
С. Торайғыров.

Егер реті келіп, бастыртam деп айтушы талапкер болса қарастырарсыз. Қолайлы тапсаңыз хат жазарсыз. Тіршілік болса, әбден түзеп, түгелімен жазып, мұнан орны келмесе, жіберуге де болады.

Баска турасы өзіңізге мәлім.

1912 жыл, 15 август.

114. «Ауырмай есімнен жаңылғаным» (очерк, 1913). «Айқап» журналында (17-сан, 1913 жыл октябрь, 375—378 беттер), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (116—120), «Әдебиет оқу кітабында» (6-класқа арналған, ҚМБ, Алматы, 1937, 1938, 1940, 1943, 1945, 1947 жылдар, 87, 172, 116, 159, 153, 147 беттер) басылған.

115. «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» (очерк, 1915). «Қазақ» газетінде (168-сан, 1916 жыл, 9 февраль, «Жазықсыз тамған қан» деген атпен басылған. Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (129—133) басылған. «Сақып пен Жантұрсын» осы материалдың жалғасы көрінеді. Ақыры жоғалып қалған. Сұлтанмахмұт мұны «Әуелі поэма жазып, сонан кейін күйлі драмаға, немесе операның желісіне айналдырамын дейді екен.

116. «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» (мақала, 1913). «Айқап» журналында (12-сан, 1913 жыл, 265—267 беттер), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (114—116) басылған. Сұлтанмахмұт бұл мақаланы сол кездегі қазақ ауылдарында бала оқытушы мұғалімдерге нұсқау ретінде жазған.

117. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (мақала, 1913). «Айқап» журналында (19-сан, 1913 жыл, 404—405 беттер, жалғасы 20-сан, 419—420 беттер, 22—23—сандары 451—452-беттер), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (121—126) басылған.

Сұлтанмахмұт 1913 жылы қазақ тілінде шыққан бірді-екілі өлең кітаптарына жеке, қысқа сын жазған. Сондай бір сынында: «...Алдыңғы туғандарына: көш жүре түзелер, жоқтап бары жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп, құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастап түзете беру керек. Қанша дегенменен жаманның барынан да жоғы жақсы дейтін мезгіл болыңқырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармын» деген («Айқап», 18-сан, 1913 жыл, 384-бет). Бұл мақала Сұлтанмахмұттың сол жеке сындарынан қорытып жазған, әлгі өзі айтқан мақаласы болу керек.

118. «Өлең мен айтушылары» (мақала, 1913). Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (126—128) басылған.

119. «Социализм» (мақала, 1918). «Абай» журналында (3-сан 1918 жыл, 20 март, 1—4-беттерде), Сұлтанмахмұт шығармаларының 1933 жылы шыққан толық жинағында (186—193) басылған.

Мақаланың ақыры жоқ. Көрген-білгендердің айтуына қарағанда, Сұлтанмахмұт бұл мақаласын жазып бітіріп, журнал басқармасына берген екен. Ақыры сонда жоғалып кетіпті.

СҮЛТАНМАХМҮТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН

КІСІ АТТАРЫНА ТҮСІНІКТЕР

Аблай хан (1711—1781). Өз тұсындағы қалмақ пен қазақ соғыстарында батыр атағы шыққан орта жүздің ханы.

Бонапарт Наполеон I (1769—1821). Францияның патшасы, әскери қолбасшы болған адам. Өз кезінде Европаның бірталай жерін жаулап алған.

Вильгельм II. Германияның 1914—1918 жылдары болған бірінші империалистік соғыс кезіндегі патшасы.

И. А. Крылов (1768—1844). Орыс халқының ұлы акын, жазушысы. Көбінесе мысал, сықақ өлеңдер жазған. Крыловтың шығармалары қазақ тіліне көп аударылған. Оның қазақ тіліне аударылған өлеңдері 1944 жылы «Мысалдар» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Надсон (1862—1887). Орыстың белгілі лирик ақыны. Өлеңдерінде орыстың 80 жылдардағы интеллигенциясының ой-пікірін айқын көрсетеді.

Николай II. (1868—1918). Россияның Октябрь революциясы алдындағы, соңғы патшасы.

Папа — Римдегі христиан дінінің жоғарғы басшылары. Дін ұранымен көптеген соғыс ұйымдастырған.

Луи Пастер (1822—1895). Франция халқының атакты ғалымы, медицина ғылымында көп жаңалықтар ашқан адам.

Платон — Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 427—347 жылдар арасында Афина қаласында (Греция) өмір сүрген. Гректің идеалист философы.

Жан-Жак Руссо (1712—1778). Француз жазушысы, материалист философы. Негізгі бағыты ағартушылық болған.

Сократ — Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 469—399 жылдар арасында Грецияда өмір сүрген философ. Өз заманында өрістеген грек философиясында үлкен орын алған адам.

Л. Н. Толстой (1828—1910). Орыс халқының ұлы, данышпан жазушысы. Толстой «Война и мир», «Воскресение», «Анна Каренина» сыяқты үлкен, көп томдық романдар жазған. Ол шығармаларында патшалық Россияның тарихын, өз тұсындағы саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірін кеңінен қамтыған. Жаңалықтарын, ескіліктерін, қайшылықтарын—бәрін айқын көрсеткен. Сондықтан, В. И. Ленин: «Толстой орыс революциясының айнасы» деген.

Шыңғыс. Шын аты Темучин. Бір мәлімет бойынша, 1162 жылы, екінші бір мәлімет бойынша 1155 жылы туған, 1227 жылы өлген. Монғолдың өз тұсындағы феодалдық империясын құрушы хан.

Эдиссон (1847—1931). Американың ғалымы, өнертапқышы. техника, өнер жөнінде жаңалықтар ашқан адам.

СҮЛТАНМАХМУТ ШЫҒЫРМАЛАРЫНЫҢ

АЛФАВИТТІК ТІЗІМІ

А

Адасқан өмір	169
А, дүние	141
Айт	95
Алты аяқ	120
Альбомнан	92
Алғыс	15
Анау-мынау	51
Арабшадан	55
Арыстан мен тышқан	53
Ауырмай есімнен жаңылғаным	341
Ағайынның азғындығы	163

Б

Бейлік	19
Балалық жасым өтесін	157
Балалық күн	18
Бақыт	96
Бір адамға	105
Бір адам көп жасады жер бетінде	16
Бір баланың тілек батасы	64
Бір балуанға қарап	85
Бұлар кім?	74

Г

Гүл	140
Гүләйім	113

Д

Дауылдағы әбігер	155
Достыма	107
Достыма хат	69
Достыма ұмытпастық үшін хат	48

Дін	30
Дүние	42
Дүниедегі қызықтың	124

Е

Ей, махабат, ей достық	123
Екі тышқан	58
Ендігі беталыс	87

Ж

Жазғы қайғы	77
Жалыну	165
Жан қайда әділетті іздейтұғын	14
Жан қалқам	125
Жапырақтар	93
Жарқынбай	22
Жас жүрек	144
Жақсылық көрсем өзімнен	91
Жаңғырып Алтай тауы саласынан	115
Жылы кеш	21
Жүрегім тулап шабасын	135
Ж	128

З

Зарлау	60
Зарландым	329

К

Кедей	192
Кедейлік	20
Кезек қашан келеді?	39
Келді хатымен шаршап	118
Кеш	97
Кеше түнгі түс, бүгінгі іс	81
Кешегі күндей түсті бұлт басқан	98
Кім жазықты?	279
Күнделік дәптерінен	103
Күншіл ақ кірпік	11
Күнгірт түспен ойға батып	122
Көк өгіз	59
Көшу	99
Көңілді көндіретін тағдыр	75
Көңілім, неге жасыйсын?	67

Л

Лағнат бұлты шатырлап	114
---------------------------------	-----

М

Мағнасыз мешіт	56
Манайымнан әрмен кет	132
Мейрімсіз ажал	137
Мысал	63
Міне алақай	86
Мұның арты өш алу	108
Мұндылардың жолыққаны	150

Н

Неге жасаймын?	146
Неке қыяр	38
Нешелер көз жасы төгілді	117

О

Орамалға	139
Орнымыз медіресе оқып жатқан	10
Осы да әділдік пе?	152
Оқу	34
Оқуда мақсат не?	46
Оқып жүрген жастарға	43

С

Сарыарқаның жаңбыры	142
Сарыбас	31
Секілді өмір қысқа жарты тұтам	7
Социализм	363
Соқыр ағаш	68
Соқыр сопы	33
Соғыстың кесірі	148
Сымбатты сұлуға	109

Т

Талаптыларға (шәкірттерге)	44
Танқы мұрын, быртиған қара бұжыр	9
Туған еліме	106
Түсімде	72
Түсімде көрген бір аяныш хал	50
Тұрмысқа	89
Төре көрсе, жалаңбас шұлғып, билеп	36

Ш

Шал алған қызға	138
«Шоң» серіктігін ашардағы бата, баяндама	101
Шығамын тірі болсам адам болып	71
Шұбар қожа	162
Шәкірт ойы	139

Қ

Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан	356
Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?	353
Қайғы	212
Қайқы күйрық, шұбар қыз, істік мұрын	8
Қамар сұлу	215
Қандай?	54
Қандай басшы?	66
Қарағай да қайғырып	161
Қожа-еке, келдіңіз бе көңілім сұрай?	160
Қыз сүю	112
Қисық қабырға	37
Қымыз	79
Қ. ...ға сәлем	112

Ғ

...ға	147
Ғайса кім?	158

Ө

Өлең мен айтушылары	361
Өлеңмен жазбақ драманың материалы	346
Өмірімнің уәдесі	116
Өмірді үзіп алуы	159
Өң бе, түс пе?	153

Ә

Әйел	41
----------------	----

МАЗМУНЫ

ӨЛЕҢДЕРІ

Секілді өмір қысқа жарты тұтам	7
Қайқы күйрық, шұбар қыз, істік мұрын	8
Танқы мұрын, быртыйған, кара бұжыр	9
Орнымыз медресе оқып жатқан	10
Күншіл ақ кірпік	11
Қ... ға сәлем	12
Жан қайда әділетті іздейтұғын	14
Бір адам көп жасады жер бетінде	16
Балалық күн	18
Байлық	19
Кедейлік	20
Жылы кеш	21
Жарқынбай	22
Дін	30
Сарыбас	31
Соқыр сопы	33
Оқу	34
Төре көрсе, жалаң бас шұлғып, билеп	36
Қисық қабырға	37
Неке қыяр	38
Кезек қашан келеді	39
Әйел	41
Дүние	42
Оқып жүрген жастарға	43
Талаптыларға (шәкірттерге)	44
Оқуда мақсат не?	46
Достыма ұмытпастық үшін хат (көңілдегі махаббатым)	48
Түсімде көрген бір аяныш хал	50
Анау-мынау	51
Арыстан мен тышқан	53
Қандай?	54
Арабшадан	55
Мағнасыз мешіт	56
Екі тышқан (Ғ. Токаевтен)	58
Көк өгіз	59
Зарлау (жұртыма)	60
Мысал	63

Бір баланың тілек батасы	64
Алғыс	65
Қандай басшы?	66
Көңілім неге жасыйсың	67
Соқыр ағаш (Альбомнан)	68
Достыма хат	69
Шығамын тірі болсам адам болып	71
Түсімде	72
Бұлар кім?	74
Көңілді көндіретін тағдыр	75
Жазғы қайғы	77
Қымыз	79
Кешегі күнгі түс, бүгінгі іс.	81
Бір балуанға қарап	85
Міне алақай!	86
Ендігі беталыс	87
Тұрмысқа	89
Жақсылық көрсем өзімнен	91
Альбомнан	92
Жапырақтар	93
Айт	95
Бақыт	96
Кеш	97
Кешегі күндей түсті бұлт басқан	98
Көшу	99
«Шоң» серіктігін ашардағы бата, баяндама	101
Күнделік дәптерінен	103
Бір адамға	105
Туған еліме	106
Достыма	107
Мұның арты өш алу	108
Сымбатты сұлуға	109
Қыз сүйю	112
Гүләйім	113
Лағнат бұлты шартылдап	114
Жаңғырып Алтай тауы саласынан	115
Өмірімнің уәдесі	116
Нешелер көз жас төгілді	117
Келді хатымен шаршап	118
Алты аяқ	120
Күнгірт түспен ойға батып	122
Ей, махаббат, ей, достық!	123
Дүниедегі қызықтың	124
Жан қалқам	125
Ж...	128
Орамалға	130
Маңайымнан әрмен кет	132
Жүрегім тулап шабасың	135
Мейірімсіз ажал	137
Шал алған қызға	138
Шәкірт ойы	139

Гүл	140
А, дүние	141
Сарыарқаның жаңбыры	142
Жас жүрек	144
Неге жасаймын	146
.... ға	147
Соғыстың кесірі	148
Мұңдылардың жолыққаны	150
Осы да әділдік пе?	152
Өң бе, түс пе?	153
Дауылдағы әбігер	155
Балалық жасым өтесін	157
Ғайса кім?	158
Өмірді үзіп алуы	159
Қожа-еке, келдіңіз бе көңілім сұрай,	160
Қарағай да қайғырып	161
Шұбар қожа	162
Ағайынның азғындығы	163
Жалыну	165

ПОЭМАЛАРЫ

Адасқан өмір	169
Кедей	192
Қайғы	212

РОМАНДАР

Қамар сұлу	215
Кім жазықты?	279

ӘҢГІМЕ, ОЧЕРК ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАР

Зарландым	329
Ауырмай есімнен жаңылғаным	341
Өлеңмен жазбақ драманың материалы	346
Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?	353
Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан	355
Өлең мен айтушылары	361
Социализм	363

ТҮСІНІКТЕР

Султанмахмұттың осы жыйнағында басылған шығармаларына түсініктер	372
Сұлтанмахмұт шығармаларында кездесетін кісі аттарына түсініктер	390
Сұлтанмахмұт шығармаларының алфавиттік тізімі	392

